


К Ә С І П Т І К

Б І Л І М



Ш. Нағымұлы

МӘДЕНИЕТТАНУ


методы
заказ и доставка
контракта
адреса

P

20.11.2012

К Ә С І П Т І К

Б І Л І М



Ш. Нағымұлы

МӘДЕНИЕТТАНУ

Оқулық

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
кәсіптік бастауыш және орта білім беру
ұйымдарына ұсынады



«Фолиант» баспасы
Астана-2007

ББК 71 я 73

Н 15

Пікір жазғандар:

Сәбит Мұрат – философия ғылымдарының докторы, профессор;

Байдилдина Ә.Т. – қоғамдық пәндер оқытушысы

Н 15 Нағымұлы Ш.

Мәдениеттану: Оқулық. – Астана: Фолиант, 2007. – 312 бет.

ISBN 9965-35-133-3

Педагогика ғылымдарының кандидаты Ш.Нағымұлының оқушылар назарына ұсынылып отырған “Мәдениеттану” атты оқулығы колледж оқушыларына, жоғары оқу орындары студенттеріне дүниежүзілік мәдениеттің материалдық және рухани құндылықтарын, Қазақстанның бай мәдениетін оқып-үйренуге көмектеседі.

Оқулықтың мазмұны бай, тілі жатық. Автор оқулықты жазу үшін көптеген ғылыми зерттеулерді, шетелдік және отандық оқулықтар материалдарын, мұрағаттық, энциклопедиялық деректерді кеңінен пайдаланды.

Оқулықты сондай-ақ гимназия оқушыларына, мәдениет тарихын өз бетімен оқып үйренушілерге ұсынуға болады.

Бұл оқулықты жоғары оқу орындарында жүретін “Қазақ халқының рухани мұрасы”, “ҚР халықтары мәдениетінің тарихы” пәндерін оқыту үшін де пайдалануға болады.

**Н 4401000000
90(05)-07**

ББК 71 я 73

ISBN 9965-35-133-3

© Нағымұлы Ш., 2007

© «Фолиант» баспасы, 2007

КІРІСПЕ

Қазіргі біздің қоғамымыз материалдық және рухани салаларда аса терең өзгерістерді бастан кешіруде. Уақыт ұсынған жаңа, әрі күрделі міндеттер қалыптасқан құндылықтарды нысаналы түрде жаңартуды және сын көзбен қарауды талап етеді.

Жоғары және арнаулы орта білім жүйесін дамытудың басым бағыттарының бірі оны ізгілендіру және имандандыру, мамандардың жалпы мәдениетін көтеру болып табылады.

Мәдениет тарихын білу кейінгі ұрпаққа аға буынның рухани тәжірибесінен нәр алуға, оны өз тәжірибесімен салыстыруға, жеке тұлғаның жан-жақты дамуына, жалпыадамзаттық құндылықтарды пайдалануға мүмкіндік береді.

Мәдениеттануды оқып-үйрену мәдени дамудың дүниежүзілік процесінің жалпы түрлері мен заңдылықтарын білуге, адамзат жинақтаған мәдениет құндылықтарын бойына сіңіру арқылы жеке тұлғаның адами және кәсіби тұрғыдан дамуына көмектеседі.

Ұсынылып отырған оқулықтың мақсаты – студенттер мен оқушыларға, өз бетімен оқып үйренушілерге мәдениет туралы түсінік беру, Қазақстанның аса бай мәдениетін дүниежүзілік мәдениеттің құрамдас бөлігі тұрғысынан бейнелеу, дүниежүзілік мәдениеттің аса маңызды кезеңдерімен, салаларымен таныстыру болып табылады. Оның ішінде ерте заман мәдениеті, қайта өрлеу мәдениеті, жаңа заман мәдениеті құндылықтарымен оқушыларды таныстыру мақсаты қойылды. Сонымен қатар, оқулықтың негізгі міндеті – Қазақстанның аса бай мәдениетіне оқушылардың қызығушылығын, сүйіспеншілігін арттыру болып табылады.

Қазақстан мәдениетінің тарихын жазу барысында көптеген отандық және шетелдік ғалымдардың зерттеулері, кітаптары, деректері, мұрағаттық құжаттар пайдаланылды. Соның нәтижесінде Қазақстанды мекендеген халықтардың көне замандардағы мәдениетінен бастап, қазіргі замандағы мәдениетіне дейін талдау жасалынды. Яғни, отандық мәдениеттің аса бай тарихы кезең-кезеңмен қарастырылды. Атап айтқанда, алғашқы қауымдық құрылыс тұсындағы Қазақстанның мәдениетіне, ежелгі өркениеттер мәдениетіне, ерте феодалдык мемлекеттер тұсындағы мәдениетке, орта ғасырлардағы Қазақстанның мәдениетіне ерекше мән беріліп жазылды. Сонымен қатар, Қазақстанда өмір сүретін басты ұлттар мен ұлыстардың мәдениетін де автор назардан тыс қалдырмады.

Оқулыққа “Дін және мәдениет”, “Ислам діні”, “Қарымқатынастар мәдениеті” мәселелері енгізілді.

Автор өз еңбегін жазу барысында колледж оқушыларына Қазақстан мәдениетінің материалдық және рухани құндылықтарын оқытудың көп жылдық тәжірибесін пайдаланды.

Оқулық Қазақстан мәдениетін оқып-үйренуге тілек білдірушілерге көмектеседі деп ойлаймыз.

Автор

I БӨЛІМ

58.11.13

МӘДЕНИЕТ ТУРАЛЫ ТҮСІНІК

Мәдениеттану – жалпыадамзаттық және ұлттық мәдени үрдістердің объективтік заңдылықтары, тарихи ескерткіштер, құбылыстар, сондай-ақ адамдардың материалдық және рухани өмірінің оқиғалары мен әрекеттерін зерттеп, зерделеуге негізделген мәдениет туралы ғылым және оның пәні.

Мәдениеттану ғылымы зерттейтін ең негізгі мәселелердің біріне дүниежүзілік мәдениеттің теория мен тарихы жатады.

Мәдениет дегеніміз (латын тілінде *cultura* – өңдеу, тәрбиелеу, білім беру, даму, сыйлау) – адамдардың өмірі мен қызметін ұйымдастыру қалпы мен түрлерінен, сонымен қатар олардың жасаған материалдық және рухани құндылықтарынан көрінетін қоғам мен адам дамуының белгілі бір дәрежедегі тарихи деңгейі.

Мәдениет ұғымын ежелгі заман оқымыстыларының шығармаларынан кездестіруге болады. Ежелгі қала – Полисте мәдениет ұғымы – есі кірмеген баланы естияр азамат, мемлекет қайраткері дәрежесіне дейін тәрбиелеудің құралы тұрғысынан қарастырылса, орта ғасырларда мәдениет ұғымы бірте-бірте философиялық мағынаға ие бола бастады.

Мәдениет көп түрлі, оның салалары сан алуан: адамзат мәдениеті, әр түрлі дәуірлер мәдениеті (ежелгі заман, орта ғасырлар, қайта өрлеу, т.с.с.), әр түрлі елдер мен ұлттардың мәдениеті, діни мәдениет, әр түрлі әлеуметтік және кәсіби топтардың мәдениеті (шаруалар, қалалық, ауылдық). Мәдениет адамнан тыс өмір сүрмейді. Ерте замандарда-ақ мәдениетті адам қызметінің нәтижесі деп санаған. Грек ойшылы Демокриттің пікірінше, мәдениетті жасаушы – адам. Ол табиғатқа еліктеп, өз қажеттілігін қанағаттандыра отырып мәдениетті жасайды. Ежелгі грек мәдениеті мәдени дәстүрлердің бейнесіне айналған

аңыздарды сыйлады, сонымен қатар Батыс Еуропа елдеріндегі ғылым мен техниканың дамуының негізін қалады. Мәдениет ұғымының қалыптасуына ежелгі Рим ойшылдары да өз үлестерін қосты. Цицерон шығармаларынан мәдениеттің алдына қойылған міндеті – республикалық құрылысты нығайту болғанын көруге болады.

Ортағасырлық дәуір мәдениетінің негізгі құндылығы құдай еді. Орта ғасырлардың сәулет өнері мен мүсін өнерін “Тастағы інжіл” десе де болады. Қайта өрлеу дәуірінде мүлде жаңа таным қалыптасты. Адамға, адам жанына терең үңіліп, адамды дүниені, сұлулықты, өзін-өзі құрушы деп есептей бастады. Мәдениет – тек адам қолымен түлеген табиғат қана емес, ол адамның өзін қайта жасаушы да. “Білім – күш” – дейді Бэкон. “Мен ойлаймын, яғни мен өмір сүремін” деп жариялайды Р.Декарт.

Сайып келгенде, күнделікті өмірде «мәдениет» деген сөзді әрбір адамның аузынан естуге болады. Мәдениет құбылыстарын көптеген ғылымдар – философия, көркем-өнер, эстетика, мораль, дін, т.б. ғылымдар зерттейді. 1920 жылдан бастап 1950 жылға дейін бұл ұғымның 157 анықтамасы шықты. Қазіргі кезде ғалымдардың пікірінше 500-дің үстінде мәдениеттің анықтамасы бар көрінеді.

“Мәдениеттің классикалық үлгісі” ұғымы мәдениетті адамзаттың тарихи дамуының нәтижесі, адамзат баласының саналы және адамгершілік қоғамдық қарым-қатынастарының қол жеткен дәрежесі деп қарастырады. Мәдениетке байланысты қағидаларды сын елегінен өткізе отырып, ағартушылық кезеңінің ойшылдары жаңа мәдени үлгілері (адам, қоғам, мемлекет, құқық, философия және т.б.) жасауға тырысты және өткен заман мен жаңа заманның мәдени тәжірибесін жаңаша сын елегінен өткізе отырып қарастырды.

Адам өзінің дамуында ұзақ, соқтықпалы, соқпалы жолдан өтті. Адамзат тарихының мыңдаған жылдарға созылған ұзақ кезеңі алғашқы қауымдық құрылысқа келеді. Дүниені көркемдік тұрғыдан танып-білу, ақырында, саналы адамның қалыптасуына септігін тигізді.

Дүниемен танысу стихиялы түрде жүрді, әрбір ұғымның артында тірі әрекет, бейне тұрды. Осы кезеңде көркем-өнер ескерткіштері пайда болды. Жер шарының әр жерлерінен, оның ішінде Қазақстанда адамдар мен жануарлардың (мамонт, бизон, бұғы, т.б.) суреттері табылды. Алғашқы қауымдық құрылыстың кейінгі кезеңдері – мезолит пен неолитте алғашқы металл құралдар қолданыла бастады. Аңшылық, балықшылықпен қатар, адам егіншілік және малшылықпен айналыса бастады.

Алғашқы қауымдық құрылыстың көркемөнері дүниежүзілік көркемөнердің одан әрі дамуына негіз болды.

Ежелгі Мысырдың, Шумердің, Иранның, Үндістанның, Қытайдың мәдениеті алғашқы қауымдық құрылыс мәдениетінің заңды жалғасы еді.

Мәдениет – көп деңгейлі жүйе. Мәдениет – аса күрделі, көп деңгейлі жүйе. Мәдениет дүниежүзілік және ұлттық болып бөлінеді.

Дүниежүзілік мәдениет – біздің планетамызды мекендеген барлық халықтар мәдениетінің озық үлгілерінің синтезі болып табылады.

Ұлттық мәдениет өз кезегінде белгілі бір қоғамның әртүрлі таптары, әлеуметтік топтары мен жіктері мәдениетінің синтезін алға тартады. Мәдениет материалдық және рухани болып екіге бөлінеді.

Материалдық мәдениет – еңбек және материалдық өндіріс мәдениеті, тұрмыс мәдениеті, топостың, яғни тұрған мекеннің, үйдің, ауылдың, қаланың мәдениеті, адамның өз денесіне, дене тәрбиесіне қарым-қатынасының мәдениеті.

Рухани мәдениет көп қырлы құбылыс ретінде таныла отырып, өзінің құрамына танымдық және ақыл-ойлық, философиялық, адамгершілік, көркемөнерлік, құқылық, педагогикалық, діни мәдениетті енгізеді. Кейбір мәдениеттанушылардың пікірінше, мәдениеттің жекелеген салалары материалдық та, рухани да мәдениеттің құрамына кірмей, өз беттерімен мәдениеттің қосылысын құрай отырып, мәдениетті байыта түседі. Бұлар – экономикалық, саяси, экологиялық және эстетикалық мәдениет.

Мәдениетті тарихи гуманизммен байланыстырады. Мәдениеттің негізінде адам дамуының мөлшері жатыр. Техниканың жетістіктері де, ғылыми жаңалықтардың ашылуы да, егер онда адамгершілік болмаса, егер мәдениет адамды жетілдіруге жұмсалмаса, өз беттерімен қоғам мәдениетінің деңгейін анықтай алмайды. Сондықтан да мәдениеттің өлшемі – қоғамды имандандыру болып табылады. Мәдениеттің мақсаты – адамды жан-жақты тәрбиелеу.

Мәдениеттің құрылымы және қызметі. Мәдениеттің құрылымы күрделі және көп қырлы. Ол білім, ғылым, көркемөнер, әдебиет, мифология, имандылық, саясат, құқық, дін жүйелерін біріктіреді. Бұлар бір-бірімен араласа отырып, аса маңызды мәдениет құбылысын құрайды. Мәдениеттің ең негізгі қызметі – адамға қызмет жасау немесе гуманистік қызмет болып табылады.

Аса маңызды қызметі – әлеуметтік тәжірибені тарату. Мұның мәнісі – мәдениет бір ұрпақтың тәжірибесін екінші ұрпаққа, бір кезеңнен екінші кезеңге, бір елден екінші елге жеткізу деген сөз. Сондықтан да мәдениетті “адамзаттың әлеуметтік есі” деп атайды. Мәдени жалғастықтың жойылуы жаңа ұрпақтың әлеуметтік есінің жоғалуына (Ш.Айтматов) алып келіп, жастарды үлкен рухани кедейшілікке ұрындырады.

Мәдениеттің тағы бір маңызды қызметі – танымдық қызметі. Мәдениеттің парасаттылығы – көбінесе өткен кезеңдердің мәдени құндылықтарын пайдалана білу деңгейімен байланысты. Қоғамның барлық түрлері осы жағдайға байланысты бір-бірімен ажыратылады. Кейбір елдер мәдениет арқылы өткен кезеңнің пайдалы тәжірибелерін алып, өз қажетіне шебер қолданады. Мұндай қоғамдар (мыс: Жапония) ғылым, техника, өндіріс салаларында аса зор табыстарға жетті. Кейбір қоғамдар мәдениеттің осы танымдық қызметін дұрыс пайдалана алмағандықтан, дамуы жағынан көп артта қалып қойды.

*Семиоттық немесе таңбалық (гректің *semeion* – таңбалар туралы ғылым) қызмет мәдениет жүйе-*

сіндегі аса маңызды қызметтер қатарына жатады. Қажетті таңбалар жүйесін оқып-үйренбейінше, мәдениет жетістіктерін игеру мүмкін емес. Мысалы, тіл (ауызша немесе жазбаша) адамдардың қарым-қатынасының құралы, әдеби тіл ұлттық мәдениетті игерудің аса маңызды құралы болып табылады. Кәсіби тілдер музыка әлемін, көркемсуретті, театрды тану үшін қажет. Жаратылыстану ғылымдарының (физика, математика, химия, биология) таңбалық өз жүйелері бар.

Мәдениеттің ең кіші бөлінбейтін бөлшегі мәдениеттің элементі деп аталады. Бұл элементті зерттеу америкалық ғалым Э.Хобельден басталады. Оның пікірі бойынша, мәдениеттің элементі дегеніміз – одан әрі бөлінбейтін материалдық немесе материалдық емес заттың бөлшегі. Мысалы, материалдық мәдениеттің элементі шеге, қарындаш, қол орамал, т.б. болса, ал материалдық емес мәдениеттің элементі амандасқанда қол беру, қалпағын көтеру, сүйісу, т.б. болады.

Әрбір мәдениет мыңдаған мәдени элементтерден тұрады. Ол элементтердің бірқатары әр халықтың, әр түрлі елдердің мәдениеттерінің бөлшегі болады. Әр түрлі мәдени элементтердің жиынтығы мәдени кешендер құрайды. Мысалы, спорт ойыны (футбол) мәдени кешен болып есептеледі. Оған материалдық (доп, қақпа) және материалдық емес (ойын ережелері, төрешінің этикасы) элементтері кіреді.

Бірнеше мәдени кешендердің бірлігі мәдени институттарды (отбасы, мектеп) құрайды. Мысалға неке институты: танысу, некелесу, той жасау, т.б. мәдени кешендерден тұрады.

Мәдени элементтердің ішінен басты немесе базистік элементтер ерекше орын алады. Рухани мәдениеттің базистік элементтеріне білім, құндылық, мәдени нормалар жатады.

Сонымен қатар, барлық мәдениетке, халықтарға ортақ жалпыадамзаттық құндылықтар да болады (мысалы, үлкендерді сыйлау, балаларға қамқорлық, т.б.). Мәдени құндылықтарды сақтаудың, беріктендірудің құралы –

мәдени нормалар. Мәдени нормалар дегеніміз – жалпы құндылықтарға сәйкес қалыптасқан тәртіп ережелері. Нормалардың жиынтығы нормативтік жүйені құрайды. Нормативтік жүйенің типтері: әдет-ғұрып, мораль, дін, құқық. Бұлардың ішінде әдет-ғұрыптың алатын орны зор. Әдет-ғұрып арқылы мәдени құндылықтар ұрпақтан-ұрпаққа беріледі, мәдениет жалғасады. Әдет-ғұрып арқылы мәдениеттегі ең жақсы құндылықтар сақталады. Жазу болмаған, өнеркәсіптік қоғам пайда болғанға дейінгі кезде мәдени құндылықтар әдет-ғұрып арқылы ұрпақтан-ұрпаққа берілген. Барлық елдердің даму тәжірибесі мәдени құндылықтардың ұрпақтан-ұрпаққа әдет-ғұрыптар арқылы берілгендігін көрсетеді.

Бүкіл дүние жүзіне әйгілі «Жапон кереметінің» сыры – Жапон үкіметі өз елінің ғасырлар бойы қалыптасқан әдет-ғұрыптарын жаңа жағдайларға орай шебер пайдалануында жатыр.

Мәдениет және өркениет. Орыстың ұлы философы Н.А.Бердяев (1874-1948) өмір бойы бостандық және мәдениет туралы жазды. Ең әуелі ол мәдениет және өркениет мәселелерін бір-бірінен ажыратып қарастырды. Мәдениет және өркениет бір нәрсе емес. Мәдениет табынудан туды. Ол ғибадатхана айналасында пайда болып, өмір бақи дінмен тікелей байланысты дамыды. Мәдениет – зиялы құбылыс. Оның діни негізі бар. Бердяев мәдениеттің негізгі заңы – бірізділік және дәстүр жалғастығы туралы заңын ұсына отырып, мәдениеттің шығармашылықтық қасиеті мен жаңа құндылықтарды тудыру, болашаққа ұмтылу сияқты пайдалы жақтарымен қатар, оның бойындағы кертартпалық бастауларын да мойындады.

Өркениеттің мәдениеттен өзгешелігі – оның зиялы құбылыс еместігі. Ол адамның табиғатпен күресі нәтижесінде, ғибадатхана мен табынудан тыс пайда болды. Мәдениет жоғарыдан төмен қарай жүреді, оның жолы ақсүйектік жол болып табылады, өркениет төменнен жоғарыға қарай жүреді, оның жолы буржуазиялық және

демократиялық жол болып саналады. Мәдениет жеке, терең әрі қайталанбайтын құбылыс болса, өркениетке жалпылық және барлық жерде қайталану тән. Мәдениеттің рухы бар, ал өркениеттің тек әдістері мен құралдары ғана болады.

Мәдениет – өркениеттің (цивилизацияның – латынша *civilis* – азаматтық, мемлекеттік), адам қоғамының материалдық және рухани байлықтары. Мәдениет адамзат өркениетінің сатыларын білдіреді. Сондай-ақ, мәдени көрсеткіштер жоғарылаған сайын, адам еркіндігі де солғұрлым молая түседі.

Өркениеттің өндірістің дамуына әсер етері сөзсіз. Өндірісті дамыту дегеніміз жаңа материалдық және рухани құндылықтарды жасау болып табылады, ол қоғамдық қатынастардың күрделенуіне ықпал жасайды. Табиғи ортаны игеру, қоғамды жетілдіру мәдениет дәрежесін және өркениеттілік деңгейін байқатады. Сөйтіп, мәдениет пен өркениет өзара тығыз байланыста дамиды және олар объективті негізде бір-біріне тәуелді деген қорытынды жасалынады.

Өркениет – қоғамдық қатынастар әрекеті, тәсілі ретіндегі мәдениеттің негізі. Өркениет мәдениеттің дамуына жағдай туғызады, ал мәдениет өз кезегінде сол өркениетті жетілдіреді.

Негізгі терминдер мен ұғымдар: Мәдениеттану

Мәдениет

Рухани мәдениет

Материалдық мәдениет

Дүниежүзілік мәдениет

Ұлттық мәдениет

Мәдениеттің қызметтері:

Гуманистік қызмет

Әлеуметтік тәжірибені тарату қызметі

Мәдениет және өркениет

Танымдық қызмет

Таңбалық қызмет.

ҚАЙТАЛАУ ҮШІН СҰРАҚТАР:

1. Мәдениет дегеніміз не?
2. Мәдениеттің түрлері мен салаларын айтыңыз.
3. Сонымен қатар «Мәңгірттік» дегенді қалай түсінесіз?
4. Мәдениеттің қандай қызметтері бар? Оларға сипаттама беріңіз?
5. Мәдениеттің таңбалық қызметінің қандай маңызы бар?

II БӨЛІМ

ЕЖЕЛГІ ДҮНИЕ МӘДЕНИЕТІ

§1. Ежелгі Мысыр

Ежелгі Мысыр – жер бетіндегі әлемдік билікке ұмтылған ең алғашқы мемлекет, ең алғашқы империя.

Мысырлықтардың пайымдаулары және танымдары олардың құрылыстары мен иероглифтерінен көрінеді. Ежелгі Мысыр мәдениетінің аса маңызды ерекшелігі – оның өлімге қарсылығы, оны қабылдамауы. Мысырлықтардың өмірге ала бөтен құштарлығы бүкіл болмыстарынан, мәдениетінен, діни сенім-нанымдарынан айқын көрініс тапты. Мысырлықтар, әсіресе олардың патшалары өмір бойы өздерінің өлгендегі мәңгі бақи қоныстарын, молаларын дайындаумен болған. Б.д.д. 3-2 мың жылдықтарда фараондарға арналған пирамидалар мен ғибадатханалар тастан салынған. Мысыр пирамидаларының ішіндегі ең көнесі – фараон Джосердің пирамидасы бұдан 5 мың жыл бұрын тұрғызылған. Ол аспанға өрлеген баспалдақ әсерін береді. Пирамидалар ішінде фараондардың мумияларын жерлеген. Ең зор, ең көрнекті пирамидалардың бірі – Хеопс пирамидасы. Мұны 20 жыл бойы жүздеген мың адамдардың асқан жанқиярлықпен тұрғызғаны белгілі. Пирамиданың биіктігі 147 м. (қазір 137 м.), ауданы – 55000 шаршы метрдей. Ғалымдардың есебінше, пирамиданы тұрғызу үшін әрқайсысы 2-3 тонна болатын 2,3 млн. тас жұмсалған.

Ежелгі құрылысшылардың шеберлігі мен жұмыстарының сапалылығына қайран қалмасқа болмайды. Пирамида тастарының бір-біріне жымдастырып салынғаны сондай, араларынан ине өтпейді. Сондықтан оларды «дүниенің жеті кереметінің» арасына қосуы тегіннен тегін емес. Мысырлықтардың дүниежүзілік мәдениетке қосқан аса зор үлесі ең алғашқы жазу-сызуды ойлап тапқандықтары еді.

Бізге дейін жеткен ең ежелгі Мысыр мәтіндері – құдайға табыну және шаруашылық жазбалары. Мысыр мәдениетінің монументтік және бейнелеу өнері иероглифтермен өрнектелген биік обелискілер түрінде жетті.

Бұлардан басқа Ежелгі Мысыр көркемөнерінің аса құнды ескерткіштерінің қатарына мүсіндік портреттер жатады. Олардың ішінде фараонның әйелі Нефертитидің, фараон Аменемхеттің, фараон III Сенусерттің мүсіндері – жалпыадамзаттық көркемөнердің алтын қазынасынан берік орын алған дүниелер.

Мысырда ғылым салалары, олардың ішінде астрономия, математика, медицина өте жақсы дамыды. Құнарлы Ніл аңғарында өмір сүрген мысырлықтар егін шаруашылығында жақсы табыстарға жетіп отырған. Еңбек өнімділігі жыл сайын артып, астықтан мол өнім алынған. Сондықтан мысырлықтарға егін шаруашылығын өрістету үшін есеп қажет болды. Әуелі арифметика, содан кейін математиканың күрделі салалары, оларға қоса жыл мезгілдерін, ауа райын болжау үшін астрономия игерілді. Ал геометрия орасан зор пирамидалар мен ғибадатхана құрылысын жүзеге асыру қажеттілігінен туындады.

Медицина ғылымы белсенді дамып, адам ағзасындағы мидың рөлі анықталды. Б.д.д. XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында шардың беті есептеп шығарылды. Күн сағаты анықталды. Б.д.д. 2-мың жылдықтың аяғы мен 1-мың жылдықтың басында Мысыр мәдениетіне Крит пен Сирияның мәдениеті жедел ене бастады.

§2. Ежелгі Месопотамия (Қосөзен) мәдениеті

Б.д.д. IV-III мыңжылдықтарда Қосөзен – Тигр және Евфрат өзендері аңғарында Мысырдағы сияқты өте жоғары мәдениет пайда болып, қалыптасты. Бұл өлкеде тарихи есеппен қарағанда аз уақыт ішінде Шумер, Аккад, Вавилон, Ассирия, Иран атты елдер пайда болып, бірінбірі алмастырып отырды.

Шумер-аккад мәдениеті. Қосөзеннің ең ежелгі мәдениеті – Шумер-аккад мәдениеті. Олардың мәдени жетістіктері талас тудырмайды: “Алтын ғасыр” поэмасын, бірінші элегияларды жазды, бірінші кітапхана тізімін жасақтады. Шумерлер – ең алғашқы медициналық еңбектердің, жыл күнтізбесінің авторы. Ең алғашқы шекті аспаптар – лира мен арфа да шумер елінде пайда болды. Жер бетіндегі ең алғашқы жазулардың бірі – сына жазуын да ойлап тапқан шумерлер еді. Шумер әдебиетінің саз тақталарға жазылған көптеген ескерткіштерінің барлығына жуығын оқудың сәті түсті. Шумер әдебиетінің аса көрнекті ескерткішіне Гильгамеш туралы аңыздар жүйесі жатады. Бұл шығарманың тек Шумер еліне ғана емес, Қосөзенге көршілес орналасқан басқа да елдер мәдениетінің дамуына орасан зор әсері болды.

Вавилон мәдениеті. Шумер-аккад өркениетінің мұрагері Вавилония болды. Вавилон мәдениетінің аса көрнекті ескерткіші – 2 метрлік тасқа ойылып жазылған Хаммурапи патшаның (б.д.д. 1792-1750 ж.) заңдары. Бұл заңдарда Вавилонның шаруашылық өмірі, тұрмысы, әдет-ғұрпы мен дүниетанымы көрініс тапты. Хаммурапи ескерткішінде орын алған мәтіннен Қосөзен халқы өмірінің шынайы бейнесін танып білуге болады. Вавилондық абыз Мысырдағыдай о дүние рахатын ешкімге уәде қылмайды, бірақ өзінің айтқандарын мүлтіксіз орындағандарға осы өмірден жақсылықтар көрсетуді ұсынады. Вавилон көркемөнерінде о дүниені суреттейтін көріністер мүлде жоқ.

Қосөзенді мекендеген ежелгі халықтардың сенім-нанымдарының арасында суға табыну ерекше орын алған. Вавилондық астрономдар адамзат тарихында тұңғыш рет Күннің, Айдың айналу заңдылықтарын, олардың тұтылу уақытын дәл анықтай отырып, өмірлік қажеттілігіне пайдалана білген.

Вавилондық абыздардың ілімдеріне сай, адамдар құдайларға қызмет жасау үшін жаратылған. Вавилон құдайларының саны өте көп болған. Олардың ішіндегі ең бастылары болып Күн құдайы – Шамаш, Ай құдайы –

Син, ауа райы құдайы – Адад, махаббат құдайы – Иштар, өлім құдайы – Нергал, соғыс құдайы – Ирра, от құдайы Вильги саналған. Вавилондықтар өз құдайларын адамдармен салыстырып, адамдардың мінез-құлқымен, іс-әрекетімен сәйкестендірген. Құдайлар адам тағдырын шешкен. Құдайлардың пиғылын тек абыздар ғана білген. Тек солар ғана құдайлармен тілдесіп, болашақты аспан денелерінің қозғалысы арқылы анықтап отырған. Сондықтан адамдар патшалар мен абыздардың айтқандарын мүлтіксіз орындауға тырысқан.

Қосөзеннің ежелгі тұрғындарының діни нанымдары олардың монументтік өнерінен көрініс тапты. Қалаларда құдайларға арналған ғибадатханалар салынды. Ғибадатхана жанынан бастары көкке өрлеген, кірпіштен өріліп, терассалармен қоршалған Зикураттар салынды. Зикураттар (мұнаралар) әр түрлі бояулармен боялған, терассалар гүлдермен, көкпен өрілген. Вавилон көркем-өнерінің сәулеттік ескерткіштері біздің заманымызға аз жетті. Себебі, вавилондықтар сарайлар мен ғибадатханаларды кірпіштен салатын болған, ал кірпіштің ұзақ уақытқа шыдамайтыны белгілі. Дегенмен, қазіргі кезде жартылай сақталған сарай қалдықтарын зерттей келе, өнертанушылар еуропалық сәулет өнерінің Қосөзен аралығы сәулет өнерінен көп үлгі алғандығын анықтап отыр. Вавилон орасан үлкен, шулы Шығыс қаласы болған. Қалада үлкен 24 даңғыл болған, негізгі көркі Этеманка құдайына арнап салынған, биіктігі 90 м. Вавилон мұнарасы «әлемнің жеті кереметінің» біреуі саналған. Вавилон мұнарасының айналасын “әлемнің тағы бір кереметі” Семирамиданың аспалы бақтары көріктендіріп тұрған.

Ассирия мәдениеті. Вавилонның мәдениетін, дінін және көркемөнерін ассириялықтар жалғастырды. Ассирия патшасы Ашшурбанипалдың (б.д.д. VII ғ.) сарайының қирандылары арасынан ғалымдар сына жазумен жазылған ондаған мың мәтіндерден тұратын кітапхананы тапты. Ашшурбанипалдың тікелей нұсқауымен Қосөзен аралығында жазылған барлық кітаптар және ескерткіштер бір жерге жиналған.

Иран мәдениеті. Б.д.д. VI ғасырда Вавилон мен Ассирияның орнына Иран империясы орнады. Ежелгі парсылардың рухани мәдениетінің аса көрнекті ескерткіші Зороастра пайғамбардың қасиетті кітабы “Авестада” Ассирия, Үндістан, Вавилон, Кіші Азия, Мысыр, Сирия патшалықтары мәдениеттерінің элементтері жинақталған. Парсы (Иран) мемлекетіне кірген көптеген халықтардың арасында иудейлер де болған. Бұл халықтың дүниетанымы қасиетті кітап – “Ескі өсиетте” берілген.

§3. Ежелгі Үндістан мәдениеті

Үндістан – дүниежүзілік өркениет мәдениетінің өте жоғары дәрежеде дамыған ошақтарының бірі. Оның аумағынан палеолит заманында қолданылған материалдық мәдениеттің (әр түрлі аңшылық құралдар, теселер мен үгіткіштер, мата қалдықтары) көптеген ескерткіштері табылды. Б.д.д. III мың жылдықтың екінші жартысынан бастап бұнда 400 пиктограф пен буындық белгілерден тұратын жазу пайда болды. Үнділер басқыншы болмағанымен, оларды басқалар үнемі бағындырумен болған. Ежелгі замандардан бастап әр түрлі халықтар Үндістанның табиғи байлықтарына – асыл тастарына, алмаздарына, хош иісті майларына, пілдері мен арыстандарына, ақыл-ой қазыналарына қол жеткізуді арман еткен.

Саяси өміріне келетін болсақ, Үндістанның Қытайдан ерекшелігі, Қытайда барлық адамдар тең болса, мұнда адамдар касталарға бөлінген. Бірінші каста – браминдер, абыздар, бұлар құдайдың елшілері саналып, аса маңызды артықшылықтарды пайдаланған. Екінші кастада – әскерлер мен басқарушылар, үшінші кастада – егіншілер, қолөнершілер, саудагерлер болған. Төртінші кастаның өкілдері – шудралар, қоғамның ең төменгі сатысында тұрғандықтан, олардың қара, лас, ауыр жұмыс жасаудан басқа ешқандай құқылары болмаған. Үнділердің ең ежелгі кітабы Веды деп аталды. Ол санскрит ті-

лінде жазылған. Ведалардың мәтініндегі діни қағидалар мен ережелер адамдар арасындағы қарым-қатынастарды реттеуге көмектесті.

Ғылымы мен әдебиеті. Ведаларда металл (қалайы, мыс, қорғасын, күміс, алтын) өңдеу тәсілдері, медициналық емдеу (анатомия, патология, терапия, хирургия, т.б.) әдістері, математика, шахмат туралы мәліметтер толық берілді. Үнді мәдениеті әсіресе, Маурилер династиясы билеген тұста (б.д.д. IV-II ғасырлар) айрықша өркендеді. Бұл кезеңде үнді ғалымдары қазіргі сандарды санаудың ондық жүйесін, арифметикалық және геометриялық прогрессияларды, тригонометрия мен алгебраның негіздерін ойлап тапты. Химия саласындағы білімдер сілтіні, қышқылды, бояуларды, дәрілерді, әтірді, цементті, тұзды дайындауға мүмкіндік берді.

Ежелгі үнді мәдениетін, ғылымын, қоғамдық-экономикалық қарым-қатынастарын оқып-үйренуге б.д.д. 1-мың жылдықта өмірге келген эпикалық әдебиет қызмет етеді. Эпикалық әдебиеттің көрнекті шығармалары “Махабхарата” мен “Рамааянаны” ежелгі үнді елі өмірінің энциклопедиясы деп есептеуге болады. Шыққанынан бері 2 мың жыл бойы үнді елінде бұл дастандар өте кең тараған. Олардың кейіпкерлері – Кришна (“Махабхарата”) және Рама (“Рамааян”) әулиелендіріліп, қазіргі индуизм дінінің ең басты құдайы Вишнумен теңестірілген.

Көркемөнер, сәулет өнері. Ежелгі үнді мәдениетінің аса құнды бөлігі халық музыкасы болды. Ән, би, құралды музыка жанрлары ежелден ерекше дамыды. Ежелгі үнді көркемсурет өнері (құю, қолөнер, фрескалық сурет) және сәулет өнері қол жетпейтін табыстарға ие болды. Үнді көркемсуретіне бейнелердің байлығы мен нәзіктігі, шығармашылық қиялдың батылдығы, композициялардың әр түрлілігі мен күрделілігі, қозғалыстар мен сезімді берудегі шеберлік тән болды.

Буддизмнің таралуына байланысты табынатын құрылыстар – ступалар салына бастады. Бұлар монументтік алып құрылыстар еді. Гупта династиясы билеген тұста (б.д.д. II-I ғасыр) үңгірлік сәулет өнері кең өріс алды.

Мысалы, Аджанттағы үңгірлік кешен – архитектураны, скульптураны және көркемөнерді біріктірген аса сәулетті мәдениет ескерткіші.

§4. Ежелгі Қытай мәдениеті

Ежелгі Қытайдың тұрғындары қайталанбайтын материалдық, рухани мәдениетті жасады. Олар өмірді құдайдың сыйлығы деп есептеп, дүние екі қарама-қарсы космостық күштердің – жарық пен қараңғылықтың соқтығысуы нәтижесінде үнемі өзгеріске ұшырап отырады деп санады. Сол кезеңде (б.д.д. 2-мың жылдықта) қытайлықтар табиғат күштеріне: таулардың, жердің, өзендердің, күннің, айдың, жаңбырдың, желдің рухтарына табынған. Б.д.д. 1-мың жылдықтың ортасында Қытайда үш философиялық-діни жүйелер – даосизм, Конфуций ілімі және әуелі Үндістаннан шыққан буддизм қалыптасты.

Қытай мәдениетінің аса құнды бастауларының бірі – конфуцийлік дін. Б.д.д. VI ғасырда өмір сүрген қытайлық ғұлама Кун Фу Цзы адамгершілік идеяларына негізделген тұтас бір философиялық идеологияның көш бастаушысы болды. Конфуций мәңгі өзгермейтін әлеуметтік тәртіптің моделін құруды мақсат етті. Бұл тәртіптің аса маңызды негізі – үлкендерге бағыну. “Мемлекет – орасан зор отбасы, ал отбасы – кішкентай мемлекет” деп жариялады Конфуций. Конфуций “патшасы әділ әрі әділетті, әскері батыл әрі шын берілген, шаруалары адал да еңбекқор, әйелдері нәзік те адал, жері құнарлы әрі бай патшалықты” арман етті. Конфуций адамгершілігі жоғары және міндетке адал адам тәрбиелеу идеясын ұсынды. Конфуций идеялары бүкіл дүниежүзі халықтары арасында қолдау тауып, күні бүгінге дейін өз маңызын жойған жоқ.

Қолданбалы өнер дамыды: қола айналар дайындау, нефрит пен сүйекті, ою, т.б. Көркемдік керамика жетілдірілді, ал IV ғасырда форфор өндірісі басталды, әр түрлі лак

құралдар пайда болды. Сәулет өнерінің өркендеуіне математикадағы жетістіктер игі әсер етті. Б.д.д. V ғасырда-ақ қытайлықтар тікбұрышты үшбұрыштың қасиетін білген. Қытай ғалымдары дүниежүзінде бірінші болып, б.д.д. III ғасырда магниттік құралды, су диірменін ойлап шығарды. Астрономия ғылымы жедел қарқынмен дамыды. Б.д.д. 2-мың жылдықта қытайлықтар жылды 12 айға, айды 4 аптаға бөле білген. Б.д.д. V ғасырдан бастап аспан әлемін жұлдыздарға бөле отырып, 28 шоқжұлдызды анықтады. Б.д.д. IV ғасырда 800 жұлдыздан тұратын жұлдыздық каталог жасақталды. Медицина ғылымы айтарлықтай табыстарға жетті. Б.д.д. 1-мың жылдықта көптеген ауруларды емдеу жөнінде жазылған кітаптардан тұратын каталог дайындалды.

Жазу. Әдебиет. Б.д.д. XV ғасырда-ақ Қытайда 2000 иероглифтерден тұратын жазу жүйесі болған. Б.д.д. 1-мың жылдықтың басында қытай әдебиетінің ең ежелгі ескерткіштері 300 әннен тұратын «Әндер кітабы» және “Өзгерістер кітабы” жарыққа шықты. Қытайлықтар ұзақ уақыт бойы жібекке табиғи бояулармен жазған, тек біздің дәуіріміздің басында қағаз бен тушты ойлап шығарды. Уақыт өткен сайын қытай иероглифтерінің саны да өсіп отырған. Б.д. басында 10 мың иероглиф болса, III ғасырда олардың саны 18 мыңға жетті. Ол кездің аса көрнекті ақындары Лу Цзы, Мей Шен, Ян Сюнь, Тао Минь болды. Олар Қытай поэзиясының (б.д.д. IV-III ғғ.) негізін салушы Цюй Юаньның дәстүрін жалғастырды. Қытайдың атақты тарихшысы Сыма Цянь өзінің «Тарихи жазбаларымен» әйгілі болған еді.

Сәулет өнері. Көркемөнер. Қытайдың мәдени өмірінде будда сопыханалары маңызды рөл атқарды. Бүкіл елде үнді әдісімен тау шатқалдарын кесіп, орасан зор сопыханалық кешендер салынды, сондай-ақ ағаштан көп ярусты буддалық ғибадатхана-пагодалар тұрғызылды. Пагодалар өте әдемілігімен және салтанаттығымен ерекшелінді. Олардың ішінде биіктігі 60 метрлік жеті қабатты Тағы Қаздар пагодасы (652 ж.) ерекше көзге түсті. Б.д. дейінгі III ғасырда 700 император сарайы

салынды, олардың ішінде біреуі орасан зор болды, оның орталық залына 10 мың адам сыйып кететін болған.

Қолданбалы өнер түрлері өте жақсы дамыды: көркемдік керамика ісі жетілдіріліп, кейін одан тамаша Қытай фарфоры өндірілді. VII-VIII ғасырларда көптеген өнер түрлерінің арасында сурет өнері негізгі орынға ие болды. Ол адамдардың ғалам, табиғат сұлулығына табынуын, сол кезеңдегі қала тұрмысын бейнеледі. Қытай көркемсуретінде өз алдарына бөлек «адамдар», «гүлдер-құстар», «таулар-сулар» жанрлары көптеген ғасырлар бойы дәстүрлі түрде дамыды.

Б.д.д. II мыңжылдықтың өзінде қытайлықтарға жиырманның үстінде музыкалық құралдар: барабан, бубен, сыбызғы, металл қоңыраулар, бамбуктен, саздан жасалған аспаптар белгілі болды.

Негізгі терминдер мен ұғымдар:

Өлімге қарсылық	Ли́ра, арфа	Буддизм
Иероглиф	Гильгамеш	Ведалар
Мумия	Саз табақшалар	Үңгірлік сәулет өнері
Пирамида	Зиккурат	Пиктографтар
Фараон	Зооастризм	Дао
Әлемнің жеті кереметі	Аспанға табыну	Иероглиф жазуы
Ғибадатхана	Суға табыну	Конфуций
Сына жазуы	Касталар	Пагода

СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР:

- 1. Ежелгі Мысыр мәдениетінің, дінінің қандай ерекшеліктері болған?*
- 2. Мысырда қандай білім салалары ерекше дамыған және неліктен?*
- 3. Қосөзен аумағында қандай мемлекеттер болған?*
- 4. Қосөзен мәдениетінің аса маңызды жетістіктерін атаңыздар.*
- 5. Қосөзенде “әлемнің жеті кереметіне” жататын қандай ескерткіштер болған?*
- 6. Ежелгі Үндістанның материалдық және рухани мәдениетіне сипаттама беріңіздер.*
- 7. Ежелгі Қытай мәдениетінің аса көрнекті жетістіктерін атаңыздар.*

§5. Ежелгі Грекия мәдениеті

Крит-Микены мәдениеті. Грекия аумағындағы ең ежелгі өркениет Крит-Микены мәдениеті деп аталады. Оның орталығы Крит аралы мен Грекиядағы Микены қаласы болған. Крит мәдениетінің пайда болуы – біздің дәуірге дейінгі III-III жылдықтар аралығы. Бұл кезең Критте сарайлар дәуірі деген атқа ие болды. XX ғасырдың бас кезінде ағылшын археологы А.Эванс Крит аралынан ежелгі патша сарайларының бірін тапты. Бұл атақты грек мифіндегі Минос патшаның лабиринті еді. Сарайлар қабырғаларына салынған фрескаларда ежелгі адамдар өмірінен көріністер, жануарлар, гүлдер, т.б. бейнелер асқан шеберлікпен берілген. Крит мәдениетінің бізге жеткен құндылықтары арасынан тамаша фрескалардан басқа өте әдемі қола статуэткаларды, қару-жарақтарды, әр түсті керамиканы ерекше атауға болады. Б.д.д. XV-XIII ғасырларда гүлденген Микены мәдениетінің ескерткіштері – сарайлар қалдықтары Микенадан, Тиринфтен, Пилостан, Афиныдан, Иолктен табылды.

Гомер дәуірінің мәдениеті. Грек тарихының келесі кезеңін ұлы ақын Гомердің атымен гомер дәуірі деп атайды. Оның тамаша поэмалары “Илиада” мен “Одиссея” сол уақыт жөнінде (б.д.д. 1-мың жылдық) өте жақсы мағлұмат беретін хабарлар көзі болып табылады. Олар б.д.д. XIII ғасырда өткен Троя соғысын және поэманың басты кейіпкерлерінің бірі Одиссейдің еліне қайтқан жорығы кезінде бастан кешкен таңғажайып оқиғаларын баяндайды. Сол кезең көркемөнерінің аса маңызды ескерткіштері геометриялық өрнекпен жазылған керамикалық дүниелер біздің заманымызға дейін жетті.

Архаика кезеңінің мәдениеті. Б.д.д. VIII-VI ғасырларда гректер өз Отандарынан тыс Жерорта, Қара және Мәрмәр теңіздері жағалауы елдерін отарлауға кірісті. Бұл уақыт тарихқа “ұлы отарлау” атымен енді. Соның нәтижесінде, грек мәдениеті өзге халықтармен араласып, мәдениетін байыта түсті. Гректер лидиялықтардан ақша соғуды, финикиялықтардан әліппелік жазуды

үйрене отырып, оны одан әрі жетілдірді. Финикия әліппесіне дауысты дыбыстарды енгізіп, өз әліппесін жасады. Мәдениеті жоғары дәрежеде дамыған Ежелгі Мысыр мен Вавилон елдерінен астрономия, геометрия ғылымдарының жетістіктері алынып, сәулет және мүсін өнерлері қажетке жаратылды. Гректер өзге елдер мәдениетінің озық үлгілерін тек сол күйінде қабылдап қана қоймай, оларды шығармашылықпен пайдаланып, өздерінің ешкімдікіне ұқсамайтын төл мәдениетін жасады. Архаика кезеңінде қала мемлекеттер – полистер Афины, Спарта, Коринф, Аргос, Фивы қалыптасты. Бұл кезең атышулы грек аңыздары – грек мифологиясының қалыптасу кезеңі болды. Грек аңызы бойынша, ең әуелі Хаос (ештеме жоқ, тәртіпсіз дүние) болған, одан жер (Гея құдай ана) және жер асты патшалығы (Тартар) бөлініп шыққан. Грек мифологиясы бойынша дүние құдайлар мен адамдардан тұрған. Ең басты құдайлар Грекиядағы ең биік Олимп тауын мекендеген. Олардың ішіндегі ең бастысы Зевс басқа құдайларға және адамдарға билік жүргізген. Өзінің бір інісі Посейдон құдайға теңіздерді билеуді, екінші інісі Аидқа жер асты өліктер патшалығын билеуді тапсырған. Жарық пен поэзияның құдайы болып Зевстің ұлы Аполлон тағайындалған, оның артына көркемөнер мен ғылымдардың желеп-жебеуші тоғыз музасы – әдемі қыздар (Евтерпа – лирикалық поэзия, Клио – тарих, Талия – комедия, Мельпомена – трагедия, Эрато – махаббат поэзиясы, Терпсихора – би, Полгимния – гимн, Урания – астрономия, Каллиопа – эпикалық поэзия) еріп жүрген. Зевстің басқа балалары – Афродита сұлулықтың құдайы, от пен ұсталық өнердің құдайы – айлакер Гефест, соғыс құдайы Арес, даналық құдайы Афина, айдың құдайы Артемида болған. Әрбір кәсіптің өзінің желеп-жебеуші құдайы болған. Мысалы, Деметра егіншілікті, Афина тоқымашылықты, Дионис шарап өндірісін, Гермес сауданы, Артемида аңшылықты, тағы аңдарды жебеуші құдай болып саналған. Грек халқы Троя соғысы, Геракл батырдың ерліктері, т.б. оқиғалар туралы толып жатқан аңыздардың авторы.

Грекетер шығарған аса бай, әрі қызықты мифология өзге халықтардың мәдени өміріне орасан зор ықпал етті, бірнеше ғасырлар бойы ақындар, жазушылар және суретшілер шабытының қайнар көзі болды. Грекетер мәдениетінің тағы бір бөлігі төрт жыл сайын Олимп құдайлары құрметіне өткізіліп тұратын олимпиадалық ойындар болған. Ең алғашқы олимпиадалық ойындар б.д.д. 776 жылы өткізілген. Жаңа заманда олимпиадалық ойындар 1896 жылы барон Пьер де Кубертеннің ұйымдастыруымен Афины қаласында өткізілгені мәлім.

Ежелгі Грекия ғалымдары философия ғылымында айрықша табыстарға жетті. Философия саласында б.д.д. 1 мың жылдықта ұлы ғалымдардың аса жарқын шоқ жұлдызы еңбек етіп, әлемдік мәдениетке орасан зор үлес қосты. Ұлы философтар Фалес, Анаксимен, Анаксимандр, Парменид, Гераклид, Сократ, Платон, Аристотель, Демокрит, т.б. адам, қоғам, болмыс, сана, материя туралы салиқалы еңбектерін қалдырды.

Архаика кезеңінде грек әдебиеті де айрықша дамыды. Сол кезеңдегі грек әдебиетінің аса көрнекті өкілдері ақындар Архилох (б.д.д. VII ғ.), Алкей (б.д.д. VII-VI ғғ.), Анакреонт (б.д.д. V ғ.), т.б. болды.

Б.д.д. VI ғ. бастап грек театры дами бастады. Грек театры ашық аспан астында ұйымдастырылған, оның орхестра (хор алаңы), скена (актерлар үйі) тәрізді бөліктері болған. Актерлер (тек ер адамдар) өз ойындарында маскалар қолданған.

Қала құрылысында сәулет өнерінің тамаша туындылары акрополь (қасиетті орын), агора (сауда орталығы), ғибадатханалар мрамордан тұрғызылған. Ғибадатхана құрылысында колонналарды (орасан ірі бағаналарды) ион және доринф стилімен салатын болған.

Архика кезеңінің керамикалық бұйымдары өздерінің аса байлығымен, түрлерінің әр түрлілігімен, суреттермен өрнектелу ерекшелігімен таң қалдырды.

Классикалық кезең мәдениеті. Ежелгі Греция тарихының өзіндік межесі грек-парсы соғыстары (б.д.д. 500-449 ж.ж.) болды. Грекетердің жеңісі нәтижесінде клас-

сикалық құлиеленушілік түбегейлі орнықты, полистік демократия дамып, ол өз кезегінде Грецияның экономикалық және саяси өмірінің дамуына, мәдениетінің өрлеуіне мүмкіндік берді. Әсіресе грек мәдениеті б.д.д. V ғасырда Периклдің басқаруы кезінде айрықша гүлденді. Греция әлемге ұлы философтар Аристотельді, Платонды, Сократты, т.б. берді. Ғылымға материяның бөлінбейтін бөлшектері – атомдар ұғымын Демокрит енгізді. Гректер мрамор мен граниттен тамаша мүсіндер жасады. Олардың арасында жаны да, тәні де сұлу адамдарға қызығушылық қалыптасып, спорт пен дене шынықтыруға ерекше мән берілді. Б.д.д. V ғасырда сәулет өнері өркендеді. Архитектурада бір-біріне ұқсамайтын, аса сәнді дорийлік, ионийлік, коринфтік стильдер қалыптасты.

Грек медицинасының даңқын дәрігер Гиппократ (б.д.д. IV-III ғғ.) шығарды. Оның шығармалары медицина ғылымының одан әрі өркендеуіне негіз болды. Дүниежүзі дәрігерлері күні бүгінге дейін медицина қызметкерлерінің кәсіби этикалық нормаларының кодексіне айналған «Гиппократ антын» беріп келеді. Б.д.д. V ғасырда грек әдебиетіндегі негізгі жанрлар трагедия мен комедия болды. Грек классикалық трагедиясының атасы Эсхилдің “Бұғаудағы Прометей”, “Орестея”, “Парсылар” шығармалары уақытты жеңіп, қазіргі заманғы театрлар репертуарларынан берік орын алып отыр. Сонымен қатар ежелгі грек трагиктері Софокл мен Еврипид те бұл жанрдың қалыптасуына зор еңбек сіңірді. Комедия жанрында ұлы грек драматургы Аристофан (“Құстар”, “Дүние”, “Лионстрата”) жемісті еңбек етті.

Эллинизм кезеңінің мәдениеті. Грекия тарихындағы жаңа кезең эллинизм дәуірі Македония патшасы Александр Македонскийдің жаулап алу жорықтары нәтижесінде (б.д.д. 334-324 жж.) құрылған Дунайдан Инд өзеніне дейінгі аралықты алып жатқан орасан зор державаға байланысты дүниеге келген еді. Грек елін Эллада деп атағандықтан, осы держава құрамына енген елдер

мәдениеттерінің бір-бірімен араласып, кірігіп, баюы нәтижесінде өзіндік өрнегі бар эллинизм мәдениеті қалыптасты. Осы кезеңде ұлы ғалымдар Архимед, Эвклид, Эратосфен таланттары жарқырай көрінді. Эллинизм дәуірінде дүниеге келген аса көрнекті мәдениет жаңалықтары қатарына математика саласындағы Евклидтің элементарлық геометриясын, Архимедтің винтті сорғышын, гидраликалық заңын, Александрияда Птоломей патша сарайы жанынан ашылған мұражайды, музалар ғибадатханасын жатқызуға болады. Философия саласында Эпикур, Зенон сияқты ойшылдар өздерінің артында эпикурлық және стоицизм атты ағымдарды қалдырды.

Эллинизм дәуірінде оқу, білім ісіне ерекше мән берілді. Білім алудың алғашқы кезеңінде оқушылар оқу, жазу, есеп дағдыларын игеріп, гимнастикамен және музыкамен айналысты. Екінші кезең тілдерді, математикалық пәндерді, астрономияны, музыка теориясын оқумен байланысты болып, спортпен шұғылдану жалғастырылды. Білімнің жоғары баспалдағында философия және риторика оқытылды.

Қалаларда қоғамдық орындар құрылысына ерекше мән беріліп, буневтерийлер (қала кеңесі), палестрлар (спорт мектептері), гимназиялар (мектептер), стадиондар, моншалар, т.б. құрылыстар көптеп салынды. Эллинизм дәуірінің аса көрнекті ескерткіштерінің қатарына Пергам қаласындағы (Кіші Азия) Зевстің рельефтік суретін, Мелос аралығындағы Афродита мүсінін (“Мелос Венерасы”), “Лаокоон” мүсіндік тобы, Демосфеннің мүсіндік портретін жатқызуға болады. Б.д.д. 290 жылы Родос аралының тұрғындары Македония патшасын жеңу құрметіне арнап, Родос портына кіретін тау шатқалына орасан зор, биіктігі 35 метрлік Родос Алыбының статуясын орнатты. Бұл статуя “әлемнің жеті кереметінің” қатарына қосылды. 58 жыл өткеннен кейін статуя жер сілкінуден қирады.

§6. Ежелгі Рим мәдениеті

Аппенин түбіндегі ең ежелгі өркениеттің иелері – этруск халықтары болған. Археологиялық қазбалар б.д.д. 1-мың жылдықта өмір сүрген этруск тайпаларының көптеген ескерткіштерін табуға мүмкіндік берді. Олар әр түрлі бояулармен көркемделген табыттар. Этрускілер тасты, металды, терракотты өңдеуді білген.

Патшалық тұсындағы Рим мәдениеті. Патшалық дәуір б.д.д. VIII ғасырдан б.д.д. VI ғасырға дейін созылды. Аңыз бойынша Римді 7 патша басқарған. Олардың тұсында қаланы тас қорғанмен қоршаған, канализация жүргізілген, гладиаторлық ойындар үшін цирк тұрғызылған. Этрускілерден римдіктер мұраға қолөнер және құрылыс техникасын, жазуды, рим цифрларын, киімдерін (тога), үйлер архитектурасын, т.б. өнер түрлерін алған. Осы кезде Рим қаласының негізін салушылар, қасқыр асыраған ағайындылар Ромул мен Рем туралы аңыз пайда болған еді.

Республика кезеңіндегі Рим мәдениеті. Ежелгі Рим мәдениетінің дамуына Оңтүстік Италиядағы грек қалаларын жаулап алудың үлкен рөлі болды. Б.д.д. IV ғасырда Рим қоғамының жоғары қабаттарына грек тілі, кейбір грек дәстүрлері, мысалы, сақал қыру, шашты қысқа қою тәрізді әдеттері тарай бастады. Осы кезде ескі этруск әліппесінің орнына латын тіліне жақындау грек әліппесін енгізді, грек монетасына ұқсастырып рим ақшасын шығару қолға алынды.

Азаматтық қауымдастық – республикалық құрылыс ұйымдасқаннан кейін шешендік өнер пайда болды. Б.д.д. III ғасырдан бастап рим дініне грек діні өте мықты ықпал ете бастады. Рим құдайлары грек құдайларымен былайша теңестірілді: Юпитер – Зевспен, Нептун – Посейдонмен, Плутон – Аидпен, Марс – Ареспен, Юнона – Герамен, Минерва – Афинамен, Церера – Деметрамен, Венера – Афродитамен, Вулкан – Гефестпен, Меркурий – Гермеспен, Диана – Артемидамен, т.с.с.

Грек әдебиеті итальяндық халық ауыз әдебиетімен қатар, рим әдебиетінің қалыптасуына, дамуына зор ықпал етті. Сол кезеңнің аса көрнекті жазушысы Плавтың (б.д.д. III ғ.) қаламынан 130 комедия шыққан, оның 20-сы біздің заманымызға жетті. Екінші үлкен жазушы Теренций (б.д.д. II ғ.) өз комедияларында грек авторлары шығармаларын, әсіресе Менандрды кеңінен пайдаланды. Б.д.д. I-мың жылдықта рим поэзиясы жаңа белеске көтерілді. Сол кезең ақындарының арасынан ерекше орынды Лукреций мен Катулл иеленді. Адам өмірінің небір қилы кезеңдері Лукрецийдің философиялық “Заттар табиғаты туралы” поэмасынан көрініс тапты.

Латын тіліндегі алғашқы прозалық шығарма Аға Катонның (б.д.д. 234-149 ж.ж.) «Ауыл шаруашылығы туралы» кітабы болды. Содан кейін Катон латын тілінде Рим тарихын жазды.

Соңғы республикалық кезеңнің аса көрнекті жазушылары Варрон мен Цицерон өздерінің жан-жақты терең білімдерімен, заңғар таланттарымен даңқы шықты. Варонның негізгі еңбегі “Адамдар мен құдайлардың ежелгі әрекеттері” өз алдына тарихи, географиялық және діни энциклопедия болды. Цицерон (б.д.д. 106-43) аса көрнекті мемлекет қайраткері, теңдесі жоқ шешен, заңгер, тамаша жазушы, философияны терең білуші адам болған.

Республикалық кезең тарихнамасының дамуына “Катилинаның бүлігі”, “Югурмин соғысы” еңбектерінің авторы Саллюстий (б.д.д. 86-35 жж.) және ұлы қолбасшы Гай Юлий Цезарь (б.д.д. 100-44 жж.) (“Галл соғысы туралы жазбалар”) зор үлес қосты. Рим архитекторлары жаңа конструкторлық принциптерді жүзеге асыра отырып, ғибадатханалар, сарайлар, үйлер құрылысына аркаларды, төбелерді, күмбездерді, бағандарды кеңінен қолданды. Б.д.д. II-I ғасырларда құрылыс ісіне бүтін конструкциялар, бетон кеңінен пайдаланды. Жаңа үй түрлері, сот және сауда өтетін бизиликаларға, ат арба жарысына арналған цирктер, күрделі монша кешендері, термдер, кітапханалар, парктер салынды. Рим тәрізді

үлкен қалаларда императорлар жеңісінің құрметіне монументтік құрылыстар – салтанатты аркалар тұрғызылды.

Римде құқық туралы ғылым – юриспруденция ерекше дамыды. Ұлы заңгерлер Сальвий Юлиан, Гай Папиниан, Ульпиан, Павел бүкіл дүниежүзі елдеріне үлгі болған классикалық Рим құқығының негізін қалады.

Христиандық кезең. Христиандық Рим империясының шығыс провинцияларында кең тараған адамзатты құтқарушы – мессияны күту идеясына байланысты пайда болды. Христиандық жүйенің орталығында Иисус Христосты адам кейпіндегі Құдайдың ұлы деген аңыз болған еді. Б.д.д. II ғасыр мен б.д.д. I ғасырдың бас кезінде жаңа діннің негізін салушының өмір жолы туралы еңбек – інжіл жазылды. Бірінші болып, Марктік інжілі, сәл кейінірек Матфейдің інжілі және Луканың інжілі жазылып таратылды. Алғашқы кезеңде христиандыққа империялық өкімет тарапынан сенімсіздік туындап, III ғасырдың ортасында христиан дініне тыйым салынды, христиан діні бүкіл Рим империясының мемлекеттік дініне айналып, бұрынғы діни ескерткіштер қиратыла бастады, олимпиадалық ойындарға тыйым салынды.

Шығыс Рим империясы 1453 жылға дейін Византия империясы деген атпен өмір сүрді. Оның мәдениеті грек мәдениетінің христиандық үлгідегі жалғасы болды. Батыс Рим империясы, ең соңғы императорының билігінің 476 жылы тоқтатылуымен, өз өмірін аяқтады. Бұл жыл дәстүрлі түрде Ежелгі дүние тарихының соңы, орта ғасырлардың басы болып есептеледі.

Негізгі терминдер мен ұғымдар:

Фрескалар

Сарайлар дәуірі

Гомер дәуірі

Грек мифологиясы

Олимп құдайлары

Олимпиадалық ойындар

Грек театры

Классикалық кезең

Этрусск мәдениеті

Канализация

Тога

Цирк

Арка

Купол

Базилика

Термдер

Гимназия
Палестра
Комедия
Полис
Трагедия
Эллинизм
Эпикурлық

Амфитеатр
Кітапхана
Юриспруденция
Христиандық
Месса '
Інжіл
Салтанатты арка

СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР:

- 1. Ежелгі грек мәдениеті қандай кезеңдерге бөлінеді, олардың бір-бірінен қандай ерекшелігі бар?*
- 2. Ежелгі грек мифологиясы дегеніміз не? Оның басқа халықтар мәдениетіне қандай ықпалы болды?*
- 3. Грекияның даңқын шығарған жазушылар мен мүсіншілердің және басқа өнер қайраткерлерінің атын атаңыз. Олардың негізгі еңбектерін атаңыз?*
- 4. Ежелгі Грекия ғылымы мен философиясының қандай жетістіктері болды?*
- 5. Аппенин түбегіндегі ең ежелгі өркениет туралы әңгімелеңіз?*
- 6. Республикалық кезеңде Рим мәдениеті қандай жетістіктерге ие болды?*
- 7. Ежелгі Рим әдебиеті мен өнерінің қандай ескерткіштерін білесіз?*
- 8. Христиан діні қалай пайда болды, қалай тарады?*

ІІІ БӨЛІМ

§1. Қайта өрлеу (Ренессанс) (XIV-XVI ғасырлар) мәдениеті

XIV ғасырдың аяғы XV ғасырдың басында Еуропада, дәлірек айтқанда Италияда Қайта өрлеу мәдениеті атына ие болған ертебуржуазиялық мәдениет қалыптаса бастады. “Қайта өрлеу” термині жаңа мәдениеттің ежелгі дүниемен байланысын көрсетіп тұрды. Осы кезде италиян қоғамы Ежелгі Грекия және Рим мәдениетіне қызығушылық танытып, ежелгі дүние жазушыларының қолжазбаларын іздестіре бастады, соның нәтижесінде Цицеронның, Тит Ливийдің шығармалары табылды. Еуропалық мәдениет мазмұнына зиялы әуендер көбірек еніп, қоғамның әр түрлі көркемөнер, философия, әдебиет, ғылым, білім салалары шіркеу бұғауынан бірте-бірте құтыла бастады. Қайта өрлеу қайраткерлерінің назарында адам тұрғандықтан, осы мәдениетті жасаушыларды гуманистер (латын тілінен *humanus* – адамдікі) деп атаған. Қайта өрлеу гуманистері адамды шыққан тегі немесе әлеуметтік жағдайына қарай емес, ақыл-ойына, шығармашылық энергиясына, алғырлығына, қайраткеркіне, біліміне, т.с.с. жеке қасиеттеріне қарай бағалаған дұрыс деп есептеді.

Италиядағы Қайта өрлеудің бастауларында ұлы ақын, өшпес “Құдайтағалалық комедияның” авторы Данте Алигьери (1265-1321) тұрды. Данте ортағасырлық сюжетті пайдалана отырып, өзінің ғажайып қиялының күшімен оқушыны Тамұқтың және Жұмақтың орталарына жетектеп апара алды.

“Құдайтағалалық комедияда” ақынның о дүниеге сапары кезінде Тамұқ пен Жұмақта оған кездескен тарихи қайраткерлер мен қиял-ғажайып кейіпкерлер туралы баяндалады. Жердің астында да, аспан көгіне де Дантені поэмада сұлулық пен ақылдықтың символына айналған ақынның нақсүйері Беатриче бірге қостап жүреді.

Поэзиядағы гуманизмнің негізін салушы Италияның тағы бір данышпан ақыны Франческо Петрарка болды. Ол бірінші болып, құдайтағалалық білімге адами білімді қарсы қойды. Петрарканың қаламынан көптеген философиялық трактаттар, махаббат лирикасы туды. Ақынның Лаураға арнаған сонеттерін махаббат лирикасының інжу-маржандары деуге болады. Петрарканың ізбасары адамгершілік идеалдарын паш еткен шыншыл новеллалардың жинағы “Декамеронның” авторы Бокаччо болды. Данте, Петрарка және Бокаччо италияның әдеби тілінің негізін салушылар ретінде тарихқа енді. Олардың шығармалары өздерінің көзі тірісінде-ақ тек Италияға ғана емес, бүкіл әлемге танылып, дүниежүзілік әдебиеттің алтын қорына қосылды.



1-сурет
Леонардо да Винчи. Мона Лиза (Джоконда) портреті



2-сурет
Рафаэль. Сикстин мадоннасы (1515-1519) Дрезден, Картиналар галереясы



3-сурет
Микеланжело Мойсей

Қайта өрлеу дәуірі мәдениетін Италияның данышпан көркемөнер қайраткерлері Леонардо да Винчи, Рафаэль Санти, Микеланджело Буонаротти есімдерінсіз қарастыру мүмкін емес. Леонардо да Винчи (1456-1519) адамзат тарихындағы ең дарынды адамдардың бірі. Жан-жақты дарын иесі ол, бір мезгілде суретші, көркемөнертанушы, мүсінші, сәулетші, математик, физик, астроном, анатом

бола білген. Осы аталған салалардан басқа да толып жатқан адам қызметтерін данышпандық болжамдар мен жаңалықтармен байытқан еді. Данышпан суретшінің аса көрнекті суреттерінің бірі – Милан қаласындағы Санта-Мария монастрі қабырғасына салынған “Құпия жиын” атты фрескасы.

Фрескада Христостың өз шәкірттерінің арасында тұрып “Сіздердің біреуіңіз мені сатып жібересіз” деген сәті бейнеленген. Картинаның ішкі буырқанған сезімі мен драматизмін аса сабырлы, салмақты Иисус Христос пен сасқалақтап, сасқан оның шәкірттерінің арасындағы контраст және артқы жоспардағы пейзаждың ашық тондары беріп тұр. Бұдан басқа шебердің бүкіл дүниежүзіне әйгілі суреті – жас флорентиялық сұлу әйел Мона Лизаның портреті. Аса терең мағыналы, әрі маңызды бұл сурет Қайта өрлеу кезеңінің символына айналды.

Ұлы суретші Рафаэль Санти (1483-1520) дүниежүзілік сурет өнерінің ұлы ескерткіші “Сикситин мадоннасы” атты туындысымен белгілі. Жас ана жалаң аяқтарымен ақша бұлттарды жеңіл басып, адамдарға өзінің кішкентай нәрестесін Христосты алып келеді, жас ананың бейнесінен, нәркес көздерінен өз перзентінің жуық арадағы ажалын, ол үшін қатты қайғысын байқауға болады, осыны біле тұрса да, мадонна өз нәрестесін адамдардың құдай алдындағы күнәсін жууы үшін саналы түрде құрбан етуге әзір.

Жоғары Қайта өрлеу мәдениетінің аса көрнекті өкілі Микеланджело Буонаротти (1475-1564) мүсін өнерінде өзінің ерекше ескерткіштерімен даңқы шыққан еді. Мүсінші ақын, сәулетші Микеланджелоның өшпес туындыларының арасында Венеция қаласының орталық алаңына қойылған алып Давидтің мүсіні, інжілдік батыр Моисейдің мүсіні, т.б. біртума туындылары бар. Бұлардан басқа Медичи капелласына қойылған аллегориялық “Таң”, “Кеш”, “Күн”, “Түн” мүсіндері мүсіншінің ала бөтен талантының кепілдері ретінде күні бүгінге дейін көрермендерді таңдандырып келеді. Қайта өрлеу кезеңінің тағы бір тамаша суретшісі Джорджоне (1477-1510)

өзінің атышулы “Юдифь”, “Ұйқыдағы Венера”, “Найзағай” атты шығармаларында табиғат пен адамның ажырамас бірлігін көрсетті.

Адамның және табиғаттың сұлулығы Қайта өрлеу мәдениетінің аса көрнекті өкілі, суретші Тициан (1477-1576) шығармаларының негізгі тақырыбы болды. Суретшінің мифологиялық сюжетке жазылған “Даная”, “Айна алдындағы Венера”, “Венера мен Адонис” атты шығармаларын әйел денесінің сұлулығына қойылған ескерткіш десе де болар еді.

Қайта өрлеу кезеңінің гуманистік қозғалысы бүкіл-еуропалық оқиға болды. XV ғасырдан бастап гуманизм Италия шеңберінен шығып, батысеуропа елдеріне жайыла бастады.

Германияда гуманизм идеялары XV ғасырда университеттік ортада, прогресшіл интеллигенция арасында қолдау тапты. Қайта өрлеу дәуірінің аса көрнекті өкілі жазушы, ағартушы, саяси қайраткер неміс Ульрих фон Гуттен (1488-1523) болды. Ол өзінің “Қараңғы адамдардың хаттары” атты еңбегінде дінбасыларын, діни схоластиканы өлтіре сынады. Католик шіркеуін қайта құруға талпынушылар Германияда Реформация қозғалысын бастады. Реформация қозғалысының басында құдайтану докторы, августин монастрінің монахы Мартин Лютер (1483-1546) болды. Ол католик шіркеуін арзандатуды, неғұрлым халыққа жақындатуды ұсынды. Мартин Лютер бірінші болып інжілді неміс тіліне аударды, соның нәтижесінде Реформацияның жеңісіне ықпал етті. XVI ғасырдың орта кезінде Реформацияның жеңісі мәдениеттің өркендеуіне орасан зор ықпал етті. Сол кезеңнің аса көрнекті суретшілері Альбрехт Дюрер (1471-1528) және Лукас Кранах Старший (1472-1553) өздерінің “Апокалипсис” және “Египетке қашу”, т.б. шығармаларымен бүкіл әлемге танылды.

Голландиядағы Қайта өрлеу мәдениетінің негізін ұлы гуманист, жазушы әрі философ Эразм Роттердамский қалады. Жазушы қаламынан туындаған “Ақылсыздықты мадақтау” шығармасы діни схоластиканы сынай отырып, адамгершілікті, имандылықты тәрбие ісіне бірінші

кезекке қойды. Жазушының сын шығармалары Германияда, Францияда, Испанияда, Англияда өз оқушыларын тапты.

Англияда заманының озық ғалымдары Гросин, Линакер, Колет қызмет еткен гуманистік идеялардың орталығы Оксфорд университеті болды. Әлеуметтік философия саласындағы гуманистік идеялардың авторы Томас Мор (1478-1535) өзінің “Утопия” (“Қиял”) атты еңбегінде ешқандай кемшіліксіз, адамдарға бақытты ғұмыр сыйлаған адамзат қоғамын суреттеді. Сондай-ақ осы кезде ағылшын қоғамына ғалымдар Филипп Сидни (1554-1586), Эдмунд Спенсер (1552-1599) есімдері кеңінен таныс болды. Ағылшын Қайта өрлеуінің ұлы тұлғасы – “Гамлет”, “Король Лир”, “Отелло”, “Генрих IV”, “Ричард III” трагедияларының, сонеттердің авторы У.Шекспир (1564-1616) өз шығармаларында адам жанының сұлулығын паш етті. Шекспир Лондон театры “Глобустың” драматургы болып қызмет істеген. Сол кездегі ағылшын театрына қоғамның барлық өкілдері – аристократтар, чиновниктер, көпестер, клерктер, жұмысшылар, қолөнершілер, матростар ағылып келуші еді. Театр өнерінің көтерілуі, оның қарапайымдылығы және демократиялық мәні ағылшын қоғамындағы демократиялық процестердің дамуына игі ықпал етті.

Испания Қайта өрлеуінің өз ерекшеліктері болды. Көптеген гуманистер мұнда католик шіркеуі мен католицизмге қарсы шыға алмады. Мұнда рыцарлық романдар кең тарады. Бұл жанрда “Селестина” трагикомедиясының авторы Фернандо де Рохас жемісті еңбек етті. Испаниялық ұлы жазушы Мигель де Сервантес (1547-1616) өзінің өшпес романы “Дон-Кихоттың” арқасында дүниежүзіне даңқы жайылып, шығармасы адамзат тарихындағы әдебиет туындыларының арасында ең үздік кітаптардың біріне айналды. Испаниялық драматургияның негізін салушы ұлы Лопе де Вега (1562-1635) қаламынан туындаған “Шөп үстіндегі ит”, “Би мұғалімі” пьесалары күні бүгінге дейін дүниежүзі театрлары репертуарынан берік орын алды. Испанияның сурет өнері де та-

маша табыстарға жетті. Әсіресе суретшілер Эль Греко (1541-1614) мен Диего Веласкестің (1599-1660) шығармашылығы тек Испанияда ғана емес, бүкіл дүниежүзі сурет өнерінің дамуына зор ықпал етті.

Негізгі терминдер мен ұғымдар:

Қайта өрлеу мәдениеті

Гуманизм

Реформация

Қайта өрлеу алыптары

Сонеттер

Утопия

СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР:

1. Қайта өрлеу мәдениетіндегі гуманизмнің мәнін ашып көрсетіңіздер.

2. Италиядағы Қайта өрлеу мәдениетінің дамуына кімдер зор үлес қосты?

3. Батыс Еуропа елдерінде Қайта өрлеу мәдениетінің қандай ерекшеліктері болды?

§2. Орта Азия мен Иранның мәдениеті

Орта Азияның мәдениеті ежелгі дүние мен орта ғасырлар аралығында өте жоғары дәрежеге жетті. Мұнда жазудың бірнеше түрі болған. IV ғасырда арамей әліпбиінің негізінде “Соғдалық жазу” қалыптасты. Соғдалық және хорезмдік жазуға ұқсас жазу көшпенділерде болды. Осы кезеңде Орта Азияның көркем өнері өте жоғары дәрежеде дамыды. Оның озық үлгілері арасынан Афрасиабтың статуэткаларын, табыт жәшіктеріне салынған мүсіндік суреттерді, патшалар мен жауынгерлер, құдайлар бейнеленген күміс табақшаларды атауға болады. Сәулет өнері кесенелер мен қорғандар тұрғызу арқасында жақсы дамыды. Иранның сәулет өнері ескерткіштері арасынан мешіттер мен медреселер құрылысының екі түрі болды. Бірінші түрін араб басқыншылары енгізді. Ол

мешіттер Сирия, Египет, Ирак мешіттеріне ұқсастырып салынған. Біздің заманымызға дейін жеткен сәулет өнері ескерткіштерінің арасындағы ең көрнектісі – Тургандағы Кабустың кесенесі (XI ғ.). Орта Азия мен Ирандағы сәулет өнері құрылыстарын күйдірілген қызыл кірпіштен салатын болған. X-XII ғасырларды Иранда қолөнер өз дамуында өте жоғары дәрежеге жетті: маталарға жазу, алтыннан ою-өрнек ою, күмістен тігу, кілем тоқу, суық қару жасау, әртүрлі ыдыс-аяқтарды мыстан, алтыннан, күмістен дайындау, т.с.с. дамыды. Әсіресе XI-XII ғасырларда Иран мәдениетінің даңқын қыштан, фаянстан жасаған ыдыс-аяқтар шығарды.

IX ғасырда Иранда “дари” (сарайлық) немесе “фарси” атымен тәжіктер мен парсылардың тіліне ұқсас жаңа парсылық әдеби тіл қалыптасты. Бұл тілде жазылған шығармалар туысқан екі халықтың парсылар мен тәжіктердің ортақ қазынасына айналды. Жаңа парсы тілінде Иранда, Орта Азияда, тіпті Әзербайжанда, сельжуктік Кіші Азияда, сондай ақ Үндістанның мұсылман мемлекеттерінде жазған. Жаңа парсы тілінде шығармаларын жазған ақын-жазушылардың ішінен Иранның данышпан ақыны Әбілқасым Фирдоусиді ерекше атаған жөн (934-1025). Ақын өзінің негізгі дастаны “Шахнаманы” 30 жыл бойы жазған. Ақын талантының заңғарлығы сондай, дастанда күннің шығу сәтін 400-дің үстінде суреттеген, бірде-бір рет осы сәтті қайталамай жырлаған. Ол өзінің атышулы дастанында ирандық аңыздағы, яки шын мәнісінде өмір сүріп, ел басқарған патшалар мен батырларды жырлаған, ал ең негізгі кейіпкері халық қамын ойлаған Рүстем батыр еді.

Дүниежүзілік мәдениеттің алтын қорына ирандық философ-ақын Омар Хаямның шығармалары қосылды. Сол заманның ұлы ойшылдарының бірі бұқаралық Әбу Әли Ибн Сина (Еуропада Авиценна деп атаған) (980-1037) болды. Сол кездегі өзге ғалымдар сияқты Ибн Сина да жан-жақты, энциклопедист ғалым еді. Ол медицина, философия, жаратылыстану, поэзия, музыкатану салаларында жемісті еңбек етті. Оның “Медицина Канондары”

атты негізгі еңбегі алты ғасыр бойы қажетке жарап, XVII ғасырға дейін Еуропа дәрігерлерінің қолдарынан түспейтін бірден-бір құралы болған.

Иран қалалары мәдениет орталықтары болды. Нишапур, Рей, Исфахан, Шираз қалалары өздерінің кітапханаларымен даңқы шықты. Мервте XIII ғасырдың басында аса бағалы он екі кітапхана болған. X ғасырда көрнекті деген қалалардың бәрінде орта және жоғары типтегі мектептер-медреселер ашылды. Шираз қаласындағы обсерваторияның даңқы бүкіл әлемге танылды. Ислам әлемі мәдениеті дамуының көптеген ерекшеліктері болған. Онда сурет өнері болған жоқ, себебі Алланың және барлық қасиеттілердің суретін салуға тыйым салынған. Ислам дінінің басшылары мұсылмандар арасына батыстық өркениет үлгілерінің енуін қаламады. Соның кесірінен XVIII ғасырдағы мұсылман мектептері діни схоластиканың, әр түрлі шектеулердің ошағына айналды. Сондай-ақ ислам әлемінде кітап басу ісіне жеткілікті дәрежеде мән берілмегендіктен, бірінші мұсылман кітабы кітап басып шығаруды ойлап тапқан уақыттан 300 жылдан кейін, 1729 жылы басылып шықты (араб-түрік сөздігі). Мұсылман құндылықтарының жүйесін шариат, рамазан, зекет және Меккеге қажылық құрайды.

Шариат – исламның діни-этикалық ережелерінің VII-XII ғасырларда Араб халифатында дайындалған жиыны, шариаттың үш құрамдас бөлігіне Құран, Адат, Сунна жатады. Құран мұсылмандардың қасиетті кітабы. Адат – адамдар қарым-қатынасын реттейтін негізгі заңдар. Әрбір мұсылман тәулігіне бір рет намаз оқуға тиісті болған.

Мұсылмандар әлемінде мәдениеттің орта ғасырларда өркендеуіне ойшылдар мен ақындар зор үлес қосты. Солардың арасынан шығармашылығының шырқау шегі XV ғасырға келетін парсы-тәжік ақыны Жәмиді, өзбек әдебиетінің негізін салушы Әлішер Науаиды (1441-1501) ерекше атауға болады. Дүниежүзіне әйгілі ақын Шамсуддин Мухамед Хафиз бүркеншік атпен белгілі болды.

Хафиздің шығармалары өз Отанынан тыс жерлерге ақынның көзі тірісінде-ақ белгілі болған еді. Оның шығармаларының тақырыбы алуан түрлілігімен, әрі аса сыншылдығымен ерекшеленді. Әсіресе, ақын өз шығармаларында жұртты адалдыққа шақыра отырып, өздері күнәға белшесінен батқандарды аяусыз сынайды. Оның уытты сындарынан байлар да, көпестер де, дін басылары да аман қалмайды, әлсіздерге қорған бола алмаған, күштілердің алдында құрдай жорғалағандар да өз сыбағаларын алды. Хафиз поэзиядағы ғазал жанрын мейлінше жетілдіріп, ақындық өнердің шырқау шегіне жеткізді. Хафиздің бәйіттері де ақындық өнердің озық үлгілерінің арасынан берік орын алды.

Орта Азияның өзге де ұлы ақындары Саади, Абдрахман Джаллин, т.б. поэзияның дамуына өз үлестерін қосты.

Парсы тілдес әдебиеттің аса көрнекті өкілі Нұриддин Абдурахман Джаллин (1414-1492) өзінің артына жүзден астам еңбегін қалдырды. Оның барлық дастандарында философиялық және дидактикалық міндеттер алға тартылып, ізетті адам тәрбиелеу мақсаты көзделді. Джаллин шығармашылығының шырқау шыңы – “Ескендірдің данышпандық кітабы”. Поэмаға автордың әлеуметтік қиялы енгізілген. Джаллин поэзиясын ізгі сезімдерді туғызуға талпыныс ретінде қарастыруға болады. Джаллин қайтыс болғаннан кейін парсы әдебиетінің тоқырау кезеңі басталып, иран ғалымдарының пікірінше “үш ғасыр үнсіздік” орын алды.

СҰРАҚТАР:

- 1. Орта Азия мен Иран мәдениетінің қандай ерекшеліктері болған?*
- 2. Жаңа парсылық әдеби тіл қашан қалыптасты?*
- 3. Иран елінде қандай ұлы ақындар болған?*
- 4. Ислам әлемі елдері дүниежүзілік өркениетке қандай үлес қосты?*

IV БӨЛІМ

ЖАҢА ЗАМАН МӘДЕНИЕТІ

Ағартушылық. Еуропа мен Америка елдерінде феодалдық қатынастар ыдырап, олардың орнына жаңа прогресшіл капиталистік қатынастардың қалыптасуы кезінде пайда болған қозғалыс ағартушылық деп аталды. Бұл қозғалыс Англия мен Францияда XVII, XVIII ғасырларда болып өткен буржуазиялық революциялардан кейін кең өріс алды. Ағартушылық ғылымда, әдебиетте, көркемөнерде, саясатта, әсіресе қоғамдық-саяси ақыл-ой мен қоғамдық қозғалыста өшпес із қалдырды. Ағартушы қайраткерлер ғылымды дамыту арқылы “ақыл-ой патшалығын” орнату үшін күресті. Ағартушылар әртүрлі таптар мен топтардың: аристократтардың, дворяндардың, дін басыларының, қызметшілердің өкілдері еді.

Ағартушылықтың саяси бағдарламасы ағылшын философы Джон Локктың (1632-1704) “Адам ақылы туралы тәжірибе” атты шығармасында өз бейнесін тапты. Бұл пайдалы бағдарлама ағылшын және француз ағартушылары арасында қызу қолдауға ие болды. Адамның бөлінбейтін құқықтарына, Локктың айтуынша, негізгі үш құқығы: өмірге, бостандыққа және жеке меншікке деген құқығы жатады. Локте жекеменшікке құқық адам еңбегін жоғары бағалаумен тығыз байланысты. Локк те өзінен басқа классикалық буржуазиялық саяси экономиканың өкілдері сияқты, әрбір адамның меншігі, оның еңбегінің нәтижесі екеніне кәміл сенеді. Сайып келгенде, ағартушылық идеясы ағылшындардың бойына кәсіпкерлік, тапқырлық, іскерлік қасиеттерінің қалыптасуына көмектесті. Франция ағартушылығының аса көрнекті өкілдері Жан-Жак Руссоның (1712-1778), Дени Дидроның (1713-1784), Шарль Монтескьенің (1689-1755), Поль Анри Гольбахтың (1723-1789) идеялары Франция шеңберінен шығып, бүкіл Еуропаға кең таралды. Бұл оқымыстылар бүкіл адамзат тарихында жиырма

талған білім мен ғылымның негізінде көп томдық энциклопедияны жазып шығарды. Энциклопедияны өз замандастары ғана емес, одан кейінгі ұрпақтар да жемісті пайдаланып келеді.

Неміс ағартушылығының көрнекті өкілі Иммануил Кант (1724-1804) болды. Канттың әйгілі “Мен нені біле аламын?”, “Мен нені білуім керек?”, “Неге мен үміт ете аламын?” сұрақтары өзіне дейінгі философияның дайындаған сұрақтары болатын. Канттың есебінше теориялық философияның пәні табиғатты, дүниені, адамды зерттеп қана қою емес, адамның ақыл-ойын, оның қызметін зерттеу болып табылады. Кант Ағартушылық кезеңнің теориялық зерттеулерін қорытындылады. Әсіресе, Канттың үлкен еңбегі – құқықтық мемлекеттің теориясын жасақтауы.

Орыс ағартушыларының еңбектерінде зор орын қоғамды қайта құру ісіне арналды. Ағартушылардың пікірінше, еркін қоғамның мақсаты азаматтардың табысты болуы. “Мемлекет тек өз отандастары өзін сүйетін болса ғана бақытты”, – деп жазды А.Ф.Бестужев (1761-1810). Ресейдегі ағартушылық қызметтің басында орыстың ұлы ғалымы М.В. Ломоносов (1716-1765) тұрды. Оның басшылығымен Мәскеуде университет ашылды. Ағартушылық идеялар орыс әдебиетінде Д.И.Фонвизиннің (1744-1792), Г.Р.Державиннің (1743-1816), В.К.Тредиаковскийдің (1703-1768) шығармаларынан берік орын алды. Орыс самодержавиесі мен крепостнойлық құқығын өлтіре сынаған “Петербургтен Мәскеуге саяхат” шығармасының авторы А.Н.Радищев (1749-1802) орыс ағартушылығының аса көрнекті өкілі болды.

Музыка. XVII ғасырдың аяғы XVIII ғасырдың басында Еуропа түгел сөйлеген музыкалық тіл қалыптасты. Еуропа музыка өнерінің сол кезеңдегі аса көрнекті өкілдері Иоганн Себастьян Бах (1685-1750) және Георг Фридрих Гендель (1685-1759) болды.

Немістің ұлы композиторы және органисі Бах операдан басқа барлық жанрларда еңбек етті. Ол полифонияның хас шебері болды. Оның оркестрлік музыкасын

клавишті құралдар мен скрипкаға арнап жазылған дүниелері құрайды. Клавир мен органға арнап тамаша фугалар, хоралдар жазды. Бах сияқты Гендель де өз шығармасы үшін інжілдік сюжеттерді пайдаланады. Гендель әсіресе опера жанрында жемісті еңбек етіп, артына 40-тан астам опера қалдырды. Композитордың аса құнды “Саул”, “Израиль Египетте”, “Мессия” ораториялары – дүниежүзінің музыка өнерін бағалайтын жұртшылығының сүйіп тыңдайтын шығармалары.

Еуропаның музыка өнеріне Венаның классикалық мектебі және оның аса көрнекті өкілдері Иозеф Гайдн, Вольфганг Амадей Моцарт және Людвиг Ван Бетховен шығармашылықтары зор әсер етті.

Моцарт пен Бетховеннің ұстазы Иозеф Гайднды (1732-1809) “симфонияның атасы” деп атайды. Ол 100-дің үстінде симфония жазды. Олардың негізін композитор асқан шеберлікпен өңдеген халық әндері мен билері құрайды. Композитор шығармаларының асқар шыңы – Гайднның 90-жылдары Англияға барған сапарының нәтижесінде туған “12 Лондон симфониясы”.

Вольфганг Амадей Моцарт (1756-1791) бала кезінде-ақ талантының көп қырымен жұртты таң қалдырды: асқан шебер орындаушылығымен қатар, композитор ретінде де өте жас кезінен танылды. Композитордың әкесі Леопольд Моцарт та белгілі скрипкашы, әрі композитор болатын. 1781 жылдан бастап Моцарт Венада өмір сүрді, сол кезеңде оның шығармашылық таланты мейлінше айқын дами бастаған еді. “Фигароның үйленуі”, “Дон Жуан”, “Сиқырлы флейта” операларында Моцарт адамдардың әр түрлі, тамаша бейнелерін жасады, өмірдің барлық қайшылықтары мен қарама-қарсылықтарын музыка тілінде асқан шеберлікпен көрсетті. Осындай қасиеттер композитор еңбек еткен музыканың басқа жанрлары симфониядан, сонаталардан, квартеттерінен көрінді. Классикалық симфонизмнің асқар шыңы – Моцарттың үш симфониясы. “Ми бемоль мажор” – адам өмірін қуанышты, шуақты кезеңін бейнелесе, “Соль минор” – адам жанының терең поэтикалық толғанысын, адам

өмірінің драмаға толы кезеңдерін, “До мажор” бүкіл әлемдік құбылыстарды, оның құрамындағы адамды, адамның ақыл-ойының дүниені жақсартуға әрекетін бейнелейді.

“Музыка адам жүрегінен от тұтандыруы тиіс”, деген Людвиг Бетховеннің данышпандық шығармалары адамға деген сүйіспеншілікке толы, мәңгі өлмейтін музыкалық дүниелер. Республикалық көзқарастың, демократиялық мұраттардың иесі ретінде, композитор өз шығармалары арқылы халықты тиранияға қарсы ерлік күреске шақырды. Бұл тұрғыда Бетховеннің орасан зор музыкалық мұрасының арасынан “Фиделио” операсын, «Эгмонт» увертюрасын, фортепианолық “Аппассионата” сонатасын бөліп айтуға болады.

Бетховеннің бүкіл саналы өмірі Венамен байланысты болды. Мұнда жасөспірім шағында ол өз талантымен Моцартты таң қалдырды, Гайдннан сабақ алды, пианист ретінде даңқы шықты. 1803-1813 жылдары Бетховен өзінің көптеген симфониялық шығармаларын жарыққа шығарды. Шебердің шығармашылық арыны шын мәнісінде таңғаларлық еді. Композитор камералық жанрда да қомақты шығармалар қалдырды (“Алыстағы ғашыққа” вокалдық циклы). Қандай музыкалық жанрда болмасын, композитор адамның ішкі дүниесінің құпия қазыналарын көрсетуге тырысты. Оның шығармашылығының ең биік шыңы – Тоғызыншы симфония мен Салтанатты месса. Тоғызыншы симфония құрамындағы “Қуаныш одасы” вокалдық хор партиясының Еуропа әнұранына айналуының өзі бұл шығарманың қаншалықты маңызды екендігіне дәлел болып табылмақ.

Әдебиет. Ағартушылық кезеңнің негізгі әдеби жанры роман болды. Роман жанрындағы табыстар журналистикадағы ағартушылық бағытпен тығыз байланысты еді. Жазушы – ағартушылар өздері өмір сүріп отырған капиталистік қоғамның қайшылықтары мен адамның бойындағы кемшіліктерін жақсы біле отырып, Даниэль Дефонның (1660-1731) Робинзон Крузосы сияқты жаңа

өмірді, бақ пен берекетті аңсады. Англияның тағы бір тамаша жазушысы Джонатан Свифт (1667-1754) “Гулливёрдің саяхаты” атты романында буржуазиялық қоғамда орын алған кемшіліктерді аяусыз сынады.

XIX ғасырдағы Еуропа мәдениеті дамуының ерекшеліктері көркемөнерде, әдебиетте әр түрлі бағыттардың болуына байланысты еді. Осы кезде әдебиетте, сурет өнерінде, музыкада классицизм, сентиментализм, романтизм, реализм, символизм, натурализм, импрессионизм бағыттары дамыды. Классицизм бағыты буржуазия табының мұң-мұқтажын жоқтады. Классицизм өкілдері ежелгі дүние мәдениетінен рухани негіз іздеді. Әдебиетте классицизм бағытының аса көрнекті өкілдері немістің ұлы жазушылары И.В.Гете және И.В.Шиллер болды. Иоган Вольфганг Гете (1749-1832) өзінің әдебиеттегі қызметін сентименталдық “Жас Вертердің азаптары” романынан бастап, веймар классицизмінің негізін қалаушы дәрежесіне дейін көтерілді. Гете шығармашылығының асқар шыңы “Фауст” трагедиясында адамның өмірдегі орны, адамгершілігі паш етілді. Ұлы неміс драматургы Шиллердің “Зұлымдық пен махаббат” атты пьесасында жас адамдардың өліміне себепші болған әлеуметтік теңсіздік сыналды. Шиллердің “Дон Карлос”, “Фиеско” трагедияларында тиранияға қарсы күрес мәселесі сөз болды. Сонымен қатар Шиллердің “Мария Стюарт”, “Орман қызы”, “Вильгельм Телль” трагедиялары да патриотизм, тәуелсіздік үшін күрес туралы аса маңызды шығармалар болып табылады.

Көркемсурет өнерінде классицизм стилін француз суретшілері Давид пен Энгр қалыптастырды. Жан Луи Давидтің (1748-1825) 1784 жылы салынған “Горацийлердің анты” атты картинасын жұртшылық революциялық күреске шақыру деп қабылдады. Ұлы француз революциясы идеяларымен қанаттанған Давид тарихи тақырыпқа арналған бірқатар тамаша суреттер (“Доп ойнайтын заңдағы ант”, “Мараттың өлімі”) салып, Луврдағы ұлттық мұражайды жасақтады.

Романтизм бағыты Еуропа және Солтүстік Америка елдерінде мәдениеттің барлық салаларына тән құбылыс болды. Таза романтизм бағытының отаны Германия еді. Романтизм жанрында неміс жазушысы Эрнест Гофман (1776-1822) өзінің “Шайтанның эликсирі”, “Алтын ыдыс”, “Бүргелердің әміршісі”, т.б. шығармаларында драматизм мен сарказмды, лирика мен гротескті кеңінен қолданды.

Романтизм жанрының өкілдері халықтың өткен кезеңде жинақтаған құндылықтарын қолдана отырып, дүниені жаңартуды, ізгілендіруді көздеді. ХІХ ғасырдың бірінші жартысында немістің ұлы ақыны Генрих Гейне (1797-1856) жемісті еңбек етті. Өзінің шығармашылығында Гейне халық әндеріне сүйенді. Гейне өзінің идеялық дамуында үлкен табысқа ие болған шығармалары “Қазіргі өлеңдер”, “Германия. Қысқы ертегі”, “Романсеро”, тағы басқаларында революцияны тұншықтырған реакцияны, үстем тап өкілдерін аяусыз сынады. Англиядағы лирикалық романтизм жанрының қалыптасуы ұлы ақын Джордж Гордон Байронның (1788-1824) есімімен байланысты. Оның “Чайльд Гарольдтің саяхаты” поэмасы өмірге романтикалық күрескерді, наполеондық кезеңінен түңілген жеке дара кейіпкерді әкелді. Байронның қаламынан бүкіл әлемге белгілі философиялық поэмалар “Манфред” және “Каин” шықты. Ақын Италиядағы азаматтық қозғалысқа қатысып, Грекияда көтеріліске шыққан халықтың қатарында жүріп қаза болды. ХІХ ғасырда прогрессивтік романтизм жанрының аса көрнекті өкілдері француз жазушылары Виктор Гюго мен Жорж Санд жемісті еңбек етті. Гюго ХІХ ғасырдың аса көрнекті ақыны болуымен қатар, тамаша драматург ретінде бүкіл әлемге танылды. Оның “Марион Делорм” пьесасы романтикалық драматургияның жауһарына айналды. Гюгоның аса көрнекті “Париж құдай-анасының соборы”, “Теңіз еңбеккерлері”, “Күлетін адам” романдарының арасында “Аласталғандар” романы ерекше орын алады. Мұнда ХІХ ғасырдың аса күрделі әлеуметтік ахуалдары сөз болады.

Жорж Санд (шын аты Аврора Дюдеван, 1804-1876) өзінің “Индиана”, “Консуэло”, “Анжибодан келген диірменші” атты романдарында әйелдің қоғамдағы, отбасындағы жағдайын, буржуазиялық моральды асқан шеберлікпен сипаттады. Музыкада романтикалық бағыттың отаны Германия елі болды. Музыкадағы неміс романтизмінің негізін салушы Роберт Шуман (1810-1856) шығармашылығын аса маңызды дүниелер “Геновена” операсы, “Рай және Пери” ораториясы, “Көбелектер”, “Карнавал”, “Фантастикалық пьесалар” фортепианолық циклы құрайды.

Романтикалық бағыт немістің ұлы композиторы, дирижері, жазушысы, опера жанрын қайта құрушы Рихард Вагнердің (1813-1883) де шығармаларынан берік орын алды.

Дүниежүзінің музыка сүйер қауымына композитордың атышулы опералары “Риенци”, “Ұшқыр голландиялық”, “Тангайзер”, “Лознгрин”, “Тристан және Изольда” кеңінен таныс.

Вагнердің опералары – опера тарихында теңдесі жоқ вокалдық-симфониялық поэмалар. Вагнердің музыкасы аса зор сезімталдығымен, оркестрлік және гармониялық байлығымен ерекшеленеді.

Францияда музыка өнеріндегі романтикалық бағыттың аса көрнекті өкілі композитор әрі дирижер Гектор Берлиоз (1803-1869) өзінің “Фантастикалық симфония”, “Қайғылы-салтанатты симфония”, “Троялықтар”, “Беатриче және Бенедикт” операларымен белгілі болды.

Романтизм идеялары венгер композиторы, пианисі, дирижері Ференц Листің (1811-1886) шығармаларынан берік орын алды. Ол “Фауст-симфония”, 13 бағдарламалық-симфониялық поэмалардың, 19 рапсодияның, этюдтердің, вальстердің, т.б. музыкалық шығармалардың авторы.

Романтикалық бағыттың тағы бір көрнекті өкілі поляк композиторы және пианисі Фридерик Шопен (1810-1849) болды. Ол 2 концерт, 3 сонатаны, 4 балладаны, бірқатар эксперименттік ноктюрндерді, өлеңдерді, вальстерді, полонездерді жазып қалдырды.

Көркемсурет өнерінде романтизм бағытын француздың ұлы суретшілері Теодор Жерико (1791-1824) және Эжен Делакруа ұстап, бірқатар тамаша суреттерді дүниеге келтірді.

Бұл суретшілер қарапайым өмірден ерліктің көзін тауып, азап шеккен адамдардың көңіл-күйін, іс-әрекетін асқан шеберлікпен сурет тілімен жеткізе алды. Э.Делакруа Байрон поэзиясының мазмұнына және тарихи оқиғаларға арнап суреттер салды. Мысалы, ол 1830 жылғы Францияда өткен революциялық оқиғаларға байланысты өзінің “Бостандық халықты бастап келеді” атты атақты суретін арнады.

Реализм. ХІХ ғасырдың 30-40 жылдарында көркем әдебиетте және көркемсурет өнерінде романтизммен қатар реализм бағыты қалыптасып, ХІХ ғасырдың ортасына қарай еуропа мәдениетіне үстем жағдайға ие болды.

Әдебиет пен өнердегі реализм – өмірді мәдени құралдар шыншылдықпен, дәл, сол күйінде суреттеу. Реализм бағыты Франция мен Англияда буржуазиялық тәртіптердің күшеюі кезінде қалыптасты. Капиталистік қоғамның әлеуметтік қайшылықтары мен кемшіліктері реалист-жазушылар тарапынан қатты сынға ұшырады. Олар әлеуметтік теңсіздікті, эгоизмді, жалғандықты сынады.

ХІХ ғасырдың 30-40 жылдары Францияда бүкіл дүниежүзіне белгілі реалист-жазушылар Бальзак, Мери-ме, Стендаль, Мопассан, Флобер еңбек етті.

Оноре де Бальзактың (1799-1850) шығармашылығы – батысеуропалық реализмнің асқар шыңы. 95 томнан тұратын “Адам комедиясы” эпопеясы бір мазмұнға, бір идеяға құрылған тамаша романдардың біртұтас жиыны болып табылады. Эпопея құрамына дүниежүзілік әдебиеттің асыл қазынасына қосылған “Шегрен былғары”, “Евгения Гранде”, “Горио әкей”, “Цезарь Бирото”, “Жоғалған иллюзиялар”, “Бетта боле” романдары кіреді.

Сыншыл реализмнің аса көрнекті өкілі Стендаль (1783-1842) өзінің атақты “Итальяндық шежірелер”,

“Қызыл және қара”, “Парм тұрғыны” романдарында буржуазиялық қоғамда орын алған келеңсіздіктерді аяусыз сынады.

Реалистік новеллалардың аса озық шебері Проспер Мериме (1803-1870) өзінің артына тамаша шығармаларын – “Кармен”, “Коломба”, “Фальконе” новеллаларын қалдырды. Оның новеллалары дәл, анық әрі айқын тілмен жазылған, кейіпкерлері табиғи, жарқын бейнелер.

Франциядағы реализмнің тағы бір аса көрнекті өкілі Гюстав Флобер өзінің бүкіл дүниежүзіне әйгілі “Бовари ханым”, “Сезімді тәрбиелеу”, “Саламбо” романдарымен даңқы шықты.

Өткір әлеуметтік талдау жасау Ги де Мопассан (1850-1893) шығармаларынан айқын көрінді. Буржуазиялық қоғамның мерездері мен моралі жазушының “Өмір”, “Сүйікті дос”, “Монт-Ориоль” романдарында асқан шеберлікпен суреттелді.

Англияда әдебиеттегі реалистік бағыттың басында көптеген тарихи романдардың авторы Вальтер Скотт (1771-1832) тұрды. Жазушының тарихи реалистік жанрда жазылған “Айвенго”, “Арыстан жүректі Ричард”, “Пуритандар”, “Роб Рой” романдары оған дүниежүзілік даңқ әперді.

Ағылшын әдебиетіндегі сыншыл реализмнің асқаршыңы – Чарльз Диккенстің (1812-1870) “Давид Копперфильд”, “Оливер Твист”, “Домби және ұлы”, “Үлкен үміттер”, “Ауыр кезеңдер” романдары.

Өшпес оптимизм, жарқын әрі ұлттық әзіл, өмірге салауатты, сыншыл көзқарас – осы қасиеттер Диккенске Шекспирден кейінгі Англияның ұлы жазушысының даңқын әперді.

Оның замандасы Уильям Теккерейдің (1811-1863) басты романдарының мазмұны буржуазиялық қоғамның кемшіліктерін сынауға арналды.

XIX ғасырдың аяғында ағылшын әдебиетіндегі реалистік бағытты шығармалары дүниежүзіне танылған Нобель сыйлығының лауреаттары атақты үш жазушы – Голсуорси, Шоу және Уэллс анықтады. Джон Голсуорси

(1867-1938) “Форсайттар туралы саға” трилогиясында ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басындағы буржуазиялық қоғамның эпикалық картинасын жасады.

Джордж Бернард Шоу (1856-1950) дүниежүзі театрлары сахнасында күні бүгінге дейін үзілместен қойылып келе жатқан “Бойдақтың үйі”, “Уоррен ханымның мамандығы”, “Миллионер” пьесаларының авторы.

Герберт Уэллс (1866-1946) – ғылыми-фантастикалық әдебиеттің классигі. “Уақыт машинасы”, “Көрінбейтін адам”, “Әлемдер соғысы” романдарында жазушы жаңа ғылыми тұжырымдамаларға сүйенді.

ХІХ ғасырда музыкалық опера өнеріндегі реализмнің ең үздік саналған шығармаларының авторы итальяндық ұлы композитор Джузеппе Верди (1813-1901) болды. Оның тамаша тарихи-героикалық “Сицилиядағы жиын”, “Бал-маскарад”, “Тағдырдың күші”, “Трубадур” опералары Италиядағы ұлт-азаттық қозғалысқа арналды.

Вердидің атақты “Риголетте”, “Травиата”, “Аида”, “Отелло”, “Дон-Карлос” опералары дүниежүзілік музыка өнерінің алтын қорынан берік орын алды.

Музыкалық және опералық өнердегі Франция елінің ұлттық жетістіктері “Кармен”, “Маржан іздеушілер”, “Перт сұлуы”, “Джамиле” операларының авторы Жорж Бизенің (1838-1875) есімімен байланысты болды. “Кармен” операсы бүкіл дүниежүзінің опера театрларының сахнасынан түспей келе жатқан осы жанрдың адамзат тарихындағы ең үздік шығармаларының бірі болып табылады.

Реализм бағыты көркемсурет өнерінде де үлкен табыстарға жетті. Францияның көркем сурет өнерінде ХІХ ғасырда Ж.Ф.Милле (1814-1875) өзінің реалистік полотнолары “Масақ жинаушылар”, “Анжелюс” арқылы белгілі болса, Англияның сурет өнері Уильям Тернер (1775-1837), Джон Констебльдің шығармалары арқылы әлемге әйгіленді.

Джон Констебль “Астықты алқап”, “Өткелден өтіп келе жатқан арба” картиналарында қарапайым еңбек адамын, оның еңбегін, табиғаттың сұлулығын асқан

шеберлікпен бейнеледі. Данышпан испан суретшісі әрі гравері Франциско Гойя (1746-1826) шығармалары батыл жаңашылдығымен, ыстық сезімталдығымен, әлеуметтік өткірлігімен ерекшеленді. Гойя орасан көп тамаша фрескалар, картиналар, литографиялар, суреттер салды. Наполеон басқыншылығы кезінде ұлы суретші ойланбастан халықтың жағына шығып, басқыншылық соғысты айыптайтын, халықтың ержүректігін бейнелейтін тамаша туындыларды дүниеге келтірді. Олардың арасынан “Асқан ержүректілік”, “Көтерілісшілерді ату” суреттерін атауға болады.

Испан халқын мадақтауға арналған суреттерінің ішінде суретшінің бүкіл әлемге әйгілі “Ұста дүкені”, “Құмыра ұстаған қыз”, “Жалаңаш маха”, “Киінген маха”, т.б. тамаша туындылары бар.

Мәдениеттегі натурализм бағытын ұстанушылар адамды қоршаған ортаға, тұрмыс-салтына, физиологиясы мен шыққан тегіне орай суреттеуді негізге алды. ХІХ ғасырдың 80-жылдары натурализм бағыты француз әдебиетінде жетекші рөлге ие бола бастады. Бұл бағыттың ең таңдаулы өкілдерінің бірі француз жазушысы Эмиль Золя (1840-1902) өзінің көптеген романдарында Франция өмірінің 1852-1870 жылдарғы кезеңін суреттеді.

Өз шығармаларында Золя адамды нәсілшілдіктің, ортаның және тарихи ахуалдың нәтижесі ретінде қарастырды. Театрдағы натурализм бағытын неміс драматургы, Нобель сыйлығының лауреаты Герхард Гофман (1862-1946) қуаттады. Драматургтың ең үздік пьесаларының бірі “Тоқымашылар” 1844 жылғы Силезия тоқымашыларының көтерілісін суреттеді.

ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ басында Еуропа көркем өнерінде жаңа бағыт – символизм қалыптаса бастады. Ақын-символистер сөздің нақты мәнінің орнына, оның символдық (нысандық) мәнін қолданды. Бұл бағыттың көрнекті өкілдері француздың ақын-символистері Поль Верлен (1844-1896) және Артюр Рембо (1854-1891) болды.

Осы кезде көркемөнерде жаңа бағыт – импрессионизм бағыты етек алды. Импрессионист-суретшілер Клод Моне (1840-1926), Огюст Ренуар (1841-1919), Эдгир Дега (1834-1917), т.б. көркемөнерді қайта құруға, академиялық көркемөнерді қарапайымдандыруға, халыққа жақындатуға шақырды. Импрессионист-мүсіншілер арасынан дүниежүзіне кеңінен таныс «Кале азаматтары», «Сүю», «Ойшыл» шығармаларының авторы Огюст Роден (1840-1917) шыққан еді.

Қазіргі батыс мәдениеті. Батыс мәдениеті көбіне ежелгі дүние мәдениеті мұраларына ие болып, тарихтың өне бойы дүниені қайта құру идеясын алып жүре алды. Батыс адамының шығармашылық табыстары, оның космосқа қадам жасауы өткен заман мен қазіргі кезең арасындағы байланысты көрсетеді. Бұл, әрине Батыс ешқашанда жойқын қирату үрдістерінен аман болды деген сөз емес. Мәдениеттану ғұламаларының пайымдануынша, батыс мәдениетіндегі келеңсіз үрдістер ассиметрияның рационалистік идеяларына негізделген. Олар табиғи гармонияны бұзып отырады.

Мәдениет өзінің болмысынан айырылып, техникалық өркениетке айналғанда, шектен тыс практикалық болмыс қалыптасады.

Техниканың күшімен құрылған нақты әлем адамға бөтен болатыны айдан анық. Техникалық әлем өз дамуында мәдени құбылыстарды бұзып, жаншып, оның өркендеуіне орын қалдырмайды. Тек машина ғана емес, көптеген мәдени құбылыстар “машиналанды”.

Өркениеттің өркендеуі адамдардың әл-ауқатын жақсартуға, олардың материалдық қажеттілігін қамтамасыз етуге бағытталады. Бұл кезеңнің басты қайшылығы байлыққа мастану болып табылады. “Барлығы бар қоғамда” жоқтық енді ілгері дамуға ықпал етпейді. Үлкен мақсаттардан айырылған қоғам мәдени дамуда да күйзеліске ұшырайды.

Батыс мәдениетінің технократтық кезеңі. Техниканың қоғамға ықпалы туралы әр түрлі пікірлер қазіргі кезеңде мәдениеттанушылардың, социологтардың,

философтардың назарына мықтап ілінген мәселелерге айналып отыр. Техниканың жүз жылға жетпейтін уақыт ішінде орасан зор қадамдармен дамуы адам өмірін түбегейлі өзгерістерге ұшыратты.

Техниканың дамуында ерекше орынды ғылыми-техникалық дамудың ақпараттық жағы алып келеді.

Бүкіл дүниежүзін жаулап алған, мемлекеттік және статустық шекараларды оңай көктеп өтетін ақпараттық компьютерлік қызмет өзінің нәтижелері жөнінен жаңа, ақылға салуға аз көнетін, сондықтан да көбірек зерттеңкіреуді қажет ететін құбылысқа айналды.

Баламасыз технократизм, табиғаттан қол ұзу адам өміріне рационалдық жоспарлаудың енуіне әкеліп соғады. Шынтуайтқа келгенде адам өзі құрған техникалық әлемнің бөлшегіне айналды.

“Шығармашылық индустрия” жалпы көрерменге. Супермен – қазіргі заманғы жалпы оқушы мен көрерменге есептелген, әсіре ерлік және жынысқұмарлыққа тән, өзін өзгелерден жоғары ұстайтын кейіпкер. Оның мінездемесінде қиял-аңыздар басым. Ол шектеусіз бостандық пен орасан зор қуатқа ие. Өз мақсаттарына жету үшін дәрекі күшті, қатыгездікті қолданады, ақылға аз жеңдіреді. Көп уақытын өзінің сыртқы пішініне бөле отырып, дене құрылысын жетілдіруге көп мән береді. Ақыл-ойды кеңейтуге арналған жаттығулар оны қызықтырмайды. Шартта-шұрт мінез-құлқы мен мезет сайын өзгертін көңіл-күйіне байланысты іс-әрекеттерін көбіне түсіндіре алмайды.

Ол жиі-жиі кісі өлтірулерге, жеке басының кегін қайтару үшін барудан жүзі жанбайды. Ол өз әрекеті үшін ешкімнің алдында, ешуақытта жауап бермеймін деген жалған сенімге ие болады. Сондықтан да ол Шерлок Холмс сияқты аса білімді, өз ақылы мен тәжірибесіне сүйенетін детективтік жанрдың сүйікті кейіпкерлеріне мүлдем ұқсамайды және олардан адамгершілік қасиеттері жөнінен көп төмен жағдайда болады. Сондықтан да қазіргі америкалық және батысеуропалық кинофильмдердің кейіпкерлері – супермендердің біздің жастарымыздың санасын улап, теріс жолға түсіре ме деген қауіп педагог-

ғалымдарды, қалың жұртшылықты толғандырып келеді. Оларға біз өз халқымыздың рухани құндылықтарын қарсы қоюымыз керек.

Қорқыныштар. Қазіргі заманның кей өнерінде қорқыныштарға үлкен мән беріледі, қорқынышты кинофильмдерге деген қызығушылықтың толастамайтын себебі, оларды қарау кезінде көрермендер кинодағы кейіпкерлердің бастарынан өтіп жататын аса ауыр оқиғаларға өздері қатысып отырғандай сезінеді. Бірақ, қалай дегенде де көрермен немесе оқырман жай ғана сырттай бақылаушының рөлінен асып шыға алмайды. Қорқынышты кинолар мен кітаптардың зияны – адамдар оларды оқи-оқи немесе көре-көре еттері үйреніп кетіп, оларды адам өміріндегі қарапайым оқиғалар қатарына қоятындығында.

Эротикалық натурализм. Нәпсі мәселесіне тыйым салудан бас тарту, керісінше, адамның ойына не келсе, соны жүзеге асыруына тыйым салмау қоғам өміріне жаңа қиындықтар әкелуде. Нәпсі мәселесіндегі бостандық бүтін бір қоғамның күйреуіне әкелгені Ежелгі Рим тарихынан белгілі.

Қазіргі кездегі эротикалық фильмдердің топан судай қаптауы мәдениеттің кері кетуінің көрінісі болып табылады.

Жастар жыныстық қарым-қатынастың қарадүрсін түрлеріне бағдар жасайды. Бостандық дегеніміз – не нәрсе болсын бәрін бірдей қолдану деген сөз емес.

Өзінің табиғи қажеттілігін ешқандай моральдық шектеулерсіз қамтамасыз етуге бағытталған бостандық жеке тұлғаның азғындауына, адамгершілік қасиеттерден айырылуына әкеліп соқпақ. Сондықтан да ғылымның, қоғамның, барлық тәрбие институттарының міндеті жас ұрпақтың моральдық тұлғасын дұрыс қалыптастыруға ықпал ету болып табылады.

Абстракционизм. ХХ ғасырдың көркемөнеріндегі жаңа бағыттардың бірі абстракционизм болды. “Абстракционизм” сөзі латынның “теріс қарау” деген сөзінен шықты. Бұл сөздің атының өзі осы өнер түрінің өмірден бөтен екендігін көрсетеді. Абстрактылық өнерді қуаттаушылар өмір шындығын бейнелеуден бас тартты.

Абстракционистер өздерінің ұстаздары деп импрессионистерді санайды. Бұл мәселеге біржақты жауап беру қиын. Шынында да, импрессионистердің бояуға үлкен мән бергені рас. Бірақ олардың жұмыстарының бәрі бірдей мәні болған жоқ деу қателік – олар заттың өзін де және субъективтік сезімін де адам қалай қабылдады, солай бере алды.

Абстрактылық өнердің екі бағыты бар. Бірінші бағыт – ешқандай түрі жоқ бояулар қосындысын жасау және оларды жан-жақты жетілдіру. Абстракционистер зат пен формадан бояудың бостандығын жария етеді. Екінші бағытты ұстанушылар шығарма мазмұнын бейнелерден “азат ете” отырып, оларды геометриялық абстракциялармен ауыстыруды ұсынды. Бұл бағыттың көш бастаушысы ретінде голландиялық П.Мондрианды (1872-1944) атайды.

Абстракциялық өнерде шеберлік есепке алынбайды. Кез келген өнер бейнелер мен нышандар көмегімен жүзеге асырылатыны белгілі. Абстракционистер болса олардың қай-қайсысынан да бас тартады. Абстракционизм сөз жүзінде өте жетілген әлемді насихаттағанымен, іс жүзінде шын өмірден мүлдем қол үзгендіктерін көрсетеді.

Адамға қарсы, табиғатқа қарсы абстрактылық өнер, сайып келгенде тығырыққа тіреліп, өмір сүруін тоқтатады.

Абстракционистердің пікірінше, өнердің міндеті шындықты бейнелеу емес, суретінде жеке басының уайым-қайғысын жеткізу болып табылады.

Поп-арт өнері. Модернизм өнерінің шеңберінде ХХ ғасырдың 50 жылдары АҚШ пен Англияда кең тараған ағымдарының қатарында поп-арт ағымы болды. Ағылшын тілінен аударғанда (жұрттың бәрінің қолынан келетін өнер) деген мағынаны білдіреді. Мұны ұстанушылар шынайы өнерді қарадүрсін өнермен алмастыруға шақырды. Мысалы, поп-артта тұрмыстық заттарды және олардың көшірмелерін, бейнесуреттер мен нақ нұсқаларды пайдалану жиі кездеседі.

Сюрреализм. ХХ ғасырдың 20-жылдары Францияда көркемөнердің жаңа ағымы – сюрреализм өріс алды. Бұл француз тілінен аударғанда аса зор реализм деген мағынаны білдіреді. Бұл ағым поэзия мен әдебиетте пайда болды, әсіресе көркемсурет өнерінде кең тарады.

Поэзияға қарағанда, көркемсурет өнерінде сюрреализмнің көп артықшылыққа ие болатыны: онда көрнекілік басым, әрі бөлшектеуге және құрастыру мүмкіндігінің арқасында көрерменге аса қорқынышты әсер қалдыратындығында. Сюрреализм ағымының көрнекті өкілдерінің арасынан аттары бүкіл әлемге әйгілі С.Даллиді, Х.Мироны, И.Тангиді, А.Массонды атауға болады.

Бұл аталған ағымдардан басқа қазіргі заман мәдениетіне экзистенциализм және постмодернизм ағымдарының тән екендігін айтқан жөн.

Негізгі терминдер мен ұғымдар:

Ағартушылық
Классицизм
Романтизм
Реализм
Символизм
Импрессионизм
Абстракционизм
Сюрреализм
Мәдениеттегі технократтық кезең
Қорқыныштар

ҚАЙТАЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР:

- 1. ХІХ ғасырда орын алған негізгі көркемөнер стильдерін атаңыздар.*
- 2. Классицизм жанрындағы әр түрлі мәдениет салаларының шығармалары мен авторларын атаңыздар.*
- 3. Әдебиет пен музыка өнерінде романтизм жанрының қандай шығармаларын білесіз?*
- 4. Реализм дегеніміз не? Бұл жанр қай елде басым дамыды?*
- 5. ХІХ ғасырда қай елдерде көркемөнердің жаңа жанрлары пайда болды?*
- 6. ХХ ғасырдың мәдениетіне қандай ағымдар тән болған еді?*

V БӨЛІМ

АЛҒАШҚЫ ҚАУЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫС ТҰСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ МӘДЕНИЕТІ

Тас дәуірі. Тарих, археология ғылымдарының жетістіктеріне қарағанда, адам осыдан 2,5-2 млн. жыл бұрын жануарлар дүниесінен бөлініп шыға бастаған. Бұл дәуір адамдары өзін қоршаған табиғат құбылыстарын түсініп-сезінуі, оның дүлей күштерімен күресуі жағынан әлі барынша дәрменсіз және жартылай тағылық күйде болған. Олар үңгірлерде топ-топ, табын-табын боп тұрды. Таңертең үңгірден өріп шығып, топтанып азық іздеп, тау-тасты кезіп жүрді. Мұндағы негізгі қару тас шоқпар, тас найза, тас балта, тас қанжар, т.б. болды.

Қазақстан жерінен Олдувай дәуіріне жататын адам қаңқалары әлі табылған жоқ. Бірақ, ең алғашқы дәуірдің жалғасы – шелль-ашель кезеңіне жататын тік бұрышты ауыр шақпақ тастар Қаратаудағы Кеңірдек елді мекенінен табылды. Бұлармен бірге, Шарақты, Тәңірқазған, Бөріқазған, Қазанғап (Қаратау маңы) деген жерлерден де ерте дүние адамдарының тас шапқылары, қырғыштар, қол шапқылар, т.б. еңбек құралдары шықты. Қаратаудағы бұл тас құралдарының жасалу мәнері, өңделу тәсілдері жағынан Африка, Үндістандағы ежелгі тас құралдарға өте ұқсас. Мұның өзі Қаратау маңын адамдар шелль-ашель дәуірінде-ақ мекендеді деуге мүмкіндік береді.

Палеоантроп адамдарының тас дәуірі қатаң климат жағдайында өмір сүруіне тура келді. Сондықтан олар суықтан қорғану үшін өздері аулаған мамонттардың, бизондардың сүйегінен баспана жасап, оны аң терілерімен жылылап жауып отырды. Неандертальдықтар көбіне өздері жасаған осындай сүйек күркелерде, тау үңгірлерінде тұрды. Отты найзағай түскен жерлерден алды, кейде шақпақ тастарды үйкеу арқылы да от тұтатуды білді.

Неандерталь дәуірінің тұрақтары Франция жерінен табылған адам қаңқасына байланысты атау Қазақстанда Қаратау жоталарында (Тоқалы, Қызылрысбек, Шақпақ), Орталық Қазақстанда (Обалысай, Мұзбел, Қосмола), Жоғары Ертісте (Қанай ауылы, т.б.) кездеседі. Сөз болып отырған орта палеолит – неандерталь адамдары бұдан 130-140-40 мың жыл шамасы бұрын өмір сүрген. Бойлары 150-160 см, ми қауашағының аумағы 1300-1400 см³ шамасында болды. Тізе буынының жазылмайтын қисықтығы неандерталь адамдарын ебедейсіз жүруге мәжбүр етті.

Адамдар санасында табиғаттың дүлей күштеріне жалбарыну, табыну, олардың мейірімін күту сияқты соқыр сенімдер пайда болды және тереңдей берді. Мұны палеолиттік тұрақтардың іргесінен, не ошақ басынан табылатын әдемі әйел статуэткалары дәлелдейді. Мұндай сүйек бейнелердің идеясы – әйел – үй мен ошақ басының иесі, өмір сыйлаушы дегенді білдірсе керек.

Жаңа тас – неолит дәуірі адамдар тұрмысына садақ пен жебенің енуімен байланысты ерекшеленді. Мұның өзі азық-түлік көзі – аң аулауды көп дәрежеде жеңілдетті.

Неолит дәуірінде мал өсіру мен егіншілік дамыды. Егіншілік – терімшіліктен, мал өсіру – аңшылықтан шықты. Бұл кезде алғашқы отқа күйдірілген балшық ыдыстар, ағаш аяқ-табақтар жасау, ау тоқу қатарлы еңбек түрлері шықты.

Қазақстанның Ертіс, Еділ, Тобыл, Торғай өзендері мен Арал теңізі маңындағы жаңа тас дәуірінің жұрттарынан сүйек қаңжар, мүйіз жебе, түйреуіш, біз, шанышқы, ине, сүйек сапты ұрғыш пышақ, балта, ұлу қауызы мен құм қосып отқа күйдірілген балшық ыдыстар, иттің, шошқаның, қой, сиыр, жылқының сүйек қаңқалары шықты. Бұған қарағанда жаңа тас дәуірі адамдары арасында шартты еңбек бөлінісі болғанға ұқсайды. Әйелдер терімшілікпен, қол шот, тесемен дән егумен, бала бағу, тері илеу, тұрпайы киім тігу, үй маңында жабайы аңдарды ұстау, балшық ыдыстар жасаумен айналысқанда, негізгі азық-түлік көзін сақтаушы және өндіруші

еңбек күшіне айналған. Ал еркектер аң аулау сияқты бір жақты кәсіп ұстаған, оның өзі кездейсоқ жайларға байланысты үнемі сәтті бола бермеген. Міне, сондықтан да қоғамдағы негізгі еңбек күші әйелдер болғандықтан, балалар шеше тегіне негізделіп, біріккен. Сөйтіп, палеолиттің соңғы кезінде неолиттің бастапқы дәуірінде матриархаттық (аналық ру) қоғам пайда болды.

Қола дәуірі. Қазақстанның ежелгі тайпалары б.д.д. II мың жылдықта бұрынғы тас құралдардың орнына мыс-қола қару-жарақтарын жасауды меңгере бастады. Сөйтіп, қоғамның даму қарқыны металл техникасын білуге байланысты өрістей бастады. Бастапқыда таза мыстан, кейін келе мыс пен қалайы қоспасынан жасалған сапалы соғыс құралдарының даңқы шықты. Мысқа қарағанда қоланың тез балқығыштық, әрі әдемі сары түсті қасиеттері оның тұтыну аумағын кеңітіп жіберді. Мұнда әсіресе, қоныстарын жиі ауыстыратын бақташы жауынгер тайпалар өмірінде қола қару-жарақ маңызды рөл атқарады. Малшы тайпалар сәтті соғыс қақтығыстары нәтижесінде ұлан-байтақ аймақта қуатты бірлестіктер құра алды.

Бұл кезде даланың көшпелі тайпалары тотықтанған және табиғи қоспа түріндегі мыс, қола кендерін Жезқазған, Қарқаралы, Имантау, Қалба, Нарын, Атасу, Майқапшағай, Мыңшұқыр сияқты жерлерден өндіріп тұрған. Бұлардағы кен қазу жұмысының едәуір күрделі болғанын, забойларының тереңдігі 30-100 метрге дейін барғанынан аңғаруға болады. Тығыз, қатты кен отпен қыздырылып барып су құйылу арқылы қопарылады. Балға, шот, қайламен уатылып, ағаш күрекпен тері қапқа салынып, сыртқа шығарылады. Забой іші шырақпен, не тас шамдалмен жарық етілді. Руда қоныста немесе қонысқа жақын жерде қорытылды. Бұған көрік тәрізді пештер пайдаланылды. Көшпелі тайпалар қоладан соғыс қару-жарақтарын ғана жасап қоймай, соғу, қақтау, ойып өрнектеу, егеу арқылы алтынмен апталған қола білезік, ілгек, тоға, ат тұрманы, сырға, түйреуіш, т.б. әшекей бұйымдарын да келістіре жасауды білген.

Андронов мәдениеті. Қола дәуірінде Сібірдің, Орал алабының, Қазақстанның және Орта Азияның ұлан-ғайыр далаларын тегі жағынан туыс тайпалар мекендеді, бұл тайпалар өзінше бір үлгідегі жарқын мәдениет қалдырды. Бірінші ескерткіштің табылған жері Андронов селосының (Ачинск маңы) атына қарай бұл мәдениет ғылымда шартты түрде “Андронов мәдениеті” деп аталды.

Қазақстанның Андронов мәдениетінің қалыптасу, кемелдену сатыларын дәуірге бөлуде Ө.Х.Марғұлан, К.А.Ақышев, А.Г.Максимовалар еңбегінің мәні зор. Бұл мәдениет өзінен кейінгі Қарасу (б.д.д. IX-VIII ғасырлар), Беғазы-Дәндібай (б.д.д. X-VIII ғасырлар) мәдениеттеріне негіз болды.

Андронов жұртшылығы көпшілігінде отырықшы ғұмыр кешкен. Олар аралас, егін және мал шаруашылығымен айналысты. Мал шаруашылығы үй жанында ұйымдастырылып, андроновшылар өмірінде үлкен маңызға ие болды. Жануарлар тамақ, жүн, тері, сүйек берді, тезегі отынға жаратылды. Сүт негізгі тамақ болды. Одан ірімшік пен сүзбе дайындалды, оны сүзу үшін пайдаланған тесіктері бар ыдыстардан білуге болады. Ет аса бағалы тамақ ретінде тек мейрамдарда пайдаланылды, малдар құдайлар үшін құрбандыққа шалынды. Негізгі баққан малдары қой, сиыр, жылқы болды. Тамаққа екі, үш жастағы жас малдар сойылды. Асыл тұқымдылары өсімге қалдырылды. Мұндай жүйе мал санын көбейтуге және оның жоғары өнімділігін арттыруға мүмкіндік берді. Поселкелер өзендердің екі жағына салынды.

Андроновшылар мәдениетінің негізгі ескерткіштері арасынан, оларды жерлеу рәсімдері мен зираттарынан табылған заттары мен нәрселерін атауға болады. Модалары мен табыттарының құрылыстарының формалары әр түрлі төрбұрышты, шеңберлі немесе көпбұрышты болған. Жерлеу негізінде құдайларға өгіздерді, қойларды құрбандыққа шалып, ыдысқа құйылған сүтті бірге көмген.

Ежелгі дәуір адамдары мәдениетінің аса құнды ескерткіштерінің қатарына Қаратау жартастарының қабырғасына салынған суреттер – петроглифтер жатады. Ол суреттерде ертедегі адамдар өздерінің қоршаған табиғатты, жабайы аңдарды, үй жануарларын асқан шеберлікпен бейнелеген. Жартастағы суреттер арасынан қос өркешті түйені, жабайы турды, үй бұқасын кездестіруге болады. Таңбалы тас суреттері “Азия даусы” сайысының ресми нышаны болып белгіленді. Орталық Қазақстанда біздің дәуірімізге дейінгі VIII-III ғасырларда Тасмола елді мекенінің атымен Тасмола мәдениеті қалыптасты. Бұл мәдениеттің ерекшелігі – тасмолалықтар молаларын орасан зор қорғандар күйінде салып қалдырған. Мұндай қорғандар Бұғылы, Қызыларай, Қарқара, Баянауыл, Ортау елді мекендері төңірегінен де табылды.

Қола дәуірі петроглифтерінің арасында соғыс арбасын бейнелеу кең тараған. Қаратау тастарындағы суреттерде соғыс арбасы 49 жерде кездеседі, олар Таңбалы да, Ешкіөлместе де бар. Тастағы суреттер ішінде жер жырту көріністері де кездесіп қалады, оларда соқаға жегілген бұқалар, аттар мен ешкілер бейнеленген. Соқа басында адам болады. Шамасы бұл көріністер Жаңа жылды мейрамдауға, көктемгі күн тоқырауына, табиғаттың жаңғырып жасару мейрамына, құнарлыққа байланысты деп пайымдауға болады.

Қорыта айтқанда, Қазақстанның алғашқы қауымдық қоғам кезінде өмір сүрген халықтарының материалдық және рухани мәдениеті кейінгі кезең өркениеттері дамуына негіз болды.

Негізгі терминдер мен ұғымдар:

Тас дәуірі
Тас еңбек құралдары
Неолит дәуірі
Терімшілдік, аңшылық
Егіншілік, малшылық

Еңбек бөлінісі
Матриархат
Қола дәуірі
Андронов мәдениеті
Бұғылы, Қызыларай, Қарқара
Баянауыл, Ортау
Петроглифтер
Тасмола, Таңбалытас, Қаратау ескерткіштері

СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР:

- 1. Алғашқы қауымдық құрылыс кезеңдері туралы айтыңыз.*
- 2. Тас ғасырында адамдар қандай еңбек құралдарын пайдаланған?*
- 3. Алғашқы адамдардың Қазақстандағы қоныстарын атаңыз.*
- 4. Алғашқы адамдардың қандай мәдени ошақтары мен ескерткіштерін білесіз?*

VI БӨЛІМ

ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫНДАҒЫ ЕЖЕЛГІ ТАЙПАЛАР МӘДЕНИЕТІ

§1. Сақтар. Ғұндар. Үйсіндер. Қаңлылар

Жазба тарихы көне заманнан бастау алатын скиф-сақ, ғұн, үйсін, қаңлылардың мәдени мұрасы туралы сөз қозғағанда, оның ең алдымен материалдық және рухани қазынасының маңызы арта түседі. Сақ заманында (б.д.д. 1 мың жыл) Евразияның көшпелі тайпаларында мал өсіруге негізделген экономикалық базистің қалыптасуы Оңтүстік Сібір, Алтай, Қазақстан, Еділ-Жайық, Қара теңіз жағасындағы қыруар ру-ұлыстар арасындағы айырбасты, мәдениеттегі ұқсастықты қамтамасыз етті. Сондай-ақ тұрмыс-салт, тұрғын үйдегі ұқсастықты скиф-сақтардың үй-мекені де дәлелдей түседі. Геродоттың скифтер-сақтар туралы жазбаларында: сақтардың тақыр даланы мекендейтіні, ағаштың сөлін ішетіні, қыста ағаш бұтағына киіз жауып, соны пана тұтып, жазда киізін алып, ағашты жалаңаш тастап кететіні айтылады. Сақ-скифтер ерте дәуірде үйдің осындай түрін пайдалана келе, кейін оны өздерімен бірге қысы-жазы да жүруге ыңғайлы, арба үстіне қондырылған көшпелі үй дәрежесіне жетілдірген. Геродот алты, төрт доңғалақты арба үстіндегі үйлер туралы хабарлайды. Тіпті, оңтүстікте саман кірпіш, солтүстікте бөренеден салынған тұрақты үйлер де болған. Археология деректері көрсеткендей, сақтардың төбесі шатырланып және дөңгелете жабылатын үйлері қазақ киіз үйінің жасалуына жеткізген баспалдақ екенінде шүбә болмаса керек.

Қаңлылардың материалдық мәдениеті шартты түрде Қауыншы, Ақтөбе, Жетіасар және Отырар-Қаратау мәдениеттері деп аталады. Бұл қоныстарды мекендегендер көлдетіп суару егіншілігімен және мал шаруашылығымен айналысқан. Шаруашылықта және тұрмыста құмыра, сапты аяқ, шәйнек тәріздес ыдыстар, таба, қыш

кеспек, аяқ кесе сияқты әр түрлі қыш ыдыстарды пайдаланған. Ұршық бастарының, тоқыма ісінде пайдаланылған тас жүкшелердің көп болуы жіп иіру, мата тоқу өнерінің жақсы дамығандығын көрсетеді. Қолөнердің темір еңбек құралдары (пышақ), қару (қанжар, жебе ұштары), сүйек оятын құралдар жасау сияқты басқа түрлері де дамыған. Зергерлік бұйымдардан алтын сырғалар, қола сақиналар, түрлі-түсті тастардан көз салынған бедерлі алтын қаптырмалар, түрліше моншақтар жасалған.

Ең ірі ескерткіштердің бірі – Алтынасар қала жұрты; қалың әрі биік соқпа дуалмен қоршалған бұл қала 16 гектарға жуық жерді алып жатқан. Қаланың тұрғын үйлері қорған тәріздес орналасқан, қатарластыра салынған еңсіз үйлер болды. Кісі тұратын бөлмелердің еденінің үстіне қалқа төсектер жасалды, олар қабырғаны ойып жасалған камин үлгісіндегі пешпен және ашық жерошақтармен жылытылды. Тамақ та сонда пісірілді. Үйлердің қабырғалары шикі кірпішпен қаланып, балшықпен сыланған, залдардың бірінде ақ қабырғаға қызыл бояумен оюлар, гүл суреттері тізбектеліп салынған.

Үй кәсіптерінің ішінде ұсталық кәсіп, керамикалық ыдыстар, зергерлік бұйымдарын жасау және тастан, сүйектен бұйымдар жасау кеңінен дамыған.

Қаңлы тайпалары мекендеген аудандардың бәрінде де қоныстарының қасында қорым болады. Бейіт құрылысы жер үстінде үйілген обалар, жерден қазылған қабірлер болып келеді. Өлген адамдар жай шұңқырларға, лақытталған үңгір қабірлерге жерленген. Қабірлерге ас құйылған ағаш, қыш ыдыстар қоятын болған. Ерлерді қарулар мен қанжар, семсер, садақ жебелерімен көмген. Әйел молаларынан көбінесе әсемдік заттары – сырға, сақина, білезік, моншақ алқалар шығады.

Қаңлы мекендерінен сәулетті сарай ғимараттарының, үй қабырғаларындағы әдемі ою-өрнектердің табылуы ежелгі қаңлыларда мәдениеттің жоғары болғанын әйгілейді. Үйсіндер мен қаңлылардың өлген адамдарды жерлеу дәстүрі негізінен сақ-массагеттерге ұқсаған. Бұлар

лақыттап қазылған көрге жерлеген. Мәйітті шалқасынан созып жатқызғанда бас жағына тамақ құйған ыдыстар, ер адам болса қару-жарақтары, әйел болса әшекей бұйымдары – сырға, алқа, моншақ, опа-далап, т.б. бірге көмілген. Ежелгі зират қорымдарды қазғанда шыққанындай, үйсін-қаңлылар ғұн, сақтар сияқты күнделікті киіміне аң терілерін көбірек пайдаланған, қарадүрсін жүн маталардан да киім тігуді білген. Үйсін-қаңлы, ғұндардың жерлеу дәстүрінің скиф-сақтарға өте ұқсастығын Геродот жазбаларынан да көруге болады. Онда: “Скифтер патшасы өлсе, оның ішек-қарын, өкпе-бауырын түгел сылып алады да, ішін сабанмен толтырады. Одан сүйегін арбаға салып, бүкіл елмен қоштастырады. Өлікті көргендер құлағын кесіп, төбе шашын жұлып, танауын, ернін жырып, денесінен қан шығарып қайғырады. Өлік бүкіл скиф елін аралап болған соң, ата-бабалары жатқан көр деген ежелгі қабірстанға жерленеді. Мұнда төртбұрышты үлкен ор-апан қазылады да, ең алдымен астына сабан төселіп, сән-салтанат киімімен, қару-жарағымен патша жатқызылады. Одан кейін кәнізегі, атшысы, аспабы, қарауылы, хабаршысы, аттары, азық-түлігі көміледі. Бұдан көрініп тұрғанындай, скифтер о дүниеде өмірдің жалғасы бар деп ұққан. Сондықтан да оған тірі кезіндегі қызметші-күтушілер, ат, қару-жарақ, азық-түлік – бәрі қажет болды деп есептеген. Скиф-сақтардың мұндай дәстүрлі жерлеу салтын тек Қырымдағы патша-зираттары ғана емес, Алтайдағы Пазырық обасы, Жетісудағы Бесшатыр, Есік обаларының қазынды заттары да дәлелдеп отыр.

Қазақстан археологтары 1969 жылы ғылымда таңғажайып жаңалық ашты. Алматы облысындағы Есік қаласына таяу жерде көне сақ қорғандарында археологиялық қазба жұмыстарын жүргізу барысында сақ бекзадасының қабірі табылды. Онда жерленген адам «Алтын адам» деген атқа ие болды.

Қорғанның диаметрі 60 м, биіктігі 6 м. Үйілген топырақтың астында орталықтан және бүйірінен екі қабір қазылыпты. Моланың едені мен қабырғасын тянь-шань

еменімен қаптаған, 17-18 жасар, бойы 165 см ханзаданы басын батысқа беріп жерлеген. Оңтүстік қабырғаның жанында ағаш ыдыстар: 4 аяқ, бақыраш және жайпақ аяқ тұр. Олардың жанында күміс үлкен аяқ және бірнеше күміс кеселерді орналастырған. Өлген адамның бас жағында алтындаған аяқ, оның ішіне алтын алқалар, яғни қасиетті нысандар қойылған. Жерленушінің сол қолының жанында алтындаған жебе жатыр. Қасындағы қамшының сабын алтын лентамен орап қойған, оның қасындағы алтынмен тігілген тері қаптың ішіне қола айна мен бояудың кішкене бөлшегін салып қойыпты. Марқұмға қызыл теріден дайындаған күрте кигізіп қойыпты, одан тек азғантай бөлшектер қалған, күртені түгелдей алтын пластинкалармен, ілгектермен, т.б. заттармен көмкерген. Олардың саны 4000-ға жақындайды. Етікке салынған шалбар да, оның тізелері де, етіктердің өзі де толып жатқан алтын нәрселермен әдіптелген. Белбеудің төсінен бастап, күртенің бетіндегі, бас киімдегі алтын бөлшектердің бәрі де – қиял-ғажайыптың және өмірде кездесетін жануарлар, аңдар, құстар, т.б. алтын мүсіндер. Олардың арасында айбат шеккен қанатты барыстың, мүйізді жылқының, құстың, малдың, т.б. мінсіз дайындалған мүсіндері бар. Есік қорғаны б.д.д. VI-IV ғасырларда салынған.

Есік адамына ұқсас сақ заманының ескерткіші XX ғасырдың 90-жылдары Атырау облысының Жылыой ауданынан табылғанын айтқан жөн. Сақ қорғанынан қазып алынған жауынгердің қару-жарақтары мен сауыты түгелге жуық алтын бөлшектерден тұрады.

§2 Аң стилі

Көне дәуір адамдары өздерін қоршаған орта мен кеңістік суреттерін жартас беттерінде ғана бейнелеумен (сурет, таңба) қанағат тұтпаған. Қайта айналасындағы жан-жануарды, аспан шырақтары – ай, күн, жұлдыздар бейнесін өздері жасаған көркем бұйымдарына түсіріп

отырды. Сөйтіп, ерте дүние шеберлерінің ақыл-ой, зейініне арқау болған табиғат сұлулығы олардың шығармашылығында өзінің жарқын суретін табады. Сақ-массагет тайпалары қалдырған мұндай аса бай қолданбалы өнер туындылары шартты түрде скифтік-сібірлік аң стилінің өнері делінеді. Оның негізгі тақырыбы аңдарды, хайуандарды және сол дәуір адамдары аңыз етискен дүлей күштерді, ғажайыптарды бейнелеуге арналды. Бұлар қазан, құрбандық ыдыстар, семсер, қанжар, қорамсақ, айбалта, жүген, айна сияқты заттарды, киімді, тулардың сабын әшекейлеуден көрінеді. Ертедегі шеберлер өздерінің өнеріне қола, алтын, сүйек, мүйіз, темір, ағаш, тері, киіз материалдарын пайдалана білген.

Скиф-сақтардың аң стиліндегі өнерін шартты түрде – бастапқы, өрлеу және құлдырау кезеңдеріне бөлуге болады. Б.д.д. VIII-VI ғасырларға жататын өнер түрлерінде арқар, таутеке, жолбарыс, түйе, қабан, бұғылар бір орында тұрған қалпында, қимылға дайындалу процесінде бейнеленеді. Бұл жүгендерді, пышақты, балға-шотты әшекейлеуде көрінген, кейде жеке сымбат түрінде шөккен түйе, жатқан арқар мүсіндері алтыннан, қоладан құйылған. Мұны сақ-массагет қолданбалы өнерінің ең көне заманғы немесе бастапқы кезеңіне жатқызуға болады.

Б.д.д. VI-IV ғасырларда шеберлер жасайтын бейнелеріне динамика беруге, оны іс-әрекет үстінде суреттеу мәнеріне жаттыға бастайды. Мұндай динамикалық іс-әрекеттер қисық сызықтар, бұрамалар, шырмауықтар, орамалар секілді қимылды көрсететін әдістер арқылы беріліп отырады. Мұндай өнер туындыларында жолбарыстардың бұғы, бұландарға шабуылы, қасқырдың, барыстың шиыршық атқан көрінісі, жыртқыш құстардың аңдарға түсуі, қасқырлардың өзара таласы, т.б. оқиғалы суреттер мазмұны байлығымен тәнті етеді.

Бірақ, б.д.д. III-II ғасырларда дәуірлеп тұрған скиф-сақ өнерінің аң стилі біртіндеп құлдырау сәтін бастан кешіреді. Аң стилі бірте-бірте ою-өрнекке айналады да,

оны енді ою-өрнектерге түсті тастан көз қондыру, бедерлеу техникасы алмастырады.

Ежелгі Қазақстан жерінің оңтүстік-шығыс өңірін мекендеген тиграхауд сақтарының өркениетінен кейін, сол жерде өздерінің мемлекеттерін құрып, сақтар мәдениеті мен өнерінің тарихи мұрагерлері болып қалыптасқан үйсін-қаңлы тайпалары өздерінің қайталанбас мәдениетін жасады.

Сақтардың дәстүрлі сәнді қолданбалы өнеріндегі аң стилінің негізі көп өзгерместен үйсіндердің қолданбалы пластика өнерінің деңгейіне айналады. Сол дәуірдің салт-дәстүр, әдет-ғұрыптары сақтардың да, үйсіндердің де мәдениетінде хайуандар кейпімен тығыз байланысты болады.

Хайуандарды қадірлеу, оларды қасиетті деп есептеу көбінесе сақтардың дәстүрлі қолөнерінде анық байқалады. Сондықтан оларды қоршаған хайуандар ортасы әсірепоэтикалық өнердің де қалыптасуына үлкен септігін тигізеді.

Біздің ежелгі отандастарымыз тек қолөнерде емес, сонымен қатар ауыз әдебиетінде де теңдесі жоқ тотемдік аңыздар қалдырған. Үйсіндер дәуірі кезінде жеке бір хайуанның қасиеттері туралы аңыздар белгілі бір кіші тайпаның генеологиялық шежіресі ретінде қабылданған. Бұл бір аңның кейпін жеке тайпаның қасиетті аталығына (аналығына) айналуы. Қасиетті тотем “қасиетті хайуанның” көркем таңбасы, яғни бір аңның қасиетті таңбасына табыну, бұл ғұрып түрі үйсіндердің қолөнеріндегі негізгі сюжеттік сарын болған.

Мысалы, сақ-үйсіндер дәуіріндегі қасиетті тотемдер: қасқыр-тотем, барс-тотем, таутеке-тотем, бүркіт-тотем, т.б.

Аңдар бейнеленген көркем дүние мүліктер ол кездерде қасиетті деп есептеледі, соның негізінде тұмарша рөлін атқарады.

Мысалы, тотем аңның бейнесі бар қару-жарақтар жауынгерге күш-қайрат, жараланбай соғысу мүмкіндігін береді деп есептеген.

Үйсіндер фольклорында тотем аңдарға арналып, олардың табиғи қасиеттерін дәріптейтін әсіреопоэтикалық аңыздар шығарылған. Бұл аңыздардың көркем идеясы мен сюжеттік негізі – тотем аңдардың жылдамдығы, күші, ептілігі, т.б.

Біздің дәуірімізге дейін 1 мың жылдықтың орта шенінде сақтардың аң стилінің сиқырлы әдет-ғұрыптық қызметі өте жоғары деңгейде дамып жетілді де, кейін үйсіндер тұсында ол стиль ою-өрнектік кесте түріне айналады.

1939 жылы Қазақстан Ғылым академиясының Ш. Уәлиханов атындағы археология және этнология институтының ғалымдары ұйымдастырған экспедиция Алматы қаласынан алыс емес Қарғалы тау шатқалынан қазба жұмыстары кезінде үлкен археологиялық жаңалық ашты. Қарғалы өзенінің бойындағы үйсін тайпасының бақсысы жерленген моладан ежелгі үйсіндердің 300-ге жуық алтын бұйымдарын тапты.

Бұлар үйсіндердің аң стилінде жасалған онға жуық таутеке кіші мүсіншелері, сырғалар, екі өркешті түйе бейнеленген жүзіктер, бұлардың барлығы кезінде өте белсенді болған бақсыны жерлегенде бірге көмілген дүниелер. Бұл бұйымдармен қатар осы қорымнан теңдесі жоқ алтын тәті (диадема) табылды.

Алтыннан жасалған әшекей таспа “Қарғалы алтын тәтісі” деген атқа ие болды. Тәті тікбұрышты, ұзындығы – 35 см, биіктігі – 4,4 см алтын бұйым.

Қарғалы алтын тәтісі – әйел бақсының қасиетті әшекей бұйымы. Бақсының бас киіміне тағылатын бұл бұйымда қасиетті хайуандар мен адамдар фризді композиция негізінде орналасқан.

Бұл бұйымның қалыптасып, жасалған кезі – біздің дәуірімізге дейінгі II ғасыр. Тәтінің сюжеттік көркем ойы мен мақсаты адамдар өміріндегі қасиеттер: жақсылық пен зұлымдық, өмір мен өлім мәселелеріндегі тұрлаусыздықты көрсетуге негізделген.

Композициялық құрылымы солдан оңға қарай: айдаһар үстіндегі қиял-ғажайып құс-адам, тұғырда тұрған

пырақ (пегас) ат, қайтадан құс-адам қасқыр үстінде бейнеленген.

Кейінгі лекте аюдның бейнесі де, үстіңгі жағында қиял-ғажайып тауыс құс бейнесі. Қанатты барыс мінген құс-адам, бұғы тәрізді зерен аталық пен аналық, екеуінің арасында тағы да қиял-ғажайып тауыс құс бейнеленіп, осымен композициялық жүйе бітеді.

Алтын таспаның өн бойында бейнеленген үш қасқыр адамдардың барлығының басында ежелгі көшпенділер сақтар, үйсіндер-қаңлылар киген бас киім шошақ бөрікте (башлык) болды.

Тәтінің беті асыл тастармен қапталған (инкрустация). Бұйымдағы ақық, перезе тастар – үйсін зергерлік өнерінде кең түрде қолданыста болған асыл тастар.

Тәтідегі суреттердің оқиғалылығы және өте шебер жасалуы ежелгі үйсін зергерлерінің өнердегі тамаша ескерткіші екенін әйгілейді. Ондағы суреттерде үйсіндер мен ғұндардың ескілікті аңыздары бейнеленген болса керек.

§3. Сақтардың, ғұндардың, үйсін-қаңлылардың сенім-нанымдары

Шынында ерте дүние адамдары өздері сеніп, құлшылық ететін табиғаттан тыс күштердің қаңарлы да құдіретті кейпін сомдауға ынта-ықыласын бағыштаған. Сондықтан көне өнер туындыларындағы мұндай көркем орындауларды сол кездің наным-сенімінен бөле қарауға болмайды.

Үйсін мен ғұндардың діни нанымдары сақ-массагеттердің табиғат күштері жөніндегі фантастикалық идеологиясының негізінде өрістеді. Скифтердің табиғат құбылыстары жөніндегі көзқарастары алуан түрлі және ала-құла болған. Күллі скиф-сарматтар ең құдіретті деп білген соғыс құдайы Ареске (Арыс болуы да мүмкін) үлкен құрмет көрсетті.

Ғұндардың да діни сенімдері скифтерге ұқсас болған. Жаңа жылдың алғашқы айында ұлыс көсемдері ғибадатханаға жиналып, құлшылық жасаған. Шығып келе жатқан күнге, айға тағзым етіп, құрмет көрсеткен. Айдың бастапқы күндеріне ерекше мән беріп: сүй, сый деген сөздермен қарсы алған. Ұлылы, кішілі жортулы-жорықтарға ай толғанда шығып, ай қорғалағанда қайтқан. Қадірменді адамдары өлгенде алтын, күміспен өрнектелген ағаш табытқа салып жерлеген. Қызметші, күң-құлдары бірге көмілген. Өлтірген жауының басын әкелген ғұн жауынгері көсемнен сыйлық алатын, өрі өлтірген жауының дүние-мүлкіне ие болған.

Сақтар мен савроматтардағы отқа табыну ғұрпы о баста күнге табынудан шыққан. Күн мен от зұлым, қас күштерден қорғап, тазартады деген ұғыммен молаларды өртеп тазарту әдеті савромат, сақ зираттарынан көп кездеседі. Ғұндар мен үйсіндер, сақтар қабірлерінен жиі шығатын қызыл бояу, сол қасиетті күн мен оттың символы болған. Тотемдік және магиялық ескі түсініктер тұмарлар асудан, тасмоншақтар қадау, киімге құс қауырсындарын тігіп алудан, ұлу, жылан бас сүйектерін тағудан байқалған.

Салт-дәстүрлері, тілі. Ғұндар да, скифтер де өздерінің атамзаманнан қалыптасқан көне заң-жарғылары мен дәстүрлерін қадірлеп, берік сақтаған.

Сақ, ғұн, үйсін, қаңлылардың дәстүр-салттарының көп жағынан ұқсастығын көшпелі өмір заңдылығы қалыптастырған адамгершілік, ар-ождан, мінез-құлық көрсеткіштерінен бөле қарауға болмайды. Дәстүр-салттағы бұл мінездемелік ерекшеліктер уақыттың өтуімен байланысты жаңа ұрпақ талғамына сай жаңарып, толығып отырды. Міне, осындай, көшпелі тайпалармен бірге жасасып келе жатқан асыл мұраның қатарына олардың тілін де жатқызуға болады. Тіл алғашынан адамдар арасындағы қатынас құралы болса, кейін келе тайпалармен тайпаларды табыстыратын да, шабыстыратын да өткір ойдың практикалық көрінісі болып алды.

Тіл заманалар көшінде эволюциялық жолмен дамитын аса күрделі құбылыс болғандықтан, скиф-сақтар ежелгі иран тілінде, ғұн, үйсіндер, түрік тілінде сөйлейді деп кесіп-пішіп айту да қиын. Бұл тайпалар иран-тұран, монғол-манчжур тілдерінің әлі ірге бөлмеген сатысындағы тіл қорымен пайдаланбады ма екен деген ой келеді. Мұнда Иран таулы қыратына парсы тайпаларының қоныстана бастауы кезінен парсы тілі тарихы әдебиетте атала бастайды, әрі Еуропа тілдерімен түбірлес деп қаралады. Ал түркі тілінің түп тегі қайдан және қай мың жылдардан басталатыны – ғылымда басы ашылмаған мәселе. Сондықтан, б.д.д. 1 мың жылдықта Қазақстан жерін мекендеген сақ, массагет, ғұн, үйсін, қаңлы тайпаларының тілі жөнінде қорытынды шығаруға немесе алдын-ала көрегендік болжам айтуға асықпаған жөн.

Сонымен бұл тарауда қарастырған мәселелер төңірегінде мынадай қортынды жасауға болады:

Қазақстан жерін тас, қола дәуірінде мекендеген тайпалардың материалдық, мәдени мұралары көп болған. Ежелгі тайпалар табиғат құбылыстарынан қорыққанынан бір-біріне жақын жүрді. Қоршаған ортаның дүлей күштерінен бірігіп қорғанды. Күнкөрісінің негізі болған малын қысы-жазы бағып семіртті, осыдан бірте-бірте көшпелі өмір дағдысына көндігіп кетті.

Көшпелі өмір, қоршаған ортаның географиялық та, климаттық та ұқсастығы бұл тайпалардың наным-сенімі мен дүниетанымына да бірегей ықпал жасап отырды. Нәтижесінде, адамдар мінезіндегі, әдет-салтындағы ұқсастық жақтар пайда бола бастады. Бұл ұқсастықтар кейінгі скиф-сақ, ғұн, үйсін атымен жазба тарихқа белгілі бола бастаған тайпалардың жол-жоралғы, салт-дәстүрлерінде бой көрсеткен моральдық, ақыл-естік нормативтерді қалыптастырады.

Сақ-скифтер адамзат мәдениетінің көне беттерін “аң стилі” өнер үлгісімен байытты, сөйтіп өз қолтаңбасын қалдырған жұрт санатында тарихта қалды.

Негізгі ұғымдар мен терминдер:

Сақтар, ғұндар, үйсіндер, қаңлылардың материалдық және рухани мәдениеті

Сақтардың үйлері, мекен-жайы

Шаруашылығы

“Алтын адам”

Үйсіндердің диодемасы – тәтісі

“Аң стилі”

Сенім-нанымдары, діні

Әдет-ғұрыптары, тілі

ҚАЙТАЛАУ ҮШІН СҰРАҚТАР:

- 1. Сақтар туралы қандай деректер білеміз?*
- 2. Сақтар, ғұндар, үйсіндер, қаңлылар қандай шаруашылық түрлерімен айналысқан?*
- 3. Сақ мәдениетінің қандай ескерткіштерін білесіздер?*
- 4. “Аң стилі” дегеніміз не?*
- 5. Ежелгі өркениет иелерінің сенім-нанымдары, тілі туралы не айтуға болады?*
- 6. Қазіргі заманғы қоғам үшін ежелгі өркениеттер құндылықтарының қандай маңызы бар деп есептейсіз?*

VII БӨЛІМ

VI-XII ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ЕРТЕ ФЕОДАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ МӘДЕНИЕТІ

§1. Түркі халықтарының мәдениеті

Түркілер тарих сахнасында тез арада пайда болып, өз аттарын көптеген халықтарға қалдырып, ғайып болды. Түркі қағанатының батыстағы шекарасы VI ғасырдың аяғында Византиямен, оңтүстікте Персия және Үндістанмен, ал шығыста Қытаймен іргелес жатты.

Түркілер жазда арба үстінде қондырылған үй мен киіз үйде тұрды. Ал қысқы мекені соқпа үйлер болды. Қысқы үйлер сабаннан, шымнан, қамыстан, Алтай, Ертіс бойында бөрене ағаштан жасалды.

Киімдерінде мал, аң терілерін көбірек пайдаланды. Сонымен қатар, бата, боз, тор, шыт деп аталатын матамақта тоқымалар да киім қажетін өтеді. Жібек маталардың ішінен: торқа, жолақ, баршын, бамқал (мақпал), т.б. сән-салтанат киімі болды.

Арабтың IX ғасырдағы географы Әл-Якуби түріктерді “киіз басуға ең шебер халық” деп бағалайды. Әйелдер үстіне теринджек – жібек жамылғысын оранды, қайқы тұмсық, жұмсақ теріден тігілген етік киді. Еркектер киіз байпақты саптама етік киді.

Түркі қағандары жазда орда деп аталатын үлкен жібек шатырда тұрды.

Қағандар жаз кезінде көк, жасыл жібек шапан киіп, алтын жолақты белбеу буынған. Қаған нөкерлерінің киімі де жібектен, бірақ сары, қызыл түсті болды, олар шаштарын өріп қойды. Жоғары топқа жататын әйелдер жібек киініп, шолпы тағып, алтыннан, асыл тастардан моншақ, тәтілер қадады.

Түркі тайпалары жылқы, сиыр, түйе түліктерін көші-қон, жүк тасымалы көлігі үшін кең пайдаланған. Әсіресе, жылқының жергілікті ауа райы жағдайына бейім-

делген, ыстық, суыққа төзімді, жүрдек ірі тұқымы түркі әскерлерінің соғыс мақсатындағы қажетін өтеп келген. Каспий, Арал теңізі, Балқаш, Алакөл, Зайсан, Ыстықкөл, Шалқар көлдерінде, Іле, Ертіс, Сырдария, Амудария, Зарафшан, Есіл, т.б. өзендерде қайықпен, кемемен, салмен жүзіп жүк тасу кәсібі түркілер тіршілігінде ерте орныққан. »

Ибн-Фадланның жазба дерек мағлұматтарына қарағанда, түркі халықтарының мал өсіруге, егін салуға, қол өнерге, сауда-саттыққа байланысты ұғым-түсінігі жан-жақты болған көрінеді. Осы мағынада қарастырғанда, түркілердің жазғы, қысқы үй түрлері, темір қару-жарақтар жасауды меңгеру техникасы, қола, темір, тас, асыл тас, ағаш, тері, жүн, шыны, қыш, балшық материалдарын ұқсату өнерін игеруі ерте орта ғасырлар мәдениеті тарихындағы елеулі оқиға деп айтуға болады. Бұл мал өсіруші, егіншілік, қолөнермен айналысқан түркінің қарапайым халқы дүние жүзінің басқа жұрттары сияқты табиғат құпиясын ашуға ынталы, жапа-машақаттан қаймықпайтын, өмір сүйгіш ел екенін дәлелдейді.

VI-XII ғасырларда Қазақстан аймағын мекендеген халықтар мен ұлыстар мәдениеті туралы жазба әдебиеттен, археологиялық жазбалардан және құлпытастарда жазылған қайнар көздерден білуге болады. Мәдениеттің дамуына Қазақстан халқының Қытаймен, Орта Азиямен, Волга Булгариясымен, Киев Русімен “Ұлы Жібек жолы” арқылы байланысы әсер етті. Бұл кезең мәдениетіне тән ерекшелік қалалардың, қала тұрмысының өркендеуі болды.

Қалалардың өсуі. Сәулет құрылыстары. X-XII ғасырларда Қазақстанда қалалардың өсу, қала өмірінің жандану процесі жүрді. Қазақстан картасында бірқатар жаңа қалалар – Қарашық, Қарнақ, Екі-Өгіз, Ашнас, Баршынлыгкент қалалары пайда болды. Тек қана Іле аңғарында бұрыннан бар 10 қаланың үстіне, археологиялық қазбалар көрсеткеніндей, жаңадан 56 қала пайда болды. Шу, Талас, Сырдария өңірлерінде ондаған жаңа қала

қоныстары қалыптасты. Ортағасырлық қалалардың феодалдық қатынастардың дамуына байланысты өзіндік құрылымдық ерекшеліктері болған. Бұрынғы қала-қамалдардың орнына қорғаныс қабырғалармен қоршалған қорған-цитадельдер салынды. Цитадельдер Орта Азияда шахристан деп аталған, олардың ішінде басты мәдени құрылыстар – базарлар, тұрғын үйлер, кеңселер, т.б. мекемелер болған. Қалалардың одан әрі өсуіне байланысты шахристан айналасында ұсақ қолөнершілер, саудагерлер, кедейлер тұратын рабадтар салынды.

X-XII ғасырларда қазақстандық қалалардың ең үлкені Отырар қаласы болды. VIII-IX ғасырлармен салыстырғанда Отырардың ауданы бірнеше есе өсіп, рабадтарымен қосқанда 200 гектар жерді алып жатты. Қабырғалар тек цитадель мен шахристанды қоршап қоймай, рабадтарды да қоршап тұрды. Қалада су құбыры жұмыс істеп тұрды, қоғамдық моншалар, қауыздар, ал рабад аумағында каналдар, бақтар және егістіктер болған. Отырардан бір күндік жерде Шавғар қаласы орналасқан. Бұл қазіргі Түркістан қаласының орны. XI ғасырда Шавғар құлдырап, аймақ астанасы Яссыға, яғни Түркістанға көшірілген. XII ғасырда осында белгілі дін уағыздаушысы Қожа Ахмет Иассауиге арналған бір бөлмелі шағын кесене тұрғызылған. Содан бастап, қала діни орталыққа айналған. Кейінірек 1389-1399 жылдары Әмір Темірдің бұйрығымен бұрынғы кесене орнына XIV ғасырдың аса көрнекті ескерткіші Хожа Ахмет Иассауи мешіт-кешені тұрғызылған. Оңтүстік Қазақстанның ірі қалаларының санатында Испиджаб, Сығанақ қалалары болған. Испиджабтың орны қазір Шымкент қаласынан 12 км жерде Сайрам кентінің орталығында жатыр. XII ғасырда Испиджаб қаласы өтпелі сауда орталығы ретінде белгілі болған еді, мұнда көптеген тауарлар шығарылды, маталар, қару-жарақ, темір басқа жақтарға жөнелтілген. Сығанақ XII ғасырда Қыпшақ бірлестігінің орталығы болды. Қазір Сығанақтың орнында Суннақ-Ата қонысы жатыр. Жетісудың аса ірі саяси, экономикалық орталығы Тараз қаласы болды. Қараханидтер

тұсында мұнда сәулет өнерінің тамаша үлгілері Қарахан мазары (XI ғасыр), Айша бибі кесенесі (XI-XII ғасырлар), Бабаджа Хатун мазары (X-XI ғасырлар) тұрғызылған. Өткен мың жыл ішінде бұл ортағасырлық ескерткіштер мықтап бүлінген. Бірақ сақталып қалған порталдар, бағаналар, суреттермен әшекейленген қабырғалар сәулет өнерінің, құрылыс ісі мен құрылыс материалдары технологиясының жоғары деңгейде болғанын дәлелдейді. Мысалы, қазба жұмыстары кезінде табылған құрылыс материалдарының 30-дың үстінде құрамы бар екендігі анықталған. Тараз өңірінде Талас, Аса және басқа өзендердің бойында Құлан (Луговое), Мерке, Аспара, Баласұғын, т.б. қалалары мен қоныстары орналасқан. Құлан VII ғасырдың ірі қаласы болды. Шу аңғарының ірі қаласы Аспара болған. Іле аңғарында Қаялық, Талқызы, Екі-Оғуз қалалары орналасқан. Сырдария өзенінің төменгі ағысында XI-XII ғасырларда Сырлытам кесенесі, Қазалы қаласынан 10 км жерде XI ғасырлық сәулет өнерінің ескерткіші Бегім Ана мазары, Жезқазған облысының Жезді ауданында X-XI ғасырлардың бағалы архитектуралық ескерткіші – Алаша хан күмбезі болған.

Сонымен, архитектуралық ескерткіштер мен жазба материалдар, археологиялық қазбалар Қазақстанда ортағасырларда қала мәдениеті мен ортағасырлық сәулет өнерінің біршама жақсы дамығанын дәлелдейді.

§2. Материалдық мәдениеттің дамуы

Материалдық мәдениеттің дамуы ең алдымен еңбек құралдарын дайындаудан көрініс тапты. VI-VIII ғасырларда еңбек құралдарының негізгі түрлері көбіне темірден дайындалды. Қазіргі кездің өзінде темір кенін өндірудің ежелгі орындары аса терең емес үңгірлер мен забойлар түрінде сақталған. Ежелгі металлургияның дамуы ұсталық өнердің – теміршіліктің өсуіне ықпал етті. Кәсіби ұғым “темірші” – ұста-шебер VI ғасырдан бастап

белгілі бола бастады. XI-XII ғасырларда қалаларда ұсталық өнер үлкен деңгейге жетті. Құрал-жабдықтар, металл саймандар және әсемдік бұйымдар жасау қолөнершілік сипатта болды. Бидайды, әсіресе тарыны ұнтақтау үшін ағаш “келі” қолданылды. XI ғасырда бидай тарту үшін тек қалақтары үлкен қол диірмендер ғана емес, су ағысымен қозғалатын үлкен диірмендер де кеңінен қолданылды. Егін шаруашылығы және құрылыс ісімен кетпен, қайла, күрек тәрізді құралдарды дайындау байланысты болды. Темірден қару-сөмсерлер, қылыштар, қанжарлар, сауыттар, сүңгілер, жиналмалы садақтар мен жебе ұштары дайындалды.

Материалдық мәдениеттің дамуы тұрғын үй мен үй жиһаздарында да орын алды. VI-XII ғасырларда жазғы үйдің екі түрі болды: киізбен жабылған киіз үй және дөңгелектер үстіне орнатылған үй. Олардың құрылысы жөнінен бір-бірінен айырмашылығы болды. Киіз үй дөңгелек формалы, керегелер мен уықтардан, шаңырақтан тұрса, дөңгелектер үстіне орнатылған жылжымалы үйдің жабындылары аса көркемділігімен, байлығымен ерекшеленді. Оның үстін оюлы киізбен, түрлі-түсті жібекпен жабатын болған. Жылжымалы үйлер байлардың меншігі еді. Қысқы үйлер саздан, шымнан, орманды жерлерде кесілген ағаштан дайындалды. Қысқы үйдің едені қамыспен, шимен жабылып, оның үстіне киіз төселді.

Ежелгі Қазақстан халықтарының тұрмыстық үй жиһаздары болып ағаш кереует (төсағаш), бағалы заттар мен киім сақтайтын сандықтар, сырмақ көрпелер, үлкен дөңгелек үстел, бесік саналды. Сонымен қатар, ет тағамдары көп пайдаланғандықтан металл қазан кең қолданылды. X-XI ғасырларда қазанды шойыннан дайындайтын болған. Осы кезеңде Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу қалаларында тоқымашылық өнері жақсы дамыды. Феодалдық қатынастардың дамуы ауылдық жерлердегі табиғи шаруашылықтың әлсіреуіне әкеліп соқты. Бірте-бірте құмырашылардың, әйнекүрлеушілердің, зергерлердің, қару-жарақ шеберлерінің, ұсталардың, ағаштан

және тастан ою оюшылардың тауарларына сұраныс өсе бастады. Ортағасырлық керамикалық ыдыс-аяқтар, кеселер, табақтар, құмыра пештерінде күйдірілді. Мұндай пештер Отырар, Ақтөбе, Тараз, Сарайшық қалаларының орнын қазу кезінде табылды. Қазақстан қалаларында жасыл, көк, сары, қызғылт түстерге боялған әйнек өндірісі жақсы дамыды. Зергерлік өнер үлкен жетістіктерге жетті. Қала орындарын қазу кезінде әдемі әйнектердің, жартылай бағалы тастардың бай жиыны, алқалар, қоладан, күмістен, алтыннан дайындалған бұйымдар табылды. Жамбыл облысы, Шу ауданындағы Ақтөбе қаласының орнын қазу кезінде табылған бұйымдардың үлкен тарихи маңызы бар. Қазақтың мемлекеттік университетінің профессоры Шалекенов басқарған археологиялық экспедициясы бұл жерден балғалар, қысқаштар, күмістелген, алтындалған қасықтар тапты. Ақтөбе үш бөліктен – қорғаннан, шахристаннан және рабадтан тұрған. Ол V-XII ғасырларда Түрік, Қарлұқ, Қарахан және Қарақытай мемлекеттерінің гүлденген кезінде өмір сүрген. Отырар қаласынан әсемдік бұйымдардың жиыны табылды. Бұл сегіз қырлы бастары бар қола білезік, өте әдемі қола шекелік, араб жазуы жазылған көркем белдік. Бұйымдарды дайындауға сүйек пен мүйіз кеңінен қолданылды. Сүйектен жасалған тұмарлар, пышақ сабы, ойын сүйектері, түйреуіштер, түймелер дайындалды. Жоғары сапалы керамика, металдан, қымбат бағалы тастардан, перламутрдан, нефриттен және айнадан істелген бұйымдар елдер арасындағы саудада айырбас құралы ретінде қолданылды.

§3. Рухани мәдениеттің дамуы. Ғылым, дін

Қазақстан аймағында X-XII ғасырларда қалыптасқан тарихи ахуал Қазақстан халықтары мен тайпаларының рухани мәдениетінің көтерілуіне себепші болды. Мемлекеттің қалыптасуы мен сауданың дамуы жазудың өркендеуіне ықпал жасады. Осы кезеңде түрік қағандарының Византия және Иранмен дипломатиялық хат алмасуы

жақсара бастады. Жазу орхон және ұйғыр әліппелерінің негізінде дамып, Еуропа халықтарының сына жазуларын еске салды. Қазақстан мен Орта Азияның аймағында біздің еліміздің халықтарының тарихы мен мәдениетін оқып-үйренуде үлкен маңызы бар аса бағалы эпиграфиялық ескерткіштер табылды. Жазу материалы үшін тастан басқа, түсті металл, сүйек, тері және жібек қолданылған. Қазақстан халықтары мен тайпалары орхон және ұйғыр жазуларынан басқа, сирия әліпбиін, кейінірек араб жазуын пайдаланған.

Жазба деректер растағандай, VI-VIII ғасырларда түрік тайпалары арасында ауыз әдебиеті – фольклор кең тараған. Ауыз әдебиеті халықтың мұң-мұқтажын, туған өлкеге, бостандыққа махаббатын, жауға өшпенділігін бейнелеген.

Ортағасырлық ойшылдардың бірі Қорқыт болды. VIII ғасырда Сырдария өңірін мекендеген оғыз-қыпшақ тайпалары арасында оның есімі кең тараған. Ол жаужүрек батыр, атақты ақын, қобызда шебер ойнаған күйші, көптеген аңыздар мен әпсаналардың кейіпкері ретінде халық санасында берік сақталды. Деректер Қорқыттың тайпа көсемі болуымен қатар, үш ханның кеңесшісі болғанын да дәлелдейді. Халық арасында осы уақытқа дейін Қорқыт жайында аңыздар сақталған. Жер бетінде “қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған заманды” өмір бақи іздеумен қатар, өлімді мойындамаған осынау ғұлама, ізгі арманы орындалмағасын, өз бақытын қобыз сарынынан іздеп, көптеген күйлер шығарған. Қорқыт баба күйлері біздің заманымызға дейін жеткені өз алдына, оларды музыкалық оқу орындарының оқу бағдарламасына енгізіп, жастарға білім және тәрбие беруге кеңінен қолданып келеді. Қорқыт өз артына музыкалық шығармалармен қатар, “Китаби дедем Қоркуд” (“Қорқыт ата кітабы”) атты кітабын қалдырды. Бұл кітапта IX-X ғасырлардағы Оғыз мемлекеті халқының өмірі, дәстүрлері, салттары, түркі халықтарының тарихы әңгіме болады. Бұл ортағасырлық тарихи-этникалық шығарма болып табылады.

Орта Азия мен Қазақстаннан шыққан түркітілдес ғалымдардың, әдебиетшілердің және ақындардың үлкен бір шоқжұлдызы өз еңбектерін халықаралық ғылыми тіл болған араб тілінде жазған еді.

Қазақстаннан шығып, мұсылман шығысында «Екінші мұғалім» атанған энциклопедист-ғалым, философ Әбу Насыр Ибн Мұхаммед әл-Фарабидің ғылыми шығармашылық еңбегі Х ғасырға тұспа-тұс келеді. Әл-Фараби 870 жылы түркі отбасында Фараби (Отырар) қаласында дүниеге келіп, 950 жылы Дамаскіде қайтыс болған. Қол-өнер және ғылымның алғашқы негіздерін Отырардағы Медреседен алған. Бағдад қаласында Әбу Насыр ежелгі грек философиясы, математика, логика, медицина, музыка және тіл салаларынан терең білім алады. Әсіресе, ол грек ойшылы Аристотель еңбектерін құныға оқыған. 941 жылдан бастап Дамаскіде және Халеб қалаларында тұрған ғалымға сол жердің әміршілері мейлінше қолдау көрсеткен. 1980 жылдары Алматы қаласында жарық көрген әл-Фарабидің негізгі еңбектері философиялық, математикалық, әлеуметтік-этикалық, логикалық трактаттар, сонымен қатар ғылым және ақыл-ой туралы трактаттар болып табылады. Осы аз ғана тізімнің өзінен-ақ әл-Фарабидің ғылыми ынтасының қаншалықты кең әрі алуан түрлі болғанын аңғаруға болады. Философия саласында әл-Фараби идеалистік көзқараста бола тұрып, бір-қатар материалистік идеяларды ұсынды, жоғары әлемнің бар екенін, оны түйсік арқылы сезіну мүмкіндігін мойындады. Фараби ақыл-ой туралы ілімге, ғылымның әдіснамалық проблемаларына, жаратылыстық-математикалық зерттеулерге, музыканың физико-математикалық теориясына, сондай-ақ геодезия мен архитектураның математикалық негіздеріне ерекше мән берді.

Фарабидің адам қоғамының пайда болуы, мемлекеттік құрылыс туралы, қоғамдағы адамгершілік факторлардың маңызы жайлы идеялары күні бүгінге дейін өз мәнін жойған жоқ.

Фараби – философия, тіл білімі, логика, психология, математика, география, этика, метафизика, музыка, т.б.

ғылым салалары бойынша 150-ге жуық трактаттар жазған ғұлама. Қазіргі қолда бар мәліметтерге қарағанда, бұл еңбектердің 60-қа жуығы сақталған.

Әбу Насыр Аристотельдің (б.д.д. 384-322 жж.) философиялық еңбектерін аса құштарлықпен оқып үйренді. Оның “Метафизика”, “Жан туралы”, “Аналитика”, “Категориялар” деген кітаптарының мәнін ашып түсіндіріп, Аристотель мұраларының кіршіксіз тазалығы жолында күресті. Мұны Фарабидің Шығыс және Батыс үшін де, тарих және болашақ үшін де жасаған ғылыми ерліктерінің бірі деуге болады. Ол Аристотельдің болмыс, табиғат, барлық заттардың негізі алғашқы материя жөніндегі көзқарастарын одан әрі дамытты, әрі өз тарапынан “Кемеңгерлік меруерті”, “Ізгі қала тұрғындарының көзқарасы”, “Ғылымдардың шығуы” дейтін еңбектерін жазды. Оның философиялық көзқарастары “Логикаға кіріспе”, “Ақыл мен түсінік”, “Логика жайлы трактат” деген зерттеулерінде одан әрі терең шешімін тапқан.

Фарабидің пікірінше, адамзат қоғамы әр алуан «қалалардан» тұрады. (Бұл жерде “қалаларды” – тап, адамдар тобының түрлі жіктері деп түсіну керек). Оларды “Жақсылық қаласы”, “Надандар қаласы”, “Платон мен Аристотель көзқарастары арасындағы ұқсастық”, “Ізгі қала тұрғындарының көзқарастары”, “Азғындар қаласы”, “Адасқандар қаласы”, “Опасыздар қаласы”, “Пасықтық және бейшаралық қаласы”, “Мансапқорлар қаласы” деп жіктейді.

Әл-Фарабидің атақты еңбектерінің бірі – “Ғылымдар энциклопедиясы”. Мұнда ол математикаға үлкен мән берді. Әл-Фарабидің аса зор талантын паш еткен еңбектері “Альмагеске қосымша кітабы” мен “Альмагеске түсініктемесі” еді. Мұның алғашқысында автор “Птоломейді” “Альмогесінде” қамтылған көп мәселелерді математика тілімен қайта баяндаған. Кітаптың 14 тарауын тригонометрияға арнайды да, синус, косинус, тангенс, котангенстерді дөңгелек ішінде қарастырады. Зерттеудің қалған 46 тарауында математикалық астрономия мен

математикалық географияның күрделі мәселелері талданады.

Фараби сонымен бірге, тіл мен әдебиеттің теориялық, практикалық мәселелеріне де көп назар аударған ғалым. Оның “Сөз бен әріп туралы”, “Жазу өнері туралы”, “Өлеңнің ұйқасы мен өлшемі туралы”, “Өлең ырғағы хақында”, “Поэзия негіздері” деген еңбектері тілдің, поэзияның ішкі заңдылықтарын, олардың өзара сәйкестік байланыстарын ашуға бағышталған құнды туындылар. Фараби бұл еңбектерін өзі жетік білетін араб, парсы, түрік, көне грек, латын тілдерінің ерекшеліктері негізінде жазды.

Оның сонымен бірге, Аристотельдің “Бірінші аналитика”, “Екінші аналитика”, “Софистика” деп аталатын логикалық шығармаларының мән-мағынасына түсініктемелер жазумен қатар, “Логикаға кіріспе”, “Ақыл мен түсінік”, “Жан туралы”, “Логика жайлы трактат” сияқты логика ғылымын ілгері апарған еңбектері де болды.

“Китаб әл-мусика әл-кабир” (Музыканың ұлы кітабы) кітабында ол музыканың акустика мәселелерін барынша кең қарастырып, дыбыстың табиғаты, тегі, таралуы, т.б. ерекшеліктері хақында алғаш ғылыми түсінік береді. Музыканың тәжірибелік әрі теориялық негізін қалады. Оның физикалық, математикалық заңдылықтарын музыка аспаптарында пайдалану жолдары мен әдістерін көрсетіп берді.

Ұлы ғалымның еңбектері ғасырлар бойы зиялы қауымдар арасында кеңінен мәлім болған. Шығыс пен Батыстың көп оқымыстылары оның мұраларынан үйреніп, тәлім-тәрбие алып, ғибрат, өнеге көрген, өздерінің ғылыми жұмыстарына тірек тұтқан. Оның энциклопедиясы XV-XVI ғасырларға дейін білімпаздар мен шәкірттердің қолынан түспес кітап болды.

Қорыта айтқанда, дүние жүзі білімі мен мәдениетінің “екінші ұстазы”, асқан ұлы ойшыл, энциклопедист ғалым Әбу Насыр әл-Фараби – артына мол мұра қалдырған оқымысты.

1970 жылы Қазақстанның ғылыми жұртшылығы Әл-Фарабидің туғанына 1100 жыл толуын атап өтті. Сөйтіп, мың жылдан кейін өз даңқын Шығыста да, Батыста да шығарған ғалым аты әкесінің туған өлкесіне оралды. Бұл маңызды мәселені жүзеге асыруда әл-Фарабидің ғылыми еңбектерін ерінбей, жалықпай, асқан жанқиярлықпен жинаған, зерттеген, бастырған, сонымен қатар ұлы ғалымның есімін, ғылыми мұрасын дүниежүзілік аумақтағы ғылыми конференцияларда, баспасөз бетінде, радио, теледидарда насихаттаған Қазақстан Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі Ақжан Жақсыбекұлы Машановтың еңбегі зор.

1968 жылы профессор А.Машанов араб әлемі елдеріне саяхат жасау кезінде ірі ғалымдармен кездесті, Дамаск қаласындағы әл-Фараби қабірін іздеп тауып, оның фотосуретін алып келді.

XI ғасырдағы түркітілдес әдебиеттің дамуы белгілі авторлар Жүсіп Баласағұн мен Махмұд Қашқари есімдерімен байланысты болды. Жүсіп 1015 жылы Қарахандар астанасы Баласағұн қаласында туған. Ол ауқатты түркі отбасынан шығып, сол кезеңге қарағанда сындарлы білім алған. Жүсіптің есімі оның “Кутадгу билиг” (“Құтты білім”) атты поэмасынан кейін кең таныла бастады. “Құтты білім” 85 тараудан, 6520 бәйіттерден және қосымшалардан (124 бәйіт) тұрады.

Поэма – жай этикалық-моральдық трактат қана емес, сонымен қатар, адамдардың күнделікті өмірдегі, қоғамдағы адами қарым-қатынастарын, әр түрлі таптар, басқарушылар мен бағыныштылардың мемлекеттегі орнын белгілеген аса терең мағыналы философиялық-дидактикалық шығарма. Поэма 1983 жылы орыс тілінде аударылып, “Құтты білім” атымен жарық көрді. 13 мың жолдан тұратын түркі тіліндегі бұл дастанда саясат, мемлекет басқару, әскери іс, кемеңгерлік, ақыл-парасат, әділеттілік, ар-ождан, салт-дәстүр, т.б. жөнінде философиялық пайымдаулар берілген.

Махмұд Қашқаридің есімі XI ғасырда белгілі болған. Әкесі Хусеин – Мауераннахрдың жаулап алушысы Боғ-

ра-ханның немересі, Махмұд дүниеге келместен бұрын Қашқарға қоныс аударған. Махмұд Қашқарда тамаша білім алып, оқуын Бұқарада жалғастырған. Ол түркі тілдеріне, фольклорына, салт-дәстүрлеріне ала бөтен ықылас аударып, сөздерді және олардың мағынасын, түркілердің әндерін, жұмбақтарын, аңыздарын, салттарын қағазға түсірді

М.Қашқариді ғылым әлеміне “Диуани лұғат – ат-түрік” (“Түрік тілінің сөздігі”) кітабы танытты.

Сөздікте түркі тілдес халықтардың әлеуметтік өмірі, жан дүниесі, бастан кешкен тарихының үзік-үзік суреттері, этнографиясы, әдебиеті, тіл ерекшелігі, географиялық орналасуы, аспан шырақтары хақындағы ұғымдары, шипалық-емдік тәжірибесі, мал өсіру, егін салу, қала тұрғызу, сауда, қолөнеріне байланысты тіл қорының аса бай інжу-маржандары шоғырландырылған. Лұғатқа 10 мыңнан астам төл сөз, жекелеген диалектілер енген. Бұлар сөзбе-сөз, не топшылап баяндау жолымен араб тіліне аударылып, ол сөздерді сипаттарлықтай мысалдар келтіріліп отырылады. Мысалдар ішінде 300-дей мақал-мәтел, 233 шамалы өлең шумағы, жыл-мүшел аттары, астрономиялық, географиялық атаулар, 80-дей рутайпа есімдері (Қыпшақ, Яғма, Арғу, Бұлғар, Ұйғыр, т.б.), оларға түсінік-анықтама, 100-дей қала, қыстақ (Берехан, Баласағұн, Сауран, Фараб, т.б.) аттары бар.

Мұндағы сөздер, мақал-мәтелдер, өлеңдер, сөйлемдер түркі тілдерінің сол кездегі деңгейін, одан арғы және бергі кездегі сөздерді, сөз тудыру, сөз тіркестіру, сөйлем құру жүйелерін анықтауға, сөйтіп, тарихи лексикология, тарихи фонетика, тарихи грамматика жасауға, этимология, фразеология мәселелерін зерттеуге негіз болады.

Махмұд ибн Хусаин ибн Мұхаммед әл-Қашқаридің “Түркі тілінің сөздігі” туралы Түркістан Республикасының органы, Ташкент қаласында шығып тұрған “Шолпан” журналы 1923 жылғы 6-7-8 сандарында таныстыру мақаласын жариялап, кітаптың ғылыми аса маңыздылығына назар аударылған.

М.Қашқаридің “Сөздігі” ХІ ғасырдағы түркілердің өмірі туралы бірден-бір мәлімет көзі болуымен құнды. Ортағасырлық мәдениет қайраткерінің еңбегін қазақ тіліне белгілі қазақ ақыны Ф.Оңғарсынова аударып, 1985 жылы “Жалын” баспасынан бастырып шығарды.

Х-ХІІ ғасырларда Қазақстан халқының арасында әр түрлі сенім-нанымдар, діндер тарады. Көшпелі халықтың басым көпшілігі шамандықты қолдап, қаңарлы табиғат күштеріне, аруақтарға сыйынды. Дегенмен бірте-бірте ислам діні де ене бастады.

Х ғасырда Сырдарияның төменгі ағысын мекендеген оғыздардың бір бөлігі ислам дінін қабылдағанмен, әлі де болса мұсылман діні көшпенділер арасында көп тарамды. Ислам дінінің негізін салушы, бүкіл мұсылмандардың пайғамбарына айналған Мұхаммедтің (570-632 ж.ж.) Орта Азия мен Қазақстанда қолдаушылары аз болған жоқ. Солардың бірі Қазақстанның оңтүстігінде өмір сүрген Арыстан Баб және оның оқушысы Ахмет Иассауи болған. Олар Оңтүстік Қазақстанның түркі жұртшылығы арасында ислам дінінің тарауына үлкен ықпал еткен. Аңыз бойынша Ахмет Иассауи Сауран қаласында 1094 жылы туып, 1166 жылы қайтыс болған. Оның қаламынан “Диуани хикмат” (“Ақылдылық кітабы”) атты өлеңдер жинағы туындаған. Кітап 1901 жылы Қазанда, Ыстамбұлда, 1902 және 1911 жылдары Ташкентте басылып шыққан. Қожа Ахмет Иассауи қайтыс болғаннан кейін әулиелер санатына қосылып, оған арнап Түркістан қаласында салынған кесене мұсылман қауымының көп баратын қасиетті орындарының біріне айналды.

Түркі халықтарының тілі және жазуы. Түркі халықтары ерте орта ғасырларда үлкен-үлкен саяси әкімшіліктерді құраған, бір-бірінен тәуелсіз аймақтарда тіршілік етті. Мұндай аймақтар тарихи әдебиеттерде қыпшақ, оғыз, қарлұқ, түркеш, ұйғыр, қырғыз хандықтары деп аталды. Бұл хандықтардың шаңырағын көтеріскен күшті тайпалар өзінше бөлек диалектіде сөйледі. Сонысына қарамай, олар қолданған тарам-тарам тілдердің түбірі бір

еді. Тайпалардың бәріне ортақ түбір тілі түркі тілі деп аталады. Бұл тілдің көрінісі Білге қаған, Тоныкөк, Күлтегін, Мойыншара құлпытастарында анық бейнеленді. Тіл мамандары Ғ.Айдаров, Ә.Құрышжанов, М.Томановтардың жүйелеуіне қарағанда, VIII ғасырдағы түркі тілі грамматикалық қуатты, жетілген тіл болатын.

Орта ғасырдағы түркі тілі тек сөйлеу тілі ғана емес, төл жазуы бар – “қанатты тіл”. Көне түркі жазуы туралы хабар ғылымға өте кешігіп, 1889 жылы жетті. Түркі жазуы өз бастамасын б.д.б. V-IV ғасырлардан алатыны жөніндегі шындық оқымысты қауымға XX ғасырдың 80-жылдарында ғана мәлім бола бастағаны ғажайып құбылыс еді. Енисей аңғарындағы құпия таңбалар хақында Сібірдің атлас картасын жасаған Семен Ремезов XVII ғасырдың аяғында хабарлаған болатын. Бұдан кейін Даниэл Миссершмидтің 9 жылдық сапарында бұл таңбалар тағы да белгілі болды. Мұндай құпия таңбалардың Орхон бойында да бар екенін Н.М.Ядринцев тапты. Тоныкөктің ескерткішін 1897 жылы Д.Клемен ашты. Бұл жазуды дат ғылымы В.Томсон 1893 жылдың 15 желтоқсанында Дания ғылым академиясында өзінің оқығанын, оның түркі тілінде жазылғанын тұңғыш мәлімдеді. Осыдан кейін орыс оқымыстысы В.В.Радлов 1894 жылғы 19 қаңтарда Күлтегін ескерткішін оқып шықты. Бұл жазулар ғылымда табылған жері бойынша Орхон-Енисей жазуы, ал тіліне қарай көне түркі жазуы аталады. Енисей жазуын 1895 жылы В.Радлов, 1896 жылы В.Томсон аударып бастырады. Бұлардан кейін 1899 жылы П.Мелиоранский Күлтегін құлпытасын өзінше оқып, жариялайды.

Ерте орта ғасырдағы түркі халықтары өздерінің төл жазуымен бірге, соғды жазуын да пайдалана білген. Соғды жазуы мен соғды тілі, әсіресе, ақсүйектер арасында түсінікті болған.

Түркі тайпалары VIII-XII ғасырларда бұлармен қатар, ислам дінінің енуімен байланысты араб әліппесін де қолдана бастайды. Араб жазуы түркі қоғамына руна және ұйғыр жазуларын ығыстыру жолымен тарайды. Араб-

тардың ел билеу ісіндегі ықпалы Қарахан әулеттері тұсында бұрынғыдан да арта түседі. Бұл дәуірде хандардың, қала әкімдерінің қатынас, іс қағаздары, бұйрық-жарлықтар, жарнамалар, елшілік сенім хаттары, т.б. мемлекеттік, дипломатиялық хат-актілер түркі тілінде араб әрпімен жазылып тұрды. М.Қашқаридің атақты “Диуани лұғат ат-түрік” сөздігі, Ж.Баласағұнидің “Күтадгу билиг” дастаны, Қожа Ахмет Иасауидің “Диуани хикметі”, т.б. ғылыми, әдеби, тарихи еңбектер араб әліппесінде жарық көрді. Бұл араб әліппесінің Шығыс елдеріне араб мәдениетін таратудағы белсенді әсерін көрсетеді.

Әрбір халықтың даму деңгейінің көрінісін сол халықтың мәдени мұраларынан, мәдени тарихынан көруге болады. Қазақ халқы да өзінің үш мың жылдық тарихында әлемнің көрнекті мәдени үлгілерінен ешбір кем соқпайтын туындылар қалдырды.

Жаңа дәуірдің алғашқы ғасырларында Қазақстан жерінде бірнеше көнетүрік тілдерінің топтары қалыптасты.

Осы тұста хазар-бұлғар, батыс түрік (оғыз), қарлұқ тілдік топтары пайда болды. VIII-X ғасырларда Ертіс өзені маңайында ежелгі түрік тілдік тобының тағы бір ерекше түрі – қимақ-қыпшақ тобы қалыптасқан.

Оңтүстік Қазақстан мен Жетісуда көнетүркілік тілмен қатар, отырықшы-егіншілік және қала мәдениеті ошағы болған аймақтарда Иран тілдік тобы, соның ішінде соғдылық тілдің дамығаны белгілі.

VI-VII ғасырларда түрік қағандығының құрамына енген Орталық және Орта Азияның түркі тілдес тайпалары белгілі жазуды пайдаланған. Жазуды пайдалану мемлекет құрылғаннан кейін мемлекеттік шаралар мен актілерді бекітіп, мемлекеттік дәстүрді қалыптастыру үшін, сондай-ақ әкімшілік, *елшілік* қызметтердің сұранысынан туған болуы керек.

1893 жылы дат ғалымы Вильгельм Томсон белгісіз жазулардың құпиясын ашты. Томсонмен шамалас орыс ғалымы Радлов та бұл мәтіндерді зерттеп, он шақты

әріпті шешті. Томсон оған дейін таңбаларды оқуға ұмтылған ғалымдардан мүлде басқаша бағытта кетті. Бұрынғылары мәтінді басқа белгілі алфавиттермен салыстырып оқуға тырысты. Дат ғалымы ешқандай алфавиттермен салыстырмай, таңбалардың өздерін тереңдетіп, белгілі бір таңбалардың тек белгілі бір әріптердің қасында орналасуы, жазылу тәртібі бар екенін анықтады.

Ең алдымен Томсон Орхон жазуларының ішінен “түрік”, “тәңірі” деген сөздерді оқыды.

Тас ескерткіштерде ұшырасатын “Осы жазбаларға қарап”, “Оқып-үйреніңдер”, “Тәлім алыңдар”, “Ер түріктер”, “Халық” деген жолдардан келешек ұрпаққа арналған тәлімдік үндеулерді көруге болады. Орхон, Енисей өзендері аңғарлары мен Қазақстандағы Талас өзені бойынан табылған жазулар барлық түркі тілдес халықтардың, олардың ішінде қазақ халқының баға жетпес рухани мұрасы болып табылады. Олардың ішінде ең көрнектілері Білге қаған, Күлтегін ханзада, Тоныкөк ескерткіштерінде Көк пен Жер, олардың арасында құдай жаратқан адам баласы, дүниенің төрт бұрышы, т.б. жайттарды айта келіп, қағандық билікті мадақтайды. Күлтегін жазуының авторы халыққа мынадай өсиет айтады: “Түрік халқы, егер сен өз қағаныңмен бірге болсаң, Отаныңмен бірге болсаң, өз бектеріңмен бірге болсаң, өз үйінде қайғысыз, бақытты өмір кешесің”. Бұл жазулар жазылғалы қанша уақыт өтсе де, қаншама су ақса да олардың мәні, маңызы күні бүгінге дейін жойылған жоқ, қайта олардың идеялары қазіргі заман мұраттарымен үндесіп жатыр. Сондықтан да, біздер, ХХІ ғасырдың ұрпақтары, VI-VII ғасырларда өмір сүріп осындай ұлағатты сөздерді тасқа қашап жазып қалдырған ортағасырлық ақыл иелерінің алдында өз ризашылығымызды білдіріп, үнсіз басымызды иеміз.

Қорыта айтқанда, VIII-XII ғасырларда Ұлы далада өмір сүрген ерте феодалдық түркі мемлекеттерінің озық мәдениеті, ғылымы, тілі, жазуы және әдебиеті болды.

Негізгі терминдер мен ұғымдар:

Түркілердің тұрғын үйлері, киім-кешегі
Түркі халықтарының тілі
Орхон-Енисей жазулары
Білге қаған, Тоныкөк, Құлтегін ескерткіштері
Қала құрылыстары
Шахиристан, Рабад, Керуен сарайлар
Теміршілік, зергерлік, құмырашылық
Қорқыт, әл-Фараби, Ж.Баласағұн, М.Қашқари шығармалары

СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР:

- 1. Түркі халықтары қандай жерлерді мекендеген?*
- 2. Түркілер қандай шаруашылық түрлерімен айналысқан?*
- 3. Қазақстан қалалары туралы әңгімелеңіз.*
- 4. Қорқыттың қандай күйлерін білесіз?*
- 5. Әл-Фараби қандай ғылым салаларының дамуына үлес қосты?*
- 6. М.Қашқаридің “Түркі тілдер сөздігінің” қандай маңызы бар?*
- 7. Ж.Баласағұнның қандай шығармасы болған және онда қандай мәселелер қамтылған?*
- 8. Орхон-Енисей жазулары туралы не білеміз?*

VIII БӨЛІМ

XIII-XIV ҒАСЫРЛАРДА МӘДЕНИЕТТІҢ ДАМУЫ

XIII-XIV ғасырларда Қазақстан халқының негізгі тіршілігі өткен ғасырлардағы секілді көшпелі мал шаруашылығы болып қала берді.

Қой шаруашылығы барлық жерге қанат жайды. Негізгі ас – етке қоса қой былғары, тері береді, оның жүні киім-кешек, төсек заттарын, кілемдер мен киіз бұйымдарын әзірлеуге, үй жылытуға қолданылады. Малдың шикізаттарын өңдеу жөніндегі үй ішінің кәсібі көшпелілердің киім мен тұрмыс заттарына сұранымын қанағаттандырып отырады. Кейбір жекелеген ісмерлер аса күрделі бұйымдарды – аттың ер-тұрманын, металл әшекейлерін, қару-жарақ (семсер, сүңгі, садақ, оқ), арба, үй сүйектері, т.б. келістіріп жасаған.

Моңғол хандары мен феодалдарының ұзақ уақыт өктемдік жүргізуі, XIII ғ. бастап шығыс жақтан қисапсыз көп көшпелі тайпалардың келіп қосылуы, Шағатай ұлысы мен Хайду мемлекетіндегі иеліктерді қайта бөлісу үшін жүргізілген ішкі қырқыстардан жұрт көзінің ашылмауы, ал осынау соғыстарға байланысты моңғол әскерінің жиі-жиі орнын ауыстырып отыруы – осының бәрі жиналып келіп XIV ғ. соңғы кезінде Жетісудағы отырықшы-егіншілік және қала мәдениетін жойып жібереді. Әуелі қалалар маңындағы ауылшаруашылық аймақтары, содан кейін ежелден келе жатқан Баласағұн, Алмалық, Алматы, Тараз, Иланбалық, Қаялық, Екі оғыз сияқты көптеген қалалар ғайып болып қирап қалды.

Көшпелі мал шаруашылығы барлық жерде де басты кәсіпке айналады, ол жергілікті халық тіршілігінің негізгі саласы болып орнығады. Егіншілік кәсібінің айқын іздері XIII-XIV ғасырларда Батыс Жетісудың Шу мен Талас алқаптарында, құрып кеткен қалалар өңі-

рінде сақталып қалады. Жазба деректерде XV ғасырда жаңа мекендер, керуен-сарайлар мен бекіністер салынғаны жөнінде айтылады: мәселен, Мұхаммед Хайдарда Ыстықкөл маңында осындай құрылыс салынғаны жайлы мәлімет бар.

XIV-XV ғ.ғ. Оңтүстік Қазақстан жерінде қала мен егінді алқаптар тіршілігі өрге басады. Деректер Ақ орда хандары Ерзен мен Мүбәрәк қожаның, Орыстың Отырар мен Сауранда, Сығанақ пен Жентте құрылыс жұмыстарын күшейтіп, тұрғын үйлер, мешіттер мен қоғамдық ғимараттар салдырғанын хабарлайды. Бұрын моңғол билеушілері тыйым салған құрылыстар жанданып, қамалдуалдар мен бекіністер қалпына келтіріледі. XIV-XV ғ.ғ. салынған іргелі ғимараттардың ең көрнектісі Яссы (Түркістан) қаласында Әмір Темір тұрғызған Қожа Ахмет Иассаuidің кесенесі болып табылады. Жаңа сәулеттік стиль қалыптасып, құрылыс әдістері жетілдіріледі, құрылыс жұмыстарына қатысы бар кәсіптер (кірпішті, қаптауыш материалдарды, әсіресе, құйма зертастарды дайындау) дами түседі. Қалаларда қолөнер кәсібі өркен жаяды. Мәселен, Отырардың археологиялық қазбалар арқылы құмырашылардың, ұсталар мен тоқымашылардың, наубайлардың, т.б. қоражайлары мен шеберханалары табылған. Жергілікті керамика түр-түсі, ою-өрнектерінің әр алуан байлығымен ерекшеленген. Ақ орданың астанасы Сығанақта, Отырарда, Ноғай ордасының орталығы Сарайшықта теңге сарайлары жұмыс істеген. Көшпелілер мен егіншілер өзара бір-бірімен материалдық мәдениет, тұрмыс, шаруашылық тәжірибе машықтарын, әлеуметтік норма мен мемлекет ұйымдары түрлерін, әскери өнер элементерін алып отыруға, мәдени жетістіктердің алмасып тұруына себепші болады. Дала ақсүйектері арасында мұсылман мәдениетін, жазу-сызуы мен кітап білімін тарату ісі де осынау қалалар арқылы жүзеге асырылады.

XIV-XV ғ.ғ. түрік әдеби тілінің негізгі үш диалекті тобының: қарлық-ұйғыр, ұйғыр-оғыз тобының ілгеріде басталған құралу, түзілу, қалыптасу процестері жедел

дамиды. Моңғол басқыншылығы болса да моңғол тілі халық арасына жайылмайды. Жергілікті түрік ортасы селдіреген моңғол элементтерін бойына тез сіңіреді.

XIII-XIV ғ.ғ. қыпшақ тілінде көптеген әдеби ескерткіштер жасалады, халықтың ауыз әдебиеті дамиды. Қыпшақтар мен басқа да түрік тайпаларының өзіндік суырып салма поэзиясы болады. Ауыз әдебиетінің жұмбақ, мақал-мәтел, тұрмыс-салт жырлары сияқты түрлері қыпшақ тілінің “Кодекс куманикус” атты ескерткішінде сақталған. Сөздік екі дәптерден тұрады. Біріншісіне сөздердің екі тізімі енгізілген. Үш бағанадан тұратын бірінші тізімге латын, парсы, қыпшақ тілдерінде 1560 сөз жазылған. Негізінен бұлар теңізге жақын орналасқан қалада тұрып, жұмыс істеген көпестер мен қолөнершілердің мұң-мұқтажын бейнелейді. Онда базар, сауда, сатушы, төлем, сия, т.б. сөздер кездеседі. Қыпшақ сөздігінде дәрігер, суретші, бақалшы, етші, т.б. мамандық иелерінің аталуы көп нәрседен хабар береді. Сонымен қатар, сөздікте адамдардың жеке басындағы ақылды, сұлу, текті, жомарт, т.с.с. қасиеттері әңгіме болады.

“Кодекс куманикус” сөздігінің қолжазбасы Венеция қаласындағы Әулие Марктің кітапханасында сақталған. Жазылған жылы деп 1303 жыл көрсетілген.

XIV-XV ғ.ғ. түрік тілінің қыпшақ тобының қыпшақ-ноғай топшасы ішінен қазақ тілі тазаланып шығады. Бұл топшаға қазақ тілімен бірге ноғай, қарақалпақ тілдері кіреді.

Дешті-Қыпшақ пен Ноғай ордасында халық жырауларының шығармашылық өнері өркендейді. Халықтың бірлік-ынтымағы мен Отанына деген махаббатын отты жырларына өзек еткен Сыпыра жырау мен Қодан-тайшы (XIV ғ.), Асан қайғы мен Қазтуған (XV-XVI ғ.ғ.) сияқты дарынды жыраулар есімі кеңінен белгілі. Қыпшақтың батырлар жыры туып қалыптасады.

Оңтүстік Қазақстанның отырықшы-егінді алқабында ислам басты дінге айналады, “Яссауїя”, “Нахшбан-

дийя” сопылық ағымдарының әсері күшейеді, көшпелі халық шаманизм мен ата-бабалар рухына табынатын күйінде қала береді.

Негізгі терминдер мен ұғымдар:

Материалдық мәдениет үлгілері

Моңғол шапқыншылығының зардаптары

Қалалардағы кәсіпшілік

Қала және дала тұрғындарының мәдени байланысы

Түрік әдеби тілінің қалыптасуы

“Кодекс куманикус” – қыпшақтардың аса көрнекті мәдени мұрасы

СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР:

- 1. XIII-XIV ғасырларда Қазақстанда материалдық мәдениет қалай дамыды?*
- 2. Моңғол шапқыншылығының қандай зардаптары болды?*
- 3. Сол кезеңде қалаларда қандай кәсіпшілік және қолөнер түрлері дамыды?*
- 4. Қыпшақ ауыз әдебиетінің қандай жанрлары дамыды?*
- 5. “Кодекс куманикуста” қандай мәселелер қамтылған?*

ІХ БӨЛІМ

ҚАЗАҚСТАННЫҢ XV-XVIII ҒАСЫРЛАРДАҒЫ МӘДЕНИЕТІ

§1. Материалдық мәдениет

Қазақ халқының XV-XVIII ғасырлардағы материалдық мәдениеті көшпелі тайпалар мәдениетінің дәстүрлі жалғасы болып табылады.

Қазақ хандары Керей, Жәнібек және олардың ізбасарлары Түркістан, Сауран сияқты қалаларды мәдени, экономика орталықтары ретінде ұстап тұруға күш салады. Хақназар хан XVI ғасырдың 70-жылдарында Яссыны өзіне қаратты. Есімхан оны астанасы етіп, мәдени, саяси өмірді шоғырландырды. Түркістан маңында бау-бақ өсіру, суармалы егіншілік дамыды. Қала сауда-айырбастық ошағына айналды. Мұны Қазақ ордасына келген орыс елшілерінің жазбасы да қуаттайды. “...Тәуке ханда астық, бидай, арпа да, тары да көп шығады, ал астықтан күздік және жаздық бидай егеді” – деп хабарлайды В.Кобяков.

“XVI-XVII ғасырлардағы сәулет өнерінің мұралары Сырдарияда, Қаратау төңірегінде, Талас, Шу, Сарысу аңғарларында, Торғай даласында біркелкі тәуір сақталған. Тастан салынған ескерткіштер көбінесе Маңғыстауда, Сағыз, Жем алабында, Орталық Қазақстанда, Жетісуда, Алтай, Тарбағатай тауларында ұшырасады.

...Тарихи көркемдік қасиеті жағынан қазірде қирап біткен Сауран мұнарасы көңіл қоярлықтай... Бұхара мұнаралары тәрізді салынған, биіктігі 16 метрге баратын іргелі мұра... Бегім мұнарасы да...Сығанақ қаласының Сунақ-ата ғимараты да сондай мұралар, ...Сарайшықтағы... қазақ хандары Жәнібек пен Қасымның, ...Түркістандағы Есім мен Жәңгірдің мазарлары да сәулеті жағынан ерекше көрнекті ескерткіштер”.

“Көп ғасырлар бойына қалыптасқан ... сәнді бейнелеу өнерінің ескілікті элементтері Жезқазған төңірегінде сақталған. Бұл суреттер мазардың ішкі қабырғаларына, құлпытастарға салынған. Онда аңшылық, көш, қазақ үйінің ішкі көріністері, жауынгер бейнелері беріледі. Сурет салу техникасын айтқанда, әлі кеуіп үлгермеген қабырғаға алдымен суреттің нобайы түсірілген де бояу сіңірілген. ... Қызыл, көк, жасыл, сары, әр түрлі бояу қолданылған. Бұл ислам діні уағыздарына қайшы келетін болса да, қазақтар арасында ежелгі сенім мен сурет салу өнерінің сарқыншақтары әлі үзілмегенін көрсетеді”. Бұл ғана емес, қазақ тайпалары түркі дәуірі мәдениетінің сындарлы саласы – тас қашау өнерін де ұмытпаған. Мұнда әсіресе, өлген адам басына құлпытас қою, оның жанына қойтас, қошқартас, сандықтас, бес-тас (бес мін), үштас (үш мін), сағана тас тұрғызу сияқты түрлерін одан әрі дамытқан. Қойдың, қошқардың, сандықтың, т.б. мүсіндерін қашау өнері Маңғыстау, Үстірт, Жем бойында көбірек тараған. Сонымен бірге, құлпытас беттеріне жазу жазылып, екінші жағына қылыш, найза, айбалта, місе, садақ (ер адам болса), ал әйел басына алқа, сырға, сәукеле, қайшы суреттері салынатын болған.

Қазақтардың тұрғын үйлері. Қазақ халқының тұрғын үйі – киіз үй материалдық мәдениеттің тамаша ескерткіші. Ол қысқы және жазғы болып бөлінді, үлкендігі және құрылысы жөнінен бір-бірінен айырмашылығы болды.

Киіз үй – ағаш және киізден дайындалатын, ағаш керегелерден, шаңырақтан, уықтардан тұратын жиналмалы тұрғын үй. Киіз үйдің үлкен-кішілігі қанаттарының (керегелер) санына байланысты болады. 12 қанаттан тұратын киіз үйдің ауданы 100-120 шаршы метрге тең болған. 12-15-18 қанатты киіз үйлерді XII ғасырдан бастап пайдаланған. Әрбір кереге 36 сағанақтан тұрған. Керегелер тор көз, жел көз болып екіге бөлінген. Оңтүстікке қарап ашылатын есік “сықырлауық” деп аталған. Керегелер сырты тоқылған шимен жабылған. Сырты

киіз “туырлықпен”, одан жоғары орналасқан уықтардың үсті “үзікпен”, шаңырақ үсті киіз “түндікпен” жабылған. Аталған киіз бөліктер әр түрлі түсті “белдеулермен” бекітілген. Киіз үйдің іші кілемнен, киізден, тоқыма әдісімен дайындалған басқұрлармен, баулармен бекітілген. Өздерінің қолданылуына қарай киіз үйлер үшке бөлінген. Қонақ қабылдауға арналған салтанаттық киіз үйлер аудауының үлкенділігімен, әдемілігімен ерекшеленген. Салтанаттық киіз үйлер кемінде 12 қанаттан тұратын болған, үстін жібекпен, ақ киізбен көмкерген. Өте әдемілігімен тойға арналған киіз үйлер – отаулар ерекшеленген. Күнделікті тұрмысқа арналған киіз үйлердің аудандары да шағын болған. Оларды көшіп-қонған кезде бір түйеге артып жүре беретін болған. Сонымен қатар қазақтар тұрғын үй үшін күркені және күймені пайдаланған.

Киіз үйдің ортасына тамақ дайындау үшін және салқын кезде үй жылыту мақсатымен ошақты орналастырған. Есікке қарама-қарсы қонақтар мен құрметті адамдар үшін төр болған. Есіктің екі жағы босаға деп аталған, оң жақ босағада ыдыс-аяқ, құрал-сайман, сол жақ босағада ат әбзелдері сақталған. Босағадан оң жақта үй иелерінің кереуеті орналасып, ол шымылдықпен бөлінген. Киіз үйдің ішкі жасауы әр түрлі ағаш, тері дүниелерден, кілемдерден, шиден, киізден тоқылған заттар мен нәрселерден тұрған. Киізден дайындалған текеметтер, сырмақтар, түкті кілемдер түрлі-түстілігімен, ою-өрнегімен, әдемілігімен көздің жауын алатын болған. Қабырғаға ілінетін ою-өрнекпен, тігіспен әдіптелген киіз-кілем тұскиіз деп аталған.

Ыдыс-аяқ және ас-су құралдары ілінетін аяқ-қаптарда, екі қалталы қоржындарда, киіз жәшіктерде (шабданда) сақталған. Ағаш заттар – жүк аяқтар, ас салатын кебежелер, көркем оюлармен әдеміленген.

Жықпалы, тікпелі байырғы киіз үй қазақтардың ең қолайлы баспанасына айналды. Киіз үй жабыннан және оның сүйегінен (ағашынан) құралады. Жабынына – туырлық, үздік, түндік, есік аталатын киізі жатты. Сүйегі-

не шаңырақ, уық, кереге, сықырлауық (есік) делінетін ағаш қаңқасы жатты. Кереге түйенің шикі таспасынан жасалған “кереге көгі” деп аталатын таспамен ұстатылады. Керегесінің санына қарай киіз үй алты, сегіз, он, он екі қанатты деп, сырт көрінісіне қарай: ақорда, қоңыр үй, қараша үй, отау, абылайша, т.б. деп аталды. Мұнымен бірге, арба үстіне орнатылатын жылжымалы үй түрі де болды. Ол туралы Рузбехан Исфahanи: “қазақ үйлері арба түрінде жасалып, доңғалаққа орнатылады, ... түйе, ат жегеді. Осы арбалар керуендегі түйедей түзіліп... көшіп отырады... арбалар жүздеген моңғол фарсангісіне созылып жатады деп” жазады. Жылжымалы үйдің жеңіл түрі “Қозы Көрпеш”, “Қыз Жібек”, “Қобыланды” жырларында сән-салтанат үйі – күйме түрінде суреттеледі.

Шошала қыста тұратын үйдің ең ескі түрі болды. Формасы жағынан киіз үйге ұқсас, жартылай жертөленің төбесі сүйірлене шығарылып, құрылыс іргесі жерге 50-60 см қазылып салынды. Екі-үш бөлмелі болды. Таулы жерлерде тастан қалап тұрғызылды. Аумағы төрт қанатты киіз үйден аспайтын еді. Бұлармен бірге халық шым, кірпіш, балшық, қамыс, ағаштан жасалған аласалау үйлерде де тұрды. Бұл үйлердің ауыз үй деп аталатын кіре беріс бөлмесінде ас дайындалды, жас төлдер ұсталды. Ертіс, Алтайда мұндай 2-3 бөлмелі үйлер көбіне ағаштан, Сыр бойында қамыс, балшықтан, т.с.с. жерлерде құрылыс материалының жағдайына қарай салынып отырды. Мұндай қыстаулар әдетте ықтасынды отын-суы мол жерлерге орналасты.

Қысы-жазы бірге көшіп-қонып жүретін үйлер ауыл делінді. “Ауыл түбі – бірлік, қауым түбі – тірлік” деген мәтел оның қоғамдық сипатын аша түскен. Ауыл алғашқыда аталастық, туыстық жақындыққа қарай құралғанмен, кейін келе бұл шарт орындалып отырмаған. Оған басқа рудың адамдары да келіп, қоңсы, кірме болған. Онда 5-6 үйден, 10-15 шаңыраққа дейін түтін тұрды, ауылдастар бірге көшіп, бірге қонды. Ауыл кілем, алаша, бау-басқұр, шекпен тоқитын, зергерлік-ұсталық

жасайтын ұсақ қолөнердің орталығы болды. Сонымен бірге ән-күй, шешендік жарыстыру, ойын-сауық өткізу, бәйге, күрес, қыз ұзату, келін түсіру, т.б. халық әдет-салты мен дәстүрлерінің тоғысқан жеріне айналды. Ауылдың мазмұны, ішкі-сыртқы көрінісі экономикалық даму жағдайына байланысты дәуір өткен сайын өзгері, жаңарып отырған.

Үй жиһаздары. Қазақтардың материалдық мәдениетін құрайтын құндылықтар арасынан үй жиһаздары ерекше орын алады. Үй жиһаздары бірнеше ғасырлар бойы қалыптасты, қарапайым түрлерінен бастап, күрделі, әдемі түрлеріне дейін ұзақ сапалық жақсару жолынан өтті.

Қазақ отбасында мына жиһаздар қолданыс тапқан:

Абдыра (әбдіре) – үй тұрмысында қолданылатын жабдықтың бір түрі, яғни киім-кешек немесе басқа да бағалы бұйымдарды сақтауға арналаған сандық.

Ағаш төсек – адамның жатып тынығуы үшін пайдаланылатын үй жиһазы. Ағаш төсектің қазақ үлгісіндегі түрі – қайқыбас төсек. Ол негізгі үш бөліктен: төсектің басынан (жоғары және төменгі), қапталынан (алдыңғы және артқы), шабағынан тұрады. Төсекті кептірілген қатты ағаштың (қайың немесе емен) тегістеп, өңделген тақтайынан жасайды. Төсектің басы, аяқтары мен оған көлбей бекітілетін жастықша бөлігі қиюластырып, біртұтас етіп дайындалады. Төсек ағаш сәнді болу үшін шебер оның бетін әртүрлі бояулармен өрнек салып сырлайды не өрнектелген сүйекпен әшекеелейді.

Адалбақан – киім, т.б. үй мүліктеріне арналған жабдық. Адалбақан көбінесе бұтағы көп балапан қайың мен шыршадан (самырсыннан) жасалады. Жас ағашты кесіп алып, қабығын аршығаннан кейін, оның бұтақтарын түп жағынан бір сүйемдей қалдырып, ұшын кесіп тастайды. Енді сол бұтақ түбірлерін бақанның жоғарғы ұшының бағытымен майыстырып иеді де, ұштарын қайыспен не мықты жіппен бақанның діңіне таңып, көлеңкеде кептіреді. Ілген бұтақтар жазылып кетпейтіндей болып, әбден соуіп қалыптасқан кезде таңғышты шешіп алып, оның ұштарын үшкірлеп жонып ілгек жасайды.

Алаша – әр түрлі жүннен немесе әр түрлі түске боялған мақта мен жіптен тоқылған төсеніш.

Асадал – тамақ пен ыдыс-аяқ сақтауға арналған кебеже тектес ыдыс. Асадал мықты, жеңіл ағаштан жасалады. Асадалдың түбі оның ішкі жағындағы жиекшелерге тірей орнатылатын қалың тақтаймен, үстіңгі беті жұқалау тақтаймен жабылады.

Аяққап – ыдыс-аяқ салуға арналған қапшық. Аяққаптың пішіні екі түрлі: бірі – тік төрт бұрышты, екіншісі – ауыз жағы тік төрт бұрышты, ал түп жағы дөңгелек болады. Аяққаптың беті кестеленген матамен қапталады, кейде жіппен өрнек салынады. Оны иленген және боялған тақыр жарғақтан да, киізбен астарлаған, бедер салынған былғарыдан да жасайды.

Дастарқан – ас қоюға арналған мата төсеніш. Дастарқанды кейде “асжаулық” деп те атайды.

Дорба – құрғақ тамақ немесе ұсақ-түйек заттар салуға арналған ыдыс. Дорбаны матадан не жүн жіптен тоқып жасайды.

Жастық – адамның басына жастауға арналған үй жиһазы. Жастықтың ішіне көбінесе құстың мамығы салынып, сырты матамен тысталады.

Жастықағаш – жер төсекте жатқан адамның басын биіктету үшін жастықтың астына қоюға ыңғайлап жасалған тиянақ ағаш.

Жүкаяқ – жиған жүктің астына қоюға арналған ағаш тұғыр. Жүкаяқ кепкен, мықты әрі жеңіл ағаштан, өңделген, тегіс тақтайдан жасалады.

Кебеже – тамақ сақтауға арналған сандыққа ұқсас ағаш бұйым. Кебеженің түбі қалың тақтайдан жасалады. Оның қақпағы кәдімгі сандықтың қақпағы сияқты, кейде жармалы да болып келеді. Жармалар не көлденең кергіш ағашпен, не таспамен жалғастырылады. Кебеженің беті де асадал сияқты кейде сырмен, кейде сүйекпен ою салып өрнектеледі.

Сандық – киім-кешек, тағы басқа да заттарды салуға арналған, ағаштан жасалған бұйым. Сандық – халықтар тұрмысында ерте кезден пайдаланылып келе жатқан ең

ежелгі жиһаздардың бірі. Көшпенді халықтар үшін ол өте-мөте қолайлы болған.

Сандыққап – сандықты бүлінуден сақтау үшін сыртына кигізетін киіз қап. Киізді сандыққа өлшеп пішіп, сандықтың қақпағына тура келетін бетінен сандық сыярылықтай ауыз жіппен тепшіп тігеді.

Сырмақ – киізден сырып, оюлап жасалған төсеніш. Оны жасаудың атадан балаға таралып, дәстүр болып келе жатқан өзіндік ерекше салты бар. Сырмақты түрлі-түсті киізден ойып, өрнек салып та, сондай-ақ шымқай ақ киіздің бетіне ақ, қызыл, сары маталардан ою бастырып та тігеді. Сырмақ жасау үшін алдымен ою-өрнек салынған үлгісі дайындалады.

Текемет – бетіне түрлі-түсті ою-өрнек басылған киіз үй жиһазы. Оның күзем жүннен басылған талдырма бетіне қызылға, көкке, караға не басқа түске боялған жүнді әр түрлі өрнектеп тартады.

Тұскиіз – сәндік үшін төсектің тұсына ұстайтын үй жиһаздарының бірі.

Бұлардан басқа қазақтар қоржындарды, торсықтарды, местер мен сабаларды, аяқ-табақтарды өз тұрмыстарында кеңінен пайдаланған.

§2. Қазақтардың киімі

Қазақтардың ұлттық киімдерінен, олардың экономикалық, ауа райы және халықтық жағдайларына байланысты ежелгі дәстүрлері көрініс тапты. Киім шұғадан, жүн мен жібек маталардан, киіз бен теріден дайындалды. Құландардың, киіктердің, жолбарыстардың, жанатардың, бұлғындардың суырлардың терілері мен елтірілері қымбат бағаланды. Теріден тон тігілді. Қымбат бағалы аң терісінен тігілген тондар ішік аталған және олар бір-бірінен тысына байланысты ажыратылған: жібекпен тысталған тон – бас тон, көк шұғамен – көк тон, парчамен – барша тон деп аталды. Ұзартылған, құлын терісі-

нен жағасы бар тон жарғақ тон деп аталды. Шалбарлар теріден, шұғадан және басқа маталардан тігіліп, кестелермен көркемделген. XV-XVIII ғасырларда жұқа киізден дайындалған жеңсіз ер адам киімі “кебенек” кең тарады. Оны жоқ-жітік адамдар, қоңсылар, кірмелер кісе керек. “Көбін киген келмейді, кебенек киген келеді” деген халық мәтелі соны меңзейді.

Киімдерді дайындау үшін қазақтар негізінен үй жануарларының жүнін, терісін пайдаланған. Көбіне қой терісін, құлын және ешкі терісі іске асырылған. Жүннен жұқа киіз басып, одан әртүрлі киімдер, бас киім және аяқ киім дайындаған. Сырттан әкелінген қағаз, жібек және жүн маталар көшпенділер арасында ерте замандарда қолдыныла бастаған. Қазақстанның түрлі аудандарында (Атырау облысы, Сарайшық), (Ертіс бойы, Боброва, Королевка) жүргізілген археологиялық қазбалар қазақтардың XV-XVIII ғасырларда жібек маталарды киімге кең пайдаланғанын дәлелдеді. XVIII ғасырға дейін маталарды қазақ даласына негізінен Шығыс Түркістаннан және ортаазиялық хандықтардан, басқа елдерден де әкеліп отырған.

Ер адамдар үстеріне матадан, жүннен тігілген жейде, көйлек, шекпен, шапан, қамзол, тон, т.б. киімдер, бастарына бөрік, қалпақ, тымақ киді. Қыста түйе не қой жүнінен тоқылған, қалың матамен тысталған күші, тон, құлын терісінен тігілген жарғақ, кең шекпен, аң терісінен тігілген ішік киеді. Иленген қой терісінен жүнін ішіне қаратып шалбар, жазда мата шалбар, не ешкі мен киіктің әбден жұмсарта иленген терісінен шалбар тікті. Қыста құлағын, арқасын жауып тұратын шошақ тымақ, боранда тымақты бастыра жалбағай киді. Жазда биік киіз қалпақ жасатып киді.

Ерлер көксауыр, саптама, шоңқайма, мықшима етік (жылқы, өгіз терісінен тігілді), аңшы етігі, жеңіл етік, ешкі терісінен тігілген мәсі, қатты теріден жасалған кебіс, кедейлері шабата, шоқай киді.

Әйел киімі көбінесе матадан, жібектен, кейде мақпалдан тігілді. Бойжеткен қыздар төбесіне үкі тағып, аң терісінен шошақ бөрік киді. Жаңа түскен келін алғашқы жылы сәукелемен жүрді, кейін желек салды. 30-40 жастағы әйелдердің бас киімі кестеленген кимешек болды. Жасы келген әйелдер сәукелеге ұқсас дөңгелек бас киім – күндікпен жүрді. Әйелдердің дағдылы аяқ киімі кебіс, мәсі болды. Байлардың қыз-келіндері мен әйелдері сән-салтанатқа киетін кестелі етігі, көксауыр былғарыдан, күміс шалынып, өшекейлеп тігілген кебісі болды.

Жалпы айтқанда, қазақ киімдері іштік (көйлек, жейде, желетке, қамзол, кәзекей), сырттық (шапан, күпі, тон, шидем), сулық (шекпен, қаптал, шапан), бір киер (қымбат бағалы, сән-салтанат киімдері) болып бөлінген.


Әйелдер киімдерін әсемдік бұйымдарсыз көзге елестету мүмкін емес. Қазақ зергерлерінің қолдарынан шыққан әйелдердің әсемдік бұйымдарын былай бөлуге болады: киімге тігілетін және адам қолына, саусағына, мойнына, кеудесіне салынатын және бұрымдарына өрілетін бұйымдар. Киімдік әсемдік бұйымдарға, оның бөліктерін біріктіруге арналған қаптырма, қапсырма, ілгек, түйме, тұмар, таналар жатады. Салынатын әсемдік бұйымдар, әсіресе білезіктер алуан түрлілігімен ерекшеленген. Кейбір білезіктердің салмағы 100 грамға дейін жететін болған. Сақиналар мен жүзіктердің түрі де өте көп болған. Алынбалы-салынбалы әсемдік бұйымдардың арасында әйелдердің шашына тағатын шашбау және шолпы түрлері бүкіл қазақ жеріне кең тараған бұйымдардың қатарына жатқан. Ер адам үшін кісе, жүзік, сақина, күміс белбеу соғылды. Зергерлер әсемдік бұйымдарды негізінен алтын жалатқан күмістен дайындаған. Білезіктердің, жүзіктердің, сақиналар, сырғалар, шолпылар көркін сол әсемдік бұйымдарға енгізілген неше түрлі асыл тастар келтіріп тұратын болған. Қазақ зергерлері әсемдік бұйымдарды нұрландыру үшін лағылтасты (рубин), асылтасты (топаз), ақықты (сердолик), маржанды (коралл), сыңғыр тасты (агат), ақ шыныны (хрусталь), перезені (бирюза), аса бай адамдар үшін гауһартасты (бриллиант) және алмасты пайдаланған.



4-сурет

Келіншек киімі

Қазақ ұлттық киімі мен зергерлік бұйымдарының үлгілері Ө.Жәнібеков пен И.Тасмағанбетовтің “Қазақ киімі” мен “Орталық Азия зергерлерінің бұйымдары” альбомдарынан алынды




5-сурет


Қазақ киіз үйі жанында




6-сурет
Өзен жағасында



7-сурет
Жүзік. Батыс Қазақстан.
XIX ғ. аяғы XX ғ. басы



8-сурет
Өңірше. Батыс Қазақстан



9-сурет
Тана

§3. Қазақтың ұлттық тағамдары

Қазақша ет асқанда ең алдымен жіліктеп бұзылған етті адам санына қарай мөлшерлейді. Тойға немесе қонақ асыға көбінесе қой сойылады. Қой еті жіліктенгенде 13 мүшеге бөлінеді. Олар жамбас – 2, ортан жілік – 2, асықты жілік – 2, бел омыртқа – 1, сүбе – 2 (сүбемен бірге құйрықтан жоғарғы 5 қабырға кетеді), қабырға – 2, төс – 1, омыртқа – 1, жауырын – 2, тоқпан жілік – 2, кәрі жілік – 2, бұғана – 1, мойын – 1.

Жал – жылқы етінің ең кәделі мүшелерінің бірі. Ол жылқының шоқтығы мен ауыз омыртқасының арасында, мойын омыртқаны ұстап тұратын желкемен жымдаса бітеді. Жылқы сойғанда терісі сыпырылғаннан кейін жалдың өзін мойын омыртқадан сылып (желкені қоспай) алады. Семіз жылқының жалы үлкен кісінің шеңгеліне әрең сыярлықтай жуан болады. Жалдың шоқтыққа тақау ұшы жуан болып, екінші ұшына қарай біртіндеп жіңішкере береді. Семіз жылқыны халық “Жалы құлағынан асады” деп дәріптейді.

Жая – жылқы етінің аса дәмді мүшелерінің бірі. Жаяны сыйлы қонақтарға асылған етке қосып береді, яғни оны бас табаққа салады. Әдетте жаяны тоңазытып жейді. Сол сияқты оны майын қара-кесек етімен бірге турап, көкөніс қосып жеуге болады. Жая татымына қарай тұз, бұрыш, дөңгелектеп туралған пияз қосады.

Қазы – жылқының қабырғалары мен белдемелерінің етегіне жиналатын аса шырайлы, майлы еті. Қазы жасау үшін екі бұғана қабырға, екі тілше қабырғадан басқа қабырғалар алынады. Қазыны ішекке тығады. Әр қос қабырғаның ішкі жағындағы шеміршегін кесіп тастайды. Ішекке тығу үшін қабырғалардың арасын ажыратып тіліп, әр қабырғаға май мен етін тең етіп бөледі, бірақ ет пен май қабырғадан сылынып қалмауы керек. Қазыны ішекке тығар алдында тұздап, 2-3 тәулік тұзын бойына сіңіріп қояды. Содан кейін 1-2 сағат суық суға салады. Содан кейін ішекке тығып, екі басын біріктіріп байлайды. Содан соң сырыққа немесе жіпке 8-10 сағат іліп, жел қақтырады.

Қарта – жылқы етінің ең кәделі мүшелерінің бірі. Жылқы сойғанда ең алдымен қартаны ішіндегісінен босатып, айналдырады да, салқын суға жуып тазалайды. Содан кейін оның ішіне майлы еттерді тығады. Етті дәміне келтіру үшін тұздайды, бұрыш сеуіп, пияз турап қосады.

Қуырдақ – жаңа сойылған малдың өкпе-бауырынан, мойын, төстік етінен, жүрек, бүйрегінен, сондай-ақ ішек-қарыннан ұсақтап турап әзірленетін тағам. Ол үшін қазанға іш майды немесе құйрық майды турап салып шығғырып алады да, алдымен үстіне туралған өкпе, жүректі, ішек-қарынды, мойын, төстік, еттерін салып, қазанның отын қатты жағып 15-20 минут қуырады. Содан кейін бауырды салып, үстіне пияз, бұрыш қосып, әбден піскенше қуырады. Тұзды татымына қарай салады.

Сүт тағамдары. Айран – сиырдың, қойдың, ешкінің пісірілген сүтінің бетіне жиналатын маңызы (майлы құрамы).

Қойыртпақ – қатық, айран, т.б. сусындарға сүт қосып ішетін тоқ сусын. Оны жолаушылар торсыққа құйып, қанжығаларына байлап жүрген. Қажығадағы қойыртпақ көп шайқалады. Соған орай қанша ашыса да, ашуы білінбейді.

Құрт – малдың сүттен дайындалатын ұзақ уақыт сақтауға арналған тағам.

Қымыз – биенің сүтінен дайындалатын денсаулыққа шипалы әрі жұғымды сусын. Қымыз – қазақ халқының ұлттық тағамдарының ішіндегі ең құрметті дастарқан дәмінің бірі. Сары қымыз дертке шипа, денеге күш. Қымыз негізінен жылқы терісінен тігіліп, әбден тобылғы түтінінің ысы сіңген сабада не болмаса ағаш күбіде ашытылады. Қымыз дайындау шеберлігіне, сүттің тегіне, уақыт мезгіліне қарай бірнеше түрге бөлінеді. Осыған орай оның аталуы да алуан түрлі. Оның ең бастылары төмендегілер:

Уыз қымыз – биені алғаш байлағанда ашытылатын қымыз. Мұны бие бау деп те атайды.

Бал қымыз – әбден пісірілген және бойына жылқының не қойдың майы сіңген бапты жұмсақ қымыз. Мұндай қымыздың дәмі әдеттегі қымыздан гөрі сары әрі қою болады.

Бесті қымыз – төрт түн асып, ашуы мейлінше жеткен қымыз.

Дөнен қымыз – үш түнегеннен кейін қотарылатын, мейлінше ашуы жеткен қымыз.

Жуас қымыз – үстіне саумал қосып жұмсартылған қымыз. Қымыз аса ашып кеткенше ішуге қолайлы болу үшін осылай істейді.

Құнан қымыз – екі түнегеннен кейін ғана қотарылатын қымыз. Бұл түнеме қымызға қарағанда күшті болады.

Қысырақ қымыз – бірнеше рет құлындаған құлық биенің сүтінен ашытылатын қымыз. Құлық биенің сүті жылда сауылып жүрген сары қарын мама биелердің сүтіне қарағанда әлдеқайда қуатты болады. Қысырақ қымызды әдетте “ту қымыз” деп те атайды.

Қысырдың қымызы – бие ағытылып кеткеннен кейін, жемшөбі дайын тамдар қысыр биелерді іріктеп алып қалып, қыстай қолда ұстап сауады. Сондықтан, бұл қымызды «қысырдың қымызы» дейді.

Сары қымыз – шөп пісіп, биенің сүті қойылған кезде ашытылатын қымыз. Бұл жаздықүнгі қымызға қарағанда қою әрі өңі сары болады.

Сірге жияр қымыз – бие ағытылар кездегі ең соңғы қымыз. Бие алғаш байланып, уыз қымыз ішерде бір той болса, бие ағытылып, сірге жияр қымызды ішерде тағы бір той болады.

Түнеме қымыз – ескі қымыздың үстіне саумал құйылып, келесі күні (тағы бір түн асқаннан кейін) қотарылған қымыз.

Сары май – сиырдың, қойдың, ешкінің сүтінен алынады. Сары май ірі қараның, не серкенің терісінен тігілген саба, торсықта не болмаса ағаш күбіде дайындалады.

Сүзбе – айраннан немесе қайнаған іркіттен дайындалады. Сондықтан да ол қатық сүзбе, құрт сүзбе деп екіге бөлінеді.

Шұбат – түйе сүтінен ашытылады. Бұл әрі сусын, әрі тағам. Өйткені бие сүтіне қарағанда түйе сүті өте майлы келеді. Оның емдік қасиеті де бар. Шұбатты ашыту технологиясы қымыз ашытуға қарағанда оңай. Өйткені оны бір қорландырып алса, одан әрі ешқандай ашытқысыз аши береді. Қымыз секілді мезгіл-мезгіл пісіп отырудың да қажеті жоқ. Тек кісіге құйып берерде ғана шайқап-шайқап жіберсе, ол жақсы араласып, көпіршігі аздайды. Шұбат құйылған ыдыстың тығынын алып немесе местің пұшпағын шешіп, газын шығарып отыруы керек. Әйтпесе тығынды ұшырып, месті ісіндіріп жібереді.

Ірімшік – сиырдың, қойдың, ешкінің сүтінен қайнатып әзірленетін сүт тағамы. Ірімшік ақ ірімшік, қызыл ірімшік деп екіге бөлінеді.

Қазақтың ұлттық тағамдары – халықтың бай тәжірибесінің нәтижесі ретінде ұзақ ғасырлар бойы қалыпташып, біздің заманымызға дейін жеткен құндылықтар.

§4. Көркем қолөнері

Көркем қолөнерге қазақ шеберлері темір, мыс, қола, алтын, күміс, қалайыны, киізді, ағашты, мүйізді, сүйекті, теріні, былғарыны пайдаланды. Ең алдымен соғыс қару-жарақтарын: садақ, жебе, найза, қылыш, семсер, қанжар, сауыт, дулыға, жыға, қалқан, шоқпар, айбалта, дабыл, дулыға, сырнай, т.б. жасалды. Бұлармен қатар, білтелі мылтық та қолдана білген. “Мақта білтемен от алатын, ... серіппесіз мылтық – білте мылтық атанған, оның оқтығы ұзын, от салатын құндағы бар, оқ-дәріні білтемен тұтатқан. ... Жерге тіреп ататын үш аяғы болған. Ең ұзынын, әрі ауырын “шамқал”, ең алысқа тиетінін “күлдір мамы” деп атаған. Білтелі мылтықтың өзін де, оғын да, дәрісін де қазақтар өзі жасап алған. Оқты қорғасыннан құйып, дәрісін фосфор (селитра) мен күкірттен жасаған.

“Күкіртін терек кемірімен араластырып, селитра орнына ескі бейіттен алған топырақты қосып, оны қазанға салып қайнатқан” – мылтық дәрісі осындай жолмен дайындалған. Оқ жасайтын қорғасын рудасы Қаратаудан шыққан. Оны арнайы пешке салып қорытып, мылтық оғын әзірлеген. Қазақ шеберлері қолданбалы өнерде төмендегі материалдарды пайдалана отырып, мына құрал-жабдықтарды дайындаған:

Теріден: саба, мес, торсық, шарық, шоқай, тұлып, етік (тастабан етік, ұлтарма етік, саптама етік, т.б.), көрік, оймақ, аба (тері киім), көнек (түйенің мойын терісінен жасалған шелек), сүйретпе, т.б.

Киізден: текемет, сырмақ, туырлық, үзік, түндік, тұскиіз, киізқалпақ, киіз байпақ, көбенек, ат тоқым, т.б.

Ағаштан: шелек, тесек, күбі, керсен, шөміш (ожау), асадал (ыдыс-аяқ қоятын шкаф), саптыаяқ, тостаған, тегене, кереге, уық, шаңырақ, сықырлауық (есік), ер (құранды, қозықұйрық, үйрек бас ер), келі, келсап, адалбақан, құрық, кебеже, арба, күйме, шана, піспек, т.б.; (ағаш шеберлері бұл бұйымдарды жоқты, сықаурын (тез), үскі, ырғақ деген ұсталық аспаптардың көмегімен жасап отырған).

Темірден: балға, балта, ауыздық, шот, сапы, айыр, төс, таға, кісен, кетпен, күрек, қақпан, қайла, тесе, пышақ, бәкі, мылтық, орақ, атауыз, тістеуік, шымшық тұмсық, іскенже, кепсар, шығыршық құрсау, т.б.

Алтын, күмістен: шолпы, шашбау, жүзік, білезік (топсалы білезік, бес білезік), алқа, сырға (қозалы сырға), қапсырма, өңір жиек, шекелік, үкі аяқ, салпыншақ (салпыншақ-үзбелі, салпыншақ-шашақты, салпыншақ-моншақты), тұмарша, бойтұмар, түйреуіш, үзбе-түйреуіш, түйме, кемер белдік, т.б.

Мүйізден: қамшы сабы, шамдал (мүйіз шамдал), шақша, пышақ, қанжар сабы, сырнай, қарықтық, сабаутіс, т.б. жасады;

Асыл тастардан қазақ шебері ақық, лағыл, сапфир, зүбәржат, гауһар, дүр, асыл, опал, сыңғыртас, алмас, пе-

руза, айтас, тыныке, құнтас, сутас, женттас, мәрмәр, жауһар, жақұт, меруерт, інжу, т.б. білді. Асыл тастарға табиғатта сирек кездесетін қымбат бағалы тау жыныстары жатты. Олар түссіз, мөлдір, кейде түрлі-түсті болып келеді. Бұларды металл әшекей бұйымдарға орнатқанда, тек сән үшін ғана емес, асыл тастардың киелілік, шипалық қасиеттері болады деген ұғым да ескеріліп отырған. Айталық інжу көзді шөл басудан, көз сүйелінен, ноғаладан; маржан азғындыққа түсуден; дүр тасы жемсау ісігінен, бұғақтан; құлпырма тас көз тиюден сақтайды деп білген. “Тамақ адал болуы үшін әйел қолында жүзік болуы керек” деген қағида сақталған. Асыл тастар, сонымен бірге, ер-тұрман, қару-жарақ, үй-жиһаздарын әшекейлеп, безендіруге де қолданылған. Бұлармен бірге, шеберлер бір-біріне тізбектелген асыл тастар арқылы жасалған *тамақ, алқа*, зерленіп күміс қапсырмамен әсемделген *тік жаға*, асыл тасты, күміс қапсырмалы *тамақша* деп аталатын сән, рең беретін киім бөлшектерін де ұнастыра жасап отырған.

Қайыс, таспадан жүген, шылбыр, айыл, құйысқан, өмілдірік, ноқта, тартпа (пыстан), тұсамыс, шідер өрді. Арқамшы деген 9-12 құлаш, таспадан өрілген қайыс бұғалық та тұрмыста көп қолданылды.

Кесте тігу қазақ қыздарының аса шеберлікпен орындайтын өнері болды. Кесте жібекке, матаға түсірілді. *Жастық тысы, сүлгі шеттері, аяққап, кесеқап, қоржын, әйел бас киімдері, көйлекке геометриялық пішіндер, гүл-жапырақ, жұлдыз, ай, күн суреттері* берілді. Кілемші қыздар алаша, төсеніш тоқыды. Кілемнің түкті, жолақ, жібек, масаты, мақта, тақыр, қалы кілем деген түрлерін тоқуды білді. Кілем, алаша жіптері қой, түйе жүнінен ұршықпен иірілу арқылы әзірленді. Кілем өрмегін “аспалы өрмек” немесе “кілем өрмегі” деп атайды. Кілемнің бой жіптері жоғарыдан төмен қарай кейде 3, кейде 4 болып тізіледі. Бой жіптермен қатарлас тұратын түк және өрнек жасаушы жіптер қойдың биязы жүнінен, түйе жүнінен бостау иіріледі. Оны кілем тоқушы суыртпақтап отырып, арқау мен бой жіптерге іліп оты-

рып түр, өрнек шығарады. Әдетте түкті кілемді 2-3 шебер қатар отырып тоқиды. Кілем-алашаларға түсірілетін ою-өрнектер алуан түрлі (200-ден астам) болса да, оларды жинақтағанда геометриялық, космологиялық, зооморфтық, өсімдік сипаттас болады. Неғұрлым тән сипаттылары – “айшық гүл”, “жұлдыз гүл”, “қошқар мүйіз”, “күн” өрнектері болып келеді, әр түстің өз мәні болады: қызыл – от, ақ – ақиқат, қуаныш, сары – парасат, қара – жер, жасыл – жастық, көктем нышандарын білдірген.

Әдеттегі тоқу өндірісінің техникасы өте қарапайым болған. Өрнек тоқуда мосы ағашы (көтерме), қылыш, қазық сияқты құралдар қолданылды. Енді бір деректерде өрмек жабдықтарының қазық, жүгіртпе, арқау, есіп сабау, адарғы, қылыш, күзу қазығы, күзу арқалығы, күзу шабығы, бақылау жібі, күзу көтермесі деген аспаптары болған. Мұндай қарапайым тоқу әдісі көп еңбек, көп уақыт керек еткен. Дегенмен, тоқылып шыққан бұйымдар мейлінше жатық және берік болған.

Қазақтың шебер әйелдерінің қолынан шыққан киіз бұйымдары өте әдемі ою-өрнегімен, мейлінше сапалылығымен ерекшеленген. Ою-өрнекті киіз бұйымдары текеметтер, тұскиіздер, сандыққаптар, әбдіреқаптар, қоржындар, сырмақтар көшпелі қазақтардың тұрмысында кеңінен қолданылған. Сонымен қатар, қой және түйе жүнінен тоқылған түрлі түсті бояулар, басқұрлар, белбеулер, әдемі тоқыма кілемше-алашалар, түкті кілемдер, ат жабулар, т.б. бұйымдар қазақ киіз үйінің сәнін келтіріп, үй-ішінің тұрмыстық дәрежесінің деңгейінен хабардар етіп тұрған. Қазақтың ұлттық ою-өрнегі көпмағыналы және әрқайсысының өз аты бар. Қазақтың ою-өрнегінің көптүрлілігі және көпсалалығын ескере отырып, олардың барлығының да мүйіз тәріздес ою-өрнектен бастау алатынына назар аударған жөн. Аталған кезеңде ою-өрнектерді кез келген қазақ отбасында текеметтерден, алашалардан, тұскиіздерден, сандыққаптардан, сырмақтардан, т.б. киіз және жүн бұйымдарынан кездестіруге болатын. Ою-өрнектердің мынадай түрлері болған: *қошқармүйіз, сынықмүйіз, бұғымүйіз, сыңармүйіз.*

Ашатұяқ, құсмұрын, құс қанаты сияқты ою-өрнектері өз басын сонау “аң стилі” басым болған сақ дәуірінен алатыны күмәнсіз. Таяу Шығыс көркемөнерінің ықпалымен пайда болған *әсемдік ою-өрнегін* де сол кезеңге жатқызуға болады. Ол ою-өрнектердің құрамында *жапырақ, үш жапырақ, шиыршық, гүл* болды. Ежелгі геометриялық әуендер – *тұмарша, ирек, тарақ, сүйір, балдақ, құрмақ*, т.б. ою-өрнектерден үш мың жыл бұрын өмір сүрген малшылар өнерінің ізін байқауға болады. Күн және аспанды дөңгелек бейнелесе, дүниенің төрт бағытын төрт құлақ, күннің нұрын – шұғыла ою-өрнегі сипаттады.

Кейбір ою-өрнектердің мағынасына ежелгі нысандар енгізілді. Қошқармүйіз және ашатұяқ малшының материалдық байқуаттылығын бейнеледі. Егер оның киімі түйетабан оюымен безендірілсе, ол киімі алыс жолға арнап тігілді деген сөз еді. Егер бір адам екінші адамға бақыт, бостандық және тәуелсіздік тілесе, оған құсмұрын, құсқанат белгілері бар зат сыйлаған.

Қазіргі кезде де “құсқанат”, “құсмұрын” бейнеленген “шынжырлы білезіктер” мен “құсмұрын жүзіктерді” тағып жүрген әйелдерді кездестіруге болады. Ою-өрнекті көркемөнер қазақтардың ғасырлар бойы тұрмысын және рухани жетістіктерін анықтап отырды.

§5. Көшпенділер өркениеті

Қазақстанның ауа райы жағдайлары қазақтардың шаруашылық, әлеуметтік өмірін ұйымдастыруға тікелей әсерін тигізді. Қазақстан аймағының басым көпшілігін шөлдер мен шөлейттер алып жатқандықтан, қазақтарға бірден-бір ыңғайлы әрі қолайлы шаруашылық түрі болып көшпелі мал шаруашылығы 3 мың жыл бойы қала берді.

Қазақтардың көшпелі мал шаруашылығы қоршаған ортаға, ауа райына, жайылым мен су жағдайларына ыңғайластыра жүргізілді. Қазақ жұртшылығының шаруа-

шылық өмірінде көшпелі мал шаруашылығы шешуші рөл атқарып, оның бүкіл тыныс-тіршілігінің ең басты негізгі болып табылды. Көшпелі мал шаруашылығы қазақтар үшін тек тамақ асыраудың ең басты жолы болып қана қоймай, олардың барлық материалдық және рухани құндылықтарын анықтайтын факторға айналды.

Көшпелі әлемнің басты ерекшеліктерінің бірі – бүкіл қоғамға әскери сипаттың тең болуы. Әрбір көшпелі туа біткен жауынгер, құралайды көзден атқан мерген, аттың құлағында ойнаған шабандоз болғандықтан, көшпелілердің орасан зор қолдарының болуы ешкімді де таңдандырмаған.

Көшпелілер кез келген уақытта ер адамдарды өз араларынан шаруашылықтан босатып, әскер қатарына жіберіп отырған. Кәмелетке толған әрбір жасөспірім дайындалған жауынгер болды. Бұған жас ұрпақты мақсатты тәрбиелеу жүйесі, әскери жаттығулар, әскери-спорттық жарыстар, жалпы көпшілік болып жабыла аң аулау, әскери қимылдарға үнемі қатысу әсер етті.

Діни сенім-нанымдарда, көркемсурет және зергерлік өнердегі “аң стилінде”, халық ауыз әдебиетінің батырлар жырларында әскери өнерді мадақтау айқын көрініс тапты. Тіпті, қолданбалы өнерді, ең әуелі қару-жарақты әсемдеуге ерекше көңіл бөлінді.

Қазақтың ежелгі замандарда қалыптасқан ауыз әдебиетінде, ертегілер мен батырлар жырларында “толарсақтан саз кешіп” ел қорғаған батырлардың ерлік істері мадақталып, халыққа үлгі етілді. Сонау ноғайлы заманынан ғасырлар қойнауынан келіп жеткен бұл жырлардың кейіпкерлері Ер Тарғын, Ер Қарасай, Қарасай-Қазы, Орақ-Мамай, Алпамыс, Қарақыпшақ Қобыландылар көшпелі халықты мұң-мұқтажын жоқтаған, оны сыртқы жаулардан қасықтай қаны қалғанша қорғаған қас батырлар еді.

Көшпенділік – шаруашылық өмірдің ерекше бір түрі және соған байланысты қалыптасқан тұрмыс-салттар жүйесі. Қазіргі Қазақстанның аумағы көшпелі мал шаруашылығы біздің д.д. 1-мың жылдықтың басында

қалыптасқан еуразиялық аумаққа кірген. Б.д.д. 1-мыңжылдықтың ортасында мал шаруашылығының үш типі қалыптасады: көшпелі мал шаруашылығы (Батыс және Орталық Қазақстан), жартылай көшпелі мал шаруашылығы (Жетісу және Шығыс Қазақстан) және отырықшы мал шаруашылығы (Оңтүстік Қазақстан).

Әрбіреуінің өз сипаты және көшу кеңістігі (3 мың км-ге дейін), мал шаруашылығының түрлі-түрлі салалары қалыптасқан. Қазақстандағы тарихи-мәдени бірізділік пен ежелгі және соңғы ұрпақтар арасындағы байланыс елді сол кезеңде мекендеген тайпалар мен ұлыстар арасындағы әлеуметтік-экономикалық қатынастар жиынтығының нәтижесі болып табылады.

Сақтардың, үйсіндердің, қаңлылардың, оғыздар мен қарлұқтардың, қимақтардың, қыпшақтардың, моңғолдардың және т.б. материалдық және рухани мәдениеті қазақтар мәдениетінің негізін құрады. Бұл генетикалық тін қазақтар тұрмысында жалғасын тапты.

Көшпенділер мәдениетінің өз нысандары болды. Ол нысандар көшпенділердің өздерін қоршаған ортаға, әлемге, өмір салтына деген философиялық көзқарастарынан туындады. Әлем мен тұрмыс философиясы бір-бірінен бөлектендірілмей, бірлестіре қарастырылды. Әрбір нәрсенің, заттың өз мәні, мағынасы, философиялық анықтамасы болды. Қазақтар тұрмысынан адам мен ғарыш арасындағы байланыс анық көрініс тапты. Адам мен ғарыштың бірлігі өмір бастамасымен, бабалармен байланыстың көрінісі ретінде санаға сіңірілді. Қазақтардың осындай ұғымдарымен аға буынды сыйлау және бабалар рухына табыну байланысты болып табылады.

Көшпенді қазақтардың әлемдік өркениетке қосқан зор үлесі – олардың XI ғасырдан бастап қолданған киіз үйлері.

Қазақтардың киіз үйінің құрылысы көптеген нысандық рөл атқарған. Шеңбер тәрізді киіз үй әлем мен ғарыш арасындағы байланысты бейнелеген.

Қазақтар мәдениетіне тұрмыстың төртмәнділік жүйесі тән болған: айдың төрт жолы, дүниенің төрт бағыты, төрт зілзала.

Қазақ қоғамының шаруашылығы, тұрмыс-салты адамдар арасында демократиялық қарым-қатынастардың берік орнығуына ықпал еткенін атап өткен жөн.

Көшпелі мал шаруашылығы және оған байланысты көшпенділік өмір қазақ халқының салт-дәстүрлері мен тіл жөнінен біртұтастығын қамтамасыз етуге жағдай жасады. Өйткені қысы-жазы төрт түлік малға жайлы қоныс іздеп шарқ ұрып көшіп-қонып жүрген қазақтарға ағайындық, туысқандық қатынастардың берік орнығуы игі нәтижелерге қол жеткізді. Тек осындай ынтымақтық пен туысқандықтың, сондай-ақ басқа түскен қиындықтарды бірге көтерудің арқасында көшпенді қазақтар табиғаттың тылсым күштеріне төтеп бере алды. Олар қақаған аяздар мен түтеген борандарда мал басын аман алып қала білді.

Қазақтар қой, жылқы, сиыр, ешкі және түйе өсірген. Маңыздылығы жөнінен бірінші орында қой өсіру тұрды. Еті мен сүтін тамаққа пайдаланса, жүнінен киіз, алаша, текемет, кілем тоқып, жіп өрген. Қойды әуелде ақша орнына айырбас саудаға пайдаланған. Қазақ қойлары Орта Азия және орыс мемлекетінің базарларында үлкен сұраныстарға ие болып, мыңдап, он мыңдап сатылып отырды.

Қазақстанда әрбір облыстардың өзіне тән қой тұқымдары өсірілді. Көбіне қазақтың құйрықты қойы белгілі болды. Қазақ қойлары, өсірілген аймақтарына қарай еділбай, адай, зайсан, жетісу қойлары болып бөлінді.

Төрт түлік мал ішінен қазақтар жылқы малын ерекше қастерлеген. Қазақ жылқылары аудандарына қарай адай, батыс қазақстандық, жетісулық және найман жылқысы болып бөлінді. Жылқыларды қазақтар сыртқы пішініне, жүрісіне, қасиетіне қарай қазанат, жорға, жабы деп бөлген. Батырлар мінетін жылқы малына халық арғымақ, тұлпар, сәйгүлік тәрізді ат беріп, ерекше қастерлеген.

Қазақтар жылқы және қой малдарымен қатар, түйе, сиыр, ешкі малдарын өсіруге де ерекше мән берген.

Жануарлар нысандары. Қазақ өзінің әлеуметтік тұрмысын төрт түлік малсыз: жылқы, түйе, қой және сиырсыз көз алдына елестете алмаған. Сондықтан да қазақ амандасқанда, ең әуелі “мал-жан аман ба?” деп сұрайтын болған. Оның мәнісі: қазақ үшін мал жай ғана мал емес, бүкіл тіршілігінің көзі, мал болмаса, оның күні қараң, малсыз ол өмір сүре алмайды, сондықтан да қазақ малды әрқашан өз өміріндегі құндылықтар арасында бірінші кезекке қоятын болған.

Ғасырлар бойы қалыптасқан қазақ халқының түсінігінше төрт түлік мал дүниенің төрт бағытын, адамның төрт мінезін, төрт бағытты: жоғары-төменді, оң мен солды бейнелеген. Төрт түлік малдың ең қасиеттісі болып жылқы саналған. Ол жоғары дүниенің нысанын, даналық әлемін, бабалар әлемін бейнелеген. Қазақтардың осынау түсінігі бала туу, үйлену және жерлеу дәстүрлерінен айқын көрініс тапты. Ат – ақыл-ойдың нысаны, жоғары әлем нысаны, сондықтан ол адамды о дүниеге кетерде бірге шығарып салуы қажет деп санап, жылқыны иесімен бірге жерлейтін болған. Сый-сыяпат, кәделі жерлерде, құдалықтарда халық ер-азаматтарға ат мінгізіп, шапан жапқан.

Жылқы құлын, жабағы, тай, құнан, байтал, дөнен, құлық, бесті бие, ат, сәурік, айғыр деп ажыратылады (С.Кенжеахметов).

Көшпенділер түйе малын өсіруге де ерекше мән берген. Ол түсінікті де. Түйе – өте көнбіс, мықты жануар. Көшпенділер қоныстанған Еуразияның орасан зор кеңістігін алып жатқан шөл және шөлейтті аймақтарда бір аптаға дейін су ішпей, қомына орасан ауыр жүкті артып алып, мыңқ етпей жүре беретін түйеден басқа жануарды іздеп табу қиын. Ал оның дәмі тілдің ұшын иіретін, хош иісті, шипа болатын, тоқтығы, тамақтығы керемет шұбатын қайда қоясыз?

Қазақстанның солтүстігі мен шығысынан басқа аймақтарында түйенің екі түрі – қос өркешті (бактриян) және бір өркешті түйе өсіріледі.

Түйе малы жасына және жынысына қарай бота, тайлак, буыршын, науша, інген, атан, бура деп, қасиетіне қарай мая, желмая, нар, аруана, жампоз, қоспақ, үлек, т.б. болып бөлінеді.

Қой қозы, марқа, тоқты, бағылан, тұсақ, азбан, ісек, саулық, қошқар болып; ешкі лақ, туша, бөрте, шыбыш, серке болып жіктеледі.

Сиыр жасына қарай былай аталады: бұзау, баспақ, торпақ, тана, тайынша, қашар, құнажын, дөнежін, сиыр, өгіз, бұқа.

Халық ұғымы бойынша әрбір малдың өз иесі болған, мысалы: түйенің иесі, пірі – Ойсылқара, жылқының пірі – Қамбар ата, сиырдың пірі – Зеңгі баба, қойдың пірі – Шопан ата, ешкінің пірі – Шекшек ата аталған. Бұл түсініктер мен аңыздар бізге ғасырлар қойнауынан, сонау көне түріктер заманынан, одан кейін ноғайлы кезеңінен келіп жеткен деуге негіз бар. Олай дейтініміз, Қазақстан мәдениетінің “аспан астындағы мұражайы”, 362 әулиенің отаны саналатын Маңғыстау өңірінен табылған қорымдық-қауымдық тас ескерткіштер арасынан төрт түлік мал түрлерінің тас мүсіндерін де, тасқа ойылып, қашалып салынған суреттерін де көптеп кездестіреміз. Олардың арғысы XI ғасырдың, бергісі XVIII-XIX ғасырдың туындылары.

Мал шаруашылығының қыр-сырын жете меңгерген көшпенділер мал өнімдерін тұрмыстық салада молынан қолданды. Жылқы сүйегін өңдеп, қобди сандықтар бетін өрнектеді. Күзеп алған мал жүнінен мықты арқан есті. Сиыр мүйізінен тарақ, тақта жасады. Қой жүнінен киіз, текемет басып, кілем, сырт киім тоқыды, түйе жүнінен шекпен, кеудеше, шұлық тоқылды.

Сөйтіп, көшпелілер өз тұрмысында мал баласын ерекше қастерлеп, оның басын көбейтуге, қамқорлап-бағуға барынша күш-жігерлерін салып отырды.

Көшпелілер өмірі және тұрмысының өз мәні мен сәні болды. Олар көктеуге, жайлауға, күзеуге, қыстауға көшу сәттерін асыға күтетін болған. Себебі көшпелілер көбіне шағын ауыл-ауыл, ру-ру болып томаға-тұйық өмір

кешкен. Ал көшіп-қонудың нәтижесінде оларға бір-бірімен көрісудің, амандасудың сәті түсті, көбіне жылап көрісетін болған. Мүмкін қазақ халқының ұлттық ерекшеліктерінің бірі – қонақжайлығының сыры да осымен байланысты болар. Өмірлерінің көп бөлігін табиғат-анамен, төрт түлік малмен бірге өткізген қазақтардың тұрмысын, мінез-құлқын ұлы суреткер Абай өзінің атақты “Жаз” атты өлеңінде былай суреттеген:

Жаздыкүн шілде болғанда,
Көкорай шалғын, бәйшешек
Ұзарып өсіп толғанда;
Күркіреп жатқан өзенге
Көшіп ауыл қонғанда:
Шұрқырап жатқан жылқының
Шалғыннан жоны қылтылдап,
Ат, айғырлар, билер
Бүйірі шығып, ыңқылдап,
Суда тұрып шыбындап,
Құйрығымен шылпылдап,
Арасында құлын-тай
Айнала шауып бұлтылдап.
Жоғары-төмен үйрек-қаз
Ұшып тұрса сымпылдап.
Қыз-келіншек үй тігер,
Бұрала басып былқылдап,
Ақ білегін сыбанып,
Әзілдесіп сыңқылдап.
Мал ішінен айналып,
Көңілі жақсы жайланып, –
Бай да келер ауылға,
Аяңшылы жылпылдап.
Сабадан қымыз құйдырып,
Ортасына қойдырып,
Жасы үлкендер бір бөлек,
Кеңесіп, күліп сылқылдап.
Жалшы аңдыған жас бала
Жағалайды шешесін:
Ет әпер деп қыңқылдап.

Көлеңке қылып басына,
Кілем төсеп астына,
Салтанатты байлардың
Самаурыны бұрқылдап.
Білімділер сөз айтса,
Бөйгі атындай аңқылдап,
Өзгелер басын изейді,
Әрине деп мақұлдап.
Ақ көйлекті, таяқты
Ақсақал шығар бір шеттен:
Малыңды әрі қайтар деп,
Малшыларға қаңқылдап.
Бай байғұсым десін деп,
Шақырып қымыз берсін деп,
Жарамсақсып, жалпылдап.
Шапандарын белсенген,
Асау мініп теңселген,
Жылқышылар кеп тұрса,
Таңертеңнен салпылдап.
Мылтық атқан, құс салған,
Жас бозбала бір бөлек
Су жағалап қутыңдап.
Қайырып салған көк құсы,
Көтеріле бергенде,
Қаз сапырса жарқылдап.
Өткен күннің бәрі ұмыт,
Қолдан келер қайрат жоқ,
Бағанағы байғұс шал
Ауылда тұрып күледі,
Қошемет қылып қарқылдап.

Қазақ оюлары нысандар ретінде. Қазақ халқының асыл мұрасы, үлкен өнерінің бір түрі – қолөнер туындылары. Қолөнер бұйымдарын жасауда шеберлер артына көптеген мұра қалдырып кеткен. Халық таланттары қолөнер жұмыстарына биік талғаммен қарап, қолданылатын орнына қарай өзіндік нақыштарын дәлме-дәл таба білген.

Ою тарихы – адамзат тарихы, адамның қоршаған ортаны тануына, сана-сезімнің жетілуіне, эстетикалық тәрбие алуына, ұрпақтан-ұрпаққа асыл мұралар қалдыруына үлкен үлес қосатын өмірмен өзектес.

Ою – нағыз шежіре. Ғасырлар бойы ата-бабамыздың тарихын шашау шығармай, бүгінге дейін жеткізген өнерінің бірден-бір куәсі. Кейінгі ұрпақ осы оюлар арқылы мыңдаған жылдар желісіндегі тіршіліктің тынысын, адамзаттың әдет-ғұрпын, мәдениетін, кәсібін, оның бастан кешкен барша қайғы-мұңы мен таңдай қақтырар, тамсантар дәуір мен гүлденген шағын, табиғаттың мың құлпырған бояуын және жан-жануарлар дүниесін танып біледі. Сондықтан да ою өнеріне жай кездейсоқтықтан туған нәрсе деп қарамай, оған көп көңіл бөліп, ұрпақтан-ұрпаққа жалғастыру – борышымыз. Өйткені, бүгінгі өнердің бастау бұлағы сол өнерден сусындап, содан нәр алып отыр емес пе?

Қазақ халқының арасында дамыған қолөнер салалары – киіз басу, тоқыма тоқу, күнделікті тұрмыста басты орын алады. Ою-өрнекті киіз басу, әсіресе, ерекше ұлттық өрнектермен тоқылған алаша, сырмақтар, қолдорба, қоржындар жасау жоғары дәрежеге жетті. Қазақтың ұлттық қолөнер туындылары көрнекті бұйымдары кеңбайтақ қазақ даласынан әрі асып, тіпті шетелдерге де әйгілі болды. Ұлттық оюдың адам баласына тигізер үлкен әсері бар. Ол адам ойын бір жүйеге келтіреді, сондай-ақ жүйке қызметін реттеп, ашуды, қайғыны басуға ықпал етеді.

Қандай ою-өрнек болмасын кездейсоқ жасалынбайды, сол себепті де оған шығармашылық туынды ретінде қарау қажет. Ою-өрнекте адамның ой-арманы мен қиялы тоғысып жатады. Мысалы, халық шеберлерінің қолынан шыққан қолдорбаға назар аударыңыздаршы. Жіті қараған адам дөңгелек, ілгек, төрт құбыла, үшбұрыш пішіндер мен таңбаларды көрер еді.

Енді сол таңбалардың мәніне тоқталайық. Дөңгелек, бұл адам баласының әлем ғылымы ұғымынан туған, әлем кеңістігінен алынған ай, күн, жер негізі. Ежелден қазақ

халқы айға, жерге табынғаны мәлім. Мысалы, “ескі ай есірке, жаңа ай жарылқа”. Шеңбер (дөңгелек) – үзілмес бағыт, мәңгіліктің нысаны. Шеңбер арқылы ата-бабаларымыз ұрпағының үзілмес мәңгілікке жалғасатынына сенді және солай болып та келеді.

Қазақ оюындағы ілгекке ұқсас белгі – “өмір жолы”. Адам баласы дүниеге келгеннен кейін дөңге де шығады, ойға да түседі. Мұның өзі адам баласының өмірі ешуақытта тақтайдай жазық емес екендігін айна-қатесіз дәлелдейді. Ағартушы Мәшһүр Жүсіп Көпеев айтқандай “бұл дүние – бір күн базар, бір күн мазар”.

Ою-өрнектерде квадраттық (шаршылық), төртбұрыштық элементтер көп кездеседі. Оның да мәні бар. Төрт құбыла – дүниенің төрт бұрышы. Атам қазақ дүниенің қай бұрышында жүрсе де, амандық тілеумен өткен. Ал үшбұрыш (тұмар) ұғымына келсек, жер үсті аспан болса, онда үш бұрышымыз аспан, жер, су белгісіне келетін сияқты. “Аспаның ашық болсын, суың таза болсын, денсаулығың мықты болсын” деген тілеулер қазақта көп айтылады. Осындай деректерге сүйене отырып, ұлттық ою-өрнегіміздің өзіндік ерекшеліктері мен қасиеттерін жас ұрпаққа ұғындыра білу, халқымыздың төл өнерін насихаттау – ұлттық парызымыз.

Атбегілік және құсбегілік – көшпенділер тәжірибесі. Көшпенділер өмірі мал шаруашылығымен тығыз байланысты болғандықтан, олардың арасында малды емдеудің шеберлері мен жүйрік аттарды әр түрлі жарыстарға, бөйгелерге дайындайтын атбегілер өсіп жетілген. Әсіресе, атбегілер халық арасында үлкен беделге, сенімге ие болып, бүкіл елдің, тайпаның, рудың абыройын ақтайтын, сәйгүліктерді жарыстарға ерінбей-жалықпай, алдын ала, үлкен шеберлікпен дайындайтын болған. Бұл жөнінде көркем әдебиетте бірқатар мысалдар баршылық. Мысалы, Ілияс Жансүгіровтің “Құлагер” поэмасында ХІХ ғасырдың аяғында Көкшетау өңірінде өткен Сағынай байдың асы туралы, осы асқа Қазақстаннан және көршілес елдерден келген атышулы тұлпарлар мен оларды дайындаған атбегілер жөнінде тамаша суреттел-

ген. Қазақ халқының ұлы ақыны Абайдың “Аттың сыны” өлеңінде:

Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлақ,
Қой мойынды, қоян жақ, бөкен қабақ.
Ауыз омыртқа шығыңқы, майда жалды,
Ой желке, үңірейген болса сағақ.
Жуан, тақыр бақайлы, жұмыр тұяқ,
Шынтағы қабырғадан тұрса аулақ.
Жерсоғарлы, сіңірлі, аяғы тік
Жаурыны етсіз, жалпақ тақтайдай-ақ.
Тығылмай һәм сүрінбей жүрсе көсем,
Иек қағып, еліріп жүрсе әсем.
Шапса жүйрік, мінсе берік, жуан, жуас,
Разы емен осындай ат мінбесем
Аяңы тымақты алшы кигізгендей,
Кісіні бол-бол қағып жүргізгендей.
Шапқан атқа жеткізбес бөкен желіс

Ыза қылдың қолыма бір тигізбей, – дегеніне қарағанда, тұлпарлардың өте сирек кездескендігін, халық айтқандай “мыңнан тұлпар” болатынын байқауға болады.

Көшпелілер өркениетінің тағы бір құндылығы – аңшылық және құсбегілік. Ең алдымен, аңшылық-саятшылық көшпелілер үшін күнкөріс, тіршіліктің өзекті бір саласы болып келген; сондай-ақ ол әскери жаттығудың, шынығып-шыңдалудың тамаша үлгісі болған.

Ел ішіндегі ит жүгіртіп, құс салған, қақпан-тұзақ құрып, тор жайған жалғыз-жарым аңшылықты айтпағанда, көшпелілер арасында бүкіл ру-тайпа болып қотарыла көтерілетін, сөйтіп байтақ өңірді қаумаласа сүзетін аңшылық дәстүрлері болған. Мұндай жойқын аңшылықтың із-сорабы, белгі-айғағы ретінде Үстірт үстіндегі “Құпия сызық” деп жүрген әйгілі қалта ауыз ұра қазбаларды, кезінде Шоқан Уәлиханов таңдана жазған, күні бүгінге дейін ізі сайрап жатқан Іле өзені мен Тарбағатай арасындағы ұраны да айтуға болады.

Қазақ аңшылары өзінің тәлім-тәрбиесінің арқасында аңшылық-саятшылық үшін жүйрік ат, қыран құс, құмай тазы сияқты жан-жануардың тілін таба баптап,

қалауына көндіре алған. Осылардың ішінде қыран құстарды баптаудың ғасырлар бойы жинақталған мол тәжірибесін шын мәнісіндегі әрі өнер, әрі терең біліктілік десе де болғандай.

Қазақ арасында аңшылықтың кең тараған түрі – бүркітпен аң аулау, бүркіт ұстап саятшы болу, аңшылыққа ден қою. *Бүркіт* деп қазақ аңшылары жыртқыш құстардың ішіндегі аса тектісін, адам қолына тез үйренгішін атаған. Сонымен бірге қайратына сай қырандылығы, жүректілігі, қиырдағыны тез байқағыш, сезгіштігі де өзге құстарға қарағанда бүркіттің ерекше қасиетін көрсетеді.

Қазақ құсбегілері ұстаған бүркіттердің «Алтайдың ақиығы», «Қарағайдың қызыл балақ сарысы» немесе «Қанішер қара», «Түменнің сары құсы» деп аталуы да бүркіттің ерекшелігіне қарай қалыптасқан ұғым.

Қазақ құсбегілері қолындағы құстың мекен-жайына, мінезіне, әлді-әлсіздігіне, алғырлығына, сырт бітіміне қарай ат қояды. Мәселен, «Ақшегір», «Күйшіл», «Күн табан», «Шүңірек», «Кекшіл», «Садақ сан», «Ақиық», «Қанды балақ», «Шәулі», «Сарсүмбі», т.б. Қазақ құсбегілері бүркіт атын жасымен де атайды: бір жас – балапан құс, екі жас – түбіт, үш жас – тірнек, төрт жас – тастүлек, бес жас – мұзбалақ, алты жас – көктүбіт, жеті жас – қана, сегіз жас – жаңа, тоғыз жас – майтүбіт, он жас – барқын, он бір жас – баршын, он екі жас – шөгел, осылайша он бес, жиырма жасқа дейін атала береді.

Дұрыс баулынып, жақсы бап көрген бүркіт түлкі, қарсақ, қоян алады. Ал, кейбір өжет қырандар қасқыр, киік, арқарға да түседі.

Арқа құсбегілері ителгіге қоян, үйрек алдырса, Сыр бойының құсбегілері қырғауыл, құр, шіл, кекілік алдыратын болған.

Құсбегілер лашынды жоғары бағалаған. Сұңқар тұқымдастарының ішінде ақ сұңқарды сиректігі үшін мәртебе көріп, қолға түсіруге құмартса, лашынға қыранның алғырлығы үшін қызығады. Лашын кекті де қомағай құс. Сонымен қатар, қазақтар аң және құс аулау үшін

жыртқыш құстар арасынан сұңқарды, тұйғынды, тұрымтайды қолға үйретіп, пайдаланған.

Қорыта айтқанда, көшпенділердің өмірінде өзге халықтар үлгі тұтатындай көптеген құндылықтар болған.

Оларды қысқаша жүйелейтін болсақ: материалдық мәдениет құрамына кіретін киіз үйлері, көркем қолөнері, ас-суы, шаруашылығы мен аңшылық, құсбегілік тәжірибелері. Рухани мәдениетін құрайтын құндылықтар арасынан әдет-ғұрыптарын, салт-дәстүрлерін, ерекше қонақжайлылығын, халықтың ауыз әдебиеті мен музыка өнерін атауға болады деп есептеймін.

Негізгі ұғымдар мен терминдер:

Қазақтардың XV-XVIII ғасырлардағы материалдық мәдениеті
Архитектуралық ескерткіштер, кесенелер. Жәнібек, Керей, Қасым мазарлары

Маңғыстау, Жезқазған, Оңтүстік Қазақстан ескерткіштері

Қойтастар, Қошқартастар, Сандықтастар

Қазақтың киіз үйі – материалдық мәдениеттің аса көрнекті мұрасы

Ою-өрнектер. Олардың әлем ғылыми үшін мәні. Қазақтың қолданбалы көркем қолөнері. Оның салалары

Көшпенділер

Көшпенділік нысандары

СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР:

1. XV-XVIII ғасырлардағы қазақтың материалдық мәдениетінің қандай салалары болды?

2. Қазақ тұрғын үйінің қандай ерекшеліктері болған?

3. Қазақ киімінің дамуы қалай жүрді? Қандай материалдардан жасалынды?

4. Қазақтың қолданбалы қолөнерінің қандай салалары болған?

5. Әйелдер қандай әсемдік бұйымдарды қолданған?

6. Көшпелілер өмір-тұрмысының қандай ерекшеліктері болған?

§6. XV-XVIII ғасырларда рухани мәдениеттің дамуы

Қазақтардың ауыз әдебиеті. Қазақтың ауыз әдебиетінің қазынасы ұшан-теңіз. Ол қазынананың құрамына ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа ауызекі жеткізіліп отырған батырлар жырлары, аңыздар, әпсаналар, ертегілер, шешендік сөздер, нақылдар, мақалдар, мәтелдер, махаббат жырлары, салттық әндер, жарапазандар, қоштасу жырлары, т.б. кіреді. Бұлардан басқа әр түрлі эпикалық, лирикалық толғаулар, дастандар, тарихи әндер біздің заманымызға дейін жетті. Әсіресе, қазақ халқының жат жұрттық басқыншыларға қарсы ғасырлар бойы ерлік күресін бейнелейтін батырлар жырлары кең тарады. Қазақ халық ауыз әдебиетінің аса жоғары дәрежеде болғанын ғасырлар бойы олардың төл жазуынан айрылып қалуымен түсіндіруге болады. XV-XVII ғасырларда, одан кейінгі кезеңдерде халық арасында ауыз әдебиетінің аса көрнекті өкілдері жыршылар, жыраулар, ақындар, шешендер, ертекшілер, т.б. жемісті еңбек етті. Олар өз шығармашылығын дамытумен қатар, өздерінің арттарынан өнерін жалғастыратын шәкірттерін дайындауға ерекше мән берді. Соның нәтижесінде ауыз әдебиетінің асыл мұралары біздің заманымызға шашау шықпастан, жоғалмастан, қаймағы бұзылмаған күйінде жетті. Батырлар жырлары бір ауыздан екінші ауызға, бір ұрпақтан екінші ұрпаққа жеткізіліп отырды. Халықтың арасына кең тараған бұл жырлар уақыт өткен сайын өзгерістерге ұшырап, бірнеше түрге айналып, кейде біреуі екіншісіне мазмұны жағынан ұқсамайтындай күйде жеткен. Ондай жырларға “Қобыланды батыр”, “Алпамыс батыр”, “Қамбар батыр” жырлары жатады.

Қазақ эпосының кейіпкерлері әр түрлі рулардың өкілдері болған. Мысалы, Қобыланды қарақыпшақ, Алпамыс қоңырат, Қамбар ноғайлы руының өкілі болатын.

Басқа халықтардың ауыз әдебиетіне қарағанда қазақ батырлар жырларының ерекшеліктері бар. Жырлардың көпшілігінде басты кейіпкер ата-аналарының қартай-

ған шағында құдайдан сұрап алған жалғыз ұлы болып келеді. Барлық батырлар өте балаң шағында орасан зор, алып күштің иесіне айналады. Қазақ батырлар жырларының екінші ерекшелігі – халықтығы. Халықтың күші бірлікте екендігі батырлар жырларынан мол орын алған. Тіпті, ел басқарушылар тарапынан зәбір көріп, қудаланған Қамбар, ел басына күн туған кезде, сүйген қызы Назымның ауылын қоршаған қалмақтарға қарсы ойланбастан соғысқа аттанады. Ер Тарғын ханның өзіне жасаған озбырлығына қарамастан, жауға қарсы соғысып, оған күйрете соққы береді. Батырлар жыры көбінесе Отанын сыртқы жаулардан қорғау, өз елін басқаларға тәуелді етпеу тілегін қамтиды, сол идеяны берік ұстанады. Бұл жырлардың көпшілігінде, қазақтардың жерін қалмақтардың жаулап алмақшы болуына байланысты, ел намысын қорғауға байланысты үлкен оқиғалар суреттеліп отырады. Мысалы, Қобыландының бар өмірі тек қалың қыпшақ қамы үшін шайқаста өтеді. Қобыландыны да, Алпамысты да, Тарғынды да, Қамбарды да елі сол үшін ардақтаған. Жас ұрпақтарды өз Отанын шын сүйетін патриот етіп тәрбиелеуде батырлар жырының күні бүгін де мәні зор.

Осы кезеңде ауыз әдебиетінің жауһары – лирикалық-эпостық жыр “Қозы Көрпеш – Баян сұлу” жыры дүниеге келген. Ең алғаш бұл жырды зерттеушілердің бірі Шоқан Уәлиханов болды. Г.И.Потанин оны: “Бұл жер жүзіндегі ең қымбат әдебиет мұраларына жататын шығарма”, – деп бағалаған.

Жазба деректер XIV-XV ғасырлардағы әлеуметтік-экономикалық және этникалық-саяси процестердің нәтижесінде, қазақ хандығының құрылғанын баяндайды. “Орыс ханның шөбересі және Ақ орданың билеушісі Барақ ханның баласы Жәнібек пен Керей... өздеріне тәуелді тайпалар топтарын біріктіріп, Монғолстанға көшіп кетеді”. Қазақ хандығының құрылуын Мұхаммед Хайдар Дулати хижраның 870 жылына – 1465-1466 жылдарға сәйкестендіреді. Міне, осы шамада тарих сахнасына шыққан қазақ хандығының түркі тілдес тайпала-

ры өзінен бұрынғы ноғайлы-қазақ мәдениетін, жалғастырушы болды. Осы кезде халық арасында Жиёмбет, Марқасқа, Бұқар, Ақтамберді, Тәтіқара, Үмбетай, Көтеш, Шал, Жанкісі жыраулардың шығармалары кең тарады. Аталмыш жыраулар толғаулары ноғайлы-қазақ жырауларының шығармаларымен астасып, үндесіп жатты. Елін, жерін сүю идеясы, жауынгерлік рух әдебиет өкілдерінің шиыршықтай, барынша шарықтата, иін қандыра жырлаған тақырыбы болды.

“Бөгенбай батыр”, “Қаракерей Қабанбай”, “Олжаш батыр”, “Өтеген батыр”, “Жалаңтөс батыр”, “Райымбек”, “Абылай”, “Олжабай батыр” жыр-дастандарында қаһармандар жат жұрттық басқыншыларға қарсы ерлікпен күреседі. Мұндағы бір байқалатын ерекшелік, бұрынғы батырлар жырындағы сияқты кейіпкерлер “отқа салса күймейтін”, абақты, зынданнан тылсым күштердің жәрдемімен құтылып кете беретін “киелі жандар емес”, оқ өтетін, қылыш кесетін адам болып келеді. Яғни, кейіпкер басынан кешетін оқиғалар өмір шындығына саяды, қатардағы жалшы, жылқышы, аңшының әдеби нанымды ерлік бейнесі жасалады.

Бұл дәуірдегі ақын, жыраулар батырлық жыр шығарып, жыр, толғаулар айтуды ғана қанағат тұтпаған. Олар, сонымен бірге, ауыз әдебиетінің алуан жанрын дамытуға күш салды. Соның ішінде тұрмыс-салтқа байланысты жырлар, мақал-мәтелдер, ертегілер, ғашықтық жырлар шығарды, әрі оларды мазмұн, көркемдік жағынан жетілдіріп, толықтырып отырады.

XV-XVIII ғасырлардағы елдің әлеуметтік тіршілігі, халық тағдыры, арман-мұраты Асанқайғы, Қазтуған, Шалкиіз, Доспамбет, Жиёмбет, Ақтамберді, Үмбетей, Бұқар жыраулардың поэзиясынан көрініс тапты. Асан өз заманының асқан ақылгөйі. Асан қайғы туралы халық аңыздары оның желмаяға мініп, еліне шұрайлы, жайлы қоныс, шүйгін жер – “жер ұйықты” іздеумен өмір кешкен халық қамқоры екенін танытады. Аумалы-төкпелі заманның перзенті, өз халқының тағдырына, болаша-

ғына жаны ашыған ақынның мына өлеңі, оның дүниаяуи көзқарасын аша түскендей:

Құйрығы жоқ, жалы жоқ,
Құлан қайтып күн көрер?!
Аяғы жоқ, қолы жоқ,
Жылан қайтып күн көрер?!
Құлажың құстың құлы еді,
Тышқан жеп жүнін түледі.
Аққу құстың төресі,
Ен жайлап көлді жүр еді.
Көлде жүрген қоңыр қаз,
Қыр қадірін не білсін?!
Қырда жүрген дуадақ,
Су қадірін не білсін?!
Атадан алтау тудым деп
Асқынып жауап айтпаңыз.
Алғаным асыл ару деп,
Күн шығарып жатпаңыз.

“Қарға бойлы” Қазтуған жырау (XV ғ.) өзін “Айдаса қойдың көсемі, сөйлесе қызыл тілдің шешені”, “Буыршынның бұта шайқар азуы”, “Бидайықтың көл жайқалған жалғызы” деп таныстырады. “Қайранда менің, Еділім” деп жырлаған жыраудың жырларының арқауы – туған елі, кіндік кескен, кір жуған жері. Оны ақын тебірене жырға қосады. Ел бірлігі, туған жерді жат жұрттық басқыншылардан қорғау – XV-XVI ғасырларда өмір сүрген әйгілі жыраулар Доспамбет, Шалкиіз, Жиёмбет, Ақтамберді жырларының басты тақырыбы және арқауы. Бұл жыраулар өз Отанын қорғауға тек уытты жырларымен ғана емес, білектерінің күшімен, ақ найзаның ұшымен үлес қосқан.

“Ханға қарсы тұрам деп” елінен айдалған батыр Жиёмбет:

Қайрылып қадам басарға
Күн болар ма екен мен сорға
Өзен, Арал жерлерім?
Қиядан қолды көрсеткен
Төбеңе шығар күн бар ма,

Жотасы биік Дендерім?! –

деп шер төгеді, соларды бір көруге армандайды.

Ақтамберді жырау ойраттармен арадағы соғыста өзінің асқан ерлігімен де, жалынды жырымен де көзге түседі, қазақ жерін жаудан аман алып қалуда ерен қызмет көрсетеді.

Жаманға біткен теректің,
Еңсемнен жел соқса да теңселмен.
Қарағайға қарсы біткен бұрақпын,
Балталасаң да айырылман,
Сыртым – құрым, жүзім болат
Тасқа да салсаң майрылман! –

деген жолдардан оның ерлік, батырлық қасиетін әрі қайсар мінезін қапысыз танимыз.

Жырау: “Күмбір-күмбір кісінетіп” деген толғауында:

Әділ туған жақсыға
Екі даугер жүгінер.
Тізесін қисық бұрмаса,
Әділдігі білінер, –

деп ер-азамат бойынан қара қылды қақ жарған, теріске бұрмас әділдікті, жоғары адамгершілікті көргісі келген.

XVIII ғасырда өмір сүрген әйгілі жыраулар Үмбетей мен Бұқар шығармалары ғибрат, үлгі-өнегеге толы. Үмбетей жырау “Бөкеге”, “Жауқашарға” өлеңдерінде жаман қылықтан сақтандырған, жақсы қылыққа, адамгершілікке, адалдыққа үндеген. “Бөгенбай өліміне”, “Бөгенбай өлімін Абылай ханға естірту” атты толғауларында ол Бөгенбай бастаған халық батырларын дәріптеген. Халық ауыз әдебиетінің аса көрнекті өкілі Бұқар жырау Қалқаманұлының шығармашылығы – тақырыбының сан алуандылығымен ерекшеленеді. Солардың ішінде қазақ халқын жауға қарсы жұмылдыру, елдің бірлігін сақтау, жердің тұтастығын қамтамасыз ету, қаһарлы жаулардан қорғау жолында қисапсыз еңбек сіңірген Абылай хан туралы жырлары мен толғаулары тек соңғы кезеңде ғана өзінің әділ бағасын ала бастады.

Ол түсінікті де. Кешегі Кеңес өкіметі жылдарында Абылай да, оның немересі Кенесары да Қазақстан тарихының реакцияшыл қайраткерлер санатында болып, олардың тарихи қызметі мүлде теріс тұрғыдан сипатталып келген еді. “Ей, Абылай” деген өлеңінде жырау:

Қырық беске келгенде
Жақсы мен жаман демедің.

Елу жасқа келгенде,
Үш жүздің баласының

Атының басын бір кезеңге тіредің, –

дейді. Енді бірде “Үш жүздің басын құрадың” – деп Абылайды Жоңғар қалмақтарына қарсы күресте елге басшылық еттің, оның азаттық жолындағы күресінің ұйымдастырушысы, қолбасшысы болдың деп мақтайды.

Қорыта айтқанда, XV-XVIII ғасырларда өмір сүрген ақындар, жыраулар, жыршылар шығармашылығы қазақ ауыз әдебиетінің дамуына, өркендеуіне өлшеусіз үлес қосып, қазақ елінің ерте феодалдық дәуірінен XIX ғасырға дейінгі кезеңінің арасындағы рухани “алтын көпірдің” рөлін атқарды.

Қазақ ауыз әдебиетінің құнарлы саласының бірі - тұрмыс-салтқа байланысты шығармалар. Бұл жанрға жататындар, әдебиет зерттеушілердің жүйелеуіне қарағанда өз ішінен: а) Төрт түлік мал туралы; ә) Үйлену салтына орай шығармалар; б) Діни ұғымдарға байланысты және в) Көңіл-күйін білдіретін жырлар болып төртке бөлінеді. Қазақ халқының көне заманнан бергі шаруашылығының негізгі төрт түлік мал өсіру болғандықтан, ол туралы ертең, өлең, жыр, мақал-мәтел шығарып, малдың қоғамдағы рөлін дәріптеуге, оны мадақтауға аса маңыз беріп келген. Ауыз әдебиетінде:

Өңкей мама бие бер,
Сауған сайын иіген.
Биесі бұтын жимасын,
Көнекке сүті сыймасын.
Қотанға сыймас түйе бер,
Түйе берсең, үйе бер.
Қаршылдаған бурасы,
Жалбыраған шудасы.

Көзі жарық жұлдыздай,

Мойны иір қобыздай,

деп, басқа түліктер туралы да осындай өлеңдер шығарып, оған еңбекші халық өз сүйіспеншілігін, мейірін білдіріп отырған.

“Наурыз жыры” – 22 наурыз – ұлыстың ұлы күні есептелетін мерекеде айтылатын өлеңнің де түп мазмұны малдың аман болуы, көктемде тойынып, қолдануына арналған тілектен туады.

Ақ мол болсын,

Қайда барса, жол болсын.

Ұлыс бақытты болсын,

Төрт түлік ақты болсын,

Ұлыс береке берсін,

Бәле-жала жерге енсін!

Қариялар наурызда осылай бата беріп, тартылған өгіз басын жейді. Наурыздың бүкіл халықтық мереке екені ауыз әдебиетінде былай суреттеледі:

Ұлыстың ұлы күнінде,

Бай шығады балбырап,

Қасында жас келіншек,

Тұлымшағы салбырап.

Бәйбіше шығар болпып,

Күндігі, баста қайқиып.

Келіншек шығар керіліп,

Сәукелесі саудырап,

Қыз шығады қалмиып,

Екі көзі жаудырап.

Міне, осылай бүкіл ұлыс болып мерекелейтін бұл күні қыз-бозбала өлең айтысады, алтыбақан тебеді, ат сайыс, теңге ату сияқты әскери-спорттық ойындар өткізіледі, өнер сайысы басталады. Мұндай ойын-сауық түрлері көбіне “Үйлену салтына” байланысты әдет-салттарда да көрініс табады.

Құнан қойын байлатып, сойдырған үй,

Табақ-табақ ет тартып тойдырған үй.

Сәтті күні сәрсенбі той қылыпсыз,

Құтты болсын тойыңыз, той қылған үй! –

деп той бастаса, ұзатылғалы отырған қыз:

Уылжыған ақша бет, қуарсайшы,
Мөлдіреген екі көз, суалсайшы.
Бір жаманға қор болып кеткеніңше,
Өліп қана, қыз сорлы, уансайшы! Жар-жар
деп, өз мұңын шағады. Ауылдан аттанып бара жатып:
Ата-анам еді дәулетім,
Мен жұртыма жау ма едім.
Жат жұрттық боп кеткен соң
Кетер-ау бастан сәулетім!

деп сыңсу айтып қоштасады. Шығарып салып тұрған туыстары:

Жылама бикем, жылама!
Көзіңнің жасын бұлама!
Біз бермейік десек те,
Мал бергенің қоя ма?!

деген сияқты тоқтау, басу айтып, жұбату дәстүрін орындайды. Келін түсірген ауыл жас келінді “Беташар” әнімен қарсы алады. Беташардың алғашқы бөлімі ауыл-аймақты таныстыру мен отауға көрсетілер көмекке арналады. Соңғы бөлігі келіннің феодалдық салт-сана, жол-жоралғыны берік ұстануына, әуелі ибалы болуын ескерткен мазмұннан тұрады. Сөйтіп, “Беташардың” алғашқы бөлімі: “Келін, келін келіп тұр” деп басталса, екінші бөлімі “Айт келін-ау, айт келін” деп басталып отырады.

Діни ұғымдарға байланысты шығармалар көбіне халықтың табиғат құбылыстарына табынуын, оның мейіршапағатын түсіремін деп білуінен туған. Бұған:

Ай көрдім, аман көрдім,
Баяғыдай заман көрдім.
Ескі айда есірке,
Жаңа айда жарылқа!

деп жалбарынып, бата жасауы жатады. Аспан шырақтарына табыну қазақ тайпаларына орта ғасырдағы түркі тайпаларынан қалған наным-сенім ұшығы. Күнге, айға, жұлдыздарға сыйыну, құрбандық шалу сол кезеңнен бастау алады.

Қазақ халқының тұрмыс-салтында, бұлармен қатар, қоштасу, естірту, көңіл айту, жоқтау, аруақпен айтысу делінетін көңіл-күйді білдіретін өлең-жырлар да мол болған. Айшуақ би өлгенде: “Өз атаң сенің Айшуақ, Жайма шуақ, жай шуақ, Алтын тақтан тайыпты, естірте алмай отырған, көп жамағат айыпты” деп естіртсе, “Қанаты бүтін сұңқар жоқ, тұяғы бүтін тұлпар жоқ, тозбасты ұста соқпайды, өлместі тәңірі жаратпайды, топырағы торқа болсын” деп көңіл айтқан. Жоқтауда өлген адамның тірліктегі істері еске алынып: “Алыстан дұшпан аттанса, қар-жаңбырдай бораған, жақыннан дұшпан аттанса, қарт бурадай жараған” – деп мадақ айтылған. Жоқтаудың ең көне түріне Білге, Күлтегін қағандар басына қойылған құлпытастардағы сөздер де жатады. Бұл тастағы жазуларда түркі бектерінің ерлік істері ғана емес, болашақ ұрпаққа өсиеті де айтылады. Ал “аруақпен айтыста” қапыда, арманда кеткен күйеуімен келіншектің, баласымен ата-ананың арыздасуы, бірде өлген адам атынан, бірде тірі қалған туысы атынан баяндалады, оны жақындары зар-мұңын тарқату үшін зират басына барып, дауыс шығарып жылап айтатын болған. Қоштасуда ел-жұртын, туған-туыстарын ең соңғы рет еске алып, “Есіл, Нұра – екі су, еңкейіп одан бетің жу, қош есен бол, туған жер, кіндік кірім жуған жер” деп өзінің сағынышын, ыстық ықыласын білдірген.

Ауыз әдебиетінің бір тарауы болып табылатын мақал-мәтелді де еңбекші халық жасаған. Мақалда ғасырлар бойы екшелген, қырланған, алуан мазмұнды сөз мәйегі беріледі. Ол көбіне екі тармақтан тұрады да, алдыңғысында тұспалдау, пайымдау, шарт қою, меңзеу білдірілсе, соңғысында қорытынды, түйін шығарылады. Мысалы, “Кілемге бергісіз алаша бар, ханға бергісіз қараша бар”, “Қойды құртаң, елді сұлтан бүлдіреді”, “Бітісі жаман қамысты, көл ішінен өрт шалар, жүрісі жаман жігітті, ел ішінде жау шабар”, “Шебердің қолы алтын, шешеннің сөзі алтын”, т.б. кейбір мақалдарды салыстырып қарағанда ерте заманнан халықпен бірге жасысып келе жатқаны көрінеді. Бұған ХІ ғасырдың ғылы-

ми туындысы болып табылатын М.Қашқаридың “Диуани лұғат ит түрік” кітабында, “Балық басынан шіриді”, “Кәрі өгіз балтадан қорықпас”, “Тама-тама көл болар”, “Диірменде туған тышқан, дүрсілден қорықпас”, “Тауға тау қосылмас, адамға адам қосылар”, “Атқан оқ кері қайтпас” деген мақалдардың бар екені дәлел болса керек.

Мәтелде түйін, қорытынды туралай айтылмайды, теңестірілмейді, тұжырымы тұспалдау түрінде келеді, көбінесе, ауыспалы, астарлы мағынада айтылады. Мысалы, “құрыққа сырық жалғап”, “түймедейді түйедей етіп”, “ханнан қазақ, биден тоқпақ”, “қыз көрелік, қыз көретін жігітті біз көрелік”, т.б.

Жұмбақта ойға алған нәрсенің өзін айтпай, оның сырт көріністерін, сыртқы белгілерін қысқаша сипаттауды, сол арқылы жұмбақ етілген затты табу шарты қойылады. Ауыз әдебиетінің бұл жанры балаларды, жастарды тапқырлыққа, сезімталдыққа, байқағыштыққа баулиды, тәрбиелейді. Айталық, “Тақия толған сөк, ертеңгісі дым да жоқ” (Жұлдыз), “Жабық астында жарты күлше” (Ай), “Зер, зер, зер кілем, көтерейін десем зор кілем” (Жер), “Жылт-жылт еткен, жырадан өткен” (Су), “Кішкене ғана тостаған, көтеріп мені тастаған” (Үзеңгі), “Алдын айпар, жанын жайпар” (Шалғы), т.б.

Бұлармен бірге халық әдебиетінің ең бір құнарлы, бай саласы ертегілер екені мәлім. Ертегі: а) қиял-ғажайып, ә) хайуанаттар туралы, б) тұрмыс-салттық болып бөлінеді, қазақ ертегілері де батырлар жыры сияқты бір ғасырдың емес, өте көне дәуірден бері халықтың рухани азығы болып келе жатқан әдеби мұра. Оны өткінші дәуірлер қоспасынан аршып қараса, әсіресе, қиял-ғажайып ертегілерінің сонау қола дәуірі, әуелгі темір дәуірі – сақ-массагет, үйсін, қаңлы, ғұн тайпалары кезінде шығып, аңшылық, бақташылық тіршілік қамын баяндайтын туынды болғаны көрінеді. “Ер Төстік”, “Жыланқатын”, “Қара мерген”, “Керқұла атты Кендебай”, “Жезтырнақ, пері”, “Күн астындағы Күнікей”, т.б. ертегілер ерте дүние адамдарының көзқарасын, тұрмысын, наным-сенімін, табиғатпен күресін, ақыл-айласын баяндайды.

Басқасын айтпағанда, “Күн астындағы Күнікей қыз” ертегісінде қойшы бала қатал әміршінің бұйрығын орындап, алтын мүйізді киік, алтын тақ, алтын ағаштарды көп қиындықтарды жеңуі, ақыл-айла қолдануы арқасында тауып әкеледі. Ең соңғы қабат-қабат кедергі, тосқауылды, қауіп-қатерді жеңіп, күн астындағы Күнікей қызды алып, мұратына жетеді.

Хайуанаттар туралы ертегілер көбіне балаларға арналып шығарылатын болған. Бұл ертегілерде ең біріншіден, хайуанаттардың болмысын таныстыру, екіншіден, хайуанаттардың іс-әрекеті (түлкінің қулығы, аюдың дөрекілігі, қасқырдың ашкөз, қомағайлығы, қойдың момындығы, т.б.) арқылы балаға адамдар арасында да сондай мінез-қылықты типтердің болатынын көрсету. Баланы болашаққа тартыс, қайшылығы көп қоғам додасына әзірлеу мақсаты қойылған. “Түлкі, түйе, қасқыр, арыстан”, “Түлкі мен арыстан”, “Қотыр торғай”, “Бақа мен үйректер”, “Тырна мен түлкі”, тағы басқаларда халық тұрмысының алуан жақтары хайуанаттар тіршілігіне шендестіріле суреттеледі. “Бидайықтың той жасағаны” деген құстар туралы өлеңмен өрілген ертегіде: құзғын, қарақұс, ителгі, қырғи, тұрымтай, алақарға, шауқарға, көк қарға, ақсары, құладын, торғай, шымшық, кекілік, көкек, аққу, дуадақ, қаз, ұлар, үйрек, бөдене, келес қатарлы құстар тойға шақырылады, жарысқа түсіп, бәйге бөліседі. Балаларға арнап шығарылған әдебиеттерде халық баланы ойлануға, суреттеу тәсілінде бала қабылдай алатын жеңіл штрихтар беруге, баланың өмірге деген құштарлығын, қызығуын ұштай түсуге деген талаптарды бұлжытпай сақтап отырған. Осы талаптарды ескергенде “Бесік жыры”, “Жаңылтпаш”, “Қасқырдың қойшыларға айтқаны”, “Ши бұт, қазан бас, қыл тамақ”, “Қаңбақ шал”, “Тазшаның қырық өтірігі”, “Өтірік өлеңдер” ертегілерін бала ой-өрісін кеңіту, тілін ұстарту, шебер сөйлеуге құлшынту, қызықтыру, күлдіру мақсатын көздеген көркем туындылар деуге болады.

Қазақ ауыз әдебиетінде тұрмыс-салттық ертегілер мен аңыз-әңгімелер де едәуір. Бұл ертегі түрінде халықтың нақты тұрмысы, күн көріс жағдайынан түйген тәжірибесі, даналығы, көрегендігі баяндалады, оның кейбірі ортақ мұра ретінде айтылса, “Алдаркөсе”, “Асан қайғы”, “Аяз би”, “Толыбай сыншы” қатарлылары тарихта бір кезде болған адамдарға байланысты баяндалады. Айталық, “Ханның кесір қызы мен тазша”, “Жаманқұл мен Қарабай”, “Хан мен Ахмет”, т.б. көшпелілер өмірінің қиял-ғажапсыз, жай болмысын суреттейтін ертегілер екені айқын.

Сонымен, қазақ халқының ауыз әдебиеті дегеніміз – шығу тегін ғұн, скиф, сақ дәуірлерінен бастайтын, түркі және монғол үстемдігі кезінің идеологиясы ықпалында, XV-XVIII ғасырларда ерекше мазмұн, сипатымен бөлектенген рухани мұра.

“Қазақ” этнонимі жөнінде. Қазақ халқына өзінің есімі қашан және қалай қайтарылып берілді. “Қазақ” этнонимінің шығу уақыты және пайда болуы туралы мәселе өте қызықты. Кейбір зерттеушілер бұл ұғымның ең алғашқы кезден бастап әлеуметтік мәні болған, яғни бұл ұғым Әбілхайыр ханнан бөлініп, Керей және Жәнібек сұлтандардың арттарынан ерген рулардың қашқан адамдарының (“қашақ”) аты деп түсіндіреді. Шындығында XV ғасырдың 50-60 жылдары Жетісудағы қазақ жұртшылығының әрі-бері көшіп, қонуының қазақ хандығын қалыптастыруға ықпал еткені тарихи ақиқат. Алайда “қазақ” атауын, оған дейін тарихта “қазақ” атты халық болмағандай осы оқиғамен байланыстыру дұрыс болмас еді. Басқа авторлар “қазақ” термині XIV ғасырда Жошы ұлысы ыдырағаннан кейін қалыптасқан деп санады. Тіпті, бұл болжамды орыстың тарих ғылымының ықпалында болған Шоқан Уәлиханов та қолдайды. И.Н.Березинге жазған хатында ол былай деді: “...меніңше, араб жазбаларынан қазақтардың шыққан тегі туралы дерек табылуы екіталай, сондықтан бұл халықтың Жошы ұлысы ыдырағаннан кейін XIV ғасырда пайда болғанына ешқандай күмәнім жоқ” (Ш.Уәлиханов. Шығ. 2 т., 129-бет). Бұдан басқа да пікірлер бар.

Кейбір авторлар “қазақ” термині “каспи” және “сақ” тайпалары аттарының бірігуінің нәтижесінде пайда болған дейді. Жекелеген революцияға дейінгі тарихшылар мен этнографтар “қазақ” сөзін “еркін адам”, “қашқын” дегенге саяды. Халық аңыздары “қазақ” сөзін “қаз” және “ақ” сөздерімен, яғни ақ қазбен, яғни құспен байланыстырып, аңыз бойынша ақ қаз қызға айналып, бүтін бір халықтың анасына айналған деп есептеген.

Сонымен, “қазақ” атауының шығуы туралы дәл жауап әлі ғылымда жоқ. Дегенмен, “қазақ” атауы Қазақ хандығы қалыптасқан XIV-XV ғасырларда немесе татар-моңғол шапқыншылығы (XIII ғ.) кезінде пайда болған жоқ, одан көп бұрын белгілі болған ежелгі халықтың аты. “Қазақ” этнонимінің түбірі өте ерте заманда қалыптасқандығы, қазақ халқының ең ежелгі шығыс халықтарының бірі екендігі даусыз. Бұл жөнінде парсы, грек, қытай авторларының жазба деректері куә бола алады.

Парсы және тәжіктің ұлы ақыны Әбділқасым Фирдаусидің (940-1020 ж.ж.) атақты “Шахнама” дастанында “қазақ” этнонимі еске алынып қана қоймай, өте дәріптеліп отырады. Шамасы ұлы ақын Фирдауси қазақтар және қазақ хандары жөнінде XI ғасырға дейін білген болуы керек. “Шахнама” дастанымен, оны батыс әлеміне таныстырған ғалым А.Вамбиридің есімімен байланысты. Вамбири өзінің 1885 жылы бастырған “Түркі халықтарының этнографиясы және этнологиясы” атты монографиясында дәл деректерге сүйене отырып, “қазақ” этнонимінің IX-X ғасырларда пайда болғанын дәлелдейді. Монографиядан біз мынадай жолдарды табамыз: “Қазақтар және қазақ хандығы – Көк теңіздің (Арал теңізі) солтүстігіне қарай орналасқан, Тұранның негізгі қарсыласы Иранның зәре-құтын қашырған көп санды, аса құдіретті ел” (М.Ақынжановтан алынған. Қазақтардың шыққан тегі туралы. – Алматы, 1957, 40-бет).

Тарих ғылымында аса көрнекті орынға Ш.Уәлиханов ие. Ол Қазақстан тарихына, қазақ жүздерінің қалыптасуына, қазақтардың шығу тегіне, жекелеген ру бірлестігінің құрылуына байланысты көптеген мәселелерді

зерттеді. Ш. Уәлихановтың 5 томдық шығармаларының 1961 жылы шыққан 1-томынан қазақ халқының этногенезіне қатысы бар “Қырғыздардың шыққан тегі, қырғыздар туралы жазбалар”, “Үлкен қырғыз-қайсақ Ордасының аңыздары мен әңгімелері” атты мақалаларын табамыз.

Қазақ халқының ұлттық құрамы мен шығуы туралы мәселелер қазақстандық ғалымдар С. Аманжоловтың, Х. Әділгереевтің, М. Ақынжановтың, Ә. Марғұланның, С. Асфендияровтың, М. Тынышпаевтың, М. Мұқановтың, Ә. Хасеновтың, В. В. Востровтың, т. б. еңбектерінен көрініс тапты. Олар да қазақ халқының этногенезін зерттеу ісіне қомақты үлес қосты.

Сөйтіп, Шығыс пен Батыстың, сондай-ақ Ресей империясының көптеген ғалымдары әдеби, тарихи, этнографиялық және археологиялық қайнар көздерді терең сараптаудың негізінде “қазақ” атауының ертерек, шамамен IX-X ғасырларда, қарлұқтар, оғыздар, қарахандар дәуірінде Қазақстан аймағында пайда болғанын, бірақ бұл атаудың жылнамалар мен жазба түпдеректерге кейін кіргендігін дәлелдеді. Әйтсе де, дәлелденген шындықтың ақиқаттығына қарамастан, қазақ халқы 300 жыл бойы, XX ғасырдың 20-шы жылдарына дейін өз атынан айырылуға мәжбүр болды. Патша әкімшілігінің ресми құжаттары мен революцияға дейінгі әдебиеттерінде қазақтарды қырғыздар немесе қырғыз-қайсақтар деп атап келді.

Ресей ғылыми жұртшылығының прогрессивтік бағыттағы өкілдерінің бүтін бір халықтың атын бұрмалауды қойып, өз атымен атау керектігі туралы пікірлері есепке алынбады.

Көрнекті зерттеуші А. И. Левшин бірінші болып, қазақтарға “қырғыз” атының таңылуын доғару туралы мәселе көтерді. Қазақтың ғалым-педагогы М. Дулатов “Қазақтар мен қырғыздардың тарихы” ғылыми зерттеуінде қазақтар мен қырғыздар түркі тұқымдас ағайынды халықтар болғанымен, бұлардың әр түрлі ежелгі ха-

лықтар екеніне назар аударды. Ғалымның пікірінше, қазақтардың X ғасырдан көп бұрын өздерінің хандығы болған, тек XVIII ғасырда орыс отарлауының нәтижесінде тәуелсіздігінен айырылған.

“Қырғыз-қайсақтар” мақаласында Шоқан Уәлиханов былай дейді: “Оңтүстік-шығыс Ресейден бастап, Сібірдің оңтүстігіне дейін, Жоңғария, Қытай және Қоқан хандығы аралығындағы орасан зор аймақты мекендейтін халық – бұл қазақтар, ал орыс құжаттарындағы “қарақырғыздар” – Ыстықкөл, Текес, Шу және Талас өзендері жағалауын және Тянь-Шань бөктерлерін мекендейтін шын қырғыздар. Бұл екі халықты шатастыруға болмайды”.

Революцияға дейінгі қазақтар жөнінде жарық көрген ғылыми зерттеулер мен құжаттардың арасында 1913 жылы “Қырғыз-қайсақтар” атты Д.А.Клеменцтің мақаласы назар аударарлық. Ол қазақтарға мынадай мінездеме береді: “Рухани жағынан қазақтар – құдай талантты көп сыйлаған тайпалардың бірі. Олар ауыз әдебиеті байлығымен және әр түрлілігімен ерекшеленеді. Қазақ өрмінезді, әзілкеш, жігерлі, оның тілі әліпті, жұмсақ әрі бай. Ол көңілді ортаны жақсы көреді, көпшіл”. Өкінішке орай, халықтың теріс аты революциядан кейін де сақталды. 1936 жылға дейін орыс мәтінінде “казак”, “Казакстан” деп жазылып келді. Тек, 1936 жылы 9 қаңтарда Қазақ АССР-нің Орталық Атқару Комитеті өзінің қаулысымен қазақ және орыс тілдеріндегі қазіргі аталып жүргендей түріне сәйкестенді.

Қазақ жүздері, жер көлемі және рулық құрамы.

Қазақстанның жер көлемі ежелден үш географиялық және экономикалық жағынан бір-бірінен біршама бөлектенген: Жетісу, Орталық және Солтүстік-Шығыс Қазақстан және Батыс Қазақстан аудандары қалыптасқан. Бұл аталған үш ауданның әрқайсысының өзінің көшіп-қону жолдары, жазғы және қысқы қоныстары мен жайылымдары болған. Бұл үш ауданды қазақтар ежелден “Ұлы жүз”, “Орта жүз” және “Кіші жүз” деп атаған. Қазақстан тарихын зерттеген көптеген ғалымдар қазақ жүздері XVI ғасырдың басында қалыптасты деген пікірді

қуаттайды. Бірақ кейінгі жылдарғы зерттеудің нәтижелері қазақ жүздерінің монғол шапқыншылығынан көп бұрын қалыптасқанын, бірақ толық түбегейлі орнығып, жүз атауына XV-XVI ғасырларда ие болғанын дәлелдейді. “Жүз” сөзінің өзі бір толық нәрсенің “бөлігі” немесе “бағыты”, “бұтағы” деген мағынаны білдіреді.

Ұлы жүз Қазақстанның оңтүстік-шығыс аудандарындағы жерлерді мекендеген, оның негізін ежелгі үйсін тайпасы құраған. Жетісуда өмір сүрген малшылар Шу, Талас, Іле өзендерінің бассейніне жақын орналасқан жайлауларда және Алатау аңғарларында көшіп-қонып жүрген. Ежелгі заманнан Жетісу қазақ халқының қалыптасуы орталықтарының бірі болған. Ұлы жүз қазақтарын үйсін, қаңлы, дулат, албан, суан, ысты, сіргелі, ошақты, шапырашты, жалайыр, шанышқылы, қатаған рулары құраған. Жетісудағы ұлы жүздің базасында қазақ хандығы құрылды.

Екінші бөлік көшіп-қону ауданы Жетісудың солтүстігіне қарай орналасты. Ерте заманда бұл ауданның оңтүстік бөлігінде аландардың, кейін қаңлылардың, одан кейін қыпшақтардың ірі тайпалық бірлестіктері өмір сүрген. Бұл Қазақстан аймағында орналасқан ұлттың екінші ірі орталығы болатын. Солтүстігінде бұлар Тобыл, Есіл, Нұра, Сарысу өзендері бойын және Орталық Қазақстанның далалық аудандарын жайлады. Бұл ауданның шаруашылық жағынан бөлектенуі арғын, қыпшақ, найман, қоңырат, керей, уақ, тарақты руларын біріктірген Орта жүздің құрылуына ықпал етті.

Батыс Қазақстанның да өзінің жайлауы және қыстауы белгіленген ауданы болды. Қысқы жайылымы Сырдария, Жайық өзендерінің төменгі ағыстарын, Ырғыз, Торғай өзендері жағаларынан Мұғалжар тауларына дейін созылып жатты. Ертеден тайпалық бірлестіктерден бұл аудандарда сарматтар, моңғол шапқыншылығынан кейін – Ноғай бірлестігі белгілі. Осы аумақта Кіші жүз қалыптасты. Кіші жүзде ежелден қазақтың үш тайпалық бірлестіктері – Байұлы, Әлімұлы, Жетіру өмір

сүрген. Әлімұлының алты руына: қарасақал, қаракесек, кете, төртқара, шөмекей, шекті жатады. Байұлы құрамына он екі ру кіреді: шеркеш, беріш, адай, алтын, жаппас, алаша, байбақты, есентемір, қызылқұрт, ысық, таз, масқар. Жетіру – табын, тама, кердері, жағалбайлы, телеу, рамадан, керейт руларынан тұрады. Қазақ жүздерінің тілі ортақ, негізінен бұрынғы тайпалық бірлестіктердің құрамын сақтап қалды. Қазақ халқы мен қазақ жүздері қалыптасуының тарихи жағдайлары туралы баяндай келе, төмендегідей қорытынды жасауға болады:

1. Егер тарихи дамудың жекелеген кезеңдерінде үш жүзді бір жұдырыққа біріктірудің, бір хандықтың айналасына жұмылдырудың сәті түспесе, егер жүздер өз қиыншылықтарын өздері шешуге тырысса, бір кезде жүздерді құрған біздің бабаларымыздың кінәсі емес, тіпті құрылған жүйенің әлсіздігі де емес, біздің халқымыз басынан кешірген тарихи тағдырдың күрделілігі мен қарама-қайшылықтар нәтижесі деп түсіну керек. “Балапан басына, тұрымтай тұсына”, “Ақтабан шұбырынды, Алакөл сұлама” жылдары әрбір жүздің бастарына түскен ауыртпалықтардан өз бетімен құтылуына тура келген кезеңдері болды. Өз халқымыздың соңғы 700 жылдық тарихына көз жүгіртіп көрейікші: ол тұрған бойы ауыртпалықтар, күйзелістер, моңғол және жоңғар басқыншыларының жойқын шапқыншылығы; бір жағынан орыс империясының, екінші жағынан қытай империясының құлға айналдыру қаупі; бұқар әмірі мен ауғандық Нәдір Шахтың, еділ қалмақтары мен башқұрт феодалдарының әлсін-әлсін басып кіруі; батыс, орталық, солтүстік жерлердегі өзен жағалауындағы құнарлы жерлерді қарудың күшімен орыс казактарының басып алуы. Сондықтан қазақ жүздері осындай қауіп-қатерден құтылу үшін Ресейге бодан болуға, Қытайдан бейбітшілік пен көмек сұрауға мәжбүр болды.

2. Қазақстандық авторлардың кейбір мақалаларынан XVIII ғасырдың 30-50 жылдары бір жүздің халқы басқыншылармен қиян-кескі күрес жүргізіп жатқан кез-

де, екіншілері қолдарын қусырып отырды деген сияқты пікірлерді кездестіруге болады. Соны айта отырып, бұл авторлар қазақ халқы әуел бастан бірлігі жоқ “құдай атқан халық”, сондықтан қазірдің өзінде осы жаман қасиетіміздің зардабын тартып келеміз дегісі келеді. Бұл тәрізді пікірлер түбірінен, өз халқының тарихын білмегендіктен туындаған қате пікірлер. Ел билеу, билік жүргізу үшін күрес барлық қоғамдарда, барлық кездерде болған. Бірақ қазақтардың басқару жүйесінің өз ерекшеліктері болды. Мұнда әділ сөзге, дұрыс билікке артықшылық берілді. Басқаша болса, қазақ халқының үш жүзінің барлық талаптары мен кикілжіндерін әділ шешкен Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би сияқты билерінің есімдері бұқараның санасында қалмас еді.

Жүздер өзара еш уақытта соғыспаған, қару күшіне жүгінбеген.

Шынтуайтына келгенде, рулар мен жүздердің арасындағы алауыздықтың себебі қазақ халқының жүздерге бөлінуі емес. Оған басты себептер – қазақ халқын басқару ісінде өмір талқысынан өтіп, өзін ақтаған, ақыл-ойға, парасаттылыққа, шындыққа жүгінген хандық, сұлтандық ұлттық басқару жүйесінің патша үкіметінің тарапынан жанышталуы және 1868 жылғы Ережемен қазақ жерін басқаруға генерал-губернаторлықты күштеп тану болды. Соның нәтижесінде қазақ даласы дәстүрлі мемлекеттік басқару жүйесінен айырылды. Сырттан таңылған бюрократтық басқару жүйесі жікшілдікті, бытыраңқылықты, жағымпаздықты, жандайшаптықты, парақорлықты, рулар арасында билікке таласушылықты, алауыздықты жақтап, осындай келеңсіздіктерді үрлеп, қоздырып отырды. Сондықтан да қазақ қоғамында осы сияқты кемшіліктерге болашақта жол бермеу қазіргі ұрпақтың міндеті болып табылады.

Негізгі терминдер мен ұғымдар:

Қазақтың ауыз әдебиеті

Жыраулар, жыршылар, ақындар, ертекшілер, шешендер

Батырлар жырлары

Тұрмыс-салт жырлары

Ертегілер, аңыздар, мақалдар, мәтелдер, жаңылтпаштар

Көңіл-күйді білдіретін жырлар, қоштасу, көңіл айту, жоқтау, т.б.

“Қазақ” этнонимі. “Қазақ” атының ежелгі заманнан бастап қолдануы

Үш жүз. Үш жүзге кіретін рулар мен тайпалар

СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР:

1. Қазақ ауыз әдебиетінің жоғары дәрежеде дамуын не себептен деп ойлайсыз?

2. Қазақ ауыз әдебиетінің қандай салаларын білесіз?

3. Батырлар жырлары қалай бөлінеді?

4. Тұрмыс-салт жырларының қандай түрлері бар?

5. Қазақтың қандай ертегілерін білесіз, солар туралы әңгімелеп беріңіз.

6. “Қазақ” атауының шығуы туралы не білесіз?

Х БӨЛІМ

ҚАЗАҚСТАННЫҢ XVIII-XIX ҒАСЫРЛАРДАҒЫ МӘДЕНИЕТІ

§1. Халық ағарту ісі

XVIII ғасырдың бірінші жартысында Қазақстанның батыс бөлігі Әбілхайыр ханның іс-әрекеттері нәтижесінде (1731ж.) Ресей империясына қосылғаннан кейін, елдің саяси-экономикалық және мәдени өмірінде көптеген өзгерістер орын алды. Ол өзгерістер халық ағарту ісіне байланысты болды.

Азаматтық сипаттағы жай оқу орындары өлкенің Ресейге қосылғанынан кейін ашылды. Олар отарлық аппарат үшін шенеуніктер, тілмаштар, мұғалімдер, дәрігерлер даярлады. Мысалы, 1786 ж. Омбы қаласында Азиаттық мектеп, 1789 ж. Орынбор қаласының айырбас сарайы жанынан үкіметтік мектеп ашылды. Бұл оқу орындары балаларды, соның ішінде қазақ балаларын да тілмаштық, пәсірлік (кеңсе хатшысы) мамандыққа үйретті. Әскери мамандарды және әкімшілік шенеуніктерін 1825 ж. Орынбор қаласында ашылған Неплюев кадет корпусы және 1846 ж. негізі қаланған Омбы кадет корпусы даярлады.

Азаматтық тұңғыш қазақ мектебі Жәңгір ханның Бөкей Ордасында 1841 жылдан жұмыс істей бастады. Бұл мектептің оқушылары орыс тілін, математиканы, географияны, шығыс тілдерін, сондай-ақ, ислам дінін оқып-үйренді. Қазақ балаларына арналған келесі оқу орны Орынбор қаласында Шекаралық комиссия жанынан ашылған жеті жылдық мектеп болды.

1850 жылы осы Орынбор Шекаралық комиссиясы жанынан тағы бір азаматтық мектеп ашылды. Жұмыс істеген 19 жыл ішінде ол 48 адамды оқытып шығарды.

1857 жылы бұл мектепті Ы.Алтынсарин табысты бітіріп шықты.

XIX ғ. үшінші бөлігінде қалалық училищелер, шіркеулік училищелер, кәсіптік гимназиялар және орыс халық училищелері, ауыл мектептері ашылды. Бұған дейін болған мұсылман мектептері жеке меншік, ата-аналар есебінен жұмыс істеді. XVIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасырдың басында қазақ даласында тек дін иелері мен жекелеген феодалдар және сұлтандар ғана жаза білетін еді. Мектептерде (“қадим” деп аталған) жалаң діни білімдер мен қағидалар оқытылды. Оқу мерзімі – 4 жыл, балалар 7 жастан қабылданған. Мұсылман мектептерінде “Иман-шарт”, “Әптиек”, “Құран” пәндері мен ислам ережелері “Бадауам”, “Ахир заман”, “Қырық хадис” оқытылды.

Ағарту ісі мен ұлттық мектеп тарихында Ыбырай Алтынсарин терең із қалдырды. Ол Қостанай облысында дүниеге келді. Әкесінен ерте айырылып, атасы – Орынбор шекаралық комиссиясының әскери ағаманы Балқожа Жаңбыршин бидің қолында тәрбиеленді.

Мектепті бітіргеннен кейін Алтынсарин үш жылдай осы атасының қол астында кеңсе қызметкері болды, одан соң оған Торғайда қазақ балалары үшін бастауыш мектеп ашуды тапсырды және оны соған орыс тілінің мұғалімі етіп тағайындады.

Ағартушылық идеяларымен жігерленген ол ауылдарды аралап, халыққа азаматтық білім берудің мәнін түсіндірді. Қазақ жұртшылығынан қаражат жинастырып, ол мектеп үйін салуға кірісті. Ол салдыртқан жаңа мектептің ашылу салтанаты 1864 ж. 8 қаңтарда өтті. Оның мектебінде оқуға 16 бала жазылды, мектеп жанынан сол балалар жатып оқитын интернат ашылды. 1869 ж. Алтынсарин Торғай уездік басқармасына іс жүргізуші қызметіне орналасты. Одан соң уезд бастығының аға көмекшісі және уездік судья міндетін атқарды. Қызмет бабымен ол ауылдарда болып, болыс басқарушысы мен ауыл ағамандарының сайлауларына қатысып жүрді. Сол сайлауларда дауысты сатып алушылыққа, парақорлыққа және қиянат жасаушылыққа жол бермеуге тырысты. Онысына наразы болған байлар мұның үстінен

облыстық басқармаға, әскери губернаторға және ішкі істер министріне шағымдар түсіріп, оны 1868 ж. “Уақытша ережеде” белгіленген сайлау жүргізу тәртібін бұзды деп кінәлады.

1879 ж. Ы.Алтынсарин инспекторлық қызметке тағайындалды. Оның бастамасымен және тікелей қатысуымен Қазақстанда халықтық азаматтық мектептер тармақтары, атап айтқанда, облыстың барлық уездік қалаларында орталық училищелер құрылды. Осы мақсатпен ол Торғай облысының қазақ ауылдарын аралады, халықтан қаржы жинады, ал одан соң Ырғыз, Николаевск, Торғай және Илецк уездерінде екі кластық орыс-қырғыз училищелерін жабдықтауға, әрбір мектеп жанынан кітапханалар құруға ерекше көңіл бөлді. Жергілікті халық арасынан мамандар даярлауға ерекше маңыз беріп, ол қолөнеркәсіптік және ауылшаруашылық училищелерін ашуға көп күш-жігер жұмсады.

Ы.Алтынсариннің өзі орыс-қазақ мектептерінің оқушылары үшін екі оқу құралын: “Қырғыз хрестоматиясын” және “Қырғыздардың орыс тілін үйренуіне бастапқы нұсқауды” жазды. Орыс классиктерінен аудармаларында, қазақ тіліндегі өз шығармаларында ол демократиялық-ағартушылық идеяларын насихаттады, ұлттық әдебиет пен мәдениетті дамыту үшін қазақ әдеби тілінің қалыптасуы саласында жемісті еңбек етті.

Белгілі бір дәуірдің қайраткері бола отырып, Алтынсарин өзінің дүниетанымында қандай да бір қарама-қайшылықтардан, шектелушіліктен арыла алмады. Барлық ағартушылар сияқты ол ағарту ісінің әлеуметтік қайта құрушылық рөлін асыра бағалады.

Білімді адам ретінде Алтынсарин этнографиямен әуестенді, қазақтардың ауыз әдебиеті туындыларын жинап, жүйеге келтіріп отырды.

Мемлекеттік білім жүйесінің кеңейтілуі және қазақ қоғамының әлеуметтік-экономикалық бейнесіндегі ілгерілеушілік маман даярлау мәселесін қай кездегіден болсын өткір қойды. Алғашқы кәсіптік оқу орындары

1879 ж. құрылған Түркістан мұғалімдер семинариясы мен Орынбор қазақ мұғалімдер мектебі (1883ж.) болды.

Қазақ мұғалімдер мектебі туралы Мемлекеттік кеңес 1880 жылдың өзінде бекіткен Ереже осы мектепті күтіп ұстауға жыл сайын 17580 сом қаржы босатып тұруды ескерді.

Кейіндері мұғалімдер семинариялары Ақтөбеде, Верныйда, Семейде, Оралда ашылды. Бұл оқу орындары Қазақ революциясына дейінгі барлық кезеңде 300 қазақ мұғалімін даярлады.

XIX ғ. ауылшаруашылық және фельдшерлік мектептер ашылды, оларда орта білімді мамандар даярланып шығарылды. Тек Боровской орман техникумының бір өзі ғана 1889 жылдан 1917ж. дейін 163 маман әзірледі.

Әйтсе де революцияға дейінгі Қазақстанның кәсіптік оқу орындары уақыт қажеттіліктерін қанағаттандыра алмады. 1914-1915 оқу жылында жеті орта арнаулы оқу орындарында 352 адам ғана оқыды. Бұл Ресей жоғары оқу орындары мен техникумдары студенттерінің жалпы санының 1 пайызына де жетпейтін еді. Бүкіл өлкеде бір де бір институт пен университет болмады.

§2. Қазақстандағы ғылыми зерттеулер

Қазақ халқының экономикасы мен мәдениетінің дамуына Қазақстан аймағында жүргізілген орыс ғалымдарының ғылыми экспедициялары үлкен үлес қосты.

Орыс ғалымдары геологиялық, климаттық карталарды, сондай-ақ Каспий және Арал теңіздерінің карталарын жасады. XVIII ғасырда зерттеулер жүргізген ғалымдардың арасынан қазақ халқының тұрмысын, тарихын өз шығармаларында дәл, толық суреттей білген П.И.Рычковты ерекше атауға болады. XVIII ғасырда қазақ өлкесін П.С.Паллас, В.Гладышев, И.Муравин, КМиллер, М.Арапов, И.Кириллов, И.Ураков, т.б. зерттеді. XIX ғасырдың ортасында Қазақстанға аса ірі

экспедицияларды Е.П.Ковалевский, Н.А.Северцев, В.П.Васильев, Н.В.Халыков, Г.И.Даниловский, М.Поспелов, В.И.Даль басқарды. Бұл саяхатшылар Қазақстанның табиғатын, мәдениетін және оның халқының тұрмысын зерттеп, географиялық түсірулермен және картографиялармен айналысты, өлкенің экономикалық жағдайын барлады.

1833 жылы А.С.Пушкин Пугачев қозғалысы болған жерлермен жүріп өтті. Ол қазақ ауылдарында болып, оның тұрғындарымен, тұрмысымен танысты.

Сол жылы ұлы ақын қазақ дастаны “Қозы Көрпеш және Баян Сұлуды” жазып алады. А.С.Пушкиннің ықпалымен бірқатар орыс ақын-жазушылары, олардың ішінде көрнекті жазушы-этнограф В.И.Даль Қазақстанға саяхат жасады. В.И.Даль қазақтар өмірін суреттейтін “Бекей және Мәулена” повесінің авторы. Бұл бағытта П.П.Семенов-Тянь-шанский, А.И.Левшин, А.Алекторов, Харузин, Мушкетов, т.б. ғалымдар көп еңбек сіңірді. Қазақ халқының тілін, ауыз әдебиетін зерттеу ісінде көрнекті шығыс зерттеушілері А.Диваевтың, В.В.Радловтың (1837-1918) рөлі зор болды. Қазақстанда 1847 жылдан 1857 жылға дейін украин ақыны Т.Г.Шевченко айдауда болды. Оның “Қазақ отбасы”, “Ат үстіндегі қазақ”, “Қазақ қызы Катя”, “Байғұстар” суреттері сол кездегі қазақ өмірінің шынайы бейнесін берді.

Қазақстанның мәдениет тарихы мен қоғамдық өмірінде құрметті орын қазақтың көрнекті ғалымы, этнографы Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановқа (1835-1865) тиесілі. Оның қоғамдық-саяси, ғылыми және әдеби қызметі қазақ даласына прогресшіл идеялардың тарауына игі ықпалын тигізді. Өзінің философиялық білімдерін Шоқан көбіне орыс ойшылдары В.Г.Белинскийдің, А.И.Герценнің, Н.Г.Чернышевскийдің, Н.А.Добролюбовтың шығармаларынан алды.

Шоқан Уәлиханов (1835-1865) қазақ өлкесінің аса көрнекті зерттеушісіне айналды. Шоқан 12 жасына дейін жеке кісінің мектебінде оқыды. Сол кездің өзінде-ақ оның қабілеттілігі айқын көрінді. 1847 ж. күзінде

Шоқан Омбы кадет корпусына оқуға түсті. Мұнда оқушылар көптеген жалпы білім беретін пәндер бойынша: географиядан, тарихтан (Ресейдің және жалпы), орыс және батыс әдебиетінен, философия негіздерінен, зоология мен ботаникадан, физикадан, математикадан, геодезиядан, құрылыс өнері мен сәулет өнері негіздерінен білім алды. Ол осында Палластың, Рычковтың және басқа зерттеушілердің шығармаларымен танысты. Омбыда болған кезінде орыстың аса көрнекті жазушысы Ф.М.Достоевскиймен және оның досы революционер-демократ С.Ф.Дуровпен кездесулері оған өшпес әсер қалдырды.

Кадет корпусын бітіргеннен кейін 1853 ж. Ш.Уәлиханов Сібір казак әскерінде қызмет атқаруға жіберілді. Көп кешікпей ол адъютант ретінде Батыс Сібірдің генерал-губернаторы Гасфорттың Омбыдан Іле Алатауына дейінгі сапарында онымен ере жүрді де, сол уақыттары көптеген тарихи әңгімелерді, аңыздар мен әндерді жинап, жазып алды.

1856 ж. көктемінде Шығыстың болашақ зерттеушісінің өмірінде оның бұдан арғы тағдырын көп жағынан айқындаған айрықша мәнді оқиға болды. Ол мұның ғылыми талпыныстарын жоғары бағалап, шығыстанудың маңызды проблемаларын зерттеуге бағыттаған аса көрнекті ғалым, белгілі географ П.П.Семеновпен танысты. Сол жылы Шоқан Уәлиханов Алакөлден Орталық Тянь-Шанға қарай Ыстықкөл көліне; дипломатиялық тапсырмамен Құлжаға сапар шеккен екі экспедицияға қатысты.

1857 ж. Уәлиханов Алатау қырғыздарына тағы да сапар шегіп, қоныстарын аралап, солардың өмірлері мен әдет-ғұрыптарын, тарихын, этнографиясын, халықтың ауызекі әдебиетін зерттейді. Осы сапарында ол қырғыз эпосы “Манастың” жекелеген бөлімдерін жазып алады. Уәлиханов Шығыс халықтарының материалдық мәдениетінің ескерткіштеріне ерекше назар аударды. Ыстықкөлге экспедиция жасаған кезде ол тапқан ежелгі егін суару жүйелерінің қалдықтары, сәулет өнерінің ескерткіштері, ертедегі қалалардың қирандылары оны

бұрынғы ғасырларда Жетісу өңірінде отырықшылық пен бірқатар қалалардың болғандығы жөнінде қорытынды жасауға алып келді.

Көрші халықтар тарихымен айналысу оған қазақ халқының ежелгі және ортағасырлық тарихын зерттеуге көмектесті. Алғашқы экспедициялар кезінде жинастырған материалдарын терең талдап және салыстыра отырып, ол “орта ғасырларда мұндағы отырықшылық (Қырғызстан мен Қазақстанның оңтүстігінде) Іле алқабында күшті тараған” деген қорытынды жасады. Ыстықкөлге экспедициясы кезінде Уәлиханов ғылыми деректермен бірге, жаңа дәуірдің үлкен коллекциясын жинады. Осы сапарының нәтижесінде: “Ыстықкөл сапарының күнделігі”, “Қытай империясының батыс шет аймағы және Құлжа қаласы”, “Қырғыздар туралы жазбалар” деген толыққанды тарихи-этнографиялық шығармалары жарық көрді. Уәлихановтың ғылыми қызметі Орыс географиялық қоғамының назарын аударды, сөйтіп, 1857 жылдың ақпанында оны қоғамның толық мүшесі етіп сайлады.

1858 жылда Қашғарияға жасырын баруы Шоқан Уәлихановтың ғылыми қызметінің жаңа кезеңі болды. Марко Поло мен Геостан (1603 ж.) кейін осы атағы аз шыққан елде бірінші рет болып: “Алтыашардың немесе Қытайдың Нан Лу провинциясының (Кіші Бухария) шығыстық алты қаласының жағдайы туралы (1858-1859 жж.)” атты әйгілі шығармасын жазды. Оның бұл еңбегін Ресейдің және басқа елдердің шығыстанушылары жоғары бағалады әрі көп кешікпей ағылшын тілінде басылып шықты.

Жиһан кездің ауыр жағдайлары, жүйкенің зорлануы және жолда кездескен мұқтаждықтар жас ғалымның денсаулығына әсер етпей қалмады. Үйіне оралысымен Ш. Уәлиханов науқасқа ұшырады. 1860 ж. Соғыс министрінің шақыруымен Қашғарияны зерттеуші Петербургке келді. Мұнда ол ержүрек жиһанкез әрі Орта Азия мен Қазақстан халықтары өмірінің білгірі ретінде қарсы алынып, орденмен наградталды және шені жөнінен жоғарылатылды.

Петербургте аз уақыт болу (ол мұнда бір жыл тұрды) Уәлихановты рухани байытты және оның демократиялық көзқарастарын нығайтты. Ол қоғамдық өмірдің қалың ортасына сүңгіп, кең тынысты қызметтерге беріліп кетті. Бас штабтың Әскери-есеп комитетінде, Азиаттық департаментте және Георафиялық қоғамда жұмыс істеді. Орта Азия мен Шығыс Түркістанның карталарын құрастыру, Риттердің еңбектерін баспаға әзірлеу, энциклопедия баспасында көмекшілік жұмыс атқару (онда мұның “Абылай” деген әйгілі мақаласы бірінші рет басылды), шығыс қолжазбаларын зерттеу, Орыс географиялық қоғамында шығыс тарихы жөнінде лекциялар оқу – міне, осының бәрі оның Петербургтегі өмірінің мазмұнын құрады. Осы кезеңде Шоқанға профессор А.Н.Бекетов, «Орыс географиялық қоғамы жазбаларының» редакторы, шығыстанушы, дипломат және публицист Е.П.Ковалевский, әйгілі ориенталист-ғалымдар В.В.Григорьев, В.П.Васильев және В.В.Вельяминов-Зернов зор ықпал етті. Орыс географиялық қоғамының вице-президенті П.П.Семенов-Тяньшанский Уәлихановқа үнемі қолдау көрсетіп, онымен достық қарым-қатынас жасап тұрды. Петербургте Уәлиханов өзінің досы Ф.М.Достоевскиймен қайтадан кездесті. Оның Петербургтік достары арасында А.Н.Майков пен Я.П.Полонский, ағалы-інілі В.С және Н.С.Курочкиндер болды. Бұлар “Жер және еркіндік” қоғамының мүшелері еді. Әр дәрежелі әдебиеттік орта қазақ оқымыстысының дүниетанымын кеңейтті, оған Ресейдің революциялық жағдайы кезеңіндегі қоғамдық өмірінің оқиғаларын жақсы айыра білуіне жәрдемдесті.

Ш.Уәлиханов 1865 ж. наурыз айында Алтынемел қыраты баурайындағы Көшен-Тоған деген жердегі Тезек төренің ауылында қайтыс болды.

Шоқан Уәлихановтың қызметін Орыс географиялық қоғамының және Ресей ғалымдарының атынан бағалай келіп, шығыстанушы ірі ғалым И.И.Веселовский былай деп жазды: “Шығыстану ғылымы аспанынан Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов жарқыраған метеордай жалт етті. Орыс ориенталистері оның өмірге келген таңқалар-

лық құбылыс екенін бірауыздан мойындады және одан түрік халықтарының тағдыры туралы ұлы да маңызды жаңалықтар ашады деп күтті: бірақ Шоқанның мезгілсіз қазасы біздерді бұл үміттерімізден айырды. Ол 30 жасқа жетпей өкпе ауруынан қайтыс болды”.

Ш. Уәлиханов ғылыми мұрасы Қазақстан мен өзге халықтардың кең ауқымды проблемаларын қамтиды және солардың қай-қайсысын да шешуде оның құдіретті ғылыми таланты айқын көрінді.

Негізгі терминдер мен ұғымдар:

Халық ағарту саласындағы екі бағыт: діни және азаматтық
Қазақстанда ашылған тұңғыш азаматтық мектеп (1841ж.)
“Қадим” мектептері

Ы.Алтынсарин қызметінің екі бағыты: ұйымдастырушылық және педагогтық

Қазақстанды XVIII және XIX ғасырлардағы ғылыми зерттеулер

Паллас, Рычков, Семенов-Тяньшанский, Даль зерттеулері.

Ш. Уәлиханов – қазақ елінің тарихын, мәдениетін, ауыз әдебиетін ғылыми тұрғыдан тұңғыш зерттеуші

СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР:

1. Патшалық Ресей әкімшілігі Қазақстанда халық ағарту саласын дамытуда қандай мақсаттарды көздеді?

2. Мұсылман мектептері оқуының қандай ерекшеліктері болды?

3. Ы.Алтынсарин халық ағарту саласында қандай шараларды жүзеге асырды?

4. Ресей империясы Қазақстанда қандай ғылыми зерттеулер жүргізді және ол зерттеулер арқылы қандай мақсаттар көзделді?

5. Қазақстанда ғылыми зерттеулер жүргізген орыс ғалымдарының еңбегіне сипаттама беріңіз.

6. Ш. Уәлиханов қандай ғылым салалары бойынша еңбек етіп, қандай нәтижелерге жетті?

§3. Қазақтың ұлттық дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары

Қазақ халқының рухани мәдениетінің аса маңызды бөлігін ғасырлар бойы жинақталған салт-дәстүрлері құрайды.

Дәстүрлер – жеке тұлғаның рухани-адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға бағытталған күрделі қоғамдық-қатынастар жүйесі. Ол қасиеттерге Отанға және өз халқына, оның тарихына, мәдениетіне деген махаббат, оны қорғауға дайын болу, достыққа адалдық, бірлікке, ынтымаққа тырысу, туысқандықты жаңарту, антқа адал болу, аманат сақтау, түп-тамырыңды білу, ата-баба аруағын сыйлау, үлкендерді құрметтеу, әке үйін, “қара шаңырақты” дәріптеу, қонақжайлық, құдалық дәстүрлері, т.б. жатады. Сондай-ақ дәстүрлер құрамына ұлттық және діни мейрамдар да кіреді.

Біздің замандасымыз, көрнекті жазушы, этнограф, ұлт мәдениетінің шынайы жанашыры Сейіт Кенжеахметұлының саралауы бойынша, қазақтың ұлттық дәстүрлері мен салттарын былай жіктеуге болады: 1. Келін түсіріп, қыз ұзатуға байланысты дәстүрлер. 2. Тәлім-тәрбие дәстүрлері. 3. Тұрмыстық, өмір сүрулік дәстүрлер. 4. Еңбек, кәсіптік дәстүрлер. 5. Діни салттар. 6. Жерлеу салттары.

Келін түсіріп, қыз ұзатуға қатысты дәстүрлер

Қыз айттыру. Ата-аналар болашақ қалыңдықты баласы кәмелетке толмай тұрып, өздеріне тең, құрметті, текті отбасынан іздеген. “Қыз айттырудың” бірнеше түрлері болған. Ертеде көңілдес, дос адамдар балалары дүниеге келмей тұрып-ақ бір-бірімен “құда” болысқан. Мұны “*атастыру*” деп атаған. Балалары бесікте жатқанда құда болу “*бесік құда*” деп аталған. Бұлардан басқа құда болудың “*қарсы құда*”, “*сүйек жаңарту*”, т.б. түрлері болды. Балаларды үйлендіру “құда түсуден” кейін жүзеге асырылды.

Құда түсу. Құда түсу – қазақ халқының ежелден ұмытылмай келе жатқан міндетті дәстүрі. Жігіттің әкесі жа-

қын жұрағаттарымен қызға құда түсуге келеді. Қыз әкесі құдалардың келуінен алдын ала хабардар болып, өзінің ағайындарын жинап, құдаларды үлкен салтанатпен қарсы алады. Қыз әкесі “қош” айтқаннан кейін екі жақ бір-біріне дәстүрлі сый-сияпат – құда аттанар, ат байлар, құйрық-бауыр, т.б. көрсетеді.

Бата аяқ. Құдалар арасындағы соңғы келісім. Екі жақтың алғашқы құда түсудегі келісімінен кейін, күйеу жігіттің әкесі қалыңдық ауылына келіп, той уақыты, қалың мал мөлшері, кәде-жора туралы келіседі. Бұл бата аяқ деп аталады. “Бата аяқ” кезінде ауқатты адамдар ірі сыйлықтар тарту еткен. Олар бес жақсы, орта жақсы, аяқ жақсы болып бөлінген. “Бес жақсыға” – түйе ботасымен, бие құлынымен, бағалы зат немесе алтынның, күмістің құймасы кірген.

Қалың мал. Құдалықтың ресми бөлігі аяқталғаннан кейін, күйеу жігіт жағы қалыңдықтың әкесіне мал түрінде қалың мал төлеген. Оның мөлшері құда болушылардың тұрмысына байланысты болған. Кедей құдалар 5-6 бас мал төлесе, ауқатты адамдар 200-500, кейде 1000 басқа дейін жылқы берген. Бұдан басқа той малы, анасына сүт ақы, өлген адамдар, тірі адамдар ақысы (өлітірі), т.б. кәделер болған. Қыз жағынан келетін жасаудың құны мен мөлшері де қалың малдан кем болмаған. Қалың мал төлеу кезінде мүлтіксіз орындайтын “құрықбау”, “қосақбау”, “келін тілі”, т.б. жоралғылар болған. Бұлар мал бағатын адамдарға берілетін төлемдер.

Киіт. Құдалар кетердің алдында қалыңдықтың әкесі оларға сыйлықтар тартатын болған. “Киітке” – мал және бағалы, жағалы киімдер тарту етілген. “Киітті” қалыңдық жағынан еріп келген құдаларға да тарту етіп, екі жағы сыйлық беру жөнінен кем түспеуге тырысқан. Біздің заманымызда қалың мал төлеу дәстүрі жойылғанмен, киіт беру дәстүрі сақталып қалды.

Сүт ақы. Ананың ақ сүті үшін төленетін төлем. Қыз жағында өтетін тойда қалыңдықтың анасына күйеу жағы тарту етеді.

Құйрық-бауыр. Бауыр мен құйрықтан тұратын салттық қонақасы. Бұл құдалық бекітілді деген мағынаны

білдіреді. Бұл салттан кейін шегінуге, яғни құдалықтан бас тартуға болмайды, ондай жағдайда келісімді бұзған жақ қалың малды кейін қайтарады.

Қынаменде. Күйеудің ұрын келуі. Құда түсіп, уәде пісіп, қалың мал төлеген соң күйеудің атастырған қалыңдығын алғаш көруге келген тойы *қынаменде* деп аталады. Ән, күй, би қатар жүргізілетіндіктен, қынаменде жас жұбайлардың шаттық кешіне, жастардың махаббат мұратына жету символына айналған. Мұны кей жер қалыңдық ойнау, кей жерде ұрын келу деп атаған.

Тойбастар. Тойдың сәні тойбастарды әнші жігіт не қыз бастайды. Той бастағаны үшін жігіт (не қызға) той иесі рақмет айтып, сый-сияпат ұсынған. Тойбастарды бұрын елге белгілі ақындар мен әншілер басқарған. Мысалы, Баймағанбет сұлтанның Ақыл атты қызы ұзатылғанда тойбастарды атақты ақын Шернияз бастаған. Бұлардан басқа “Жар-жар”, “Беташар”, “Аушадияр”, “Неке қияр”, “Сыңсу”, “Қоштасу”, т.с. сияқты жоралғылар орындалған.

Тәлім-тәрбие, үлгі дәстүрлері

Шілдеhana. “Шілдеhana” – жаңа туған балаға арналған той. Кешке жиналғандар сәбиге құтты болсын айтып, ән салып, домбыра тартып тойлайтын болған.

Кіндік кесер. Қазақтарда “кіндік шеше” ұғымы бар. “Кіндік кесу” рәсімі ең құрметті әйелге, ақыл тоқтатқан әжеге тапсырылады. Бұдан кейін ол әйелге “кіндік кесер” жоралғысы тапсырылады. Кіндік кескен әйел ол отбасының ең құрметті адамына айналып, баланың екінші анасы саналады. Жаңа босанған әйелге әкелінетін ет тағамы “қалжа” деп аталады.

Ат қою. Қазақтар осы салтанатты рәсімге ерекше мән берген. Әдемі аттар мен атақты адамдардың есімдерін беру арқылы соларға балам ұқсас болса екен деген пиғылды аңғару қиын емес. XVIII-XIX ғасырларда өмір сүрген адамдардың көпшілігі не “бай” атын (Мырзабай, Иманбай, Оңайбай, т.б.) беру ата-аналардың дәулетке ұмтылысы, балам бай болса екен сияқты армандарының

нәтижесі деп түсіну қажет. Сонымен қатар, ат қоюға бала туған кезде қалыптасқан әр түрлі жағдайлардың ықпалы аз болған жоқ. Мысалы, Наурызда туғандар Наурызбай, жайлауда туғандар Жайлаубай, айтта туғандар Айтбай, т.с.с. болып кете берген. Баласы тұрмағандар, балаларын құлаққа түрпідей тиетін аттар қойып, ұрпағын сақтап қалуға тырысқан. Күшікбайлар, Түлкібайлар, Қасқырбайлар осыдан келіп шыққан. Ылғи қыз туған ата-аналар ұл көру арманына қыздарына Ұлбосын, Ұлтуған, Жаңылсын, Ұлмекен аттарын қойып жетпек болған.

Бесікке салар. “Бесік” – халық ұғымында қасиетті және бала үшін өте ыңғайлы ұя. Салт бойынша бесікке баланы ру анасы, жұрттың бәріне аса құрметті жасамыс ана салады. Салт дәстүрлі “Бесік жырымен” қабат жүреді. Бесікке бала салынғаннан кейін, әжеге “бесік салар” сыйы тарту етіледі.

Қырқынан шығару. Туғанынан бастап қырық күн өткен соң, әйелдер баланы суға түсіріп, шашын және тырнақтарын алады. Әйелдерге баланың ата-анасы сыйлықтар тарту етіп, жиналғандарды дастарқанға шақырады.

Тұсаукесер. Бұл салтанатты бала жүре бастаған кезде өткізеді. Жіңішке ала жіппен баланың аяғын тұсаулағаннан кейін, шапшаң, пысық көп балалы салиқалы адамға тұсау кесуді сеніп тапсырады. Салт ән-күймен, игі тілектермен қоса жүргізіледі. Ертеде тұсауы кесілген балаға ат және ер тарту етілген.

Базарлық. Алыстан жолаушылап келген адамның жақындарына және таныстарына әкелетін аса қымбат емес сыйлары.

Бастаңғы. Ата-аналар үйден жолаушылап кеткенде, ересек балалардың өз қатарына ұйымдастыратын жастар кеші. Ол ойын-сауыққа толы болған.

Енші. Әке үйінен бөлініп, отау тігетін балалардың үлесі. Ол дүние және мүліктен тұрған.

Көгентұп. Егер қонаққа туыс адам немесе жақсы таныс баламен келсе, үй иесі балаға мал (бұзау, құлын, қозы) тарту еткен.

Ашамайға мінгізу. Бұл салтанатты дәстүрдің бала тәрбиесі үшін үлкен маңызы бар. Бала 6-7 жасқа келген-

де, туысқандар жиналып, оны ерттелген атқа мінгізеді, қолына қамшы береді, оған жігіт болдың дейді. Атасы бата беріп, әжесі шашу шашады, арты үлкен тойға ұла-сады.

Сүндет тойы. Тақ жасқа (3, 5, 7) келген баланы сүндетке отырғызады. Үлкен тойға көп адам жиналып, салтанат иесіне ат немесе басқа сый тарту етіледі.

Тұрмыстық дәстүрлер

Аманат. Отбасылық қымбат заттардың біреуге белгілі бір уақытқа сақтауға берілуі. Аманат сақтау үлкен адамгершілік белгісі саналған. Халық сөзі “Аманатқа қиянат қылма” тегін айтылмаған. Аманат дәстүрі ел ба-сына күн туған “Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама” жылдары басталып, өз жалғасын Кеңестік саяси қуғын-сүргін жылдары тапқан шығар деп пайымдауға болады. Ертеде аманатқа балаларын да беріп отырған.

Ат тергеу. Ұлттық дәстүр бойынша келіндер атасы-ның, қайнағасының, қайынсіңлісінің атын атамай, әртүр-лі жағымды есімдер қойып (“Бай ата”, “Мырза қайнаға”, “Еркежан”, “Көркем жігіт”, т.с.с.) атайтын болған.

Айып. “Айып, айып төлеу” – кінә, кінәлі болу; соған байланысты айып төленеді. Барымта, қылмыс жасаға-ны үшін қылмыскерге айып төлеткен. Айып түрлері көп, олар жасалған қылмысқа байланысты қолданылады. Ауыр қылмыс үшін “тоғыз айып”, яғни түйеден бастап тоғыз мал төлеткен. Әсіресе, ұрлық қатаң жазаланған.

Әмеңгерлік. Отбасында қайтыс болған адамның әйелі-не сол адамның інісінің немесе ағасының үйленуі. Бұл шараның астарында балаларды өзге руға жібермеудің амалы жатқанын түсіну қиын емес.

Бата. Елге сыйлы абыздар, ақсақалдар, азаматтар, аналар беретін бағалы рухани тілектер. Олар “дастарқан бата”, “алғыс бата”, “ел батасы”, “жаңа ай батасы”, “Нау-рыз бата”, т.б. бөлінеді.

Теріс бата. Қарғыс. Ата-ана үмітін ақтамаған, руды ұятқа қалдырған балаларға теріс бата берілетін болған. Ондай адамдар елден аласталған.

Дау. Дау – талас. Қазақтар арасында айып мөлшері, жесір, жетім, барымта, ұрлық, жер, су үшін таластар туып отырған. Дауласқан адамдар әділдікті қара қылды қақ жаратын билерден іздеген. Олар дауларды әділ шешіп, төрелік айтқан. Ақсақалдар шешімі екі сөзге келмей, мүлтіксіз орындалған.

Жылу. “Жылу” – материалдық көмек. Әр түрлі нәубетке (өрт, жұт, топан су, т.с.с.) ұшыраған адамдарға мал, дүние түрінде жиналатын халық көмегі. “Көп түкірсе көл” мақалы соны меңзейді.

Көрімдік. Жас келінді, жаңа туған перзентті немесе мал төлін көргенде беретін сыйлық.

Көрісу. Батыс Қазақстан қазақтарының арасында кең тараған, 14 наурыздан бастап, ағайындардың бір-бірімен сәлемдесуі. Көбіне жасы кіші адамдар жасы үлкендерге барып көріседі. Бұл шараның жастарды имандылыққа тәрбиелеуге үлкен маңызы бар.

Қалау. Тамыр-таныс адамдардың бір-бірінен өзіне ұнаған нәрсесін сұрап алуы. Дос-жарандар қалаған нәрсені қиналмай береді. Қалаушыға да шектен шықпағаны дұрыс.

Сүйінші. Қуаныш хабары. Сүйінші сұраушыға оның қалаған дүниесін беріп ризалайды.

Сыбаға. Аса құрметті қонақтар мен жақын ағайындар үшін үнемі сақталатын үлес. Мысалы, ақсақалдар үшін бас, жая, жамбас, омыртқа, күйеулерге төс және әйелдерге құйымшақ сақталады.

Еңбек, кәсіп дәстүрлері

Асар. Бұл ежелден келе жатқан үлкен шаруа тұсында (үй салу, шөп шабу, қой қырқу, т.с.с.) ауыл адамдарының бір-біріне сатусыз көмегі. “Асар” – қазақ халқының бірлігін, жақынына қамқорлығын көрсететін белгі.

Қымызмұрындық. Қымызды бірінші тату. Бұған салтанатты түрде, құрметті ақсақалдарды шақырып, бати-ха алған.

Өтініш. Ресми адамдар немесе ат-көлігі жоқ жаяу адамдар бір ауылдан екінші ауылға көшіп-қонуға, ба-

руға ат, арба, тарантас, т.б. сұрап алатын болған. Өтінішті ешқашан аяқсыз қалдырмаған.

Діни салттар

Айт. Үлкен халықаралық діни мереке. Ораза айт және Құрбан айт түрі бар. Ораза айт 30 күн оразадан басталады. Ақшалай құрбандық осы айда беріледі. Құрбан айт Ораза айттан 70 күн өткен соң, үш күнге созылады. Осы күндері Қасиетті Меккеге қажылық ұйымдастырылады. Құрбан айтта әрбір мұсылман өз дінінің, аруақтардың құрметіне құрбандық шалады. Бұл мұсылманның негізгі борыштарының бірі Мұхтасар болып табылады.

Зекет. Ислам шарттарының бірі зекет беру. Ол мал немесе асыл дүние түрінде беріледі. 40 қойдан 1 қой, 5 түйеден 1 түйе, 30 сиырдан 1 сиыр зекет беріледі.

Пітір. Ақшалай салық. Жыл сайын үлкен ораза күндері адамдар арнайы мешітке барып, өлгендер аруағына Құран оқытып, ақшалай салық береді.

Садақа. Ақшалай, не басқаша бөліп беру. Жетімдерге, жесірлерге және басқаларға садақа беру әрбір отбасының қасиетті борыштарының бірі.

Жерлеу салттары

Арыздасу – өлетін адамның соңғы сөзі. Санасының барында отбасымен, жақын-жұрағатымен қоштасады.

Иман айту. Өзінің дәмі таусылғанын сезген адамның өз-өзіне соңғы иман тілегін айтуы.

Жаназа. Қайтыс болған адамды жерлеу салты. Молда өлген адамның барлық кінәсін жібереді, садақа беріліп, құран оқытылады.

Підия. Өлген адамның қарызын өтеу. Қайтыс болған адамның өтелмеген борыштары, біреудің алдындағы міндеттерінің өтелуі немесе кешірілуі “підия” деп аталады.

Аруақты еске алу. Еске алу шаралары. Қайтыс болғаннан кейін 3-7-40-100 күндер атап өтіледі, құран оқылып, ас беріледі. Қайтыс болған адамға “жоқтау” айтылады. Жақын-жұрағаттарына, ағайындарына “қайырлы

болсын” айтылады. Бір жыл толғанда соңғы ас беріледі. Нәрестеге арналып мұндай шаралар өткізілмейді.

Шек беру. Өлген адам құрметіне берілетін қонақасы. “Ораза” және “айт” аралығында қайтыс болған адамды еске алып, дұға оқылады, мал сойылып ас беріледі.

Наурыз

“Наурыз” сөзі қазақ тіліне парсы тілінен еніп, “жаңа күн” деген мағынаны білдіреді. Бұл мейрам көптеген ғасырлар бойы халықтың сүйіп мерекелейтін дәстүрлі мейрамдарының бірі. Қазақ аңызы бойынша Наурыз болардың алдыңғы, яғни наурыздың 20-сынан 21-іне қараған түні елді Қыдыр ата аралап, халыққа құт-береке, ырыс әкеледі деп есептеген. Мейрам алдында жас жігіттер “бұлақ көрсең көзін аш” деген ақсақалдар ұсыныстарын орындайтын болған. Сондай-ақ, “бір ағаш кессең, онын отырғыз” деген мәтел Наурызға байланысты айтылып, мереке кезінде жаппай көгалдандыру шаралары жүргізілген. Адамдар жуынып, шайынып, үстеріне барын киіп әдеміленген, әйелдер мен жас қыздар әшекей, әсемдік бұйымдарын тағып, мерекелік күйге оранған. Наурыз күндері адамдар үйлеріндегі барлық құнды, жағалы киімдерді, дүниелерді, асыл бұйымдарды киіз үй ішіне іліп, жайып, көрініске қоятын болған. Наурыз мерекесінің кешінде алтыбақан құрылып, жастар ән салып, ойын-сауық ұйымдастырған. Бір айға созылған Наурыз мерекесінде түрлі ұлттық ойындар – ат жарыс, қыз қуу, көкпар, аударыспақ, мүше алып қашу, жалаң аяқ жаяу жарыс, жамбы ату, алтын қабақ, палуандар күресі, ақындар айтысы, т.б. өткізілген.

Наурыз мерекесінің құрметті қонақтарына халық ауыз әдебиетінің өкілдері мен өнер шеберлері, жыршылар, жыраулар, ақындар, ертекшілер, сал-серілер, әншілер, домбырашылар, қобызшылар, сыбызғышылар, т.б. өнер көрсетіп, халықтың сүйіспеншілігіне бөленген.

“Ол күнде Наурыз деген бір жазғытұрым мейрамы болып, наурызнама қыламыз деп той-тамаша қылады екен” (Абай). Кей жерлерде *Наурыз тойы* деп аталады. Бұл күні үлкен болсын, кіші болсын осы мейрамға келіп,

көңілді ойын-сауықтар жасалады. Мұнда шарап ішу, ренжісу сияқты жағымсыз әрекеттерге қатты тыйым салынған. Тойда бәйге, палуандар күресі, басқа да спорт бәсекесі, айтыс, түрлі ойындар мен көңілді жұмбақтар, ән, өлеңдер, наурыз жырлары айтылады. Әркім үлкендерден бата тілейді. Наурызнама бұрын 3-9 күнге созылатын, халықтың ұлттық дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары кеңінен қолданылатын ерекше үлкен жиын той. “Қазақтың” қазақ болғанда өзіне арналған, сыбағасына тиген жалғыз мейрамы – Наурызнама. Наурызнамада қыз-жігіттер жиналып бас қосып *ұйқыашар* әзірлейді. Ол ет, уыз сияқты дәмді тағамдардан жасалады. Жігіттер қыз-келіншектерге сақина, сырға, айна, тарақ сияқты сыйлықтар береді. Оны *селт еткізер* деп атайды. Бұл күні қарттар да естен шықпайды. Оларға арнап жылы жұмсақ тағамдардан *бел көтерер* деп аталатын дәм дайындалып, тартылады. Бұлардың соңы келер күні *наурыз көжеге* жалғасады.

Наурыз көже. Наурыз тойына ғана тән, көпшілікке арналған мерекелік тағам. Оны әр үй жеті түрлі дәмнен: сүт, ет, тұз, тары, құрт, жеміс, тағы сол сияқты тағам түрлерінен жасап, оған қазы, шұжық сияқты сыйлы мүшелер қосып, мерекемен келгендерге ықыласпен ұсынады. Наурыз көженің дәстүрлік, мерекелік, ұлттық тағылымы өте зор. Ол барлық адамдарды жомарттыққа, ізгілікке, ұйымшылдыққа, татулыққа, бірлікке шақырады.

Наурыз жыры – Наурыз мерекесінде айтылатын халық ауыз әдебиеті түрлерінің бір саласы. Жыр-өлең осы күнге лайықталып, мадақтау, тілек, бата, өзіл түрлерінде айтылады. Оның түрлері халық арасында өте көп тараған. Наурызға арналған бұрынғы, соңғы ақындардың шығармалары да көптеп саналады.

Ұлыс күні қазан толса,
Ол жылы ақ мол болар.
Ұлы кісіден бата алсаң,
Сонда олжалы жол болар...
Ұлыстың ұлы күнінде,
Бай шығады балбырап,

Қасында жас жеткіншек,
Тұлымшағы салбырап.
Бәйбіше шығар балпып,
Күндігі баста қайқиып.
Келіншек шығар керіліп,
Сәукелесі саудырап.
Қыз шығады қылмиып,
Екі көзі жаудырап.

Наурыз бата. Халықта батаның түрлері көп. Соның бірі – Наурыз бата. Мұнда наурызнама өткізгендерге, осы күнге арнап “Наурыз көжеге” шақырғандарға, тойда өнер көрсеткен ақын, әнші, палуандарға, тағы да басқа өнерпаздарға, жас талапкерлерге ақсақалдар мен әжелер, ел ағалары бата береді. Бата жалпы жұртшылыққа, көпшілікке, бүкіл қауымға, ауылға да беріледі. Мысалы:

Өркенің өссін!
Әр күнің Наурыз күніңдей берекелі болсын!
Ұлың – оңға, қызың қырға қонсын!
Еліңе елеулі, халқыңа қалаулы бол!
Айың тусын оңыңнан,
Жұлдызың тусын солыңнан!
Бақ берсін, қыдыр дарысын!

Жастар бұл күні үлкендерден бата алуға тырысады. Өйткені, Наурызда алған батаның орны бөлек.

Наурыз жұмбақ. Табиғатқа, аспан әлемін, ауа райына, күн мен түнге байланысты айтылатын жұмбақтар осындай атқа ие болған. Мысалы:

Ұшарқар Айдай туып,
Күндей батар туғанда
Шабансары таң сонда атар.
Аспаннан жұлдыз тарап, Шолпан туып,
Таң райы Күнменен манауратар.
Шығыстан Үркер туса егініңді ор,
Батса көктен, егісті егетін бол.
Қырық күн, қыры түн сол
Үркер көктен безіп.
Жоғалып қараңғыда шегеді жол.

Наурыз тілек. Әр адам өзіне, отбасына немесе жақын туыс-туғандары мен дос-жарандарын Ұлыстың ұлы күнімен құттықтап, жақсы тілек тілейді, бір-бірінің үйіне кіріп дәм татады. Мысалы:

Пәле-жала жерге енсін!

Төрт түлік ақты болсын!

Өрісің малға, үйің жанға толсын!

Тілек – достық көңіл мен тілектестіктің, адамгершіліктің белгісі, әрі тойдың жарасты салтының бірі ретінде айтылған.

Наурыз төл. Наурыз айында мал төлдей бастайды. Олар наурыз төлі деп аталып, төл басы ретінде бағаланып, малжанды қазақ баласы оны ерекше күтіп бағады. Төл басы сатылмайды, ешкімге сыйға берілмейді.

Наурыzkөкек – наурыз айында ұшып келетін көктем құсы. Қарасы шағын ғана, осы құсты шығыс елі күтіп жүреді. Оны алғаш көргендер “Наурыз келдің бе?” деп шақырып, жем шашады. Наурыzkөкекті ешкім қумайды, үркітпейді.

Наурыз есім. Наурыз күнінде немесе айында туғандарды халық бақытты, ерекше адамдар деп ұғынған. Сондай себеппен оларға Наурыз есімін беретін болған. Мысалы: қазақ халқында Наурызбай Құтпанбайұлы (1706-1781), Наурызбай Қасымұлы (1822-1847) атты әйгілі батырлар болған. Алтын Ордада Наурыз есімді хан (1359-1360) болғаны тарихтан белгілі. Наурызгүл, Наурызбек, Наурызәлі деген адам аттары да жиі кездеседі.

Қорыта айтқанда, Наурыз мерекесі халықты имандылыққа, бірлікке, бауырмалдыққа, достық пен игі дәстүрлер жалғасы мен бірізділігіне тәрбиелейтін ғасырлар қойнауынан келе жатқан мейрамдардың бірі.

§4. Отбасылық, некелік қатынастар

XIX ғасырдың аяғында XX ғасырдың басында қазақ қоғамында көбіне шағын отбасылар болғанымен, патриархалдық қарым-қатынастар сақталып қалды. Отбасында әке мен күйеудің, жасы үлкен ағалардың беделі күшті болды. Әке үйі (үлкен үй) барлық бөлінген ұл балалар

(отаулар) үшін қасиетті орын болып есептелді. Олар барлық жағынан әке шаруашылығына қарасып отырды, қажет болса, қосымша мал-мүлік алып тұрды. Ежелгі отбасылық дәстүрлерге сай кіші ұл өз алдына жеке шаруашылық құрмады, ол әке үйін сақтап қалып, “қара шаңыраққа” ие болды. “Қара шаңыраққа” отаулар тарапынан үлкен құрмет көрсетілді. Жыл сайын “соғым” сойылған кезде, “қара шаңыраққа” барлық “енші” алған балалар “сыбаға” әкеліп тұруға міндетті болған.

Үйленген балаларын бөлу ата-аналар үшін қоғамдық және шаруашылық тұрғыдан алғанда үлкен маңызға ие болды. Кейде мынадай жағдайдар орын алған. Үйленген үлкен ұлын бөлгенде, оған тете екінші үйленбеген ұлын болашақ қалыңдығына қажетті қалың малын беріп, қосып жіберген. Мұндай ағайындыларды халық “еншілес” деп атаған. Балаларына енші беріп, бөлек шығарғанда, ата-анасы ағайын-тумасын, құда-жекжатын, дос-жаранын шақырып, кішігірім той жасаған. Ағайындары жас отау иелерін қолдарынан келген көмегін көрсетіп, сый-сыяпат ұсынған. Ол көбіне мал түрінде беріліп, малдың құлағына күйдіріп, “ен” салынған. “Енші” құрамына белгілі мөлшерде ірі мүйізді қара, түйе, қой және жылқы кірген. Орта дәулетті отбасылар мен кедейлері еншіге жылқы бере алмаған. Ірі байлар 100 қой, 30-40 жылқы, он шақты сиыр мен 4-5 түйе берген. Әкесі қайтыс болғанда енші алған балалардың жаңадан енші алуға қақылары болмаған. Әке малы түгелімен қара шаңырақ иесіне, кіші баласына қалатын болған. Тек анасы мен кіші ұлдың келісімімен үлкен балаларға жаңадан енші беру мүмкіндігі қарастырылған.

Мұралық құқығы. Қазақтардың отбасылық қарым-қатынастарында әке мұрасына құқық етудің маңызы зор болды. Әдетте ол ауызша куәлардың көзінше мұрасын кімдерге беретінін айтатын болған. Әкенің мұра туралы тапсырмасы қатаң сақталған. Мұрагерлер қатарына әдетте балалары, әйелдері, жақын туыстары жатқызылған. Көп әйелдері бар ірі байлар көзі тірісінде олардың әрқайсысына ерекше шаруашылықтар бөліп берген. Сондық-

тан ол өлгеннен кейін әйелдері мен балаларының мұраға таласу құқы болмаған. Күйеуі қайтыс болған жесір әйел әмеңгерлік жолымен күйеуінің інісіне, не ағасына тұрмысқа шығуға міндетті болған.

Қазақтарда ежелден бала асырап алу салты кең тараған. Балалары жоқ ата-аналар баланы ағайындарынан немесе өзге рудан да асырап алып отырған. Асырап алған балалар ер жеткеннен кейін, ата-анамен, ағайындарымен барлық қарым-қатынастарды туған балаларынан ешқандай кем емес деңгейде жүргізіп отырған. Балаларды есі кірмеген кезде асырап алғандықтан, олар өздерінің шын ата-аналарын білмей өсетін болған. Олар өздерін асырап алған ата-аналарын құрметтеп, перзенттік борышын мейлінше адал атқарған. Сондықтан да халық арасында кең тараған “баланы туған ана – ана емес, өсірген ана – ана”, деген сөздің төркіні осында жатыр.

Туысқандық қатынастар. Туысқандық тығыз қатынастар қазақтар арасында берік сақталды. Күнделікті өмірде олар бір-біріне үнемі рухани көмек көрсетіп отырды. Қыздарын тұрмысқа берерде, ұлдарын үйлендіргенде, жақын-жуықтары қайтыс болғанда немесе төтенше табиғат апаттары болғанда, қолдарынан келген көмектерін аямады. Мұндай көмектерді “жылу”, “немеурін”, “үмбе”, “асар” деп атаған.

Қазақтар арасындағы туысқандық қатынастар әке жағынан ғана емес, ана жағынан да жалғасын тапты. Қыздан туған балалар “жиен”, ол балалар үшін анасының әке жұрты “нағашы” деп аталды. Ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлер бойынша жиендерді ренжітпеуге тырысқан, олардың ондай-мұндай еркеліктерін, қалжыңдарын көтерген. Тіпті, жиендерге үш ретке дейін бағалы заттарды қалап алуға рұқсат етілген. Жиендер де өз кезектерінде нағашыларымен жылы, туысқандық қарым-қатынаста болуға тырысқан. Нағашы-жиенділер арасында әдемі әзіл-оспақ, ойнау табиғи жағдай болып саналған. Қазақтар – табиғатынан әзіл-оспақты, ойын-күлкіні сүйетін халық. Қазақтар арасындағы туысқандық қарым-қатынастардың басты ерекшеліктерінің бірі – ой-

науға, әзілдесуге, қалжыңдауға болатын ағайын-тумалардың болуы. Ондай ағайындар дәрежесіне “нағашы-жиен”, “балдыз-жезде”, “жеңге-қайыны”, “жеңге-қайынсіңлі”, “бажалар” жатады. Тіпті, мұндай ойнауға тиісті адамдар ғана емес, үлкенді-кішілі адамдар да әзіл-оспақпен бірін-бірі іліп, шалып жатады. Әйтпесе «әзілің жарасса, атаңмен ойна» деген мәтел қайдан шыққан? Сол жиендер жөнінде «жиен ел болмас, желке ет болмас» немесе «жиен ел болады, малы болса, желке ас болады, майы болса» деген мақалдан, туысқандық иерархиядағы теңсіздікті, яғни жиендердің қыздың баласы болғандықтан ұлдың баласындай дәрежеде болмайтынын байқауға болады.

Құда болудың және некелік одақтардың нәтижесінде рулар арасында өзіндік байланыстар қалыптасты. Құдасын “құдайдай” сыйлаған қазақтар, құдалардың арасындағы туысқандық қарым-қатынастарды “құда мың жылдық, күйеу жүз жылдық” деген мәтелмен баянды етті. Қазақтар күйеубаланы да ерекше қастерлеп, құрметтеген. Күйеубала сыйлаудың мысалы ретінде батыс қазақтарының арасына кең тараған “пайғамбар да күйеубаласын сыйлаған” деген мәтелді еске алуға болады. Бір ру екінші румен алғашқы рет құда болысқаннан кейін, балаларының бақыты, баянды екеніне көздері жеткен соң, “алтынды шыққан жерден қаз” дегендей, сол румен тағы да құда болуға тырысқан. Мұндай ағайыншылық түрі “сүйек жаңарту” атына ие болды. Апалы-сіңлілі қыздардан туған балалар бір-біріне “бөле”, апалы-сіңлілі қыздарға үйленген адамдар бір-біріне “бажа” саналды. Бұлар өте сыйласқан ағайын-туғанға айналып, қазақтардың арасында “малда бота тату, адамда бажа тату” деген мәтелдің шығуына себепші болды.

Сонымен қатар, “жезделер мен балдыздар”, “қайындар”, “қайнағалар”, “қайынбикелер”, “абысындар”, “енелер”, “аталар” – қазақтар арасындағы ең ет жақын туысқандықты анықтайтын адамдар. Олардың әрқайсысының қазақ қоғамында өзінің орны, несібесі, жол-жоралғылары болды.

Әйелдер тарапынан күйеуінің туған-туысқандары мызғымас беделге, құрметке ие болған. Жас келіндер күйеуінің әкесін “ата”, анасын “ене”, ағаларын “қайнаға”, олардың әйелдерін “абысын”, інілерін “қайны”, қарындастарын “қайынсіңлі”, апаларын “қайынбике” деп атап, олардың әрқашанда бабын табуға тырысқан.

Әсіресе, атасы мен қайнағаларын, қайныларын ерекше құрметтеп, олардың аттарын атамай, өздері ат қойған.

Әрбір қазақ азаматының үш жұрты – өз жұрты, нағашы жұрты, қайын жұрты болған. Ол үш жұртын бірдей құрметтеп қастерлеген.

Бала туу және тәрбиелеу. Әрбір қазақ отбасы өз бақытын ошақтың отын сөндірмей жалғастыратын ер баласыз көзіне елестете алмады. Баланың тууы мен тәрбиесіне байланысты қазақтар арасында ғасырлар бойы көптеген салттар, дәстүрлер, жоралғылар қалыптасты. Қайырымды ене өзінің өмірлік тәжірибесін жас келінмен бөлісіп отырды. Көз тиюден, желден, не басқа қолайсыздықтардан сақтау үшін келіннің мойнына тұмар таққан, екіқабат кезінде түнде сыртқа жалғыз өзін шығармаған, келін жататын бөлмеге ырым қылып әртүрлі қару-жарақ, бүркіттің тұмсығын, үкінің тырнағын іліп қоятын болған. Екіқабат жас әйелдерге ауыр жұмыс істетпеген, себепсіз оның қасына әйелдер мен қыздарды жақындатпаған.

Әйел босанарда барлық жауапкершілік енесі мен күйеуінің жақын туыстарына түскен. Олар барлық ырым-жоралғыларды қатаң сақтай отырып, әйелді барынша қамқорлайтын болған.

Қазанды ошаққа қойып ет пісірген (жарыс қазан), сүт қайнатқан, сандықтар ашқан, теңдердің, құрт салған қаптардың аузын шешкен, қарынды ақтарған, әр түрлі түйіншектерді, түйіндерді тарқатқан. Осы ырымдардың бәрі екіқабат әйелдің жылдам, бейнетсіз босануына көмектеседі деп есептеген. Бұл ырымдар – босанатын әйел ет піскен уақытта, сүт қайнаған уақытта, сандықтар ашылғанша, теңдер, түйіндер шешілгенше босанса екен деген тілектерден туындаса керек.

Жаңа туған нәрестені көтеріп алу құрметі ең қадірлі бәйбішеге жүктелсе, кіндігін босанатын әйелге ең жақын әйел – кіндік шеше кесті.

Жаңа туған баланың құрметіне “шілдехана”, “бесік той”, “қырқынан шығару”, “тұсау кесу” тойлары өткізілді.

Жерлеу-еске алу салттары. Жерлеу-еске алу салттарына көп адам қатысатын болған. Қайтыс болған адамды киіз үйдің ішіне оң жаққа шидің жағына қойған. Кісі өлімі туралы жан-жаққа ат шаптырып хабарлаған. Жақын туыстарына бірнеше сыйлы ақсақал тұспалдап “естірткен”. Қайтыс болған адамның туыстары – әйелі әндетіп “жоқтау” айтқан. Жерлеуге келген әрбір ересек адам туысқандарына “көңіл айтқан”. Әйелдер шаштарын бос жіберіп, бойларындағы әсемдік бұйымдарын алып тастаған, мерекелік киімдерін шешкен, жесірі еңіреп, бетін жыртып жылаған. Марқұмның киімін кісілерге бөліп берген.

Еске алу мерзімдерінің ішінде “жылын” өткізгенде үлкен ас берген. Оған өте көп адам шақыратын болған. Ұзақ жасаған белгілі адамдардың асына үш жүздің адамдары шақырылған. Кенесарының серігі Ағыбай батырдың Қарқаралыдағы асына Ақмола, Семей, Жетісу облыстарынан қонақтар келген.

Жылдық астар үш-төрт күнге, кейде бір жетіге созылған. Байлар асқа 2500 қой, 220-250 жылқы сойған, 5000 шелек қымыз дайындаған, 200 киіз үй тіккен, қонақтар саны 5000-ға жеткен. Ат шаптыртып, балуан күрестірілген, басқа да спорт түрлерінен жарыстар ұйымдастырылған.

XIX ғасырда Ырғыз уезінде белгілі бір байдың асына бәйгіге 9 жүлде тігіліп, оның бірінші жүлдесіне 500 қой, 100 түйе, 40 жылқы, 90 бағалы елтірі, бір жетім бала берілген.

Астың ең соңында марқұмның тұл аты сойылып, оның еті құрметті ақсақалдарға тартылған. Солардың көзінше киіз үй сыртында жыл бойы қадаулы тұрған қаралы жаулауы түсірілген. Бұл қараның ресми аяқталуын білдірген.

§5. Халық білімдері

Уақытты анықтау әдістері. Халық уақытты анықтауда өзіндік бай тәжірибе жинақтап, оны қолданудың сәті мен жолдарын және соған лайықты сөз өрнектерін де таба білді. Жылды, тоқсанды, айды, аптаны, тәулікті бөлудің шаруашылыққа сай реті мен ыңғайын да ойластырып, келтіре білді. Ал мерзім, мезгіл өлшемдеріне келгенде халық өлшемі мен аталуы да бай. Ұлттық ұғымда мерзім – уақыттың, мезгілдің шамасы мен ұзақтығын білдіреді (мысалы: бие сауым, күн, ай, тоқсан).

Мезгіл сол уақыттың бір сәтін ғана айқындайды. Мысалы: елең-алаң, түс, кеш, түн ортасы, т.б. Қыс, көктем, жаз, күз мезгіл өлшемдеріне жатады. Мерзім өлшемдері: бір сәт, қас қағым, ә дегенше (1 сек), сүтпісірім (5-10 мин), биесауым (1,5 сағат), етпісірім (2,5-3 сағат), жарты күн, бір түн (тәуліктік – 24 сағат), апта (7 күн), ай (30-31 күн), тоқсан (3 ай), жыл (365 күн) немесе 12 ай, ғасыр (100 жыл). Адам өмірі де жас (1 жыл), мүшелмен (12 жас) есептеліп, бір мүшел (13 жас), екі мүшел (25 жас), үш мүшел (37 жас), төрт мүшел (49 жас)... т.с.с. бөлінеді. Мерзім өлшеміне күн, ай аттары да жатады. Уақыт мезгілдерін анықтауда және оның жиіліктерін жіктеп, айыруда халық теңеулері мен өлшемдері әрі қызық, әрі анық, әрі түрге де өте бай. Мысалы: елең-алаң, құланиек, таң сәрі, құлқын сәрі, таң бозара алакеуім, таң біліне, таң ата, күн шыға, күн қызара, күн қыза, күн көтеріле, күн арқан бойы көтеріле, түске жақын, тал түс, шаңқай түс, талма түс, сәске түс, түс ауа, түс қайта, бесінді, екінді, кеш, көлеңке басы ұзара, күн бата, ымырт, іңір, апақ-сапақ, жөпелдеме, намаздыгер, ақшам (намазшам), ақшам жамырай, бейуақыт, қас қарая, түн қараңғысы, ай туа, түн ортасы, жұлдыз сөне, т.б. Мұнан тек уақыт шамасы ғана емес, халқымыздың таным-түсінік, ой, әрі істің байыбына терең бойлау, бағдарлау, тіл қабілетінің жоғары тұрғанын дәлелдеп береді. Мезгілді қазақтар күндіз көлеңкеге, түнде жұлдызға қарап та анықтаған.

Күн санау. Шығыстық ғылым мен дәстүрге сай қазақтар да жоғарыда айтылғандай уақытты ғасырдан бастап жылға, тоқсанға, айға, аптаға, күнге бөлген де оған жеке-жеке ат берген. Оны жыл санау, ай санау, күн санау деп атайды. 1. Дүйсенбі. 2. Сейсенбі. 3. Сәрсенбі. 4. Бейсенбі. 5. Жұма. 6. Сенбі. 7. Жексенбі. Күн санауды халқымыз өткен күндерді – алдыңғы күні, кеше, бүгін, келер күндерді ертең, арғы күні деп атайды. “Құдайдың күнінің бәрі сәтті” дейтін қазақ жұманы ислам дініне сәйкес қасиетті күн деп санайды.

Ай санау. “Көшпенді өмір сүретін, мұсылман болмаған түркілер жылды төрт маусымға бөліп, әр үш айды бір атпен атайды. Жылдың өтеуін сол тәсілмен белгілейді... Ай – отыз күннен тұратын уақыт өлшемі. Бір айлық уақыттың өтеуі айдың дәуір сүруімен есептелгендіктен, жылдың он екі де бір бөлігі де ай деп аталады” (Махмұт Қашқари).

Халқымыз жылды он екі айға бөледі де оны *ай санау* деп атайды. Бұл ерте замандардан қалыптасқан дәстүр. Түркі халықтары жылды тағы да төрт маусымға (яғни тоқсанға) бөледі. Әр айдың атаулары немесе оны тоқсанға, яғни әр маусымға бөлуде табиғат құбылыстары, ауа райы ескерілген. Сондай-ақ оның шаруашылық жағынан үлкен мән-маңызы бар. Бұл жағынан халқымыз үлкен шеберлік пен білгірлік танытқанын да айту керек.

“Ай – уақыт өлшемі, жылдың бөлігі. Айдың жерді бір айналып шығатын уақытына тең” (“ҚСЭ”. 1-том. 158-бет. 1972ж.).

Шығыс елінде жыл басы наурыздан басталады.

Ежелгі астрономиялық есепте әр айға сәйкес келетін жұлдыз аттары да бар. Мұны жұлдыз ай деп атайды. Кейбір елдерде, сол сияқты Қазақстанның кейбір аймақтарында қазіргі азаматтық айларды *жұлдыз ай* атымен де атай береді. Сол сияқты *рамазан айы* деген де бар. Бұл қазақша жеке ай аты емес, ораза айы осылай аталады.

АЙ АТТАРЫ

Қазақша	Арабша	Орысша
1. Наурыз	мұһамар	март
2. Көкек (сәуір)	сапар	апрель
3. Мамыр	раби I	май
4. Маусым	раби II	июнь
5. Шілде	жұмада I	июль
6. Тамыз	жұмада II	август
7. Қыркүйек	ражаб	сентябрь
8. Қазан	шағбан	октябрь
9. Қараша	рамазан	ноябрь
10. Желтоқсан	шаууал	декабрь
11. Қаңтар	зұлқағда	январь
12. Ақпан	зұлқажжа	февраль

ЖҮЛДЫЗ АЙЛАР

(немесе күн жолындағы шоқжұлдыздар)

Қазақ тілінде	Көне түркі тілінде	Арабша	Орысша
1. Тоқты	Қозы	Хамал	Овен
2. Торпақ	Үді	Сәуір	Телец
3. Егіздер	Ерентүз	Зауза	Близнецы
4. Шаян	Құшық	Саратан	Рак
5. Бикеш	Арыстан	Әсет	Лев
6. Арыстан	Бидай басы	Сүмбіле	Дева
7. Таразы	Өлкі	Мизам	Весы
8. Бүйі	Шаян	Ақырап	Скорпион
9. Мерген	Сүрмерген	Қауыс	Стрелец
10. Ешкімүйіз	Ұғылақ	Жәді	Козерог
11. Суқұйғыш	Көкек	Дәлу	Водолей
12. Балықтар	Балық	Хұт	Рыбы

Халық өлшемдері. Халық өлшемдері – ұлт мәдениеті мен этнографиясының қызықты салаларының бірі болып саналады. “Халық айтса қалт айтпайды” деп тегін айтылмаған. Өйткені оны ата-бабаларымыз бірнеше ғасырлар бойы қолданып және сол арқылы өлшем негіздерін жасаған. Енді халық өлшемдерінің негізгі түрле-

ріне жеке-жеке тоқталсақ. Мұны халықтың өзі белгілегеніндей салмақ өлшемі, көлем өлшемі мен мөлшері, ұзындық өлшемі, қашықтық өлшемі, уақыт және мезгіл өлшемдері деп бөлуге болады.

Салмақ өлшемдерін халық былайша жіктеген. Мысқал (1гр), қадақ (750гр), келі (1 кг), пұт (16 кг), батпан (100 кг). Бұл өлшемдермен бірге халық салмағынан жер ойылғандай, түйеге жүк болғандай деген сияқты бейнелеу, теңеу сияқты айшықты сөз өрнектерін қолданып, ауыр, жеңіл деген сөздерді де пайдаланады. Қариялар осы өлшемдерді күні бүгінге дейін қолданады.

Көлем өлшемдері бір заттың немесе малдың саны, көлемі мен мөлшерін, аумағын шамамен белгілейді. Мысалы: *бір шымшым, бір шөкім, бір уыс, қос уыс, бір тілім (нан), бір түйір, бір қолтық, бір шүйке, бір құшақ, бір қап, бір шелек, бір қасық, бір тамшы, бір арқа, бір шана, бір арба, бір табақ, бір шоқ (үкі, тал), бір топ (адам), бір қарын, бір сандық, бір қалта*, тағы сол сияқты. Мал саны мен көлемін де осылай шамамен ажыратады. Яғни, бір отар, бір қора, бір табын, бір үйір, он шақты, жиырма шақты ... Заттың көлеміне, аумағына кейде *бармақтай, шынашақтай, жұдырықтай, құмалақтай, етектей, алақандай* деген теңеу сөздер де қолданыла береді. Сұйық заттарға мөлшер сөзі қолданылып, оны мөлшерлеп есептейді. Халық қалыңдық өлшемін де ұмытпаған. Мұны олар көбіне жылқы қазысының жұқа, қалыңына қарай айтқан. Айталық *бұлт, пышақ сырты, қылыш сырты* (бұлар 3-5 мм шамасы), *шынашақ, елі, бармақ* (бұлар 1-2,5 см), *екі елі...*, *сере, табан* (7-10 см), т.с.с. Басқа заттардың қалыңдығы да көбіне елімен, яғни саусақ қырымен өлшенеді. Оны *елі* дейді.

Ұзындық және қашықтық өлшемі мүлде екі ұғымды, екі түрлі өлшемді білдіреді. Ұзындық өлшемдерді бір заттың (таяқтың, арқанның) ұзындығын анықтайды және ол (1; 5 см), *екі елі, үш елі...*, *тұтам, сынық сүйем* (14-15 см), *сүйем* (17-18 см), *қарыс, кере қарыс* (20-22 см), *кез* (50 см), *аршын* (75 см), *құлаш* (1,80-2м), т.б. Сол сияқты ұзын, қысқа деген шамамен есептей береді.

Қашықтық өлшемдері жердің қашықтығын (ауылдың ара қашақтығына) қолданылатын өлшем екені белгілі. Бұл өлшем түрлері былайша аталады: *адым* (қадам) (1 м), *таяқ тастам* (10-15 м), *әудем жер* (100 м), *дауыс жететін жер* (250-300 м), *шақырым* (1 км), *иек астында, бір төбе астында* (4-5 км), *қозы көш жер* (5-6 км), *көз ұшында* (6-7 км), *тай шаптырым* (4-5 км), *құнан шаптырым* (8-10 км), *ат шаптырым* (25-30 км), *бір күндік жер, айшылық жол...*, т.б. бұл межелер ауыл ішінде бұл күндері де жиі айтылады. М.Әуезовтің “Абай жолы” романында Абай ауылында қонақта болған Біржан салдың жаңа әніне ұлы ақын “Қозыкөш” деген ат берген ғой. Өйткені, әнші-композитордың салған әні “Қозыкөш” естіліп жатқан. Ел ішінде тереңдік, биіктік өлшемдері де бар. Бұған *терең, тайыз, биік, аласа* деген сөздер қолданылады. Бір айта кетерлік жай, жоғарыдағы аталған өлшемдер бір-бірінің орнына жүрмейді.

Ауа райын бақылау, ыстық, суықты және оның өзіне тән өлшемін белгілеуде де халықтың өзіндік тәжірибелері мен қағидалары аз емес. Қанжылым, жылы, ыстық, суық, салқын, мұздай, тағы да осылайша анықтап бір заттың, судың, астың немесе ауа райын белгілейді. Ауа райын жылы, ыстық, қапырық, қайнап тұр, күйіп тұр, аспан айналып жерге түскендей, ми қайнататын ыстық... деп жаз айындағы күн райын айтса, қыста: шуақ, май тоңғысыз, суық, салқын, аяз, үскірік, бет қаратпас аяз, тіфу десе түкірік жерге түспейтін аяз деген теңеулер арқылы күннің қаншалықты суық екенін анықтап, соған сәйкес әрекет ете бастайды.

XX ғасырдың басына дейін ел ішінде XVIII ғасырдағы Әз-Тәуке ханның басшылығымен жасалған әйгілі “Жеті жарғы” заң негізі құқықтық негізде шығын және құн мөлшерін де белгіледі. Дау-жанжал немесе ұрыс кезінде адам өлімі мен дене жарақатына сай айып, құн өлшемін бекітті. Мысалы: ер адам құны – 100 жылқы. Біреудің белін сындырған адам толық құнын төлейді. Бір көзін шығарса адамның жарты құнын төлейді. Ұрыс-төбелесте бас-бармақ сынса – 100, шынашақ сынса 20 қой төлейді. Дене зақымынан бала өлі туса: 5 айлық бала үшін – 5 ат, 5 айдан 9 айға дейінгі бала үшін әр айға бір түйе. Атал-

ған заң негізінде 100 түйе 300 атқа немесе 1000 қойға теңестірілген (Ақиқат, № 6. 1993, 43-бет). Бұл мөлшерлердің әлеуметтік, мемлекеттік маңызы да өте зор болды.

Саудада әр заттың, малдың құнын белгілеуде орайлы әдістер мен жолдар таба білген. Ақшалай саудада тиын мен теңгені, алтын, күміс жамбы (қойтұяқ, тайтұяқ) сияқты құнды металдарды қолданған. Ал, айырбас саудада әркімнің келісіміне сәйкес шамамен түйені – құлынды биеге, биені – бұзаулы сиырға, сиырды – тай, құнанға, тайды 3-4 қойға айырбастаған. Сөйтіп мал, бұйым саудасында да әр затқа лайық кесімді өлшемдері болған.

Халық өлшемдерінің қырлары өте көп болған.

Халық емі. Емшілер емдеу әдістеріне байланысты әртүрлі аталды. Олардың арасында Бұхара және Самарқан медреселерін бітірген білімді адамдар болды. Олар Ибн Сина және басқа шығыс емшілерінің еңбектерімен таныс болды. Емшілер адам ағзасын жақсы білген. Оған қазақ тілінде кездесетін 150-дің үстінде медициналық терминдердің болуы дәлел. Әсіресе хирургтер мен сынықшылар адам емдеуде үлкен табыстарға жетті. Мал шаруашылығымен айналысу көшпенділерге уытты тамақ ішуге мүмкіндік берді. Сусынға пайдаланған қымыздың салқын тиюге байланысты ауруларды емдеуге, асқазан, жүйке ауруларының алдын алуға өте пайдалы болды. Жылқы еті мен майының да емдік қасиеттері көп болды. Осы сияқты пайдалы тамақтармен қоректенген қазақтар денсаулықтары мықты, денелері шымыр, табиғаттың дүлей күштеріне, ыссы, суығына қаймықпай қарсы тұра алатын халық болып өсіп жетілді. Емдік шөптердің арасында қазақтар жусанды, ерменді, дәрменені, шәлпиді, қараандызды, саумалықты, қымыздықты, көшаланы, аршыны, киік отын, қалампырды, тал қабығын, нарпозды, қара бұрышты, долананы, қарақатты, меңдуананы, ақсырғақты, итмұрын тәбірін, мия тәбірін, тобылғыны кеңінен пайдаланды. Сондай-ақ, ауруларды емдеуге: аю және аққу өті, борсық, суыр, қаз, жылқы,

қой майлары, т.б. жануарлар майлары, жас ет, сорпа, қымыз, шұбат, құрт, сары май, сүт, бал, киік, марал мүйіздері, т.б. азық-түлік өнімдері қажетке жаратылды. Халық емшілері соз ауруын емдеуді білген. Ол үшін әр түрлі шөп тамырларынан дайындаған тері шығаратын дәріні ауруға беріп, науқасты әбден терлету арқылы оның бойынан соз ауруын шығарған. Сары ауруды битпен емдеген. Әсіресе, сынықшылар сынықтарды емдеуде үлкен табыстарға жетті. Бас ауырғанда, қан қысымы өскенде қазақ емшілері қан алуды білген. Қанды самай, маңдай, шынтақ, саусақ сырты, тілдің астынан арнаулы темір құралымен теріні кесіп алған. Қанды жаңа күлді немесе күйген киізді басып тоқтатқан. Нәрестелердің барлығы дерлік ұшырайтын “қой ауруын” маңдайды “қию” арқылы емші әйелдер өте жақсы емдейтін болған.

Сынықшылар аяқ, қол, жамбас сынықтарын салумен қатар, шыққан сүйектерді өз орнына салатын болған. Сынған және шыққан сүйектің тұсын жылқы майымен сипай отырып салған, ісікті тұзды сумен қайтарған.

Қазақтар өздері мекендеген жерлерді балшықтың, сордың, тұзды және минералды сулардың емдік қасиетін біле отырып, әр түрлі науқастарды емдеуге тиімді пайдаланған.

Аспан шырақтары жайлы түсініктері. Аспан шырақтарының ішінен қазақтар күнді ерте заманнан-ақ құдіретті, қасиетті құбылыс деп білген. Сондықтан аңыз, ертеке кейіпкерлерін Күн сұлу, Күн астындағы Күнікей атап, “Ай десе аузы, Күн десе көзі бар” аруларды жырға қосып отырған. Күннің жарығы мен жылуынан жер бетіндегі күллі жан-жануар, өсімдік атаулы нәр алып, қоректенетінін мал өсіруші – көшпелілер қай халықтан да кем түсінбеген.

Азия құрлығының тұрғындарына Күннен кейінгі танымал планета Ай болған. Сахараның бақташылары ұзақ түнде айдың тууы мен батуын бақылаған, одан өздерінше қорытынды жасап, жыл мезгілдерін айыруға есебін шығарған. Айдың Жердің табиғи серігі екені, үнемі

айналып отыратыны қазақтарға ертеден-ақ мәлім болған.

Шоқанның пікірінше, қазақтар айды “құдай” тұтқан. Ай ортасы кезінде (он бесінде) күнге қарама-қарсы тұрады да толған ай болып көрінеді. Айдың осы бір сәтін қазақтар сұлулықтың нысаны ретінде қабылдаған. Айталық, “Жалғыз қызы Гүлбаршын – он бесте толған ай еді” (Алпамыс), “Толған айдай толықсып, бұралып кетіп барады” (Қыз Жібек), “Ай толғанын білмес, жігіт болғанын білмес” (мақал), “Жақсы ай мен Күндей, Жарығы әлемге бірдей” (мақал) деп, оған арнап мадақ өлең, мақалдар шығарған. Әрбір малшы туған айдың қорғалап күн сайын кешеуілдеп туатынын, ақырында “таусылып”, “өліара” келетінін біледі. Бұл кезде ай мен жер күннің арасына келеді де, жерге қараңғы беті (көлеңкелі беті) қарайды. Бұл кезде айды күндіз де, түнде де көруге болмайды. Халық есепшілері өліара жауын-шашынды болады дегенді мақұлдайды.

Бірде “таң сарғайып атқанда, Шопан жұлдыз батқанда” деп уақытты білдірсе, енді бірде “Ажарың ақ түлкідей қашқан құмнан, Шолпандай таң алдында жалғыз туған” деп сұлулықты сипаттайтын Шолпан жұлдызы қазақтар зердесінен терең орын алған. Оған ертедегі гректер ғашықтық құдайы Венераның атын берген. “Шолпан құбылып, түрленіп жүреді. Бағыз да айдай жарқырайды... Оның тоқ туғаны жақсы, шөп мол болады. Қыста суықпен қос қабаттасып шақырайып туған Шолпанды “тұлқатын” долданып шықты” дейтін болған.

Өздерінше *жарық жұлдыз, сары жұлдыз, Есекқырған* деп атайтын Юпитерді бақташы-малшы қазақтар ертеден-ақ білген.

Марсты лапылдап, қып-қызыл болып тұрғанына қарай *қызыл жұлдыз* деп атаған. Ол шарықтағанда суық, аяз күшейетін болған. Сондықтан оны “шағырмақ жұлдыз, шарт аяз ата, мұңды бір келінің, мұзды аяқ ата” деп қысқы суықты шағынған екен деген аңыз таратқан.

Полярная жұлдызын қазақтар *Темірқазық*, *Құт жұлдызы* деп атаған. Жорықтағы ауыр қол, сапардағы жолаушы, мал күзеткен бақташы түндегі бағдарын темірқазық жұлдызына қарай айыратын болған. Ол туралы “Темірқазық аумаса, тас бұршақтай жаумаса, Ағаң бір келер өлмесе”, деген ауыз әдебиетінің өзі-ақ Темірқазық жұлдызын түнгі аспанның тұрақты шырағына балағанын білдіреді.

Махмұд Қашқари өз кезіндегі түркі тайпаларының оны темір шеге, аспан кіндігі деп ұққанын жазады. Ол шын мәнінде, кіші аюдағы ... жылтырап көрінетін жарық жұлдыз.

“Жеті қарақшы (Большая медведица) – бара жатқанның балтасын, келе жатқанның кетпенін ұрлаған”, баукеспе ұры... қылмысы басынан асқан соң... аспанға қашып шыққан. Бастаған алдыңғы төртеуі, ана ерермес болып жүрген үшеуі олардың көмекшісі. Ана екі бүйірдегі екі жарық жұлдыз – екі батыр. Одан былайғы қос жұлдыз – ақбоз ат пен көкбоз ат – батырлардың аттары. Олар Темірқазыққа арқандаулы. Шұбатылған арқанда әне көрініп тұр. Аттар Темірқазықты айналып жайылады. Оларды аңдыған жеті ұры Үркердің қызы Үлпілдекті алып қашпақ. “Жеті қарақшы” шоқ жұлдызына байланысты халық арасындағы көп аңыздың бұл бір мазмұны.

Халық Жетіқарақшы жұлдызы жөніндегі аңызды Үркер жұлдызымен ұштастыра, өрбітіп әкеткен. Мұнда Үркердің қызы Үлпілдекті Жетіқарақшының қашырып аспанға шығып кеткені әңгімеленеді де, “Үркер үркіп қайда барасың, – деп жөн сұрағандарға, – орақ орған ұлыма, жібек түткен қызыма барамын” – деп жауап беріпті-мыс делінеді.

Аспанда ана тұрған Үркер жұлдыз,
Түйесін көш-көш қылып тіркер жұлдыз.
Үркердің жалғыз қызын алып қашып,
Қарақшы мына тұрған – жетіжұлдыз,
деп те өлеңге қосқан.

Қамбарды – “білмегенге білдіретін, елемесе бүлдіретін” кәрлі жұлдыз деп санайды. Оның аймен тоғысуы кезінде жол жүруге, көшіп-қонуға бомайды, өйткені, Қамбар кәрін төгіп, сәтсіздікке ұшыратады-мыс. Әуелі ай Қамбардың мұртына, екінші күні ауыз омыртқасына, одан өтіне тоғысады, кейін құйрығына кетеді. Ай өтінен өтсе-ақ болды, жұрт “өтінен өтті, құйрығына кетті, жадырады” деп жолаушылай берген. Қамбар атты мифтік атрибуттың “білдірермін, бүлдірермін” дейтін қан көкірек, үрейлі, қияпас сөздері бұл аңызды естіген адамды аспандағы сол жұлдызды көруге құштарлығы артары анық және бұл айтылғандардан, қазақ халқының аспан денелері хақындағы ұғымдары едәуір күрделі болғаны көрінеді. Жұлдызды аспанды олар тек бағдар айыру мақсатында ғана бақыламаған. Ондағы аспан шырақтарының орын ауыстыруын, қозғалысын, көріну, көрінбеу сәттерін есепке алып, бұл кездегі ауа райы өзгерісін де салыстырып отырған. Ұзақ жылғы, тіпті ғасырлар бойғы атадан балаға ұласып отырған мұндай бақылау тәжірибесін мал бағу, егін салу, бау-бақ өсіру мақсатына пайдаланған. Бұл халық даналығының кір шалмай жеткен бір айнасы дерлік.

§6. Қазақтың ұлттық ойындары

Қазақтардың көшпелі тұрмысына байланысты ат ойындарының түрлері көп болған.

Аламан бәйге – ұзын және өте ұзын қашықтықтарға ат жарыс (25, 50, 100 км) өте ежелгі және кең тараған жарыстардың бірі болған. Аламан бәйге аса қадірлі, танымал адамдардың астары кезінде ұйымдастырылған. Аламан бәйгеге қатысу үшін бүкіл қазақ елінен, көршілес қырғыз, өзбек, башқұрт елдерінен атбегілер келіп, өздерінің бақтарын сынаған. Аттарға 8-14 жастардағы балаларды отырғызатын болған. Аламан бәйгеде озып келу – үлкен мәртебе саналған, озып келгендерді аса

бағалы сыйлықтармен қатар, даңқ пен құрмет күтіп тұрған. Қазақ тарихында аламан бәйгеде бірінші келген тұлпар иесіне 100 жылқы, 30 түйе, 500 қой және 100 теңгенің қызыл матасы берілгені жөнінде дерек бар. Бәйге барлық тойларда, мейрамдарда, мерекелерде өткізіліп тұрған. Қазақ бәйгесі тегіс жерде, тіке қашықтыққа, айналысқа немесе тұйық шеңберде ұйымдастырылған. 1,2 км-ден 2 км-ге дейін үш жастағы жылқылар үшін құнан бәйге, 2,4-4,8 км – дөнен бәйге, 5 км-ден 8 км-ге дейін 5 жастағы немесе одан үлкен жылқылар үшін бәйге ұйымдастырылған. Бұл кезеңдерден өткен бәйге аттарын бірте-бірте аламан бәйгеге дайындаған.

Жорға аттардың жарысы – *жорға жарыс* тіке 2 км-ден 10 км-ге дейін қашықтыққа өткізілген. Арнаулы шебер жорғашылар жорғаларды құнан, тай, дөнен кезеңдерінен бастап үйретіп дайындаған. Жорғаларды қазақтар алты түрге дейін бөлген: аяқ жорға, үш аяқ жорға, тайпалған жорға, байпан жорға, су шайқамас жорға, төкпе жорға.

Ірі мерекелерде халық сүйіп тамашалайтын ат ойындарының бірі – *сайыс* болды. Сайысқа екі сайысшы атқа мініп шығып, тоқал найзамен бірін-бірі аттан құлатқанша сайысқан. Сайыс барысында адамдар ауыр жарақаттар алатын болған, кейде оның соңы кісі өліміне әкеліп, рулар арасындағы бітіспес өшпенділікке соқтырған. Сондықтан да бұл ойын түріне кейін тыйым салынды. Жігіттердің бірін-бірі ат үстінен аударып тастауға тырысуын аударыспақ деп атады.

Көкпар тарту – оңтүстік қазақтарының арасына кең тараған командалық ат ойыны. Екі жақ он-оннан топқа бөлініп, ортада жатқан серке денесін белгілі бір межеге бұрын жеткізу үшін сайысқа түседі. Сайыс кезінде серкені атқа өңгеріп алған қарсыласынан оның екінші қарсыласы жұлып алуға, сосын өзі мәреге бірінші болып жетуге тырысады. Мәреге жеткенше бар пәрменімен шапқылаған көкпаршылар бір-біріне көкпарды жалғастырып, неше түрлі айла-шарғыларды қолданатын бол-

ған. Аттың құлағында ойнайтын көкпаршылар серкені қарсыласынан денесімен көлегейлеп, жасырып немесе тарамыстай қолдарымен айырылмай екінші сыбайласына беріп үлгерген. Ғасырлар қойнауынан біздің заманымызға дейін келіп жеткен бұл халық ойынымен қазіргі жастардың да сүйіп айналысатыны қуанышты жайт. Мысалы, Сидней Олимпиадасының ауыр салмақтылар арасында күміс жүлдегері, әйгілі боксшы Мұқтархан Ділдәбеков бокске көкпар спортынан ауысып келгені белгілі. Бас аяғы үш-төрт жылдың ішінде Мұқтархан бокс спортының әлемдік жұлдызына айналды. Оған көкпаршы болғаны көмектескен деуге негіз бар.

Жамбы ату – садақтан немесе мылтықтан атпен бар пәрменімен шауып келе жатқан күйде тігілген тиынды атып түсіру. Мұны алтын қабақ деп те атайды. Жарыс өткізу үшін биік бағанаға немесе сырыққа күмістен құйылған жамбыны іліп қоятын болған. Кейде жерде тұрып та атуға рұқсат етілген.

Күміс алу. Орта Азия, Қазақстан және Кавказ халықтары арасында кездесетін бұл ойын қатысушыдан ерекше ептілікті, шапшаңдықты, ат үстінде өз денесін және атты айрықша меңгеруді талап еткен. Бұл ойынның мәнісі атпен шауып келе жатқан жігіт жерде телпек ішіне қойылған тиынды іліп алып кетуге тиісті болған.

Халық арасына кең тараған спорттық ойындардың бірі қазақша күрес болды. Күрес барлық жиын-тойларда, мерекелерде, бас қосуларда өткізіліп тұрған. Елге танымал балуандардың даңқы бүкіл қазақ даласына жайылған. Оларға бас балуан, түйе балуан, т.б. құрметті атақтар берілген. Қазақ халқының ұлы балуандары Қажымұқан және Балуан Шолақ есімдері бүкіл қазақ жұртшылығына белгілі. Қажымұқан табиғат сыйлаған қара күштің арқасында он сегіз мың ғалам таныған балуанға айналды, грек-рим күресінен бірнеше дүркін әлем чемпионы атағына ие болды. Оның есімі кезінде орыстың ұлы балуандары Иван Поддубныйдың, Иван Зайкиннің, Иван Шемякиннің есімдерімен қатар аталуы – қазақ халқы

үшін зор мақтаныш. Ұлы балуанның даңқты спорттық жолын, мәртебесін, оның кейінгі ізбасарлары Олимпиада және Әлем чемпионы Жақсылық Үшкемпіров, Әлем чемпиондары Дәулет Тұрлыханов пен Бақтияр Байсейітовтер табысты жалғастырды.

Қыз қуу – ат спортына байланысты ойын, өз бастауын қыз-келіншектер жауынгерлікпен айналысқан кезде алған болуы керек деген жорамал бар. Бұл ойынның шарты бойынша жазық қашықтық таңдап алынып, оның соңына белгілі бір меже белгіленген. Ұйымдастырушылар берген бұйрықтан соң, қыз атына қамшы басып, сол межеге қарай құйындатып шабатын болған. Мақсат – межені айналып өтіп, ойын басталған жерге дейін жігітке жеткізбей қайтып оралу. Жігіт қалай да қызды қуып жетуге тырысқан. Ойын шарты бойынша, егер жігіт қызды қуып жете алса, қыздың бетінен сүюге рұқсат етілген, жете алмаса, қыз жігітті қамшымен ұратын болған. Қазақтың бұл ежелгі ойыны – “Девушка-джигит” фильмінде әйгілі артистер Лола Әбдікәрімова мен Кененбай Қожабековтің ойнауларында өте нанымды бейнеленген.

Қазақ жастарының сүйіп ойнайтын ойыны алтыбақан ауыл сыртында кешкі мезгілде ән-күй құшағында өткізілген. Қыз бен жігіт құрылған әткеншек-алтыбақанға орналасып алып, ән, жыр, мақал-мәтел айтып, домбыра тартып жарысатын болған.

Топтық ойын “ақсүйекке” қатысушылар екі жаққа бөлініп, лақтырып жіберген “ақсүйекті” іздеп табуға тырысқан. Бұл ойын жөніндегі мәліметті М.Әуезовтің “Абай жолы” романынан табуға болады. Ұлы жазушы суреттеген Оралбай мен Керімбаланың махаббаты осы “ақсүйек” ойынынан басталуы тегіннен тегін емес. Өйткені, “ақсүйек” ойыны кешкі түнде ай жарығымен өткізілетін болған. Бұл ойынның шарты бойынша лақтырылып жіберілген “ақсүйекті” қыз бен жігіттің екеулеп, ұзақ іздеуіне мүмкіндік берілген.

Жастар мен балалардың жоғарыда аталған ойындарымен қатар, балалар ойындарының да түрі көп болды.

Олардың көпшілігін құрайтын асық ойындары балаларды шымыр болып өсуге, ептілікке, мергендікке, ойлау қасиеттерінің жетілуіне көмектесті. Асық ойындары “хан талапай”, “алшы”, “хан”, “бес тас”, “жиырма бір”, т.б. болып бөлінді. Мысалы, “бес тас” ойыны “бір алу”, “екі алу”, “үш алу”, “төрт алу”, “бес алу”, “жинамай”, “ағызмай”, “сапырмай”, “қораға енгізу” кезеңдерінен тұрған. Оны екі баладан бастап 5-6 балаға дейін кезектесіп ойнаған. Жеңімпаз болып айтылған ойын кезеңдерін бірінші болып аяқтаған ойыншы есептелген.

Бұлардан басқа жасырынбақ, соқыртеке, қазан, шүлдік, он екі таяқ, куэр, ләңгі ойындары да балалардың сүйіп ойнайтын ойындарының қатарына жатты.

Қазақстанға орыс, украин және басқа да халықтардың қоныстануы нәтижесінде XVIII ғасырдан бастап өзге ұлттар ойындары да тарай бастады. Мысалы, Жайық өзені бойында салынған казак-орыс әскери бекіністерінің тұрғындарының ойыны “лапта” қазақ жастарының тез қабылдап, сүйіп ойнайтын ойынына айналды. Бұл топтық ойын америкалық бейсбол ойынына ұқсас. Сондай-ақ, “городки”, “казаки-разбойники” ойындары да кең тарады.

Ақыл-ойды дамытуға септігін тигізетін “тоғызқұма-лақ” ойыны Солтүстік және Орталық Қазақстан қазақтарының арасында дамыды.

Сайып келгенде, қазақтың ұлттық ойындары мен сайыстары қоғамдық, отбасылық және басқа мерекелердің бөлінбейтін бөлшегін құрап, бүкілхалықтық махаббатқа ие болды.

Негізгі ұғымдар мен терминдер:

Қазақ халқының дәстүрлері мен салттары

Дәстүрлер мен салттардың бөлінуі

Үйлену, құдалық, жекжаттық дәстүрлер

Тәрбиелік дәстүрлер, тұрмыс-салттық дәстүрлер, еңбек дәстүрлері

Діни дәстүрлер, Наурыз мейрамы

Қазақтың халықтық білімі

Уақыт өлшемдері
Малға, кәсіпке байланысты білімдер
Халық емі
Аспан шырақтары туралы білімдері
Қазақтың ұлттық ойындары

СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР:

1. *Дәстүрлер дегеніміз не?*
2. *Қазақтың дәстүрлерін қандай топтарға бөлуге болады?*
3. *Тәрбиелік дәстүрлерге мысал келтіріп, солар туралы айтыңыз.*
4. *Еңбек дәстүрлері туралы мысал келтіріңіз.*
5. *Қазақтың халықтық білімі арасынан уақыт мөлшерлері туралы әңгімелеңіз.*
6. *Мезгіл, салмақ және ұзындық, қашықтық, т.б. қандай өлшемдері болған?*
7. *Аспан шырақтары жөніндегі халық білімі қалай және не үшін жинақталды?*
8. *Қазақтың қандай ұлттық ойындарын білесіз?*
9. *Қазақ қоғамында отбасылық қарым-қатынастардың қандай ерекшеліктері болған?*
10. *Қазақтар арасында болған мұралық құқықтың өзге халықтардың мұралық құқығынан қандай айырмашылықтары болған?*
11. *Қазақтар арасындағы туысқандық қатынастар туралы әңгімелеп беріңіз.*
12. *XVIII-XIX ғасырларда үстем болған жерлеу, еске алу салттарының қайсысы біздің заманымызға жетті, қайсысы жетпеді?*

ХІ БӨЛІМ

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ХІХ-ХХ ҒАСЫРЛАРДАҒЫ МӘДЕНИЕТІ

§1. Қазақ әдебиетінің дамуы

Қазақ халқының әдебиеті күрделі даму жолынан өтті. Бізге батырлар жырлары, айтыстар, ертегілер, аңыздар, мақал-мәтелдер, жаңылтпаштар, жұмбақтар, т.б. түрлерінде аса бай ауыз әдебиеті нұсқалары жетті. Жазба әдебиетінің негізін салушы Абайға дейін Сыпыра жырау, Қазтуған, Асанқайғы, Шалкиіз, Доспамбет, Ақтамберді, Бұқар жырау, Махамбет, Абыл, Қашаған, Шөже, Мұрат, Сүйінбай, Орынбай, т.б. ақындардың шығармалары халық арасына кең тарады. Рухани мәдениетті құрайтын қазақ әдебиеті тек ауыз әдебиеті түрінде ғана емес, жазба әдебиет те қалыптаса бастады. Оның жарқын өкілі Абай Құнанбаев (1845-1904) болды. Қазақ мәдениетіндегі Абайдың данышпандығы қазақтың халық ауыз әдебиетінің тамаша үлгілерінен бастау алды. Көркемөнердің мәні мен маңызы Абайдың көптеген зерттеулерінің пәні болды. Абай қазақ тіліне орыстың ұлы ақындары А.С.Пушкинді, М.Ю.Лермонтовты, И.С.Крыловты аудару ісінде тамаша нәтижелерге жетті.

“Рухани қасиеттер – адам өміріне ең қажетті нәрселер, міне, осылар”, дейді Абай өзінің “Қара сөздерінің” бірінде.

ХІХ ғасырда қазақ қоғамында саяси-әлеуметтік қайшылықтар күшейіп, олар халық көтерілістеріне әкеліп соқты. Махамбет Өтемісұлының поэзиясы осы кезеңде қарсылықты және деспотизм жеккөрушілікті оятып, халықтың отарлық езгіге және қанауға қарсы күресін бейнеледі. ХІХ ғасырдың аяғында ХХ ғасырдың бас кезінде өмір сүрген Атырау өлкесінің ірі ақыны М.Мөңкеұлы өзінің «Үш қиян», «Сары Арқа» атты толғауларында Ресей империясының отарлық саясатын аяусыз

сынады. Осы кезеңде қазақ әдебиеті ақындар И.Байзақовтың, Нұржан Наушабаевтың, Қашаған Күржімановтың, Омар Шораяқовтың, Тұрмағанбет Ізтілеуовтің шығармаларымен толықты.

Қазақтың әдеби тілінің дамуына ХХ ғасырда ерекше мән беріле бастады. А.Байтұрсыновтың басшылығымен құрылған Академиялық орталық қызметінің басты бағыттары болып, қазақ тілінің ғылыми терминдерін дайындау, бірінші және екінші сатыдағы қазақ мектептері үшін қазақ тілінде оқулықтар мен оқу құралдарын жазу, қазақ тіліне саяси-ағарту әдебиетін аудару саналды. Бұл орталық жұмысының нәтижесінде Қ.Сәтбаевтың “Алгебрасы”, А.Байтұрсыновтың “Хрестоматиясы”, М.Жұмабаевтың “Педагогикасы” жазылды.

Қазақ көркемөнері мен әдебиетінің үлгілерін оқып-үйреніп, сақтаумен қатар, этнографиялық зерттеулер жүргізу ісімен М.Әуезов, Х.Досмұхамедов, М.Тынышпаев 1922 жылы ұйымдастырған қазақ мәдениетін қорғау қоғамы “Талап” айналысты. 1920-1930 жылдары қазақтың бейнелеу өнері дүниеге келді. Қазақтың тұңғыш кәсіби суретшілері Ә.Қастеев, А.Ысмайлов, ағайынды Қожықовтар, А.Шебеков, т.б. өздерінің шеберліктерін осы кезеңнен бастап шындай бастады. Олардың бәрі арнаулы білім алып, Қазақстанның бейнелеу өнерінің дамуына елеулі үлес қосты.

Шәкәрім Құдайбердиев (1858-1931) – қазақ әдебиеті тарихындағы жарқын тұлғалардың бірі. Ол 1858 жылы Семей облысының Шыңғыстау ауданында Абайдың ағасы Құдайберді отбасында дүниеге келді. Әкесінен ерте қалған Шәкәрім Абай қолында тәрбиеленді. Бұл жағдай оның дүниетанымы мен шығармашылық қабілетінің қалыптасуына игі әсер етті. Ол өз дәуірінің әлеуметтік мәселелері туралы толғанды, қиянат атаулыға орын жоқ өмірді армандады. Тек қырық жасқа жақындағанда адамгершілік, ізгілік мазмұнға толы поэзиямен айналыса бастады. Ш.Құдайбердиев – құнды поэмалардың, повестердің, өлеңдердің, аудармалардың авторы. Ақынның

көзі тірісінде, 1919 жылы “Қазақтар айнасы” атты өлеңдер жинағы жарық көрді. Ол “Қалқаман-Мамыр”, “Еңлік-Кебек” романтикалық поэмаларын және дін жөніндегі “Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі” атты трактат жазып қалдырды.

Құдайбердиев лирикасы диапазонының ала бөтен кендігімен ерекшеленеді. Алғашқы өлеңдерінде ақын махаббатты, әйел сұлулығын, жастық пен табиғатты жырлады. Қазақ жерінің өзгеше сұлулығы, кең-байтақ далалары мен асқар таулары, мөлдір аспан мен буырқанған өзендер – ақын шығармашылығының негізгі тақырыптары болды.

Ахмет Байтұрсынов (1873-1938) – ақын, ғалым, түркітанушы, орыс классикасын аударушы, педагог, публицист, қоғам қайраткері. Оның «40 мысал» жинағы 1909 жылы Петербургте жарық көрді.

Қазақ тілінің табиғатын зерттей отырып, ол жаңа әліпби жасаумен айналысты, тілтану жөнінде мақалалар мен оқулықтар жазды, кейінірек әдебиеттану, тарих, әдебиет теориясы бойынша зерттеулері жарық көрді.

Ақын, жазушы, аудармашы, журналист Міржақып Дулатовтың (1885-1935) өмірі мен қызметі әлеуметтік, саяси және рухани қайшылықтарға толы ХХ ғасырдың бас кезеңімен тұстас келді. Анасы екі жасында қайтыс болды. Әкеден 12 жасында айырылды. Әуелі ауыл мектебінде, кейін Торғайдағы екі кластық орыс-қазақ училищесінде оқыды. Педагогикалық курстарды бітіргеннен кейін, 1902 жылдан бастап ауылда мұғалім болып істей жүріп, барлық бос уақытын өз бетімен білімін көтеруге, қазақ, орыс және шетелдік жазушылардың шығармаларын оқуға жұмсады.

М. Дулатов шығармашылығының басым бөлігін А.С.Пушкин, М.Ю.Лермонтов, Ғ.Тоқай шығармаларын қазақ тіліне аудару құрайды. М. Дулатовтың А.Құнанбаев, Ш.Уәлиханов, А.Байтұрсынов шығармашылықтары туралы зерттеулерінің өзі құнды жазбалар болып табылады. ХХ ғасырдың бас кезіндегі қазақ жаз-

ба әдебиетінің дамуына аса көрнекті ақын-жазушылар М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, С.Сейфуллин, Б.Майлин, І.Жансүгіровтер өлшеусіз үлес қосты. М.Жұмабаев – қазақ поэзиясы тарихындағы ең ұлы ақындардың бірі. Ол “Пайғамбар”, “Шығыс ұлы”, “Мен жастарға сенемін”, т.б. жалынды өлеңдердің авторы. Өкінішке орай, аталған ақындар мен жазушылар 30-жылдары жүргізілген кеңестік саяси қуғын-сүргін құрығына ілініп, жазықсыз құрбан болды.

Қазан төңкерісі қарсаңында және одан кейін әдебиет пен өмірдің байланысы күшейіп, өкіметті сынау, халық өмірінің қайғылы жақтарын пайымдауға тырысушылық байқала бастады. С.Көбеевтің, С.Дөнентаевтың, М.Сералиннің, С.Торайғыровтың, С.Мұқановтың, М.Әуезовтің, Ғ.Мүсіреповтің шығармалары кеңестік құрылысты, кеңес адамының жаңа өмірді құрудағы ерен еңбегін бейнеледі.

Мұхтар Әуезов шығармашылығы – қазақ әдебиетінің классикалық мұрасы мен өткен дәуірдің алтын дәстүрлері арасындағы байланыстың жарқын айғағы. Ол алғашқылардың бірі болып, қазақ әдебиеті тарихын, ертегілерді, айтыстарды, батырлар жырларын зерттей бастады. Оның қаламынан бүкіл дүниежүзінің әдебиетсүйер қауымы таныған, көптеген елдер тілдеріне аударылған “Абай жолы” эпопеясы шықты. Кезінде М.Әуезовтің басты шығармасына аса көрнекті жазушылар мен әдебиет зерттеушілері Л.Арагон, А.Курелла, Н.Погодин, М.Шолохов, Ш.Айтматовтар зор баға берді.

Қазақ кеңес әдебиеті 30-шы жылдары үлкен жетістіктерге жетті. 1936 жылы Мәскеуде қазақ әдебиеті мен өнерінің он күндігі үлкен қошеметпен болып өтті. 30-40 жылдары қазақ әдебиеті қиын әрі күрделі жағдайда дамып, бекіді. Бір он жылдықтың ішінде (1929-1940) қатарынан екі рет директивалық қаулының күшімен қазақ емлесі өзгеріске ұшырады. Әуелі қазақ әліппесі латынға көшірілсе, іле-шала кириллицаға көшірілді. Қазақ халқы шын мәнісінде Қазан төңкерісіне дейін араб тілінде жазылған өзінің рухани мұрасынан айырылып қалды.

Жоғарыда көрсетілгендей, осы кезде қазақ мәдениетін құрушылардың басым көпшілігі сталиндік зорлық-зомбылықтан зардап шекті. Соғыстың алдында екі рет (1934 және 1936) халық өнері шеберлерінің слеті өткізілді. Осы кезде халық ақыны Жамбыл Жабаевтың (1846-1945) таланты жаңа қырынан жарқырай көрініп, бүкілодақтық аренаға шықты. Қарт ақын ақындық еңбегі үшін Кеңес өкіметінің жоғары наградалары – Ленин және Еңбек Қызыл Ту ордендеріне ие болды. Ұлы Отан соғысы жылдарында Отан қорғау, кеңестік патриотизм, елді фашист басқыншыларынан азат ету тақырыптары ерекше маңызға ие болды. Қазақ жазушылары Қ.Аманжолов, Ж.Саин, Ә.Сәрсенбаев, Х.Бекхожин, Т.Ахтанов, Х.Ерғалиев, С.Мәуленов, Ж.Молдағалиев, Ә.Нұрпейісов әртүрлі ұрпақ өкілдері болса да, олардың бәрін біріктірген бір жағдай: олар бәрі майдангерлер болатын. 1949 жылы мамырда Мәскеуде қазақ әдебиетінің он күндігі болды. Жазушылар мен сыншылардың жоғары бағасына қазақ әдебиетінің көркемдігі жөнінен биік шығармалары Ғ.Мұстафиннің “Шығанақ”, “Миллионер”, Ғ.Мүсіреповтің “Қазақ солдаты”, С.Мұқановтың “Ботагөз”, М.Әуезовтің “Абай” романдары ие болды. Соғыстан кейінгі жылдары қазақ әдебиеті Ғ.Қайырбековтің, А.Шамкеновтің, С.Шаймерденовтің, Қ.Мұхаметжановтың есімдерімен байыды. О.Сүлейменовтің “Адамға табын, жер енді”, Ж.Молдағалиевтің “Мен қазақпын”, М.Мақатаевтың “Мавр” поэмалары бүкілодақтық көпшілік назарына іліккен шығармалар болды. Сол кезеңде Б.Момышұлының “Артымызда Москва”, Қ.Қайсеновтің “Жау тылындағы бала”, Ә.Нұршайықовтың “Ақиқат пен аңыз” шығармалары жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеу құралына айналды. XX ғасырдың 70-80-жылдары қазақ әдебиетінде жарыққа шыққан ақын-жазушылар шығармаларында қазақ халқының көп ғасырлық тарихы, оның сыртқы жаулармен ерлік күресі, қазіргі адамның рухани дүниесі тақырыптары қамтылды. Қазақ жазушыларының қатарын тамаша шеберлер Ә.Әлімжанов, Қ.Мырзалиев, Ш.Мұртаза, Ә.Кекілбаев, М.Шаханов,

С.Мұратбеков, М.Мағауин, О.Бөкеев, Ф.Оңғарсынова, К.Ахметова, Т.Әбдірахманова, М.Сүндетов, Ә.Тарази, Қ.Найманбаев, Т.Молдағалиев және т.б. толықтырды.

Қазақ әдебиетінің өз халқының тарихына қызығушылық танытуы заңды құбылыс еді. Ол қазақ халқының ұлттық санасының оянғанын көрсетеді. 1974 жылы КСРО Мемлекеттік сыйлығына ие болған Ә.Нұрпейісовтің тарихи тақырыпта жазылған “Қан мен тер” трилогиясы, І.Есенберлиннің “Көшпелілер трилогиясы” республика әдеби өміріндегі елеулі оқиғалар болды. Бұл шығармалар республикалық, одақтық және әлемдік қоғамның жоғары бағасына ие болып, дүниежүзі халықтарының көптеген тілдеріне аударылды. Республика әдебиетшілері сахна үшін бірсыпыра тәуір шығармалар жазды. Қазақ драматургиясының классиктері М.Әуезовтің, Ғ.Мүсіреповтің есімдерімен қатар, театр жарнамаларында Т.Ахтановтың, Қ.Бекхожиннің, Қ.Мұхамеджановтың, С.Адамбековтің, С.Шаймерденовтің, С.Жүнісовтің, Қ.Ысқақовтың, Р.Сейсенбаевтың есімдері пайда болды. Республикада өмір сүретін өзге ұлттар әдебиеті де жоғары қарқынмен дамыды. Н.Ановтың, Д.Снегиннің, И.Щеголихиннің, З.Самадидің, Х.Абдуллиннің, М.Хамраевтың, Г.Бельгердің шығармалары оқушылар сүйіспеншілігіне бөленді.

§2. Театрдың, музыканың, киноның және сурет өнерінің дамуы

Кеңестік дәуірде театр және музыка өнері, сондай-ақ кино өнері өзі дамуының жаңа кезеңіне өтті.

Кәсіби кадрлар дайындау мақсатында республикада тұңғыш 1932 жылы музыкалық-драмалық техникум, 1933 жылы музыкалық-актерлік студия, келесі жылы бірінші музыкалық мектеп ашылды. 1934 жылы 13 қаңтарда құрамында К.Байсейітова, Қ.Жандарбеков, М.Ержанов, Ж.Елебеков бар музыкалық студия М.Әуезовтің либреттосы бойынша “Айман-Шолпан” музыкалық ко-

медиясын сахнаға шығарды. Бұл оқиға тарихқа қазақтың операсы келгенін паш етті. Келесі қадам Ленинград консерваториясының түлегі Е.Брусиловскийдің “Қыз Жібек” және “Жалбыр” операларын қою болды. 1937 жылы Қазақтың музыкалық театры Е.Брусиловскийдің “Ер Тарғын” операсын қоюы арқылы опера және балет театры болып өзгерді (қазір Абай атындағы опера және балет театры). 1935 жылы Қазақтың мемлекеттік филармониясы құрылды. Оның алғашқы директоры болып, қазақтың халықтық музыкасын жинаушы және зерттеуші А.Жұбанов тағайындалды. Салтанатты ашылуы 1926 жылы республика астанасы Қызылорда қаласында М.Әуезовтің “Еңлік-Кебек” пьесасын қоюмен басталған Қазақтың драма театры үлкен жетістіктерге жетті. Белгілі сахна шеберлері Ж.Шанин, Қ.Қуанышбаев, Ә.Қашаубаев, И.Байзақов, С.Қожамқұлов, Қ.Жандарбеков театрдың негізін құрады. Одан кейін қазақ сахнасында тамаша актерлердің тұтас бір шоқ жұлдызы өсіп жетілді. Олар КСРО халық әртістері Ш.Айманов, С.Майқанова, Қ.Бөкеева, Ы.Ноғайбаев, А.Әшімов, халық әртістері Е.Өмірзақов, Қ.Мусин, Н.Жантөрин, Ш.Жандарбекова, С.Талғараев, Қ.Бадыров, т.б. Театр қазақ классикасымен қатар, шетелдік және орыс классикасын сахнаға шығаруға құлшына кірісті. “Любовь Яровая”, “Мылтықты адам”, “Ревизор”, “Отелло”, “Асауға тұсау” пьесалары театр жарнамасынан түскен жоқ.

1934 жылы К.Треневтің “Любовь Яровая” спектаклін қоюмен республиканың орыс театры өзі туралы хабар берді. Театр құрушылардың басында Е.Б.Кручинина, Ю.Л.Рутковский, З.И.Морская, Е.Я.Диордиев, В.Б.Харламова, Ю.Б.Померанцев, Я.А.Темкин, Е.В.Попов және т.б. болды. Сонымен бірге жергілікті театрлар саны да өсті. 1940 жылы республикада 40 театр болса, оның 20-сы қазақ тілінде жұмыс істеді. Алматыда республикалық ұйғыр және корей театрлары ашылды. Қазақстанның музыкалық мәдениетінің ерекшелігі оның көпұлттылық сипаты болды. Қазақ музыкасын сындарлы шығармалармен композиторлар М.Төлебаев, А.Жұ-

банов, Л.Хамиди, Е.Брусилловский, Б.Байқадамов, С.Мұхаметжанов, Е.Рахмадиев, Ғ.Жұбанова, Қ.Қожамияров, Н.Тілендиев, Ш.Қалдаяқов, Б.Баяхунов, т.б. байытты. Қазақстанның музыкалық мәдениетін байытуда Р.Бағланованың, Е.Серкебаевтың, Б.Төлегенованың, Ш.Бейсекованың, Б.Жынысбаевтың, Н.Қаражігітовтің, Ш.Үмбеталиевтің, Ә.Үмбетбаевтың, дирижер Ш.Қажығалиевтің, сондай-ақ олардың артынан сахнаға келген Ә.Дінішевтің, Р.Рымбаеваның, Н.Есқалиеваның, балет әртісі Р.Баповтың, пианистер Ғ.Қыдырбаева мен Ж.Әубәкірова, скрипкашылар А.Мұсахожаева мен Г.Мырзабекованың еңбектері ерекше зор. Халық арасында үлкен сүйіспеншілікке Құрманғазы атындағы ұлт аспаптар оркестрі (дирижері А.Жайымов), “Отырар сазы” оркестрі (дирижері Ж.Бегендіков), халық әртісі Б.Аюханов жетекшілік ететін “Алматының жас балеті”, “Гүлдер” ән-би ансамблі, “Досмұқасан” эстрада ансамблі, т.б. ие болды.

Қазақстан кинематографиясының ең алғашқы туындысы 1930 жылы түсірілген “Дала әндері” атты кинофильм еді. Одан кейін “Жұт” (1931ж.), “Қаратау құпиясы” (1932 ж.), “Бүлік” (1938ж.), “Амангелді” фильмдері түсірілді. 60-70 жылдары көрермен жылы қабылдаған “Атаманның ақыры”, “Мәншүк туралы ән”, “Қыз Жібек” фильмдері көрнекті режиссерлер Ш.Аймановтың, М.Бегалиннің, С.Қожықовтың басшылығымен түсірілді.

Кеңестік уақытта қазақтың бейнелеу өнері дүниеге келді. Суретшілер және мүсіншілер тек Алматы және Астанада ғана емес, Қазақстанның басқа қалалары Атырау, Қарағанды, Шымкент, Қызылорда, Тараз қалаларында жемісті еңбек етіп келеді. Қазақтың бірінші кәсіби суретшісі Ә.Қастеев – халық өмірін бейнелейтін көптеген тамаша картиналардың авторы. 1977 жылы республикада 15 көрме залы жұмыс істеді, суретшілер шеберханаларының саны өсті. Көркемсурет өнерінде халық суретшілері О.Таңсықбаев, Қ.Телжанов, С.Романов, Н.Нұрмұхамедов, С.Мәмбеевтер үлкен табыстарға жетті. Қазіргі кезде сурет мұражайы Атырауда жұмыс

істейді. Онда талантты жергілікті суретшілер Б.Телеубаевтың, А.Жантасовтың, М.Омаровтың, т.б. суреттері қойылған.

Қазақстан суретшілері зор табыстарға жетті. Республика суретшілері жобасымен бірқатар жас қалалар – Ақтау, Кентау, Сәтбаев қалалары, сондай-ақ ірі-ірі мәдени-спорттық, көпшілік кешендері салынды. Олардың ішінде Алматыдағы “Медеу” мұз айдынын, “Қазақстан” биік қонақ үйін, Достық үйін ерекше атауға болады. 90-жылдардың аяғында ел астанасы Алматыдан Ақмолаға ауысуына байланысты Астана құрылысы кең етек алып, оған Қазақстан сәулетшілері өздерінің қомақты үлесін қосып келеді.

§3. Қазақ әдебиетінің қайраткерлері: дүниежүзілік мәдениетке қосылған үлес

Қазақ әдебиетінің ояну дәуірі (ренессансы) ХІХ ғасырдың ІІ жартысында басталды. Оған куә Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаевтардың қазақ ғылымын, шын мәніндегі жазба әдебиетін тудыруы.

Бұған дейін халқымыздың ауыз әдебиеті мен жыршылық дәстүрі қалыптасқан болса, жазба әдебиеті оның заңды жалғасы. Г.Потанин: “Шоқан Уәлиханов – Еуропаға ашылған терезе” деп жүрекжарды бағасын берген еді. Ол қазақтың ұлы перзенті Шоқанның Еуропа ғылымы мен әдебиетінен сусындағанын, содан алған ұшантеңіз білімінің қараңғы қазақ даласына сол арқылы тарағанын көрсетті. Бұл бастаманы Шоқаннан басқа Ыбырай, Абай сияқты қос шамшырақ жалғастырды.

Қазақ халқының ауыз әдебиеті, Шығыс әдебиеті және Еуропа әдебиеті сияқты үш қайнардан нәр алған Абай туған әдебиетіміздің әлі де кеміс тұстарын байқап, қазақ поэзиясына батыл түрде төңкеріс жасаған еді. Ол өз поэзиясын Еуропа поэзиясы, дүние жүзі поэзиясының

деңгейіне көтеруге ниеттенді. Ұлы ақын оны мүлтіксіз орындады. Қазақ көркем сөз кестесін құбылту, айшықтау, ажарлаумен, өлең ырғақтары мен түрлері, оның архитектоникасы, тақырыптары, ұйқасы, өлең құрылысын байыту арқылы жүзеге асты. Қазақ поэзиясының аясындағы мұндай жаңалықтар ақынның көзі тірісінде тек өз айналасына ғана таныс болған еді. Абай өлеңі өзі дүниеден озғаннан соң оқырмандарына 1909 жылы шағын жинағы баспадан шығу арқылы таныс болды.

Абай өлеңдері ХХ ғасырдың орта шенінде, ақынның 100 жылдық, 125 жылдық мерейтойларында орыс тіліне аударылу арқылы бұрынғы Кеңес өкіметі халықтарына танылды.

Ал, 1995 жылы 150 жылдығы “ЮНЕСКО” көлемінде атап өтілгенде Абайдың поэзиясын бүкіл дүние жүзі халықтары таныды. Олар қазақ халқының ұлы ақынының шығармалары бүкіләлемдік классика дәрежесінде екендігіне, оның кемеңгерлігінің философиялық терең мәніне тәнті болды.

Ұлы Абайдың ақындық мектебінен тәлім алған, алдымен өз айналасы, ағайын-тумалары болса, ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың бас кезінде одан тәлім-тәрбие алған Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Бейімбет Майлин, Сәкен Сейфуллин, Сәбит Мұқанов, Мұхтар Әуезов және басқалар болды. Абай мектебі әлемдік деңгейге жетті. Қазіргі қазақ қаламгерлерінің бәрі де – Абай шапанынан шыққандар. Олар үйреніп қана қоймай, шеберліктерімен тек қазақ емес, дүние жүзі әдебиетінің биігінен орын алды. Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов, Ілияс Жансүгіров, Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Ғабит Мүсірепов, Ғабиден Мұстафин шығармалары әр алуан халықтардың тілдеріне аударылды.

Бұлардың ішінде, әсіресе, Мұхтар Әуезовтің орны бөлек.

Қазақ әдебиеті жанрлық жағынан байыды. Бұрын эпика, драматургия жанрлары әдебиетімізде болмаған

еді. Олар ХХ ғасыр басынан, Ыбырай әңгімелері мен Абай қара сөздерінен бастау алып, дамыды. Міржақып Дулатов пен Спандияр Көбеевтің алғашқы романдары эпиканың бастамасы болатын. Эпиканың роман, повесть, әңгіме түрлері қазір шырқау биікке шығып, жүздеген роман, мыңдаған повесть-әңгімелер қазақ әдебиетінің қазынасына қосылды.

Эпика жанрында ерекше ерлікпен, үздік талантпен көрінген Мұхтар Әуезов болды. Ол алғашқы әңгімесі – “Қорғансыздың күні”, алғашқы повесі “Көксерек”, алғашқы романы – “Қилы заман”, алғашқы драмалық шығармасы “Еңлік-Кебектен” бастап, классиканың қатарынан орын алатын туындылар болды. Николай Погодин Мұхтарды “Мұхтар Әуезов – бүгінгі Абай” деді. Мұхтар ХХ ғасырда қазақ әдебиетін эпика мен драматургия жанрындағы болмаған биікке көтерді. Өмір бойғы тақырыбы – Абай тақырыбынан теңдесі жоқ “Абай жолы” эпопеясын дүниеге келтірді. Бұл эпопея Кеңес өкіметі кезінде Мемлекеттік және Лениндік сыйлықтарға ие болғандығы белгілі. Францияның ұлы жазушысы Луи Арагон бұл шығарма туралы “Дүние жүзі әдебиетінің тарихында “Абай жолы” эпопеясына тең келетін ешбір шығарма таба алмай отырмын” деп таңқалған. Мұхтар “Абай жолы” эпопеясы мен Шекспир, Бальзак, Мопассан, Лев Толстой, Федор Достоевский, т.б. әдебиет алыптарының қатарынан орын алды. Мұхтар мәңгілік шығармаларымен Абайдан кейінгі екінші мектеп ұстазы аталды.

Өзінің “Ботагөз”, “Мөлдір махаббат”, “Сырдария”, “Аққан жұлдыз” романдарымен Сәбит Мұқанов та шетел оқырмандарының рухани нәріне айналды. Ғабиттің “Қазақ солдаты”, “Оянған елке”, “Жат қолында”, “Ұлпан”, “Кездеспей кеткен бір бейне” туындылары, Ғабиден Мұстафиннің “Қарағанды”, “Миллионер”, “Шығанақ”, “Дауылдан кейін”, “Көз көрген” атты романдағы әдебиетіміздің сәні мен әріне айналуымен қатар, туысқан халықтардың сүйіп оқитын шығармалары болды.

Осылардың ішінде Кеңес өкіметі жылдарында мемлекеттік сыйлыққа ие болған Әбдіжәміл Нұрпейісовтің

“Қан мен тер” атты роман-трилогиясын атар едік. Бұл шығарма қазақ әдебиетін Мұхтар, Сәбит, Ғабит, Ғабиден сияқты алыптардан кейін бір белеске көтерген туынды болды. Нұрпейісовтің соңғы жаңа роман-дилогиясы “Соңғы парыз” деп аталады. Бұл шығарманың көтерген тақырыбы – планеталық проблема – Арал тағдыры. Терең психологиялық туынды қазір орыс тіліне аударылып болып, дүние жүзіне таралуда. Бұл туынды да әлем халықтары классикасының қатарынан орын алары сөзсіз.

Повесть-романдарымен өз қаламдастарынан үздік шыққан соңғы буын суреткері – Әбіш Кекілбаев. Оның “Шыңырау”, “Бәйгеторы”, “Ханшадария хикаясы”, “Күй”, “Автомобиль” повестері мен “Аңыздың ақыры”, “Үркер”, “Елең-алаң” романдары дүние аренасына шықты. Осы шығармалары арқылы шетелдің “Дүние жүзінің ең үздік жазушылары” атты энциклопедиясына енді. Әл-Фараби атындағы Қазақтың ұлттық мемлекеттік университетінің профессоры Зейнолла Қабдолов барлық шәкірттерінің ішінен оны ерекше бөлектеп, “Әбіш – менің кемеңгер шәкіртім” деп атауы тегін емес. Ол “Үркер”, “Елең-алаң” романдары арқылы қазіргі қазақ әдебиетінің эпик қаламгері екендігі, бұл тарихи туындылар болашақ эпопеяның басқа бөлігі екендігі, сонымен бірге, Абай, Мұхтар кемеңгерлігі Әбіштен жалғасын тауып жатқандығы бізді қуантады.

Қазақ прозасында бұдан басқа дүниежүзілік үздік атқа ие болған, Джавахарлал Неру атындағы сыйлықты тұңғыш алған Әнуар Әлімжановты айтар едік.

Өткен ғасырдағы поэзия саласында ауыз әдебиетінің үздік жырауы Жамбыл шығармашылығының атқарған рөлі таңғаларлық. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы ұлы жырау тудырған жырлар кеңес халқын ерлікке үндеді. Оның “Ленинградтық өренім” атты өлеңі Ленинград блокадада қалғанда жауынгерлер мен Ленинград халқына рухани жігер берді. “Ленинградцы – дети мои” деген атаумен көше-алаңдарда плакат болып ілінумен қатар, радиодан Левитан дауысымен әлемдік эфирден шалқыды.

Бұл өлең дүниежүзі әдебиеті тарихында “Жаудың зәресін алған өлең” деген атқа ие болды. Ұлы Отан соғысы кезінде қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдері Т.Жароков, Әбу Сәрсенбаев, Қалижан Бекхожин, Дихан Әбілев, Қасым Аманжолов, Жұмағали Саин, Хамит Ерғалиев, Жұбан Молдағалиев, Сырбай Мәуленовтер поэзиясы шыңдалып шықты.

Қасым Аманжолов осы топтан ерекше суырылып шықты. Оның “Ақын өлімі туралы аңыз” атты поэмасы Отан соғысы тақырыбына арналған еді. Оның сөз өрнектілігі құлпыра төгілді.

Майдан етіп дүние терін,
Темір, болат қаққан отқа.
Жекпе-жек кеп өмір-өлім
Соққылап жатқан жоқ па?

деп майданды суреттесе, жау әрекетін былай бейнеледі:

Өмір гүлін жаншып, таптап,
Шаштан сүйреп махаббатты,
Жерімізге жындай қаптап,
Найзаға іліп ар-ұятты,
Келе жатты сұм жендеттер,
Жиіркеніп, жиырылды жер,
Жауға тамшы татырмастай,
Буырқанып тасты өзендер.

Ал, поэманың бас кейіпкері Абдолла өзін ерлік-жігерге былайша қайрады:

Құдірет күші жер-жаһанның,
Қанатын бер қыран құстың!
Ашуын бер арыстанның,
Жүрегін бер жолбарыстың!
Күллі әлемнің ашу-кегі
Орна менің кеудеме кеп!
Жау жолына атам сені
Бомба болса да, жарыл, жүрек!

Мұндай ғажайып сөз маржаны ешбір ақынның қаламына ілікпеген ғажайыптар еді. Сондықтан орыстың классик ақыны Николай Тихонов: “Қасым Аманжоловтың бұл

поэмасы – поэзияның інжу-маржаны” деп атады. Қасым поэзиясы шынында да, ХХ ғасырдың жарық жұлдызы болды. Бұл ғасырдың орта шенінде Қазақ поэзиясында Қасым мектебінің ашылғанын оқырман қауым бірден байқады. Бұл мектептің нұрлы жарығынан Ғафу Қайырбеков, Тұманбай Молдағалиев, Мұқағали Мақатаев, Жүмекен Нәжімеденов, Қадыр Мырзалиев, Төлеген Айбергенов, Мұхтар Шаханов, Сағи Жиенбаевтар таланттарын тұтатты. Қазақ поэзиясы еш уақытта шықпаған эпикалық дастандармен поэзия биігіне Қалижан, Хамит, Жұбан, Ғафу, Әбу, Дихан, Аманжол; кейінгі топтан Мұқағали, Жүмекен, Мұхтарлар, Қадыр, Төлегендер шықты.

Поэзияда ақындардан КСРО Мемлекетік сыйлығына Жұбан Молдағалиев ие болса, Аманжол Шамкенов Джавахарлал Неру сыйлығына ие болды. Қадыр Мырзалиев, Тұманбай Молдағалиев халықаралық “Дарын” (Авьяс) сыйлығының иегерлері. Ал, Мұхтар Шаханов бір кезде БЛКЖО мен Қазақстанның комсомол сыйлықтарын қатар алған, “Танакөз”, “Ғашықтық ғаламаты”, “Махаббатты қорғау”, “Нарынқұм трагедиясы”, “Сейхундария”, “Барселона аэропортындағы сұңқарлар” поэма-балладаларымен халық сүйіспеншілігіне бөленген еді.

Ғашық жүрек сүйгені үшін бола алмайды жазалы,

Адам азса, ғашықтықтық жоқтығынан азады.

Ешбір геометриямен өлшенбейтін көлемі,

Бұл сөзімнің ұшан-теңіз адамзатқа берері.

Ғашық болу келсе кімнің қолынан

Әлем соған сенеді.

Құлай сую ерлікпен тең себебі, –

деп жастық, шақты көл-көсір шабытпен жырлаған ақынымыздың талантында шек жоқ еді. Орыстың ұлы ақыны Евгений Евтушенко: “Мухтар – это неотшлифованный самородок”, – деп қуанды. Қазір барлық ақындардан суырылып алға шығып, қазақ сахнасы емес, әлем сахнасынан жыры саулауда. Ол Біріккен Ұлттар Ұйы-

мының халықаралық “Глобус-500” атты сыйлығына ие болған еді. Енді “Өркениеттің адасуы” (“Заблуждение цивилизации”) және “Жазагер жады космоформуласы” (“Космоформула карающей памяти”) деген поэтикалық екі романы оны әлем халықтарының сүйікті ақынына айналдырды. Ол енді поэтикалық шығармаларын орыс тілінде жазатын болды. Ал көбін жатқа айтатыны тағы белгілі. Батыс Еуропада өткізген поэтикалық кешінде Мұхтар поэзиясы туралы бүкіл қазақ елі мақтанатын мынадай лебіз естігені ғажап қой: “Батыс Еуропа поэзиядан әбден мезі боп ұйықтап кеткен еді, сол ұйқыдан Мұхтар поэзиясы ғана оятты, поэзияға деген құштарлығын арттырды”. Осының дәлелі ретінде ол Нобель сыйлығының Алтын медаліне және “Әлемдегі ең үздік ақын” деген атқа ие болды.

Неміс әдебиетінің білгірі Фридрих Хитцар Шаханов шығармаларына былай баға берді: “Новый многоплановый роман в поэмах выдающегося казахского поэта Мухтара Шаханова “Космоформула карающей памяти” также многогранен, как и его предыдущая поэма “Заблуждение цивилизации”, получившая высокую оценку ЮНЕСКО, как одно из достижений современной мировой поэзии и вызвавшая огромный резонанс в разных странах, которую я в свое время назвал “шаровой молнией для Европы”.

Қазақ әдебиетін бүкіл әлемге танытқан Олжас Сүлейменов те өзінің “Адамға табын, жер енді”, “Қыш кітап”, “Арғымақтар”, “Азия”, т.б. тамаша шығармаларымен белгілі.

Қазақтың талантты ақынына кезінде аса көрнекті орыс ақыны Н.Тихонов “О.Сүлейменов – Азия үстінде қалықтап ұшып жүрген қыран”, – деп баға берген еді.

Қазақ әдебиеті әлемдік аренада лайықты орны бар әдебиет екендігін осы жайлар айқын дәлелдейді.

Негізгі ұғымдар мен терминдер:

Ауыз әдебиеті

Жазба әдебиеті

А.Құнанбаев, А.Байтұрсынов, Ш.Құдайбердиев, М.Дулатов,
М.Жұмабаев – қазақ әдебиетінің алыптары

С.Сейфуллин, Б.Майлин, І.Жансүгіров, М.Әуезов, С.Мұқанов,
Ғ.Мұстафин – қазақ кеңес әдебиетін құрушылар

50-60 жылдардағы қазақ әдебиеті

60-80 жылдардағы қазақ әдебиеті

Қазақстанда театрдың, музыка өнерінің, сурет өнерінің қалыптасуы

Қазақ мәдениетінің көрнекті қайраткерлері

СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР:

1. Абай Құнанбаев шығармашылығының қазақ әдебиетінің дамуына қандай әсері болды.

2. Қазақ жазба әдебиетінің қандай ірі өкілдерін білесің?

3. 50-60 жылдары қазақ әдебиетіне қандай жаңа шығармалар келді?

4. Қазақстанда театр өнерінің басында кімдер болды?

5. Қазақтың кәсіби музыка өнерінің негізін кімдер қалады?

6. Қазақ әдебиеті мен өнер қайраткерлерінің дүние жүзі мәдениетіне үлесі туралы не айтар едіңіз?

§4. Қазақстанның музыка өнері және музыкалық аспаптары

Қоғамдық-тарихи даму барысында қазақтардың көшпелі өміріне неғұрлым ыңғайлы, жақын көркемөнер түрлері іріктелді. Қазақтар үшін олар поэзия және музыка болды. Сақталып қалған халық күйлері – архаикалық салттарға, сенім-нанымдарға және аңыздарға байланысты фольклор қабаты болып табылады. Барлық қобыз музыкасы шаман-бақсылардың діни-сиқыршылық салттарымен байланысты болды. Қобыз қасиетті аспап болып саналды.

Аңдар мен құстардың дыбыстарын салған қобыз үнін пайдалана отырып, бақсылар ауруларды емдеген, жыншайтандарды аластаған, адамның, рудың, елдің тағдырын анықтаған. Қобыз аспабын ең бірінші болып VIII ғасырда

өмір сүрген Қорқыт ата пайдаланған деген аңыз бар. Қорқыттың 11 күйі белгілі. Олар “Қорқыт”, “Желмая”, “Елім-ай”, т.б. Қорқыт дәстүрі Ықылас Дүкеновтің (1843-1916) шығармашылығында жалғастырылды. Оның күйлері арасында “Ерден”, “Жезкиік”, “Аққу” күйлері мейлінше кең тарады.

Қазақтардың музыка мәдениетінің ең маңызды бөлігін домбыра әуені құрайды. Домбыра дәстүрінің ең ежелгі үлгілеріне аңдар мен құстарға, аңшылыққа және жануарларға арналған күйлер жатады. Осындай ежелгі күйлер қатарына “Нар идірген”, “Ақсақ құлан” күйлері жатады. Көптеген ғасырлар бойы қазақ халқының музыкалық өнері жеке ән айту және домбыра, қобыз немесе сыбызғыда жеке ойнау түрінде дамыды. Аспаптарда ұжымдық ойнау болған жоқ. Арасында жастар ойыны және той кештерінде жасөспірімдер және қыздар бір-бірінен бөлек-бөлек бір дауыста немесе жекеше ән айтып жарысатын болған.

Көптеген ақындар, әншілер және музыканттар қызметі кәсіби сипатта болды, олардың ішінде өз әндерін аспапта қостап, суырып салып айтатындары үлкен құрметке ие болды. Олар үнемі ауылдарды аралап, жәрмеңкелер мен базар күндері қалаларда үлкен алаңдарда, ас кезінде өнер көрсеткен. Олардың үнемі ел аралап жүруі халықтың жағдайын жақсы білуге, өз шығармаларын көбірек насихаттауға мүмкіндік берді. Халық өзінің әншілерін қатты құрметтеген, алда-жалда қыдырма ақын, әнші немесе күйші шаруа-малшы үйіне келе қалса, оны үй иесі құрақ ұшып қабылдаған. Өнерпаздың өнерін тамашалауға бүкіл ауыл тұрғындары тайлы тұяғы қалмай жиналған.

Кең тараған музыкалық аспап қылқобыз дәстүрі көшпелі мәдениеттің әлеуметтік биік деңгейінде орналасқан жыраулар шығармашылығымен тығыз байланысты болды. Жырау (ақылшы, кеңесші, көріпкел) хандардың, батырлардың және халықтың ерлігін, елдігін, игі істерін жырлай отырып, жұртшылықты ерлікке шақырды. Бірте-бірте қобыз дәстүрі қазақтардың қоғамдық

өміріндегі өзгерістерге байланысты әлсірей бастады. Батырлар жырларын жырлау дәстүрі домбыраның сүйемелдеуімен жыраулардан ақын-жыршыларға өтті.

Қобызбен қатар, қазақтар арасында кең тараған музыкалық аспап ауызға салып тілдің көмегімен ойналатын **шаңқобыз** болды. Бұл аспап ағаштан, сүйектен, металдан дайындалды.

Домбыра ғасырлар бойы халық өнерпаздарының сүйікті аспабы болып қала берді.

Қазақтың музыкалық және әдебиет мәдениетінде **айтыс** өнері ерекше орынға ие болды. Әсіресе, суырып салма ақындар өнері әрқашан өте жоғары бағаланды. Ақындардың бәрі бірдей айтысқа түсе алған жоқ. Өйткені, айтыс кезінде бірден суырып салып өлең шығару өнерінен басқа, айтыс ақындарының өз өлеңдеріне ән шығаратын, яғни композиторлық өнері болуы талап етілді. Айта кететін жайт, суырып салып өлең шығарушылық (импровизация) тек қазақтар арасында ғана дамыған өнер болды. XIX-XX ғасырларда қазақ елінде Біржан сал, Сара Тастанбекқызы, Сүйінбай, Жамбыл, Шөже, Құлан аяқ Құлманбет, Мұрат, Жылқышы, Бала Ораз, т.б. аса көрнекті айтыс ақындарының өнері қайтадан қалыпқа келтіріліп, жүйелі түрде дами бастады. Соңғы он жыл ішінде “Атамұра” корпорациясының демеушілігінің арқасында бірқатар жас ақындар өз өнерлерімен халық назарына ілінді. Олар Ә.Беркенова, М.Қосымбаев, М.Тазабеков, Қ.Әлкенбаева, А.Тұрсынбаева, А.Ілеубаева, Б.Имашев, т.б. айтыс өнерін табысты жалғастырып келеді.

Қазақ халқының музыкалық өнерін зерттеу және оларды жетілдіруге белгілі зерттеушілер – А.Жұбанов, А.Затаевич, Ә.Марғұлан, өнертану ғылымының докторы Б.Сарыбаев, Д.Дулатова, профессор Ш.Қажығалиев, С.Қасиманов, О.Хаймолдин, шеберлер – Қ.Қасымов, И.Романенко, Д.Шоқпаров, О.Бейсенбаева, “Отырар сазы” оркестрінің жетекшісі Н.Тілендиев, т.б. зор еңбек сіңірді. Қазан революциясына дейін қазақ музыкалық аспаптарын жинастыру мен оның ғылыми сипатын ашуда академик Л.Бергтің, К.Гавловскийдің, зерттеуші

Н.Финдейзенің, П.Палластың, А.Эйхгорнның, И.Завалишиннің, А.Алектровтың, А.Левшиннің, Ш.Уәлихановтың, А.Диваевтың және И.Ибрагимовтердің үлесі зор болды. Өткен ғасырдан басталған ұлттық саз-әуен аспаптарын жинау мен ғылым кәдесіне жарату ісін кеңестік дәуірде өте-мөте жете зерттеген және аяғынан тік тұрғызған ғалым Болат Сарыбаев болды. Ол өзінің саналы өмірін осы бір абыройлы да игілікті мақсатқа арнады. Аса білгір өнертанушы қазақ халқының саз-әуен аспаптарын – үрмелі (сырнай, үскірік, сыбызғы, саз сырнай, тастауық, ысқырық, қамыс сырнай, тоз сырнай, мүйіз сырнай, ұран, бұғышақ, көрней), ішекті (жетіген, шертер, домбыра, қылқобыз), соқпалы (даңғыра, кепшік, дабыл, дудыға, дауылпаз, шыңдауыл), өздігінен дыбыс шығарғыш (шаңқобыз, асатаяқ, шың қоңырау) деп жүйеледі.

Күй-әуен аспаптарын жаңғыртып, жетілдірумен ұзақ жылдардан бері шұғылданып келе жатқан О.Қаймолдин бастаған зерттеушілердің соңғы кездегі пікірлеріне қарағанда, оларды былай да топтастыруға болады.

1. Шекті ыспалы қобыз (нарқобыз, қылқобыз, жезқобыз), сазген (бозаншы, егек).

2. Дабылды аспаптар: дауылпаз, дабыл, шыңдауыл, даңғыра.

3. Дабылды-сылдырмақты: дудыға, кепшік, асатаяқ.

4. Сылдырмақты: салпыншақты, шығыршықты, күлдіреуікті, қоңыраулы.

5. Уілдекті – демді: керней, сыбызғы, үскірік, хомус, қамыстілік, қосқамыс, бұғышақ, желбуаз, тастауық.

6. Сарнамалы: сырнай, ұран, ауыз сырнай, мүйіз сырнай, тоз сырнай.

7. Шекті, шертпелі: домбыра, шіңкілдек, шертер, жетіген, адырна.

8. Тоқылдақты: шартылдақ, сақпан.

9. Шыңылдақты: шаңқобыз, тайтұяқ, шың.

Қобыздың қандай талғам-талаппен жасалатыны жөнінде ел аузында айтылатын әдемі жырдың үлгісі бар:

“Қарағайдың басынан,

Қайырып алған қобызым.

Үйенкінің түбінен,
Үйіріп алған қобызым.
Ақ қайыңның безінен
Айырып алған қобызым.
Қара еменді қақ жарып,
Ойып алған қобызым.
Бесті айғырдың құйрығын
Ішек қылған қобызым.
Желмаяның терісін
Шанақ қылған қобызым.
Қыл құйрығын тұлпардың
Қияқ қылған қобызым.
Ақ түйенің сүтіне
Шылап алған қобызым.
Қарағайды қоздатып,
Бұлап алған қобызым.
Құлағыңды бұрайын,
Қияқ шалып сынайын.
Ойлағаным болмаса,
Қайырып жерге ұрайын!”

Бұл саз-әуен аспаптары қазақ халқының өмірінде әр түрлі мақсаттарға қолданылып отырған. Айталық, домбыра, қобыз, сазген, шертерлер, күй, сарын, әнді орындау арқылы адамды музыка үнімен еліктіру, жұбату, демалдыру міндетін атқарса, шыңдауыл, керней, сырнай, даңғыра, дабыл, дудыға ұрыс майданын қыздыру, шайқасқа рухтандыру мүддесінен шыққан. Ал асатаяқ, қоңыраулы, үскірік, тастауық сияқты аспаптар бақсы, дәруіш, жауырыншы, құмалақшылар сөзіне айбат беріп, көтермелеу үшін қолданылған. Бұғышақ, тоқылдақ, шартылдақ, сақпандар аңшылардың серік құралдары болған. Сыбызғы, сырнай, құрайлар бақташы қауымының кең даладағы жазы-қысы қолынан тастамайтын ән-күйінің сарнататын әуесі болған. Міне, бұл айтылғандардан күй-әуен аспаптарының жай, ермек үшін шығарылмағаны, қайта тұрмыс талабына сай жасалып, адамдар талғамының алуан саласына қызмет көрсеткенін көруге болады. Саз-әуен аспаптарының орындауына

еңбекші халық өзінің жүрекжарды тілегін, қайғы-қасіретін, қуаныш-шаттығын, тәлкек етілген тағдырын, қысқасы тар жол, тайғақ кешулі өмірін күй, ән, сарын тілімен кейінгі ұрпаққа жеткізіп отырды. Осыдан келіп, саз-әуен аспаптарының, оның шанағында, шегінде, пернесінде ұйып қалған көне ән-күйлердің мәдениет тарихынан алатын орны ерекше болуы тиіс. Олай болса, мәдениет тарихында ерекше орны сақталатын бұл аспаптардың басты-бастыларына жеке-жеке тоқталып, қысқаша сипаттама берудің маңызы айқындалады. Ең алдымен, “Күй атасы Қорқыт” тартқан қобызға келсек, оның аты о баста комус деген көне түркі сөзінен шыққанға ұқсайды. Ежелгі шеберлер оны қара еменнің өзегінен ойып, құлағын ырғайдан, тиегін ортекенің мүйізінен жасаған. Сыртын түйе сүтімен сылап, киіз қап тіккен. Кейбір деректерге қарағанда, “...қобызға түйе көнін қолданған. ...ондайды нарқобыз деп атаған. Жылнамаларда 680 жылы түркілер Қытай еліне барғанда шанағына бала түсіп кететін нарқобыз апарғаны айтылады. Оның даусы...түн ішінде... талай жерге естіліп тұрған”. Ежелгі қобыздардың жетілдірілген “құлағы бұрандалы, ішегі сіңір, не сымнан тартылған қазіргі қобыздар оркестрге жолдама алып отыр”. Қобызға жақын аспап – сазген атанған. Онымен Құлқара күйші «Қосжирен», «Сұршекпен», «Қызқара» күйлерін тартқан. Ұзындығы 50 см келетін бітеу, қатты ағаштан ойылып қақпақталады, пернесі болмайды. 4 тарамыс ішекті қияқпен ысқылап үн шығарады, тиегі мүйізден істеледі. XV ғасырда өмір сүрді делінетін Байжігіт күйші «Көк қаршыға» күйін сазгенде орындаған. Оның 4 ішектісі – бозаншы, 2 ішектісі егек атанған. Хақас, тұба, алтайлықтар “бызанчы”, “иық” дейтін көрінеді.

Айбар шегіп, қыр көрсету сәтінде пайдаланылған дауылпаздың табиғаты мүлде басқа болған. Оның шанағы – өзегі алынған, жұмыр ағаштан ойылады. Беті шаңылтырланып қусырылған жарғақ ағашпен жабылады. Шеңбері – 30-40, тұрқы – 25 см-дей. Ертеде сүйек, мүйіз,

асыл тастармен көмкеріле әшекейленген. Алғашқыда жарылған ағаштың екі жағын иіп, тері керіп, оны ағашпен ұрғылағанда үн шыққан, мұны жетілдіріле келе аңқұсты үркітуге қолданып, дабыл деп кеткен. Қазіргі дабыл шанақтары ағаштан шеңберленіп, иіліп жасалады. Кепкен соң шеңбердің ұштарын ағаш шегемен шегелеп, желімдеп жапсырады. Содан кейін шанағына ешкінің, не түйенің түгінен тазартылған жас терісі керіледі. Берік болуы үшін шанақ сыртын терімен қаптайды. Металл шығыршықты бауы бекітіледі. Ою-өрнекті, әдемі жасалған металл шанағының түбінде шығыршығы бар, тоқыма баулы, соқпалы аспап – шыңдауыл делінген. Ол соғыс кезінде пайдаланылған. Соқпалы аспаптың бірі – даңғыраны өзбектер – дойра, шұбаштар – хангрма, қалмақтар – дунгурга, тұбалар – дунгур дейтін көрінеді. Шеңбері талдан иіліп, бір жағына көн тері қапталады.

Қазақ ән-күй аспаптарының ішінде өте бір көнесі және қадірлілерінің бірі – жетіген. Ол туралы XVIII ғасырдағы орыс саяхатшылары И.Лепехин, П.Паллас, И.Георги және П.Рычковтар өздерінің естеліктерінде “жатқан арфа”, “жаты” деп жазса, А.Маслов “Сибирский вестник” журналына 1818 жылы ятаға құралы туралы суреттеме жариялайды. Қазақтар оны жетіген деп атаған. Ағаштан ойылған домбырадан бастап, кең көмейлі, қуыс мойын, үш, алты ішектілер – домбыра дамуындағы эволюциялық сатылар екені даусыз. Қуыс мойын домбыра шанағымен бірге мойынның іші де қуыс, ішек іші, сыртынан бірдей тағылады, ішінен үш, сыртынан үш ішек тартылады да, оң, теріс, шалы бұраумен құлақ күйі келтіріледі. Домбыраның бұдан басқа түрлері екі шекті, пернелі, тиекті, шанақты болып жасалады.

Садақтың екі басын иіп тұрған қайысты адырна деген. Махамбеттің “Адырнасын ала өгіздей мәңіреткен” дейтін өлеңіне қарағанда, садақты атқанда оның адырнасынан дыбыс шығатынын садақшылар, мергендер ерте кезде-ақ білген. Солай дегенмен де, адырна аспабының алғашқы көрінісі жартастағы суреттен табыл-

ды. Бұл сурет б.д.д. V ғасырларда қашалған. Адырна-ның жартастағы суреті бойынша жасалған алғашқы но-байына қой, ешкі ішектері тағылды. Соны жетілдіре келе көне музыка аспабы адырна дүние есігін ашты. Оны тізеге қойып, сол қолмен сүйеп, оң қолмен ішек-терді іліп ойнайды.

Түйіндей айтқанда, халықтың саз, әуен аспаптары алуан түрлілігімен ерекшеленеді. Олар заманалар түк-пірінен талып жеткен, көңіл-күй ауанын білдіретін се-зімтал құралдар. Қазақстанның ежелгі тұрғындары бұл аспаптарды ойын-сауық, саятшылық, соғыс, бақташыл-дық өмір қажетін өтеу мақсатында дүниеге әкелді. Ұшқыр ақыл-ой, ерекше дарын иелері адам көңіл-күйін, әуен-сарынын ерекше аспаптар үнімен жеткізу құді-ретін меңгерді. Бұл құбылыс, әрине, сол өлке, сол аймақ адамдарының мәдени дәрежесі мен талғампаздығының куәсі болса керек.

Негізгі ұғымдар мен терминдер:

Поэзия мен музыка

Фольклор қабаты

Аспапты музыка

Жыраулар, жыршылар, айтыс ақындары

Қазақтың музыкалық аспаптары

Қобыз, домбыра, сыбызғы, т.б.

Музыкалық аспаптардың қолданылуы

Бақылар, аңшылар, саятшылар

Әншілер, күйшілер, айтыс ақындары

Музыкалық аспаптардың жүйеленуі

СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР:

1. Қазақстанның музыка өнерінің қандай жанрлары бол-ған?

2. Аспапты музыкамен кімдер айналысқан?

3. Қазақтың музыкалық аспаптарын кімдер зерттеді?

4. Музыкалық аспаптар қандай жағдайларға байланыс-ты қолданылды?

5. Қазақтың қандай музыкалық аспаптарын білесің?

§5. Қазақ халқының музыкалық фольклорын зерттеу тарихы

Музыкалық мәдениеттің ауызша қолданылуы, сондай-ақ көшпелі халықтың отбасының және ауылдық тұрмысының орнықты дәстүрлері музыкалық мәдениет қайраткерлерінің бірнеше кәсіби-халықтық типтерінің қалыптасуына мүмкіндік берді. Олар ақын, жыршы немесе жырау, әнші және өлеңші, күйші, ертекші, сықаққой және т.б. болды.

Халықтың музыкалық шығармашылығы туралы мәліметтер біздерге Қазақстанда болған саяхатшылардың жазбалары, есептері арқылы немесе Ресей ғылым академиясы ғалымдары мен профессорларының хабарлары арқылы жетті. XVIII-XIX ғасырларда қазақ даласында болып, қазақ халқының тұрмысын, әдет-ғұрпын және музыкалық мұрасын зерттеуші ғалымдар арасынан И.Т.Георгиді (1729-1802), И.Т.Андреевті, А.И.Левшинді, А.Голубевті, А.Е.Алекторовты, А.Эйхгорнды, Ш.Уәлихановты ерекше атаған жөн. Қазақ халқының ән өнері туралы А.Е.Алекторов «Қырғыздардың халық әдебиеті» атты мақаласында былай деп жазды: “Бір рудан екінші руға әндер беріліп, бір жылдан, екінші жылға жаңа әндер қосылып отырады, қазір қырғыз өзінің халық әндерін жанындай сүйеді және өзі де оларды тамаша орындайды”. Қазақ халқының музыкалық тұрмысы туралы М.В.Готовицкийдің “Қырғыз әндері туралы” атты мақаласында жақсы келтірілген. Онда автор музыкалық шығармаларды орындаушылар мен таратушылардың кәсіби әншілер екенін айтады. “Әншілер мен өлеңшілер өнерлерін көрсеткенде халық рақаттанып тыңдайды. Бірде-бір ойын-сауық немесе той өлеңшілерсіз өтпейді”, деп жазады Готовицкий. “Отбасындағы әрбір оқиға: той, ұлдың тууы, адамның қайтыс болуы, әрбір қуаныш немесе қайғы қазақтарда әнмен атап өтіледі, көбіне олар тыңдаушыларды бей-жай қалдырмайды”. Ол әншілер мен өлеңшілердің халық арасындағы үлкен беделін атап көрсетіп, ауылға келген әншілерді киіз үйдегі құрметті орынға, төрге отырғызатынын айтады.

Оңтүстік қазақтарының музыкалық өнері мен музыкалық құралдары жөнінде “Орталық Азия халықтарының әндері мен құралдары” атты еңбекте Август Эйхгорн бірқатар құнды қорытындылар жасады. Осы еңбектің “Қырғыздың (қазақтың) музыкалық құралдары” бөлімінде Эйхгорн домбыра, қобыз, сыбызғы құралдарына жеткілікті түрде сипаттама берді. Сонымен қатар Эйхгорн қазақтар арасында кең тараған айтыс өнері туралы қызғылықты түрде жазып қалдырды. Қыз бен жігіт махаббат туралы айтысқанда, өз шумақтарын бірінен соң бірі әнге қосып айтқан.

Қазақ музыкасын революцияға дейін зерттеушілер өз еңбектерінде фольклордың таралуы туралы хабарлағанымен, халықтың өнер қайраткерлері туралы аз жазды. Шындығында, тек ХІХ ғасырда қазақтың аса көрнекті композиторлары, әншілері, күйшілері Құрманғазы Сағырбаев (1806-1881), Дәулеткерей Шығайев (1820-1887), Ықылас Дүкенов (1813-1416), Тәттімбет Қазанғалов (1817-1862), Біржан Қожағұлов (1832-1894), Сармалай (1835-1885), Жаяу Мұса Байтанов (1835-1929), Абай Құнанбаев (1845-1904), Мұхит Мералиев (1847-1918), Ақан Сері Қорамсаұлы (1843-1913) және басқалары өмір сүріп, өздерінің өшпес шығармаларын қалдырған еді. Оның себебін өнер зерттеушілеріне халық композиторларымен тікелей кездесудің сәті түсе бермегенімен, қазақ жерінің аса кеңдігімен, сол кездегі экономикалық, саяси және мәдени байланыстардың нашар дамығандығымен түсіндіруге болады. Дегенмен, сирек те болса өнер зерттеушілері халық музыканттарымен кездесу сәттерінен алған өз әсерлерін жазып қалдырған. Осындай жазбалардың арасында орыс журналисі Н.Ф.Савичевтің қазақтың ұлы композиторы Құрманғазы Сағырбаевпен кездесуі туралы материалы ерекше назар аударарлық құнды дерек болып табылады.

Н.Ф.Савичев Құрманғазыны 1868 жылы көріп, тыңдаған. Ол композитор өнерінен алған өзінің әсерін былай суреттейді: “Бұл – жылы жүзді, ақылды, татарша,

бай да, кедей де емес орташа киінген, орта бойлы, орта жастағы ер адам. Ол өзін көп сұратпай қабырғада ілулі тұрған домбырасын қолына алды. Бұл мойны өте ұзын, екі шекті, жақсы әшекейленген балалайка. Құрманғазы кенеттен, басын сәл шалқайтып алып кіріспесіз, өз шығармасын құйқылжыта ойнай жөнелді. Мен алғашқыда оның ойнауына таң қалдым, кейін тіпті тәнті болдым. Мен осынау қара дүрсін екі шекті құралдан музыкаға ұқсас бірдеңе шығады ғой деп деп тіпті ойлаған жоқпын, алайда адам қабілетінің күші сондай – домбырадан аса мөлдір музыка құйылдай-ай келіп; музыканың мәні қырғызша болғанымен, оны үлгілі музыканың қатарына ойланбастан қоюға болады, себебі Сағырбаевтың ойыны сол қайнар көзден – дарын мен құлшыныстан туындап жатқан еді. Мен оның ойынын бұлбұл мен торғайдың еркін әніне теңер едім, бірақ құралдың кедейлігі артист мүмкіндігін тежегеніне қарамастан, бұл теңеудің өте тар екеніне күмән жоқ. Қысқасы, Сағырбаев – өте сирек кездесетін музыкалық жан, егер ол еуропалық білім алса, музыкалық дүниенің бірінші жарық жұлдызы болар еді”.

Қазақтың халық әншілерінің шеберлігі туралы француз ғалымдары Капо және Бонвало өздерінің 1881 жылы жарық көрген “Қырғыз трубадуры” мақаласында былай деп жазады: “Бұл қырғыз өзінің далалық костюмінде, үй ішіне түскен көмескі жарықта нағыз сері болып көрінеді. Оның ишараттары емін-еркін және ақсүйектік, мәнері жұмсақ, сырт бейнесі әдемі. Ол кіре беріске малдасын құрып отырып алды да, құралының күйін түсірді. Содан кейін өз домбрасының қостауымен жоғары дауыста әнін шырқай жөнелді. Ол өз әнінде ауқатты сұлу қыздың кедей жігітіне деген ыстық махаббатын жырлады. Ыдырысқұл – нағыз әртіс, өз өнерінде тамаша шеберлікке қол жеткізген. Неге таң қаларыңды білмейсің: музыкалық құралда шебер ойнағанына ма немесе салған әніне ме”. Соңында авторлар Ыдырысқұл сияқты тенордың Еуропаның кез келген опера театрының мақ-

танышы бола алатынын және театрдың даңқын шығара алатынын жазады.

Қазақтың музыка өнерінің дамуы туралы мәліметтер белгілі орыс зерттеушілері Ф.А.Щербинаның, В.Г.Короленконың, А.Е.Алекторовтың, А.А.Ивановскийдің еңбектерінен көрініс тапты.

Қазақтың халықтық музыкасын зерттеу ісіне орыстың белгілі музыкалық қоғам қайраткері, музыка сыншысы және композиторы А.В.Затаевич (1869-1936) аса зор еңбек сіңірді. Ол бастырған екі томдық – “Қазақ халқының 1000 әні” және “Қазақтың 500 әні мен күйі” кеңес фольклористикасындағы іргелі еңбектер болды. Затаевич қазақ музыка тарихында бірінші болып аса көрнекті халық композиторлары Абай Құнанбаевқа, Құрманғазы Сағырбаевқа, Жаяу Мұса Байжановқа, Біржан сал Қожағұловқа, Ақан сері Қорамсаұлына, Мұхит Мералиевке, Дәулеткерей Шығиевқа, Ыбырай Сандыбаевқа толық мінездеме берді. Мұхит Мералиев әндерінің кең тыныстылығына, әдемі әуезіне тәнті болған композитор оның “Айнамақ” әні туралы “бұл ән тек қазақтың кең даласында туатын ән, басқа жерге сыймайды”, деп баға берді.

Затаевичтің аса көрнекті орындаушыларға берген мінездемелерінің музыка тарихын оқып-үйрену үшін маңызы зор. Олар әншілер Әміре Қашаубаев, Ғаббас Айтпаев, Қали Байжанов, Ерғали Алдоңғаров, Майра Шамсутдинова; домбырашылар – Науша, Махамбет және Ғабдолла Бөкейхановтар, Ғұбайдолла Мұхитов, Ғанбар Медетов және басқалар болатын. Өзінің барлық 2000-ның үстінде тұратын бай музыкалық коллекциясын Затаевич 500-ге жуық хабаршылардың көмегімен жинақтады. А.В.Затаевичтің қазақтың халықтық музыкасын жинақтап, бастырудағы жанқиярлық еңбегі музыкалық, ғылыми және әдеби қоғам арасында орасан зор қызығушылық туғызды. Көрнекті кеңес жазушысы А.М.Горький бұл жөнінде: “Міне, менің алдымда “Қазақтың 1000 әні” жинағы жатыр. Олар нотаға түсірілген, олардың аса ерекше әуендері болашақ Моцарттарға,

Бетховендерге, Шопендерге, Мусорскийлерге және Григтерге таптырмайтын бай материал”, деп жазды.

Затаевич еңбектері аса көрнекті француз жазушысы, музыка зерттеушісі және қоғам қайраткері Ромен Ролланның назарына ілікті. 1926 жылы Затаевич Р.Ролланға өзінің шығарған “Қазақтың 1000 әні” жинағын жібереді. Көп кешікпей Затаевич Ролланның жауап хатын алды. Онда Р.Роллан: “Ең алдымен, мен сіздің алабөтен энергиямен осынау бастаған тамаша ісіңізді, адам айтқысыз қиын аштық, эпидемия жағдайында аяқтап шыққаныңызға тәнті болғанымды білдіргім келеді. Сіздің маған жіберген “Қазақ халқының 1000 әні” атты еңбегіңіз менің туған күніме арналған ең тамаша сыйлық болды”, – деп жазды.

2500 ән мен күйлерді жазып алған Затаевичтің ісін қазақстандық фольклоршылар Д.Д.Мацуцин мен И.В. Коцык жалғастырды. 30-жылдары қазақ музыкасын зерттеуге Б.Г.Ерзакович және Алматы музыкалық-драмалық техникумы ғылыми-зерттеу кабинетінің қызметкерлері А.К.Жұбанов пен Е.Г.Брусиловский құлшына кірісіп, көп шаруа бітірді.

Халық музыкасын оқып-үйреніп, нотаға түсіру жұмыстары, әсіресе Алматы мемлекеттік консерваториясын ұйымдастырғаннан кейін (1944) және 1946 жылы Қазақ КСР Ғылым Академиясы құрылғаннан кейін кең құлаш жайды. Аталған ғылым ордалары жыл сайын Қазақстанның түкпір-түкпіріне бірнеше реттен ғылыми экспедициялар жіберіп, халық музыкасын нотаға түсірді. Экспедиция мүшелері Қазақ КСР-ің барлық облыстарында, Өзбек КСР-нің қазақтар тұратын облыстарында, Ресейдің Таулы-Алтай облысында, Астрахань, Омбы, Орынбор облыстарында және Қарақалпақстанда болып, 1980 жылға дейінгі аралықта 10000-ға жуық ән мен күйді нотаға түсірді.

Қазақтың халық музыкасын зерттеуге және насихаттауға Қазақ КСР Ғылым Академиясының академигі, өнертану докторы, профессор А.Қ.Жұбанов (1906-1968) зор үлес қосты. 1945 жылы Қазақстан Ғылым Академиясы-

ның бірінші президенті Қ.И.Сәтпаевтың ұсынысымен А.Қ. Жұбанов Ғылым Академиясы жанынан өнертану секторын құрды. Сектордың Жұбанов басқарған музыка бөлімінің негізгі бағыты қазақтың халық музыкасын және оны құрушылар мен орындаушылардың шығармашылығын зерттеу болды. Жұбанов 1000 ән мен күйді жазып алды және аса көрнекті екі күйші-композиторлар Құрманғазы мен Дәулеткерей шығармаларын өзінің түсініктемелерімен басып шығарды. Зерттеуші Жұбановтың алғашқы тырнақалды еңбегі 1936 жылы басылып шыққан “Қазақтың халық композиторы Құрманғазы” очеркі болды. Мұнда зерттеуші қазақтың халық композиторы шығармашылығына терең талдау жасап, оның күйлерінің идеялық мазмұнын, әлеуметтік мәнін ашып, композитордың аспаптық музыканы дамытудағы аса көрнекті рөлін ашып берді.

А.Қ.Жұбанов халықтың кәсіби композиторлары шығармашылығын зерттеуді жалғастыра отырып, 1942 жылы “Қазақ композиторларының өмірі және шығармашылығы” атты кітабын бастырып шығарды. Бұл ХІХ ғасырда өмір сүріп, шығармалары музыкалық классикаға айналған бір топ халық композиторларының үлкен тобының шығармашылығын қорытындылаудың алғашқы талпынысы еді.

1958 жылы аса көрнекті музыка зерттеушісінің қаламынан “Ғасырлар пернесі” атты жаңа кітап басылып шықты. Кітап халықтың күйші-композиторлары: Құрманғазы, Дәулеткерей, Дина, Сейтек, Тәттімбет, Қазанғап, Байсерке, Абыл, Ықылас, Сармалай шығармашылығы туралы 10 монографиялық очерктерден тұрады. 1967 жылы А.Қ.Жұбановтың келесі монографиялық зерттеуі “Замана бұлбұлдары” жарық көрді. Бұл зерттеуде А.Қ.Жұбанов қазақ халқының аса көрнекті әнші-композиторлары Біржан сал, Ақан сері, Мұхит, Абай, Балұан Шолақ, Жаяу Мұса, Мәди, Ыбырай, Құлтума, Сары, Майра, Естай, Әсет, Нартай, Кенен өмірі мен шығармашылығы туралы 15 очеркпен қатар, 9 очеркте аса көрнекті әнші-орындаушылар Әміре Қашаубаев, Қали

Байжанов, Қасым Бабақов, Темірболат Арғынбаев, Жүсіпбек Елебеков, Қуан Лекеров, Манарбек Ержанов, Ғарифолла Құрманғалиев, Әли Құманованың қайталанбас өнерлеріне терең мазмұнды сипаттама берді.

Халық музыкасының бағалы басылымына З.Жанұзақова құрастырған “Қазақ халқының аспап музыкасы” жинағы жатады. Домбыра, қобыз және сыбызғыға арналған алғашқы бұл еңбекке А.Жұбанов, Ж.Қаламбаев, З.Қоспақов және З.Жанұзақова жазып алған 87 күй енді.

Шағын кіріспе мақалада З.Жанұзақова халық аспаптары туралы, олардың түрлері, бұрауының түсірілуі, ойнау техникасы туралы қызықты мәліметтерді келтіре отырып, күйлердің тақырыптық мазмұнының сан алуандылығынан хабар береді. “Оларда, дейді Жанұзақова, адам сезімі мен толқынысының аса нәзік нюанстары беріледі: бала туғанына байланысты қуаныш та, жақын адамынан айырылуына байланысты қайғы да, сүймейтін адамға күйеуге берілген қыздың мұңы да, айырылысу сағынышы да, табиғат сұлулығына сүйсінуден туындаған музыкалық портрет те кездеседі”.

Қазақтың музыкалық фольклорын зерттеу ісіне П.В.Аравин көп еңбек сіңірді. Алматы, Орынбор, Астрахань, Ленинград және Мәскеу мұрағат материалдарының негізінде, ол аса көрнекті халық композиторы Дәулеткерей Шығармаевтың шығармашылығын жан-жақты талданған монография жазды. Композитордың аспаптық классиканың алтын қорына енген бірқатар белгілі күйлерін талдай отырып, автор Дәулеткерейдің патриот және гуманист ретіндегі шығармашылық бейнесін ашып берді.

Қазіргі уақыт биігінен және ақиқат талаптары тұрғысынан айта кететін бір жайт, белгілі музыка зерттеушілері А.Қ.Жұбанов пен П.В.Аравин ұлы күйші Дәулеткерей шығармашылығын зерттеу арқылы үлкен азаматтық, әрі рухани ерлік жасады. Мұндай қорытынды жасайтын себебіміз, Дәулеткерейдің хан тұқымы екендігі және өнер зерттеушілері жүргізген ғылыми жұмыстардың 30-50 жылдардағы саяси қуғын-сүргіндер уақыты-

мен тұспа-тұс келуі болып табылады. А.Жұбановтың 1934 жылы ұйымдастырған қазақтың ұлт-аспаптар оркестрінің домбырашылары, ағайынды үш Бөкейхановтардың 30-шы жылдары атылып кеткенін айтсақ та жеткілікті. Олардың жазығы хан тұқымы болғандықтары еді.

Көрнекті өнер зерттеушісі П.В.Аравиннің қазақ музыка өнерін насихаттау ісіндегі ерен еңбегін оның ұлы А.П.Аравин жалғастырды. Ол қазақ теледидарында қазақ музыка өнерін насихаттау мақсатында “Үн мұражайы” атты танымдық-музыкалық хабар жүргізіп, музыка сүйер қауымның ыстық ықыласына бөленді. 90-жылдары осы айтылған телехабар арқылы қазақтың Құрманғазы, Дәулеткерей, Дина, Абай, Тәттімбет, Қазанғап, Біржан сал, Ақан сері, Жаяу Мұса, т.б. аса көрнекті композиторларының шығармашылығы терең насихатталды. Қазақтың халық музыкасын зерттеу, бастыру, насихаттау және тарату ісіне өнертанушылар В.П.Дернова, Г.Бисенова, З.Қоспақов, М.М.Ахметова, С.А.Еламанова, А.С.Тілеубаева, А.З.Темірбекова, К.Т.Жүзбасов, Т.Бекқожиналар да көп еңбек сіңірді.

Жанрлар бойынша жүйеленген аспапты шығармалардың бағалы еңбегі ретінде 79 күйден тұратын Темат Мерғалиевтің “Домбыра сазы” музыкалық-этнографиялық жинағын атауға болады.

Қазақтың халық музыкалық аспаптарын оқып-үйрену және қалпына келтіру, сондай-ақ оларды фольклорлық-этнографиялық ансамбльдерге, оркестрлерге пайдалану ісіне Құрманғазы мемлекеттік консерваториясының профессоры Б.Сарыбаев өлшеусіз үлес қосты. Ғалым археологиялық қазбаларды, мұрағаттық құжаттарды, ғылыми еңбектерді зерттеудің нәтижесінде 30-дың үстінде халықтың көне музыкалық аспаптарын іздеп тапты. Бұл жұмыс өнертанушының 1978 жылы жарық көрген “Қазақтың халық аспаптары” атты монографиялық еңбегінде қорытындыланды. Соңғы жылдары халық музыкасын зерттеу ісінде Құрманғазы атындағы мемле-

кеттік консерваторияның профессоры Қ.Ахмедияров, доцент К.Сахарбаевалар жемісті еңбек етіп жүр.

СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР:

1. Қазақтың музыкалық фольклорын Қазан төңкерісіне дейін зерттеуге кімдер үлес қосты?

2. А.В.Затаевичтің қандай еңбектерін білесіз?

3. А.Жұбановтың қазақтың музыкалық өнерін зерттеуге байланысты қандай еңбектерін білесіз?

4. Қазақтың музыкалық фольклорын зерттеудің қазіргі кездегі жайы қалай деп ойлайсыз?

§6. Қазақтың аса көрнекті әнші-композиторлары

Біржан сал Қожағұлов (1831-1894). ХІХ ғасырдың даңқты композиторы және әншісі Біржан Қожағұлов қазақ халқының ән өнерінде терең із қалдырды. Ұлы композитордың дүниеден өткеніне жүз жылдың үстінде уақыт өтсе де, оның әндері халықтың жадында мәңгі сақталып, әлі үздіксіз айтылып келеді. Олар қазіргі композиторлар шығармаларында кеңінен қолданылып, опера-лық және эстрадалық сахналарда үнемі орындалып жүр. Біржан Көкшетау облысындағы Қожағұл ауылында 1831 жылы дүниеге келген. Жасөспірім шағынан бастап ән салуға құмартып, тамаша дауысының арқасында Көкшетау өңіріндегі кез келген ауылдың асыға күтетін қонағына айналды. Біржанның даңқы көп ұзамай бүкіл Қазақстанға жайылады. Біржанның бірқатар әндері қайшылықтар мен қайғылы оқиғаларға толы өз өмірін бейнелейді. 1865 жылы Көкшетауға Омбыдан генерал-губернатор келгені белгілі. Біржан осы оқиғада орын алған озбырылықты суреттеген атақты “Жанбота” әнін шығарады. Өз болысы Азнабай тарапынан дәрекілік пен мазақты басынан кешірген Біржан, өзге болыс Жанботадан әділдік сұрамақшы болғанда, ол да әншіні толы жұрттың көзінше балағаттап, дәрекілік танытады. Ба-

сынан сөз асырып көрмеген, намысшыл әнші ожырлардың шын “қасиеттерін” әшкерелеген, ыза мен кекке толы өзінің “Жанбота” әнін шығарады. Біржан көптеген тамаша әндер қалдырды. Олардың ішінде көп орын лирикалық әндерге берілген. Әнші шексіз де, шетсіз қазақ даласын аралап жүріп, өз шығармаларына шабыт беретін адамдарды кездестірген, соларға арнап небір тамаша әндерін шығарған. Мысалы, Ақтентек деген байдың Ажар атты асқан сұлу қызын кездестірген. Осы кездесу нәтижесінде әншінің қыз сұлулығын бейнелеген екі бірдей тамаша “Тентек” және “Жаймашуақ” әндері дүниеге келді. Біржанның айналасы ойын-сауыққа, думанға толы болуына байланысты, әншіге халық “сал” атын берген, оны қатты құрметтеп, қошеметтеген. Біржан шығармашылығын құрайтын лирикалық әндердің көбі қазақ қыздарына, олардың сұлулығына, мінезіне, қылығына арналған. Олардың қатарына “Ләйлім шырақ”, “Көлбай-Жанбай”, “Ғайша жар”, “Жамбас сипар”, т.б. әндері жатады. Өмірінің соңғы жылдарында әнші кедейлікке ұшыраған, бай-болыстар тарапынан әр түрлі қиянат пен қысымшылық көрген. Қайтыс болардың алдында балаларына арнап “Асыл-Ақық” және “Теміртас” әндерін шығарған.

Әнші-композитордың бостандық сүйгіш, сезімтал бейнесі қазақтың аса көрнекті композиторы М.Төлебаевтың “Біржан-Сара” операсынан тамаша көрініс тапты.

Ақан сері Қорамсаұлы (1843-1913). Ақан сері 1843 жылы Көкшетау облысындағы Қоскөл деген жерде туған. Алғашқы арабша сауатын Ақан ауыл молдасынан алған. 13 жасқа толғанда Петропавл қаласына барып оқуға түседі. Қалада алған білімі, көрген-білгендері кейін әншінің шығармашылық қызметін дамытуға көп септігін тигізеді. Ауылға келген Ақан өз өмірін қызқырқын, жас-желектер арасында уайым-қайғысыз, ойын-сауықпен өткізеді. Оның ақындық, әншілік, композиторлық дарыны көпке таныла бастайды. Ақан сол кезде қазақ қауымы қатты құрметтеген салт-дәстүрлерге, шаруа түрлеріне орай, жүйрік саятшылыққа қажетті алғыр ит, аңға, құсқа салатын лашын, сұңқар, ителгі,

қыран ұстайды. Сондықтан ол ел арасында “сері” атанады. Әсіресе, Ақан серінің әншілік өнері халық арасына кең танымал болды.

Ақанның көптеген лирикалық әндері сұлу қыздарға арнап шығарылды. Әншінің әсем әуенді, кең тынысты, ыстық сезімге толы “Балқадиша”, “Мақпал”, “Екі жирен”, “Қараторғай”, “Ақтоқты” әндері халық арасына өте кең тараған. Өзінің сүйікті тұлпары Құлагерге арнап “Маңмаңкер”, “Құлагер” әндерін шығарды. Алайда қазақтың атақты әнші-композиторы Ақан серінің тағдыры да аянышты болды. Сол кезде қалыптасқан дәстүрлерге байланысты ақын өзі сүйген қыздарына қосыла алмады, өзі мәпелеп баққан тұлпары Құлагерді Сағынай байдың асында ұйымдастырылған бәйгеде бақталастары шоқпармен ұрып өлтірсе, екінші бақталастары сұңқары “Көкжендетке” у беріп өлтіреді. Осының бәрі жиналып әншіні ауруға ұшыратады, сөйтіп ол елеусіз жағдайда қайтыс болады. Алайда, Ақан серінің артында рухани мұрасы, өшпес әндері қалды.

Мұхит Мералиев (1841-1918). Қазақтың дарынды композиторы және әншісі Мұхит Мералиев лирикалық тамаша әндердің авторы және орындаушысы. А.В.Затаевич оны “Қазақтың Баяны” деп атады. Балалық шағы жайма-шуақ молшылық жағдайда өтті. Әкесі баласын әкімдікке, ел билеуге тәрбиелегісі келсе де, Мұхитты ол қызықтырмады. Жасөспірім жағынан бастап музыкаға, әнге әуестенеді, көп ұзамай әншілігі дүйім жұртшылыққа белгілі болып, даңқы бүкіл батыс өлкеге жайылады. Мұхиттың алғашқы әндерінің бірі “Айнамкөз” тамаша сұлу қыздың түрін бейнелейді. Одан кейін шығарылған “Алуаш”, “Қилым” әндері де өмірлік бақылаулар нәтижесі еді. Егер жоғарыда айтылғандар лирикалық әндер болса, “Жылқышы”, “Үлкен Айдай” әндері драматизмге және өмірлік патетикаға толы.

Барлық ұлдары мен жалғыз қызынан айрылған әкенің терең қайғысын бейнелейтін Мұхиттың “Зәуреш” атты әні халық арасына кең тарады. Мұхит әкенің орны толмас қайғысын асқан шеберлікпен бере білді. Осы ән ту-

ралы академик А.Жұбанов “Замана бұлбұлдары” атты еңбегінде былай дейді: “Мұхит музыкасы әннің қайғылы мазмұнын одан әрі тереңдете түседі, оны сабырлы түрде тыңдау мүмкін емес. Оның түпсіз қайғысы адамды бей-жай қалдырмайтын. Қазақстанның көптеген композиторлары әр түрлі бейнелеулерде оны өз шығармаларына енгізді. “Зәуреш” тақырыбына траурлық марштар жазылды. “Зәуреш” жоғары регистрде басталады, мелодиясы тегіс, созылмалы, қайғылы. Әнде бірде-бір бөлек, артық, қажетсіз нота жоқ. Әрбір дыбыстан аса зор мұң, орны толмас қайғы, айырылу сезіледі. “Зәурешті” тек ән деп қарауға болмайды, ол кішігірім, аяқталған реквием. Мұхит әндерінің арасында “Паң көйлек”, “Ақ иіс” әндері де өздерінің аса әуезділігімен, кең тыныстылығымен мен мұңдалап, тыңдаушысын өзіне қаратып алады. Композитор Батыс Қазақстанда кең дамыған әншілік мектептің көшбастаушысы болды. Мұхит әндерін өзіндей айтып, халық арасына кең насихаттаған қандай әншілер болды немесе бар дегенде, ең алдымен республиканың халық әртісі, қайталанбас талант иесі Ғарифолла Құрманғалиев ауызға ілінеді. Күміс көмей әнші еліміздің талай-талай сахналарында Мұхит әндерін бұлбұлша сайратып, өз тыңдаушыларының алғысын алды, артына мол мұра – орындаған әндері мен шәкірттерін қалдырды. Мұхит дәстүрін жалғастырушылар арасынан бүгін біз тамаша әншілер легін көреміз. Олар республикаға еңбегі сіңген әртіс Мекес Төрешев, Қатимолла Бердіғалиев, Рая Латифуллина, Сәуле Жанпейісова, Пахаман Құлтымұратов және т.б. Сөйтіп, ұлы композитордың “Паң көйлек” әнінде айтылатындай арманы орындалды.

Жаяу Мұса (1836-1929). Жаяу Мұса Байжанов – қазақтың белгілі әншісі және композиторы. Оның шығармашылығы қоғамда орын алған әлеуметтік әділетсіздікке қарсы бағытталды. Жаяу Мұса өз заманының арабша және орысша сауатты, оқыған адамы болды. Ол 1835 жылы Павлодар облысы Баянауыл ауданында туған. Ауыл молдасынан сауатын ашқаннан кейін, он бес жасында Петропавл қаласына барып көпеске жалға

жұмысқа орналасады. Жұмыс істей жүріп, өз бетімен білімін көтерумен айналысады, орысша сөйлеуге машықтанады, жазу-сызуды, скрипкада, баянда ойнауды үйренеді. Петропавлда үш жыл тұрғаннан соң, Мұса Омбыға барады. Омбы ол кезде үлкен мәдени орталық болатын, сондықтан да Мұсаның дүниетанымы кеңейе түседі. Мұнда Мұса әскери үрлемелі оркестрдің орындауындағы марштар, вальстер, мазуркалар, т.б. еуропалық музыка түрлерімен танысады. Ол болашақ композитор шығармашылығына игі әсерін тигізеді. Ауылына оралған Мұсаға жұрттың назары бірден ауа бастайды. Ол қазақ және орыс әндерін айтады, домбырада, гармоньда және скрипкада ойнайды. Жергілікті байлар Мұсаның халық арасындағы беделін көре алмай, оған “Жаяу Мұса” деген ат қояды. Бірақ одан Мұса қысылмайды. Халық арасын аралай жүріп, тоқ қарын байлардың әділетсіздігін, көрсеқызарлығын әшкерелеген әндерін шығарады. Сондай әндердің бірі “Ақ сиса” әні күні бүгінге дейін халық арасына кең тараған. ХІХ ғасырдың 70-80 жылдары Жаяу Мұса бірқатар лирикалық әндерді, атап айтқанда “Қазақ қыздары”, “Тұрымтай”, “Шолпан”, “Көгаршын”, “Хаулау”, “Сұрша қыз”, “Бозторғай” әндерін шығарады.

Аса көрнекті халық композиторы Жаяу Мұса Байжановтың шығармашылығына, оның әндеріне қызығушылық күні бүгінге дейін толастаған емес. Оның әндерін үлкен сахналарда кәсіби әртістер де, көркемөнерпаздар да үнемі орындап келеді.

§7. Қазақтың аса көрнекті күйші-композиторлары

Құрманғазы Сағырбаев (1823-1889). Қазақтың музыкалық мәдениеті тарихына шығармалары толассыз энергияға, динамикаға, жарқылдаған серпінге толы Құрманғазы халық аспаптар музыкасының жарқын классигі ретінде енді. Оның “Серпер”, “Адай”, “Сарыарқа”, “Балбырауын” және басқа көптеген күйлері аса әуезділігі-

мен, жойқын серпінімен, сонымен қатар бойларында симфонизм элементтерін жинағандығымен ерекшеленеді.

Құрманғазы шығармашылығы композитордың көзінің тірісінде-ақ халық арасында кең қолдау тапты, оның даңқы бүкіл қазақ даласына жайылды.

Құрманғазының барлық музыкасы әлеуметтік мәселелерге арналғандықтан, халыққа жақын да түсінікті болды.

Құрманғазы өмірі – күрескердің, қашқынның өмірі романтикалық оқиғаларға, қайғылы жағдайлар мен дәулескердің қуанышты мезеттеріне толы болды. Тағдырдың бұлтарыстары мен тәлкегіне қаншалықты ұшыраса да, ұлы күйші өз қуанышын шығармашылығынан таба отырып, айналасын қоршағандарды домбыра үнімен қуантты, олардың сезімін өзінің алабөтен талантымен буырқандырды. Құрманғазы Бөкей Ордасының Жиделі деген жерінде дүниеге келді. Музыкалық қабілеті ерте байқалған Құрманғазының ұстазы халық күйшісі Ұзақ болды.

Құрманғазының алғашқы күйлері ХІХ ғасырдың 30-шы жылдары шығарылды деген болжамдар бар. Солардың бірі “Кішкентай” 1836-1837 жылдары Исатай-Махамбет бастаған халық қозғалысына арналған. Тағдыр Құрманғазыны сынаудан жалықпады. Қажымас күрестің адамы Құрманғазы өмірінің көп бөлігін билік басындағылармен шекісумен өткізді. Олар Құрманғазыға жылқы ұрлаушы, тонаушы, т.б. жала мен пәленің түрлерін жабумен болды, қайта-қайта түрмелер мен абақтыларға жапты. Олардан Құрманғазы талай рет қашып шығып, қазақтың кең даласын аралады. Осындай оқиғалар мен өмірлік тәжірибелер және байқаулар Құрманғазы күйлерінің негізгі тақырыптарын құрады. Бірде Құрманғазы Адай руы өкілінің киіз үйіне тап болады. Кереге ілулі тұрған домбыраны алып, өзінің ыңғайына сай бұрауын түсіреді. Үй иесінің қызы үйіне кіріп, домбыраны алып тарта бастайды да, мұрын бұрауын кім түсірді деп сұрайды. Сосын Құрманғазы домбыраны алып,

өзінің атышулы “Серпер” күйін орындаған деседі. Күй тартылып болған соң, үйдегілердің бәрі алдарында кім отырғанын түсінеді. Үй иесі және ауыл адамдары Құрманғазыға үлкен құрмет көрсетеді. Қонақжай үй иелері құрметіне разы болған Құрманғазы өзінің “Адай” күйін шығарыпты дейді. Құрманғазы өз басына бұлт үйіріліп, түрмеге қамалған кездерін, одан қашқан сәттерін бейнелеген бірнеше күй шығарған. Олар “Ертең кетем”, “Қайран шешем”, “Аман бол, шешем, аман бол”, “Түрмеден қашқан”, “Қызыл қайың”, т.б. Әсіресе, “Қайран шешем” күйінің тартымды тарихы бар. Ең алғашқы рет түрмеге айдалатын кезде, Құрманғазыны арбаға отырғызып әкетер алдында композитор анасымен қоштасар сәтте көңілі босап, көзіне жас алса керек. Мұны көрген анасы баласының жағына шапалақпен тартып жіберіп, “Ей, балам, мен ұл тудым ба десем, ез туған екем ғой, көрсетпе маған көз жасыңды”, деген екен. Анасының қайратына тәнті болған Құрманғазы “Қайран шешем” күйін шығарған. Тағы бір күйі “Саранжап” өзімен түрмеде отырып, тағдыр талқысын бірге бөліскен қалмақ батыры Церенджепке арналған.

Бұлардан басқа ұлы күйшінің әр түрлі өмірлік кезеңдерді адам тағдырының қуанышты немесе ренішті жағдайларын, туған жер табиғатын, адамдардың қарым-қатынастарын бейнелейтін тамаша күйлері “Сарыарқа”, “Алатау”, “Ақсақ киік”, “Төремұрат”, “Байжұма”, т.б. күйлері қазақтың аспапты музыкасының алтын қорынан берік орын алып, ұлт-аспаптар оркестрлерінің, жеке орындаушылар репертуарларынан түспей келеді.

Дәулеткерей Шығаев (1820-1887). Қазақтың аспапты музыкасының ХІХ ғасырдағы өкілі белгілі халық композиторы Дәулеткерей Шығаев болды. Оның көптеген күйлері өздерінің көркемдік маңызын күні бүгінге дейін жойған жоқ. Олардың үні радиода, теледидарда, концерттік эстрадада әрдайым естілуде. Оларды қазіргі заманғы композиторлар өз шығармаларында кеңінен қолданып келеді.

Ақсүйек отбасында дүниеге келген Дәулеткерейге қарапайым халықтың тұрмыс-тіршілігі де жат болып көрінген жоқ. Ең әуелі лирик композитор болғанымен, әлеуметтік әуендер де оның шығармаларынан берік орын алды.

Дәулеткерей 1820 жылы Каспий жағалауында сұлтан Шығай Нұралыұлының отбасында дүниеге келді. Әкесінен ерте (бес жасында) қалған Дәулеткерей ағасы сұлтан Меңдікерейдің тәрбиесінде болады. Ол Дәулеткерейді ел басқаруға, билік басында болуға тәрбиелегісі келді. Алайда, Дәулеткерей ақсүйектік дәстүрлерге иек артудан гөрі, музыкаға құлшыныс танытып, көп ұзамай ел таныған шебер домбырашыға айналады. Оның бұл жолды таңдауына себепші болған, сол өңірге танымал домбырашы, күйші Мүсірәлі болды. Мүсірәлі Дәулеткерейге домбыра тарту әдіс, тәсілдерін жалықпай үйретеді. Домбыра тартудың қыр-сырын әбден үйренген Дәулеткерей енді өзі де күйлер шығара бастайды.

40-шы жылдардың бас кезінде Дәулеткерей өзінің алғашқы күйлерін “Қыз Ақжелең” және “Қосалқаны” шығарады. Бұл күйлерді шығаруға өмірлік байқаулар түрткі болады. Бірінші жағдайда Дәулеткерейдің аса сұлу, әрі домбырашы қыз Ақбаламен кездесуі “Ақжелең” күйінің шығарылуына себепші болса, “Қосалқа” күйшінің өмірлік әсерінен туындаған лирикалық шығарма болды. Жалпы Дәулеткерей өз күйлері арқылы қазақтың аяулы қыз-келіншектері бейнелерінің тұтас бір галереясын жасақтады. Адамның көтеріңкі көңіл-күйін, ыстық та жарқын сезімін, жақсы пейілін, махаббатын бейнелейтін “Құдаша”, “Жеңгем сүйер”, “Келіншек”, “Жұмабике”, “Бұлбұл”, “Байжұма”, т.б. күйлері – композитор шығармашылығының гуманистік мәнін айқындай түседі. Сонымен қатар, Дәулеткерей күйлерінің бірқатарынан, композитордың әлеуметтік жағдайларды түсінуге, оларға ықпал етуге тырысушылық байқалады. Мысалы, композитор “Қарақожа” атты күйінде өз замандасы, қатыгез әкім Қарауылқожаның бет-бейнесін музыка тілімен аса нанымды суреттеген.

Дәулеткерей домбыраның көркемдік мүмкіндіктерін кеңейту бағытында көп жұмыс істеді. Бұл талпыныстардың нәтижесінде домбыралық музыкаға жаңа өң берген “Желдірме” және “Ысқырма” күйлері дүниеге келді. Өмірдің мәні туралы лирикалық ойлар мен оның өтпелілігі жөніндегі тұжырымдар композитордың “Топан”, “Тұндырма”, “Байжұма” атты күйлерінен көрініс тапты. Жалпы алғанда, композитор Дәулеткерейдің шығармашылығын қазақтың аспапты музыкасына қосылған алтын қазына деп қарастыратын болсақ, сол қазынадағы ең шоқтығы биік шығармасы – философиялық мазмұндағы “Жігер” күйі болып табылады. Бұл күй арқылы Дәулеткерей өзінің көп жылғы шығармашылық еңбегінің соңғы нүктесін қойды.

Тәттімбет (1817-1862). Шығыс Қазақстанның аса көрнекті композиторы Тәттімбет болды. Ол 1817 жылы Қарағанды облысының Мөмекебұлақ деген жерінде туған. Ауқатты отбасынан шыққан Тәттімбет өз өмірін музыка өнеріне, оның ішінде күйшілікке арнап, бұл бағытта үлкен табыстарға қол жеткізді, күйші-композитор ретінде артына мол рухани мұра қалдырды. Тәттімбет – Қазақстанда кең тараған шертпе күй мектебінің көрнекті өкілі. Оның алғашқы күйлерінің қатарына “Қосбасар” және “Қаражорға” күйлері жатады. Бұлардан басқа әйгілі күйшінің “Былқылдақ”, “Сылқылдақ”, “Көкейкесті”, “Сары жайлау” күйлері халық арасында кең тараған. Тәттімбет күйлері А.Жұбанов ұйымдастырған қазақтың Құрманғазы атындағы мемлекеттік академиялық ұлт-аспаптар оркестрі репертуарынан берік орын алып, үнемі орындалып келеді.

Дина Нұрпейісова (1861-1955). Қазақтың аспапты музыкалық өнерінде Құрманғазы және Дәулеткерей дәстүрін жалғастырып, оны одан әрі тереңдеткен аса көрнекті композитор, күйші Дина Нұрпейісова шығармашылығы қазақ мәдениетіндегі жарқын құбылыс болып табылады. Дина 1861 жылы Батыс Қазақстан облысындағы Жаңақала ауданында туған. Динаның ұлы күйші-композитор дәрежесіне көтерілуіне Құрманғазымен то-

ғыз жасында кездесуі және оның тікелей шәкіртіне айналуы үлкен себепші болған еді.

Патша өкіметі “бұратана” деп есептейтін ұлт аймақтарының 18-ден 43-не дейінгі азаматтарын тыл жұмыстарына алуды ұйғаруына байланысты 1916 жылдың оқиғалары Динаның санасында үлкен із қалдырады. Бұл кезде домбыраны қалтқысыз білетін Дина 1916 жылдың оқиғаларына арнап “Набор” атты күй шығарады, халыққа бұл күй “Он алтыншы жыл” деген атпен тараған.

1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісті басып-жаныштау барысында патша өкіметі жазалаудың сыннан өткен “өртенген жер” тактикасын қолданып, қазақ халқын аяусыз қырғынға ұшыратты. Жазалау шараларының нәтижесінде 1916 жылғы көтеріліс тарихын қазақ әдебиетінің классиктері Ж.Аймауытов “Қартқожақ”, М.Әуезов “Қилы заман”, С.Сейфуллин “Тар жол, тайғақ кешу”, С.Мұқанов “Ботакөз” атты шығармаларында мейлінше ашып көрсетті.

Дина да өзінің атақты күйі арқылы сол кездегі ауыр кезеңді шыншылдықпен суреттейді.

30-жылдардың ортасына дейін Дина Астрахань облысындағы өз ауылында тұрған еді. “Алтын пышақ қап түбінде жатпайды” дегендей, 1937 жылы ол Алматыға келеді. Ахмет Жұбановтың әдейі тапсырмасымен Динаны құмдағы ауылынан іздеп тауып, Алматыға алып келген Гурьев облысының Теңіз ауданында тұратын белгілі мұғалім, өнерпаз, әнші-композитор Смағұл Көшекпаев болатын.

Өзінің саналы өмірінің жартысына жуығын, яғни 76 жасқа келгенше туған ауылында өткізген Дина 1937 ж. Алматыда өткен көркемөнерпаздардың екінші слетіне қатысып, бас жүлдені жеңіп алады, үлкен мәртебеге, табысқа ие болады. Бұрын бәрі, шынтуайтына келгенде, Кеңес өкіметінің қамқорлығының арқасы еді. Жаңа қоғам құрылысының табыстарының бәрі ескіліктің қалдығына қарсы күресте қол жеткен табыс екенін, өз халқын өмірдің толық құқылы қожасы еткен, экономика мен мәдениет саласында таңқаларлық табыстарға жет-

кізген коммунистік партия деп түсінген суреткер Дина өзінің атақты “Партия туралы” күйін шығарады. Бұл күйде партияның арқасында асыл арманына жеткен адамның ыстық, қалтқысыз сезімі берілген. Жасының ұлғайғанына қарамастан Дина республикамыздың музыкалық-қоғамдық өміріне белсене араласты. 1939 жылы Мәскеуде өткен халық таланттарының бірінші слетінде Дина топ жарып, бірінші орынды жеңіп алды. Профессор Беляев “Халық музыканттарының байқауы” атты мақаласында: “Қалың бұқараны” музыка мәдениетін өркендету құралы ретінде байқау халық музыкалық аспаптарының маңызын көтерді. “Домбыраның Жамбылы” Дина көрсеткен асқан шеберлік, домбыра сияқты халық аспаптарын сақтау, оны өркендету жолындағы үгіттің ең жақсы әдісі болып табылады” деп жазды.

1941 жылы фашистік Германия Кеңес Одағына тұтқиылдан шабуыл жасады. Ұлы Отан соғысы басталды. Жазушылар, композиторлар, суретшілер кеңес адамының ерлігіне арналған шығармалар жазып, халықтың рухын көтеріп, оларды жан аямай еңбек етуге, майданға көмекке шақырды. Сексен жастағы Дина өзінің төрт бірдей ұлдарын Жұрынбайды, Қожахметті, Қожамұратты, Мұратты майданға аттандырды. Ол қолындағы домбырасының, кеңес поэзиясының алыбы Жамбылдың “Ленинградтық өренім” өлеңі сияқты, жауға қарсы жауынгерлік рөл атқаратынын білді. Дина “Ананың бұйрығы” атты күй шығарады. Бұл күйде ол ананың образын Отан образымен ұштастырады. “Ана бұйрығы” күйі бірден бүкіл Қазақстанға тарап кетті. Ол ерліктің әуеніне, халық қолындағы құралға айналды.

1945 жылдың мамыры. Кеңес халқы, Қызыл әскер фашистік Германияны алапат соғыста тізе бүктіріп, жеңісті тойлауда. Сексен беске келген Дина “Жеңіс” атты күй шығарды. Сөйтіп, дүлділ өнер қайраткері жалпы халықтық оқиғаға тағы да өз үлесін қосты. Бұл күй кеңес халқының жеңіске деген ынтасын, құштарлығын бейнелейтін аса шабытты шығарма болғандықтан, қалың бұқара арасына кең тарады.

30-жылдардың аяғында республиканың астанасы Алматыға келгеннен бастап, Дина өзінің шығармашылығын кеңестік құрылысқа арнады. Сөйтіп ол қоғам қайраткері де бола білді. Мысалы, 1940 жылы өткен Қазақстанның жиырма жылдығына арнап “Той бастар” күйін шығарды. Дина бұл күйінде бостандық алған, экономикасы мен мәдениеті бар халықтың шаттығын, қуанышын суреттейді. “Той бастар” жарқын болашаққа сенген халықтың салтанатты маршы іспетті шығарма болатын. Сондықтан да бұл күй халық арасына кең тарап, домбырашылардың, көркемөнерпаздар оркестрлерінің және кәсіби музыка шеберлерінің репертуарынан берік орын алған шығармаға айналды. 40-50-жылдары Кеңес адамдарының бейбіт еңбегіне арналған “Еңбек геройлары”, “Сауыншы”, “Сегізінші март” күйлерін шығарып, кеңес қоғам өміріне өзіндік үлес қосты.

Негізгі ұғымдар мен терминдер:

Қазақтың аса көрнекті әнші-композиторлары: Біржан, Ақан, Жаяу Мұса, т.б.

Әнші-композиторлар әндерінің тақырыптары

Әйел, Отан, туған жер тақырыптары

Қазақтың ұлы композитор-күйшілері: Құрманғазы, Дәулеткерей, Тәттімбет, Дина

Олардың күйлерінің ерекшеліктері

СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР:

1. Қазақтың аса көрнекті әнші-композиторлары шығармашылығы туралы әңгіме құрастырыңыз.

2. Құрманғазы мен Дәулеткерей шығармашылығында қандай ұқсастық және айырмашылықтар бар?

3. Тәттімбет қандай домбыра мектебінің негізін қалады?

4. Дина күйлері қандай тақырыптарға арналып шығарылды?

ХІІ БӨЛІМ

ҚАЗАҚ АҒАРТУШЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ҰЛТ ЗИЯЛАРЫНЫҢ РУХАНИ МҰРАЛАРЫ

ХІХ ғасырда түркі халықтарының арасында жәдидизм идеялары тарай бастады. Бұл идеялар Ресей империясының білім беру саласындағы экспансиясына қарсы бағытталған еді. Жәдид мектептерінде бұрынғы діни мектептерде болмаған ғылым негіздері оқытылды. Бұл мектептердің негізін салушы татар оқымыстысы И.Гаспринский еді. Туысқан татар, өзбек, қазақ, қырғыз, башқұрт, т.б. түркі халықтарының ағартушылары Ш.Маржани, К.Насыри, А.Фитрат, А.Ибрагимов, А.Құнанбаев, Ә.Бөкейханов, Ы.Алтынсарин, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Сералин, М.Шоқай, Ғ.Қараш, С.Торайғыров және басқалар өз халықтарына білім беру ісімен жан аямай айналысты.

Жәдид мектебінің мұғалімі, қазақтың көрнекті ақыны С.Торайғыров өзінің ұстаздық мұратын 1916 жылы былай деп бейнеледі:

*Қараңғы қазақ көгіне,
Өрмелеп шығып, күн болам!
Қараңғылықтың көгіне,
Күн болмағанда кім болам?*

А.Байтұрсынов араб емлесінің негізінде “төте жазу” деп аталатын жаңа емле ойлап тауып, оны қазақ мектебіне пайдалануға ұсынды.

Мұсылмандық жаңа әдістік мектепті жақтаушы қазақ ағартушылары білім беру ісінде жалаң діни қағидаларды оқытудың орнына, жалпы адамзаттық құндылықтарды енгізу қажеттігін түсінді.

Қазақстан мәдениетіне үлкен үлес қосқан қазақтың алғашқы ғалымдарының бірі Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов орыстың әскери мектебінің түлегі еді. Алайда Шоқанды қазақ даласында орыстандыру саясатын жүргізуші болды деп бағалау үстірт пікір. Арғы атасы Абылайды пір тұтқан Шоқан өз халқының мәдениетін

жоғары деңгейге көтеруге тырысты. Бұған негізгі құрал оның ағартушылық әрекеті болды.

Қазақ ағартушылығына Еуропадағы ағылшын, неміс, француздардағы сияқты жалпы ортақ белгілер тән. Ең бастысы – білім мен ғылымды адамдарды бақытқа жеткізетін күш деп ұғыну. Алайда қазақ ағартушылығының өзіндік ерекшеліктері де жеткілікті. Мұның өзі Шығыс Ренессансына, тәуелсіз Қазақ хандығына және Ресей империясы құрамындағы бодан халық тағдырына қатысты.

Ағартушылық мәдениеттегі негізгі тетік – адам. Шоқан сыртқы әлемге “дала адамын” түсіндіргісі келді. Осы мақсатпен ол қазақ және қырғыз халықтарының миф-аңыздарын, салт-дәстүрін, діні мен тілін зерттейді. Шоқан жазған “Үлкен қырғыз-қайсақ ордасының ескі аңыз әңгімелері”, “Қазақтардағы шамандықтың іздері”, “Қашқария туралы жазбалар”, “Сахарадағы мұсылмандық туралы” және т.б. ғылыми еңбектерде қазақ және басқа түрік халықтарының мәдениетіне энциклопедиялық талдау берілген.

Шоқанды тек қазақ ағартушысы деп шектеу жеткіліксіз. Ол шын мәнісінде нағыз ренессанстық тұлға. Не бары 30 жыл ғана өмір сүрген ол өзін дарынды тарихшы, тіл маманы, географ, мәдениеттанушы ретінде Еуропа мен Азияға таныстырып кетті. Патшалық Ресейде білім алған империя офицері ретінде Черняев экспедициясына қатысты, басын қатерге тігіп, Қашқарияға жасырын барды. Ф.М.Достоевский, С.Р.Дуров, Н.Г.Чернышевский сияқты орыстың озық ойлы ғұламаларымен достасып, алдыңғы қатарлы Еуропа мәдениетінен нәр алды. Шоқанның бар арманы өз халқының төл мәдениетін, тарихын, тілін жоғары деңгейге көтеріп, жалпы адамзаттық мәдениетке тең етіп қосу болды. Осының негізгі құралы деп кейбір зерттеушілер Ресей мәдениетін қазақ сахарасында таратуды айтады. Омбыда оқып жүрген кезінен бастап Шоқан екі түрлі Ресей бар екендігін сезді: бірі – озық ойлы, адамзатты ардақтаушылар, екіншісі – отаршылар, тонағыштар, итаршылар. Шоқан патша әкімшілігінің

Қазақстан туралы саясатына әр уақытта күдікпен қараған.

Шоқан араласқан тағы бір мәдениеттанулық мәселе мұсылмандық туралы болды. Қазақтарды жылдам христианға айналдыра алмайтынына көзі жеткен патша әкімдері исламның өздеріне қажетті жақтарын нығайту мақсатымен далаға көптеген татар және Бұхар молдаларын жіберді. Шоқан осы саясатқа қарсы шығып, орыс-қазақ мектептерін көбірек ашуды талап етті. Бірақ бұдан Ш.Уәлиханов атеист болды және исламға қарсы күресті деген пікір тумау керек. Шоқан бұрыннан қазақтар арасында кең таралған тәңірлік дін және шамандықтың (басқылықтың) маңызын көре білді, исламға қарсы шығудан бас тартты; ол: “біз исламды қудалауды ұсынбаймыз, мұндай қадамдар қарама-қарсы нәтиже беруі мүмкін. Бірақ біз үкіметтің қандай да болсын білімге қарсы дінге қамқорлық жасамауын, және далада ұрып-соғу мен қорқытуға негізделген теологиялық заңдарды күштеп енгізбеуін сұраймыз және талап етеміз”, – деп жазды. Яғни, Шоқан мұсылмандықтағы мәдени-тұтастық функцияларды көре білді. Ұлы мәдениеттердің тоғысуында дүниежүзілік діндер интеграциялық қызмет атқарады. Қысқаша айтқанда, Шоқанның қазақ мәдениетіне қосқан үлесінің негізінде Батыстың да (орыстың да), Шығыстың да тигізген әсері емес, өз халқының төл мәдениеті жатыр.

Қазақ мәдениетінің кемелденуіне үлкен үлес қосқан тұлға – Ыбырай Алтынсарин. Ыбырай халық ағарту ісінің практикалық және дидактикалық мәселелерін шешуге тікелей ат салысты, алғашқы педагогикалық оқулық “Қазақ христоматиясын” және қазақ балаларына орыс тілін үйретуге арналған оқу құралдарын жазды. Сонымен бірге Ыбырай қазақтың әдеби тілінің негізін салушылардың бірі және халықтың ауыз әдебиетін, әдеп-ғұрпын зерттеуші ретінде белгілі; ол жазған қазақтардың құдалық және үйлену рәсімдері туралы, адамдарды жерлеу және еске алу салттары жөніндегі еңбектері жоғары бағаланып, 1847 жылы Ы.Алтынсарин Ресей

географиялық қоғамының Орынбор бөлімшесінің мүшесі болып қабылданды. Ыбырай өз қызметі мен шығармашылығында нағыз ағартушы бейнесінде көрінеді.

Ыбырай өзінің ағартушылық қызметінде миссионерлік орыстандыру саясатын қолдаған жоқ. Ол өз халқын білімге, мәдениеттілікке шығарғанда өркениетті елдер қатарына көтерілуді армандады.

Ыбырай 1884 жылы Қазан қаласында атақты “Ислам шариаты” атты кітабын шығарды. Қарапайым халыққа түсінікті тілмен жазылған бұл еңбегінде ол мұсылмандықтың негізгі қағидаларын қазақ мәдениетіне шебер қоса білді. Шығыс Ренессансында қалыптасқан дін мен білімнің арасындағы үйлесімділік идеясын (әл-Фараби, ибн-Сина, т.б.) Ыбырай өз заманына байланысты дамыта білді. Қай дінде болсын, адамдар бір-бірін сыйлау керек делінеді, ал мәдениетсіздіктің негізгі себептеріне нағандық, жалқаулық және мақтаншақтық жатқызылады.

“Ендігі жерде мынадай ақылды бұлжытпай ұстаңыз, – дейді Ыбырай Н.А.Мазохинге жазған хатында, – бұл менің айтып отырған ақылым емес, атақты философ-педагог Коменскийдің ақылы. Ол кісі: “Қолындағы барын қанағат ете білетін адам, шын бақытты адам және біз өзіміздің адал еңбегімізбен тіршілік етіп отырмыз дей алатын адам шын бақытты адам”, – деген екен; ал тағы бір араб философы бақыттылық пен байлық неде – дегенде – “ынсаптылықта”, – деп жауап берген екен; міне осы ақылды алыңыз”.

Қазіргі қазақтың рухани мәдениетінің негізін салушы – ұлы философ-ақын Абай Құнанбаев. Қазақ мәдениетінің ғасырлар бойы қалыптасуында осы процеске сыншыл көзбен қарап, оны ақыл және жүрек таразысынан өткізетін тұлға тым қажет еді. Абай, міне осындай тұлға болды. Абай өз шығармашылығында қазақ елінің белгілі тарихи тұйыққа тіреліп (бодандыққа түсіп), одан қалай шығуды білмей, болашағы туралы күдіктенген жағдайын суреттеді. Осындай шым-шытырында ғұлама

ақын таза уайым мен зарлау дәстүрінен арылып, халық өмірінің кем-кетігіне ашық көзбен қарап, оны емдеудің жолдарын көрсете білді.

Ортағасырлық озық мәдениетінен, қалалары мен төл жазуынан айырылған халықтың бар сенімі фольклор еді. Көшпелі мәдениетке қолайлы форма – ауыз әдебиеті, ел басқарудың ұтымды түрі – билер соты, алайда ХІХ ғасырдың екінші жартысынан бастап Қазақстанды Ресей өзінің тікелей отарына айналдырып, жаңа әкімшілік тәртібін енгізді. Қысқаша айтқанда, көшпелілік мәдениет орыс империясының әсерінен біртіндеп шайқала бастады. Қалалар салынып, фабрика мен зауыттарда қазақ жұмысшылары көбейе берді. Ресей экспансиясы қазақ сахарасындағы көне Шығыс мәдениетін ығыстыруды өзінің негізгі мақсаттарының бірі деп санады.

Батыс (Ресей) пен Шығыстың (Ислам) өркениеттерінің арасындағы Қазақстан болашаққа қарай жол іздеуге мәжбүр болды. Далалық мәдениет осы ағымның ортасында өзіндік ерекшеліктерін сақтауға ұмтылды. Абай орыстық білім мен техниканы насихаттағанмен, христиан дінінен қазақты аулақ болуға шақырады. Ислам – халықтық мәдениеттің тірегі, оның рухани қазығы.

Алланың өзі де рас, сөзі де рас,

Рас сөз еш уақытта жалған болмас.

Абай исламды қазақ халқына тұрақты жаңа өркениетті, жоғары имандылықты қалыптастыру құралы ретінде уағыздады. 28-сөзінде ол былай дейді: “Құдайтағала әрбір ақылы бар кісіге парыз деген, әрбір иманы бар кісіге ғибадат парыз деген екен... Жә, біз енді ақылды еркіне жібермесек, құдайтағаланың ақылы бар кісіге иман парыз дегені қайда қалады? Дініміздің бір жасырын тұрған жалғаны жоқ болса, ақылды, оны ойлама дегенімізге пенде бола ма? Ақыл тоқтамаған соң діннің өзі неден болады?” Жоғарыда келтірілгеннен Абай діншіл, ескіні жақтаушы тәрізді пікірлер тумауы тиісті. Оның мұраты – парасат және мәдениетке қолдаушы болатын ислам. Абайды ағартушы діни ғұлама деп

бағалаған дұрыс. Алла жаратушы болғанымен, дүниенің тұтқасы, белдігі – адам.

Абайдың өз шығармашылығында қойып отырған үлкен мәселенің бірі – мәдени сабақтастық. Көшпелі өмір салтынан отырықшылыққа ауыса бастауына, Батыс мәдениетінің қазақ еліне таралуына қатысты дәстүрлік мәдениет пен өзгерістердің ара қатынасын анықтау қажет еді. Ренессанстық парсы-араб өркениетін жоғары бағалаған Абай нәр алған қайнарлардың бірі – классикалық Шығыс поэзиясы мен суфизм.

*Физули, Шәмси, Сәйхали,
Навои, Сағди, Фирдауси,
Хожа Хафиз – бу Һәммәси
Мәдет бер я шағири, фәрияд.*

Зар заман ақындарынан Абайдың айырмашылығы, ол әлі құрыған уайым мен мұңның орнына қазақ мәдениетінің кертартпа жақтары мен кемшіліктерін түсінетін көзашықтық пен оларды емдеу жолдарын көрсетеді. “Мәдениетті елдер қатарына қосылу үшін, – дейді Абай; ең алдымен қазақ халқы төмендегідей кеселді қылықтардан құтылу керек: “Күллі адам баласын қорқылатын үш нәрсе бар. Сонан қашпақ керек. Әуелі – надандық, екінші – еріншектік, үшінші – залымдық деп білесің. Надандық – білім-ғылымның жоқтығы, дүниеден еш нәрсені оларсыз біліп болмайды. Білімсіздік хайуандық болады. Еріншектік – күллі дүниедегі өнердің дұшпаны. Талапсыздық, жігерсіздік, ұятсыздық, кедейлік – бәрі осыдан шығады. Залымдық – адам баласына дұшпан болса, адамнан бөлінеді, бір жыртқыш хайуан есебіне қосылады”.

Осындай теріс қылықтарды атап айтқан Абай өз халқының бойындағы кемшіліктерді де көрсетеді. Бұл жерде ол “біз ең жақсы халықпыз” сияқты құр далбасалықтың орнына көршілес ұлттардың жақсы жақтарын қабылдауға шақырады: “Сонда мен ойлаушы едім: ей, құдай-ай, бізден басқа халықтың бәрі антұрған екен, ең тәуір халық біз екенбіз деп... Енді қарап тұрсам, сарттың екпеген егіні жоқ, шығармаған жемісі жоқ, саудагері-

нің жүрмеген жері, қалмаған шеберлігі жоқ. Өзіменен өзі әуре болып, біріменен бірі ешбір шаһари жауласпайды. Орысқа қарамай тұрғанда қазақтың “ахиреттігін”, тірісінің киімін сол жеткізіп тұрды... Ноғайға қарасам, солдаттыққа да шыдайды, кедейлікке де шыдайды, қазаға да шыдайды, молда, медресе, дін күтуге де шыдайды. Еңбек қылып мал табудың да жөнін солар біледі, салтанат әсем де соларда. Оның малдыларына құзғын тамағымыз үшін біріміз – жалшы, біріміз – қош алушымыз... Орысқа айтар сөз де жоқ, біз құлы, күңі құрлы да жоқпыз”. Абай бұл сөздерін қазақ халқын жамандау үшін айтпаған. Ол осы тарихи тұманнан шығу жолын іздейді. Абай қазақтың жасына білім жарығына ұмтыл дейді, кәрісіне малыңды дұрыстап бақ дейді, атқа мінген жақсыларына елді іріткіге салмай, адал еңбек қыл, парызыңды атқар дейді.

Ұлттық мәдениеттің қорғаушысы деп Абай Руханилықты, Имандылықты, Сезімді ұсынады. Ақыл, Қайрат және Жүрек таласы соңғысының пайдасына шешіледі.

Негізгі ұғымдар мен терминдер:

Шығыс ағартушылығы

Жәдид идеялар және жалпы адамзаттық құндылықтар

Түркі халықтарының жаңа интеллектуалды элитасы

Шоқанның қазақ халқының рухани мұрасын зерттеуге үлесі

Ы.Алтынсариннің ағартушылық қызметі

Абайдың жаңашылдығы

СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР:

1. Түркі халықтарының ағартушылары қандай мақсатты көздеді?

2. Шоқан Уәлиханов ағарту саласында қандай идеяларды ұстанды?

3. Ы.Алтынсариннің ағарту ісінде орыс ағартушы-миссионерлерінен қандай айырмашылығы болды?

4. Абайдың қазақтың рухани мәдениетіне қосқан үлесі туралы әңгімелеңіз

ХІІІ БӨЛІМ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТАРЫНЫҢ МӘДЕНИЕТІ

Орыс мәдениеті. ІХ-ХІ ғасырлардағы Ежелгі Русь мәдениеті ертефеодалдық қоғам мәдениеті болып табылады. Бұл кезеңде ауыз әдебиеті, мақал, мәтелдер, ертегілер, жырлар жақсы дамыды. Сол кезеңдегі мәдениет өкілдері – скоморохтар, музыканттар, әншілер халық арасынан шығып, көркемөнерде демократиялық әуендерді насихаттаушылар болған.

Халық әуендері орыс халқының ұлы шығармаларының бірі “Игорь полкі туралы сөз” дастанына арқау болды. Халықтың ұлттық санасының өсуі, әсіресе батырлар жырларынан айқын көрініс тапты. “Илья Муромец”, “Микула Селянинович”, “Алеша Попович” жырлары біздің заманымызға дейін жетті. Ежелгі орыс әдебиетінің дамуына жазудың пайда болуы үлкен әсер етті. Новгород қаласында жүргізілген археологиялық қазбалар кезінде қайыңның қабығына (береста) жазылған көптеген хаттар табылды (ХІ ғ.). Сонымен қатар орта ғасырларда өмір сүрген бірқатар жазушылардың есімдері белгілі. Х-ХІ ғасырлардың аса көрнекті жазушылары митрополит Илларион және Киев-Печорск сопыхана монағы Нестордің “Оқу”, “Феодосийдің өмірі” атты шығармалары халық арасына кең тарады. Князь Ярослав Мудрый грек тілінен орыс тіліне кітаптарды аударуға ерекше мән берді. Жазумен қатар, орыстың сәулет өнері мен көркемсурет өнері де ерекше дамыды.

Х-ХІІІ ғасырларда Киев Русінің басты Киев, Новгород, Чернигов, Полоцкіде қалалары тастан бірқатар архитектуралық ғимараттар салынды. Солардың ішінде, византиялық және орыс шеберлерінің қолымен салынған мозаикалық-фрескалық орасан зор София соборы ерекше көзге түсті. Киевтегі София соборының қабырғаларына Ярослав Мудрый және оның отбасының портрет-

тік суреттері, құдайлар мен періштелердің бейнелері ойылып салынды.

XVI ғасырдың екінші жартысында орыс мәдениетінің ұлы жаңалығы – кітап басу ойлап шығарылды. Ресей үшін жазуды пайдаланудың көптеген тұрғыдан маңызы зор болды: біріншіден, Ресей мемлекетінің тарихын – жылнамаларды жазу мүмкіндігі пайда болды; екіншіден, балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу ережелері жазылды (Владимир Мономахтың өз балаларын оқып-үйретуі); үшіншіден, Русьті жаудан қорғау туралы алғашқы көркем шығармалар жасақталды (Евпатий Коловрат туралы повесть, Игорь полкі туралы сөз); төртіншіден, халықтың аузынан батырлар жырлары алынып, қағазға түсірілді (Илья Муромец, Микула Селянинович, Садко туралы жырлар); бесіншіден, жастар мен балаларды оқыту және тәрбиелеу жөнінде арнайы кітаптар жазылды (“Домострой”).

XV-XVI ғасырларда Русьте “Домострой” атты қолжазба пайда болды. “Домострой” – орыс адамының әрбір күнгі тәртібінің ережесі. Бұл адамның дүниемен, ағайын-тумамен, қоғаммен қарым-қатынасын реттейтін өлшемдер жүйесі.

Адам қандай болуы керек:

- ұялшақ;
- денесін ұстай біледі;
- мінезі жұмсақ;
- тамаққа қомағай емес;
- үлкендер алдында сөйлемейді;
- ақылдыларды тыңдайды;
- өзіне тең адамдарға сүйіспеншілікпен қарайды;
- өзінен кішілерге қамқор, әрі үйретуші;
- заңды орындайды;
- ешкімді балағаттамайды;
- ұлыларға ұқсауға тырысады;
- іштарлыққа бармайды;
- мақтанбайды;
- аяйды;
- ішімдікке үйір емес.

Сол кезеңде құрылыс және есептеу ісінде, математикада, географияда, химияда, медицинада және басқа ғылым негіздерінде жинақталған тәжірибені жүйеге келтіруге тырысу байқалды.

Ғылыми-техникалық прогрестің дамуына орыс өнертапқыштары И.И.Ползунов, И.П.Кулибин, К.Д.Фролов зор үлес қосты. XVIII ғасырдың екінші жартысында әдебиетте классицизм, ағартушылық идеялары үстем болды.

Орыс мәдениетінің еуразиялық мәні. Кез келген мәдениет бір текті емес, әр текті болады. Бұл мінездеме орыс мәдениетіне де байланысты. Ол өз кезегінде Батыс пен Шығыс мәдениетінің арасындағы көпірдің рөлін атқарды.

Ежелгі орыс ұлтын қалыптастыруға шығыс славян тайпаларымен (поляндар, витичтер, древляндар, радимичтер, славяндар, т.б.) қатар, угрофин халықтары (муромдар, вестер), сондай-ақ түркі халықтары (берендейлер, түркілер) қатынасқан.

Орыстардың халықтық мінездерінде Шығыспен байланысатын көптеген ұқсастықтар бар. “Азиаттармен” арадағы өзара түсіністік көзге көрінбейтін нәсілдік ынтымақтастық негізге құрылған. Орыс халқының батырларына тән мәрттік, көптеген қазақтарға және түркілерге түсінікті жайт болғанымен, ол роман герман және славян халықтарына түсініксіз болып табылады.

Орыс мәдениетінің қалыптасуына болгар мәдениетімен араласу үлкен әсер етті. Болгарияда жазу және әдебиет Орыс мемлекетіне қарағанда жүздеген жылдар бұрын пайда болған еді. Болгар жазушылары Кирилл және Мефодий идеялары кеңінен тарап, ақырында орыс жазуы түпкілікті кириллицаға ауысты. Орыс мәдениеті қалыптасуының алғашқы кезеңінде оған Шығыспен байланыстың ықпалы зор болды. Орыс тарихының ең ежелгі уақыттарынан бастап-ақ Руське араб көпестері көп келетін болған, араб теңгелерінің Русь жерінен көп табылуы соны дәлелдейді. Арабтармен байланыс орыс жеріне әуелі печенегтер, кейін қыпшақтар жақындаған-

нан кейін әлсірей бастады. Русьте шығыстың салт-дәстүрлерінің тарауы монғолдар үстемдігі кезінде де етек алды. Мысалы, орыстардың киімдеріндегі, тұрмысындағы өзгерістер – ұзын, ақ славян көйлектерінен алтын түстес кафтандарға, сафьян етіктерге, басты тақырлап ұстарамен алудан ұзын шаш қоюға көшу Шығыс халықтарымен араласудың нәтижесінде болды. Орыс әйелдерінің теремдік тұрмысы, үйінен шықпай отыруы – Шығыс мәдениетінің ықпалы еді. Байпақтар, пельмендер, орыс және азиялық ағаш ұсталығының бірдей құралдары – Шығыспен араласудың нәтижесі болып табылады.

Салттар және мейрамдар. Үйлену тойы – дәстүрлік-тұрмыстық мәдениеттің неғұрлым берік қалыптасқан дәстүрлерінің бірі. Той алдындағы салттар жүйесі орыстарда құда түсуден басталады. Келген құдалар қалыңдықтың ата-анасына кесілген нан ұсынатын болған. Нанды қалыңдықтың ата-анасы қайтарып берсе, ол қалыңдықты беруден бас тартамыз дегенді білдірген.

Святки. Бұл жылдың аяғы мен басына қарай, яғни жұмыстан бос уақытта өткізілетін жастардың ойын-сауығы. Святки негізінде әр түрлі ойындар, сауықтар, қыдырыстар өткізіліп, күн аяғында жастар “кешке” және “отырысқа” жиналған. “Кештің” негізгі сауығы бимен араласқан шеңберлік ән салу болған. Святкиді жастардың дәстүрлі сайқымазақтығынсыз көзге елестету мүмкін емес. Отынды шашу, терезелерді қараңғылап тастау, ауыл шаруашылығы құрал-жабдықтарын бір үйден екінші үйге апарып, араластырып жіберу, т.б. ойындық әрекеттер ХХ ғасырдың 40 жылдарына дейін орын алғанымен, село тұрғындары тарапынан наразылық тудырмайтын болған.

Масленица. Әйелдер көп етіп сүт және қаймақты, жұмыртқаларды, ірімшікті жинап, құймақ пісіретін болған. Масленицаның соңғы күні әсіресе ойындар мен салттарға толы болған. Ауқатты адамдар ат жарысын ұйымдастырған.

Бұл салттың барысында қыспен қоштасып, көктемді қарсы алатын болған. Масленица “кешірімдік жексенбімен”, бір-бірінен кешірім сұраумен аяқталады.

Жырту күні – себу басы, егіске шығу күні белгілі салттармен (дәндер мен егістікті қасиеттендіру, дәнді ең соңғы шөмелеге дейін шашу) атап өтілген.

Иван Купала күні – жазғы күн теңесудің мерекесі. Иван Купала түні алаулар жағып, өзендерге, бұлақтарға шомылған. От тазалықтың нысаны саналған, сондықтар жастар алаулардың үстінен секіріп, өздерін “тазаланған”. Отқа ауру адамдардың киімдерін жағу арқылы науқастан құтылуға болады деп есептеген.

Кез келген орыс адамының отбасылық салттарына шоқындыру, ат қою, туған күнін атап өту, үйлену, жерлеу жатады.

Ат қою салтын жүзеге асырғанда:

- ата-ананың жақсы көретін заттары, табиғат құбылыстары есепке алынды;
- грек, рим аттарын пайдаланды;
- сәби туғаннан кейін сегіз күн өткенде мерекесі атап өтілетін қасиеттінің аты берілді;
- ата-бабаның құрметіне солардың аты қойылды;
- көшеде кездескенде кез келген адамнан сәбидің аты сұрап алынды.

Пасха және Троица. Көктемгі мерекелік кезең ең үлкен православиелік мереке Пасхамен аяқталды. “Пасха” ежелгі еврей сөзі “өту” деген мағынаны береді. Басында бұл мереке иудейлердің құлдықтан құтылуына байланысты өткізілетін болған. Христиандар өздерінің жаңа Пасхасын, Иисус Христостың құрметіне өткізе бастады. Пасха алдында болатын жеті күндік Ұлы Ораза күндері адамдар тек қана қайырымды істер істеуге тырысқан.

Жазғы халық мейрамдары Троицамен басталады. Троица мерекесі Құдай әке, Құдай ұл және Қасиетті Рухтың құрметіне арналады.

Ораза күндері ет тағамдары желінбей, күн сайын шіркеуге баратын болған. Ірімшік дайындап, шошқа мен қабанды сойып, сиыр етін тұздаған. Сенбі күні тәтті нан пісірген. Жұмыртқа пісіріп, оны бояған. Бұл дәмді шіркеуде қасиеттеп, содан кейін ғана жейтін болған. Пас-

ханы бүкіл апта бойы мерекелеген. Демалыс күннен бастап бір-біріне қонаққа барып, жиналып отырған. Үйленген ұлдар отбасыларымен ата-аналарының үйіне мерекелік түстік асқа келетін болған. Бұл күні жақсы тағамдарды ет сорпасын, қуырылған етті, сүт ботқасын, құймақ, әр түрлі нан түрлерін дайындаған.

Ұйғырлар мәдениеті. Қазақстан мен Орта Азияны мекендейтін ұйғырлар өзге түркі халықтары арасынан алғашқылардың бірі болып отырықшылықты үйренген, шамандықтан бас тартып, әуелі будда дінін, кейін ислам дінін қабылдаған. Бұдан 1600-1800 жылдай бұрын өздерінің жазуларын қайтадан өңдеп, әліппесін жасады. Ұйғыр халқы тарихының негізгі кезеңдері туралы қабір басына қойылған тастардан білуге болады.

VIII-IX ғасырлардың аса көрнекті жазу ескерткіштерінің қатарына “Селенга тасын” және “Суджа тасын” жатқызуға болады. Ежелгі ұйғыр жазуы әр түрлі әліппелер – сына, үнді, манихей, сирия, соғда, араб жазулары негізінде пайда болған еді.

Ұйғыр мәдениеті дамуының маңызды кезеңі Қараханидтер мемлекеті өмір сүрген және одан кейінгі уақыт болып табылады. Бұл кезеңде қалалар мен сәулет өнері өркендеді. Қала мәдениет орталығы болды. Мұнда үйлер мен ғибадатхана қабырғаларын әсемдейтін, қолөнер және көркемөнер туындыларын дайындайтын тамаша шеберлер өмір сүрді. Жазушылар мен ғалымдар өз шығармашылығымен айналысты. XI ғасырда сәулет өнерінің тамаша ескерткіштерінің бірі узген күмбездік минареті салынды. XI ғасырда Шу аңғарында орналасқан қалаларда қала өркениетінің басты белгілерінің бірі – су құбырлары іске қосылды. Қалалар төңірегіне бау-бақшалар салынған. Ауыл шаруашылығында күрделі суару жүйелері іске қосылып, Шу өзенінің аңғары игеріле бастады.

Ұйғыр қала мәдениетінің бірнеше стилі болған. Бұл тахир көркемөнері және сәулет өнері кезеңі (“Мың үй” кешені) және Турфан ұйғыр кезеңі.

“Мың үй” – адам еңбегінен туындаған аса ерекше архитектуралық ескерткіш. Бұл дүние бірнеше ғасырлар бойы салынды. Б.д.д. I ғасырдан бастап салынып, VII-VIII ғасырларда аяқталған. Архитектураның өзіндік ерекшелігі, суреттер түрі, статуялардың тұрысы, сондай-ақ ұйғыр жазуларының болуы бұл құрылысқа Батыс және Шығыс өркениеттерінің ықпалымен қатар, ұйғыр халқының тек өзіне тән бай мәдени ерекшеліктерді кеңінен қолданғанын көрсетеді. “Мың үй” үңгірлерінің кейбіреулерінің биіктігі 15-18 метрге жетеді. Қабырғаларына ұйғыр халқының өмірі мен тұрмысын бейнелейтін тамаша суреттер салыныпты.

Ұйғыр әдебиетінде Қашқар ақыны Хиркитидің (1634-1724) шығармашылығы үлкен із қалдырды. Ақынның көзқарасы және адамдармен қарым-қатынасы “Махаббат және еңбек” атты дастанынан көрініс тапты. XVIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасырдың бас кезінде ұйғыр әдебиетіне құрамында Нобати, Шахрахун, Арип, Химат, т.б. бір топ талантты ақындар келген еді. XIX ғасырдың екінші жартысындағы ұйғыр әдебиетінің одан әрі дамуы Садыр Палуан, Біләл Назым, Молла Шәкір есімдерімен байланысты болды. XIX ғасырдың 70-80 жылдары Жетісуға Шығыс Түркістаннан көптеген ұйғырлардың қоныс аударуы осы өңірдің шаруашылығы мен ұлттық құрамына бірқатар өзгерістер әкелді. Ұйғыр қоныс аударушыларының ауыл шаруашылығын жүргізуде көпғасырлық тәжірибесі болды. Олар дәнді дақылдарды: бидай, күріш, жеміс, бау-бақша өсіре бастады. Олардың суармалы егістіктегі тәжірибесінің маңызы зор еді. Каналдар, арықтар қазылып, мол су көздеріне айналды. Бұл жерлерге таңсық жаңа дақылдар: шалғам, қызыл бұрыш, баклажан, сарымсақ, бұршақ өсіріле бастады. Ұйғырлар өнеркәсіп пен қолөнердің дамуына да өз үлестерін қосты: металл заттар, кілемдер, маталар, ыдыс-аяқ дайындады. Қазақстанда ұйғыр мәдениеті даму үстінде. Мәдени ұлттық орталықтар, театрлар, өнер ұжымдары Қазақстан халқына кеңінен таныс. Өнер қайраткерлері Қ.Қожамияров, Б.Баянаунов, Г.Разиева, “Яшлик” ансамблінің

шығармашылығы бүкіл Қазақстан халқының ортақ мақтанышына айналды.

Татарлар мәдениеті. IX ғасырдың аяғы мен X ғасырдың басында Шығыс Еуропа жазығындағы Еділ және Кама өзендерінің қиылысатын жерінде Еділ-Кама Булгариясы мемлекеті пайда болды. Қазіргі татарлар фин тілдес тайпалармен араласып кеткен түркі тілдес болгарлардың ұрпақтары болып табылады. Татар тілі қазақ, башқұрт және басқа түркі тілдес халықтардың тіліне жақын түркі тілінің шағатай тармағына жатады. X ғасырда исламмен бірге Волга Булгариясына, бұрынғы жалпы-түркілік емлені ығыстырып, араб жазуы енді. Татарлар араб емлесін 1928 жылға дейін пайдаланды, сосын латын әліпбиін, 1937 жылдан бастап кириллицаға көшті.

Булгар-татар әдебиетінің тарихы ондаған ғасырлардан тұрады. Татар әдебиетінің тамаша үлгілерінің бірі XIII ғасырда дүниеге келген Кул Галидің «Қыйса мен Юсуф» дастаны халық арасында орасан зор сүйіспеншілікке бөленді. Кейінгі ғасырларда көркем әдебиеттің құнды шығармалары Махмуд Галидің “Нахджуль Фарadis”, Кутбаның “Хосров және Шырыны”, Саиф Саранның “Гүлістаны” дүниеге келді. Татарлардың ауыз әдебиеті ертегілер мен аңыздардан, бәйіттер мен әндерден, жұмбақтардан, мақал-мәтелдерден тұрады.

Татар музыкасы басқа түркі халықтарының, әсіресе, башқұрттардың музыкасына жақын. Халықтың арасына гармонь-тальянка, қурай, қобыз, скрипка, гусла, домбыра құралдары кеңінен тараған.

Татар музыкасы ауызша ұлттық дәстүр шеңберінде бір дауысты, құралмен сүйемелдеусіз айту күйінде дамыды. Басым жанр созылмалы лирикалық ән – ұзын күй, әзілдік-билік әндер – қысқа күй, тақмандар, бәйіттер айту дамыды.

Тұрғын үйлері мен қоныстары. Татарлардың ата-бабалары көшіп-қону дәстүрін отырықшылыққа көшкеннен кейін де жалғастырған. Жылы уақыттан бастап адамдар қысқы қоныстарын тастап, табиғаттың әсем жерлеріне орналастырған киіз үйлерге көшетін болған.

Татар ауылдары XIX ғасырға дейін бұрынғы кездегі қоныстану дәстүрін ұстанған: үйлер шарбақтың ең түпкі жағында болған, көшелері тар келген.

Мерекелер мен дәстүрлер. Ертеде мерекелер ортақ жұмыс шараларына байланысты көп өткізілетін болған. Барлық үлкен құрылыстар жұмылып жүзеге асырылған. Әсіресе “қаз сою” қызықты өткізілген. Жалпылай қаз сою науқанына үй иесі әйелі жас әйелдер мен қыздарды қаз жүнін жұлуға шақырған. Әнмен, әзіл-оспақпен істелген жұмыстың аяғында қонақасы берілген. Қысқы уақыт жаппай қонақ шақырумен ерекшеленген. Көрші ауылдардағы ағайындар мен достарға бару салты дәстүрге айналған. Қонақтар шанамен қоңыраулатып келіп, бірнеше күн аунап-қунап рақаттанған. Қонақтық кезінде міндетті түрде күн сайын монша жағылып, қонақтар оған түспесе, “сый болды, құрмет болмады” деп кететін болған. Татарлар арасында Наурыз тойы, дән себу мерекесі атап өтілетін болған, бірақ ең таңдаулысы жер жыртуға арналған “Сабантой” болған. Діни мерекелерден “Сабантойдың” айырмашылығы бұған діни көзқарастарына қарамастан барлық ұлт өкілдері: орыстар, чуваштар, марийлер қатынасқан.

Ежелгі мейрам Татарстанның ұлттық мерекесіне айналды. Оған әрбір отбасы дайындалады. Мерекенің аса қызықты шағы әрбір қатысушының күштілікке, ептілікке, ыждағаттылыққа сынға түсуі болып табылады. Әр түрлі ойнақы жарыстар да өткізіледі. Суы толы шелекпен бір тамшы су төкпей жүгіріп өту, қапты аяққа киіп жүгіру, т.с.с. Ұлттық күрес, ат жарыс, мотоциклмен жарыс – мереке кезінде дәстүрлі түрде өткізіліп тұрады.

Жастардың кешкі сауықтарында көптеген әр түрлі ойындар өткізілетін болған: соқыртеке, сымсыз телефон, т.б. Әсіресе, “Жүзік салу” ойыны жастардың сүйікті ойынының бірі болған. Ойынға қатысушылардың бәрі бір қатарға отырғызылады да, ортада қыз бен жігіт қалатын болған. Олардың біреуінің, мысалы жігіттің қолында жүзік болады. Ол отырғандар қатарына жақындап,

жұмылған алақанындағы жүзікті байқатпай біреуінің алақанына салып жібереді. Ортада тұрған қыз сол жүзікті табуы тиіс болған. Егер таба алмаса, оны “жазалайтын” болған. Егер қыз жүзікті таба алса, онда алақанынан жүзік табылған ойыншы “жазаға” тартылған. Ойыншылардың талабы бойынша ол өнерін ортаға салып, ән айтып немесе би билеп беретін болған.

Татарлардың неке қиюлары мен үйлену дәстүрлерінің өзіндік қызықты ерекшеліктері болған. Бұрын қалыңдық таңдау тек ата-ананың рұқсатымен жүзеге асырылған. Қалыңдықтың үйіне екі-үш сыйлы адам құда түсуге жіберілген. Шалбардың балағы бір етіктің сыртынан жіберілуі құда түсудің белгісі саналған. Қалыңдықтың үйінде бірден келісім беру дұрыс деп есептелмеген. Той қалыңдықтың үйінде ғана өткізіліп, діни неке қию рәсімі (никах) жүзеге асырылған. Қалыңдық өз үйінде күйеу жағы қалың мал (ақша, мал, азық-түлік) төлегенше, кейде нәресте дүниеге келгенше қалатын болған.

Корей мәдениеті. Қазақстандық корейлер Кеңес өкіметінің пәрменімен 1937-1938 жылдары Қиыр Шығыстан Қазақстанға зорлап көшірілген болатын. Қазір 100 мыңның үстінде корейлер Қазақстанның барлық облыстарын мекендейді. Еңбекке қабілетті әрбір төртінші корейдің жоғары білімі бар, мәдени орталықтар, ұлттық театр, газеттер, радио және телехабарлар жұмыс істейді. Корей тілі орал-алтайлық топқа жатады. Корей әліппесі – хангыльды XV ғасырда ғалымдардың бір тобы ойлап шығарған көрінеді. Бұған дейін корейлер қытай иероглифтерін пайдаланған.

Корей әліппесі дүние жүзіндегі ең негізделген емшелердің бірі болып есептеледі, ол 10 дауысты, 14 дауыссыз дыбыстан тұрады. Корей емлесі өзінің қарапайымдылығына қарамастан, корей тілінің бүкіл байлығын жеткізеді, сонымен қатар қатаң жинақтылығымен ерекшеленеді. Хангыльды жаттап алуға жеңіл, тасқа басуға ыңғайлы, соның арқасында Кореяда баспа ісі жақсы дамып, халықты толық сауаттандыруға мүмкіндік берді.

Кореядағы білім жүйесінің құрамына бастауыш мектеп (6 жылдық оқу), орта мектеп (3 жыл), жоғары сатылы орта мектеп (3 жыл), төртжылдық колледж немесе университет кіреді. Университетті бітіргендерге аспирантураға баруға болады.

Корей көркемөнерінің тек өзіне тән, қайталанбайтын көптеген ерекшеліктері бар. Ол табиғатты сыйлауға негізделген, сондықтан да корей сурет өнерінде және керамикасында сабырлы әрі күңгірт тондар басым.

Корей әдебиеті батыс өркениетінің ықпалына байланысты дәстүрлі әдебиеттен өзгеше даму үстінде.

Корей жазуының ең алғашқы ескерткіші Силла корольдігінде VIII ғасырда жасақталды.

Корей көркемсуретінің даму тарихы бірнеше ғасырларға созылып, үш мемлекеттер кезеңінен (б.ғ.д. 57 ж. - б.ғ.д. 668 ж.) біздің заманымызға дейінгі уақытты қамтиды. Маньчжурия мен Пхеньян түбінен табылған қабірлер қабырғаларынан сол кезеңдерде салынған суреттер табылды.

Кореяның дәстүрлі музыкасын екі категорияға чонач пен минскокаққа бөлуге болады. Біріншісі қоғамның жоғары топтарының музыкасы болса, екіншісі – қарапайым халықтың музыкасы болып табылады. Чонак белгілі бір жағдайға байланысты ойналатын музыканы құрайды. Ерте заманда ол сарай мерекелері мен қабылдауларында, банкеттерде орындалған. Халық музыкасының құрамында шамандық және буддалық дәстүрлік ән айтулар болған.

Қазіргі корей музыкасын шартты түрде үш категорияға бөлуге болады: 1) батыс стиліндегі музыка; 2) таза корей музыкасы; 3) Батыс пен Шығыс музыкалық дәстүрлерін қосуға тырысқан эксперименттік музыка.

Кореяда дәстүрлі бидің алты түрі бар: шаман, будда, конфуций, сарайлық, халықтық, маскамен би.

Корейдің ұлттық ер және әйел киімі ханбок бірнеше ғасырлар бойы өзгеріске ұшыраған жоқ, өйткені ол ауа райының кез келген өзгерістеріне сай келеді.

Ер костюмінің негізгі бөліктері – көйлек, шалбар және куртка. Әйел костюмі ұзын жеңді, екі ұзын лента-

дан тұратын қысқа көйлектен, юбка, сарафаннан тұрады. Аяқтарына басы имек кебіс киеді.

Отбасылық дәстүрлер. Дәстүрлі Кореяда бірнеше ұрпақтың басын біріктірген үлкен отбасылар басым болған. Корей үйінде жанұя отағасының беделі өте зор. Ол отбасы мүшелеріне қатаң тәртіп беріп отырған, қалғандары еш сөзге келместен орындайтын болған. Үлкендерге бағыну тәртіп пен адамшылық нормасы болып есептеліп, корей отбасының басты құндылығы саналады. Корейлер ата-ананы сыйлауға, бабалар рухын құрметтеуге, ерлі-зайыптылар адалдығына және достарға адал болуға үлкен мән береді.

Қазақстандық корейлер өздерінің тарихи отанынан жырақта, алыста өмір сүрсе де әрбір корей өмірінде үлкен орын алатын “төрт үстел” атына ие салтанатты дәстүрлер жүйесін қатаң орындап отырады. “Төрт үстел” мейрамдары шын мәнісіндегі отбасылық мерекелер: “бірінші” және “екінші” үстелдер – ата-аналардың балалардың алдындағы қасиетті борышы, “үшінші” және “төртінші” үстелдер разы болған балалардың ата-аналар алдындағы қасиетті борышы болып табылады. “Бірінші” үстел сәбидің өмірге келгеніне бір жыл толу құрметіне арналады, “екінші” үстелде үйлену тойы атап өтіледі, “үшінші” үстел – алпыс жасқа толу, “төртінші” үстел – өлген адамды еске алу шарасы саналады. Егер әр түрлі жағдайларға байланысты корей осы аталған үстелдердің біреуін ала алмаса, келесілерін өткізуге қатаң тыйым салынады. Мысалы, сәби бір жасқа толмай қайтыс болған жағдайда, сол себепті “бірінші” үстел өткізілмесе, ол сәбиді еске алмайтын болған, оның қабіріне бару міндетті деп саналмаған. Егер қыз немесе жігіт отбасын құрмаса, олар 60 жасқа келгенде “үшінші” үстел өткізілмейтін болған, олар қайтыс болғанда қайғыру шаралары да, “төртінші” үстел да өткізілмейтін болған. “Төрт үстел” салты корей отбасы бірлігінің, ынтымақтың, достықтың бұзылмай сақталуына игі ықпал етті. Әлемдегі ежелгі бай өркениет иелерінің бірі – корейлердің салт-дәстүрлерінен, ұлттық педагогикасынан алатын тәлім-тәрбие менталдығы өте көп.

“Бірінші” үстел мерекесін корейлер өзге халықтар үйлену тойындай етіп, өте жарқыратып өткізеді. Неғұрлым бай, неғұрлым көп адам келсе, солғұрлым баланың өмірі бақытты өтеді деп есептейді. Баланы үстелге отырғызбастан бұрын оны тек әкесінің ақшасына сатып алынған киімдермен киіндіреді. Үстелдің үстіне міндетті түрде ақша, қаламдар, дәптер, кітап, қайшы, жіп, үш табақшаға салынған ұлттық нандар “чалыэги”, күріш, бұршақ қойылады. Сосын баланы үстелге жақын отырғызады. Баланың болашағын осы нәрселердің қайсысын алуына байланысты анықтайды. Сондықтан ата-анасы үлкен толқу үстінде баласы қайсысын алар екен деп қарап отырады. Егер бала үстел үстіндегі заттардан кітап, дәптер немесе қалам алса, ата-анасы оған ерекше қуанады. Өйткені бұл заттар ақылдылықты бейнелейді, яғни бала қабілетті, білімге құштар, білімді адам болады деп есептейді. Егер бала ақшаны таңдаса – ақшалы болады, жіпті таңдаса – ұзақ өмір сүреді деп санайды. Бірақ, бала нан мен күрішті таңдап алса – оның болашағы күңгірт, денсаулығы нашар, әлсіз болады немесе кедейшілікте өмір сүреді, не болмаса мешкей болады деп есептеп, ол заттарды алдын-ала үстел үстіне кейінірек қоюға тырысады.

Балаларды жас кезінен тазалыққа және еңбексүйгіштікке тәрбиелеу корей отбасының басты міндеті болып саналды. Корей отбасында балалар өте тату, үлкен және кіші балалардың арасында кикілжің еш уақытта болмайды. Корейдің ең жаман кемшілігі деп жалқаулық және салдыр-салақтық саналады. Әсіресе, қыз балалардың салақтығы кешірімсіз күнә болып табылады. Оларды кішкентай кезінен бастап үй шаруасына, корей тағамдарының күрделі ас мәзірлерін дайындауға, үлкен шаруашылық жүргізуге үйретеді. Корейлер бұл мәселелерге үлкен маңыз бере отырып, еш ымыраға келмейді. Қонаққа келгенде міндетті түрде барлығын мұқият қарайды: аула қандай жағдайда, асхана құралдары таза ма, тамақ қалай дайындалған, бәрі дұрыс кесіліп, істелінген бе – бәрі олардың назарынан тыс қалмайды. Осылардың

бәріне сай үй иесі әйелі шаруаға жақсы ма, қыздары отбасылық өмірге дайын ба, әлде дайын емес пе деген қорытынды жасалады. Корей отбасылары бір-бірімен өте тығыз байланысты болғандықтан, әрбір адам туралы қорытындылар көпшіліктің құлағына бірден ілінеді. Корей дәстүрлеріндегі тағы бір ерекшелік – отбасылық салтанаттар болып саналатын «үстелдерге» шақырусыз қонақтардың да келе беретіні. Оларға жұрттың бәрімен бірдей құрмет көрсетіледі.

Еврей мәдениеті. Еврейлердің ұлттық діні – иудаизм. Иудаизмнің қасиетті жазуы Танах (христиандар Ескі Өсиет деп атайды) деп аталды. Танахта Элохим және Иегова атты құдайлар әңгіме болады. Еврейлер өмірі, тұрмысы, жүріс-тұрысы, ырым-жоралғысы, мәдениеті Тора және Талмуд атты заңдар жинағымен реттеліп отырған. Иудаизм – сенбі күнін аптаның бір демалыс күні қылып тағайындаған бірінші дін. Израильдықтардың басты діни мерекелері жыл мезгілдерімен және Хананейдегі ауыл шаруашылығы күнтізбесімен байланысты болды. Олар көктемде, жаздың басында және күзде атап өтілді. Ол күндері адамдар қасиетті орынға келіп, Құдайға құрбандықтарын ұсынған.

Егер әйел бала көтермесе, күң-қызды алуға рұқсат етілген. Одан туған бала отбасында қалдырылған. Иаков және Исав пайғамбарлардың кездерінде бірнеше әйел алуға, Мұса пайғамбар тұсында үйленуге өте ерте жаста рұқсат етілген: балалар үшін он үш, қыздар үшін он екі жас үйлену жасы саналған.

Ескі Өсиет дәуірінде үйлену ата-аналардың рұқсатымен бір ру ішінде болған. Өзге ұлт, өзге дін адамдарымен үйленуге тыйым салынған. Заң бойынша жақын туысқандарға үйленуге рұқсат етілмеген.

Қазіргі иудаизмнің үш бағыты бар: ескіні көксейтін (ортодоксальдық), реформистік және консервативтік. Қазақстанда осылардың үшеуі де бар.

Еврейлер – салт-дәстүрлерінің қатаң сақталуына ерекше мән беретін халық. Еврей дәстүрі дегеніміз не? Еврей халқы үш мың жылдың үстінде өмір сүріп келеді. Оның

өмір салты және философиясы, моральдық нормалары, балаларды оқыту және тәрбиелеу принциптері, тарихқа көзқарасы және күнтізбесі – осының бәрі “Еврей дәстүрі” ұғымын құрайды.

Ұрпақтар жалғасы... Өмір сыйлағаны үшін кімнің алдында борыштысың, соны ұлықтау және құрметтеу – ең негізгі еврей дәстүрлерінің бірі. Ата-аналарды құрметтеу тек сезім түрінде ғана емес, іс жүзінде жүзеге асырылуы тиіс. Ата-ананың тілін алмауға, екі сөзге келуге болмайды. Үйде де, түзде де, қоғамдық жерлерде де ата-аналарға арналған орынға отыруға болмайды. Олардың атын, тіпті өлгеннен кейін де атауға тыйым салынады. Олар бөлмеге кірген кезде орнынан тұру керек. Барлық көпшілік шараларға, мейлі ол мектеп шарасы болсын, немесе Екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі еврейлерге қатысты қайғылы оқиғаларды, холокостты атап өту шаралары болсын, жасамыс адамдарды шақыру дәстүрге айналған. Еврей халқының арасында қайырымдылық дәстүрлердің түрі көп. Солардың бірі “цдака” деп аталады.

Еврей сөзі “цдака” – кедей-кепшіктерге көмек көрсету, ақшалай көмек беру. Ақшалай көмек беруден маңызы жағынан кем емес басқа қайырымдылық іс-шаралары “глилут хасадим” деген атқа ие. Қайырымдылық істерге ауруларды күту, жанжалдасқандарды татуластыру, қайтыс болғандарды жерлеуге қатысу, т.б. жатады.

Айлық-күндік. Еврей күнтізбесі жылдық дәстүрлер жүйесін анықтайтын еврей халқының аса маңызды бөлігі болып табылады. Күз – пешири, хемван, кислев, қыс – тевет, шват, адар, көктем – нисан, ияр, сиван, жаз тамуз, ав, элул айларынан тұрады. Әрбір ай сайын еврей халқының тарихына байланысты бір-бір мейрамнан келіп отырады. Күздің алғашқы айы Пешири еврей жаңа жылын бейнелейтін Ұлы мейрам Рош Ашанамен басталады. Рош Ашананың бірінші түні еврей отбасы дәстүрлі тағамдарға толы мерекелік дастарқан басына жиналады. Үстел үстінде балықтың басы болуы тиіс, ол әркімді жаңа

жылда жұрттың аяғында емес, басында болуға жетелейді деп санаған. Рош Ашананың алдында жұрттың бәрі бір-бірін құттықтайды, егер біреу екінші адамды ренжітсе, кешірім сұрайды. Осы айда, 15 тишрейде 7 күнге созылатын Суккот атты мейрам өткізіледі. Күзде, өнім жиналғаннан кейін, егіншілер бірінші жаңбырға дейін демалады. “Суккот” күрке деген мағынаны береді. Мұндай күрке қамыстан немесе жұқа тақтайдан жасалады. Мұндай тұрғын үйде күзде тұру қолайлы емес, әйтсе де суккотқа жиналудың еврейлер үшін өз мәні мен маңызы бар. Бұл да қазақ ертегісі “Аяз бидегідей”, халықты жайбарақаттықтан, өркөкіректіктен, даңғойлықтан сақтандырады. “Суккот” өнім жиналғанмен, әлі істейтін шаруа көп, соған дайын болу керек дегенге меңзейді.

Бұдан кейінгі мейрам “Ханука” екі айдан кейін өткізіледі. “Ханука” – жаңару деген мағына береді, яғни бұл мерекенің тәрбиеге тікелей қатысы бар. Ханука күндері балаларды еврейлік дәстүрлерге тәрбиелеуге ерекше мән беріледі. Мейрамның негізін ежелгі замандағы еврей халқының Маккаби отбасының басшылығымен басқыншыларға қарсы ерлік күресінің тарихы, сол күрестің нәтижесінде Иерусалимнің азат етілуі құрайды. Ханука еврей азшылығының өзінен көп жауға қарсылығының, зорлық-зомбылық атаулының қандай түріне де көнбеудің символы болып табылады. Сондықтан бұл мейрамды жер шарының түкпір-түкпірінде тұратын барлық еврейлер аса жауапкершілікпен әрі ыждағаттылықпен, өте көңілді түрде, балаларымен бірге шырағдан жағып, атап өтеді.

Еврейлердің дәстүрлі мерекелерінің бірі – Пурим мейрамын атап өту. Үлкендер мен балалар әр түрлі, қызылды-жасылды костюмдер, маскалар киіп, мереке тақырыбына орай қойылымдарда ойнайды. Бұл мерекенің ежелгі тарихы өте әріден басталып, жат жұрттық басқыншыларды өз елінен аластауға арналады.

Қорыта айтқанда, еврей халқының салт-дәстүрлері жастарды өз Отанын, ата-анасын, туған-туысқанын, тілін және дінін құрметтеуге тәрбиелейді.

Қазақстандық немістер. Қазіргі неміс жұртшылығының ата-бабалары Ресейге әр кезеңде Германиядан қоныс аударған. Прибалтикаға олар орта ғасырларда келген. Шамамен сол кезде немістер Ресейде пайда болды. 1762-1763 жылдары ІІ Екатеринаның өкіметі Ресейге келем деуші немістерді шақырған манифестер шығарады. 1764-1774 жылдары Еділдегі Саратов пен Камышин аралығына 106 неміс колониялары келіп орналасыпты. Кейінірек неміс колониялары Санкт-Петербург губерниясында, Қара теңіз жағалауында, Украинаның оңтүстігінде, Қырымда, Бессарабияда, Закавказьеде және басқа жерлерде орналаса бастады. 1917 жылғы Қазан төңкерісінен кейін, 1918 жылы 19 қазанда Поволжье неміс автономиясы құрылды. Іс жүргізу неміс тілінде жүргізілді, неміс жоғары оқу орындары, техникумдар, мектептер, театрлар, баспалар жұмыс істеп, неміс тілінде газеттер шығарды. Немістің ұлттық аудандары және селолық кеңестері Украинада, Қырымда, Алтай өлкесінде, Қазақстанда жұмыс істеді.

1941 жылы басталған соғыс КСРО немістерінің тағдырын түбегейлі өзгертті. 1941 жылдың тамызында жарық көрген Жарлықпен немістер Поволжьедегі Сібірге, Қазақстанға және Орта Азияға жер аударылды. Жер аударуға Украинада, Қырымда және Закавказьеде тұратын немістер де ұшырады. Сонымен қатар, неміс ұлтының жекелеген өкілдерінің Қазақстан аумағына XVIII-XIX ғасырларда келгенін айтқан жөн. Олардың ішінде: әскери дәрігерлер, әр түрлі дәрежедегі шенеуніктер, т.б. болған.

Қазақстанды зерттеушілердің арасында белгілі зерттеуші ғалымдар Г.Ф.Миллер, И.Т.Гмелин, П.С.Паллас, т.б. көп еңбек сіңірді. 30-шы жылдары Қазақстан аймағының Ақмола облысында неміс жұртшылығы негізінен ауыл шаруашылығымен айналысты, өңдеуші өндірісте қызмет істеді. Тек Солтүстік Қазақстан облысында 100-дің үстінде неміс селолары болды.

Немістің ұлттық мектептеріне педагог кадрларды дайындауды 1938 жылға дейін Петропавл педагогикалық техникумы жүзеге асырды.

1941 жылдан 1955 жылға дейін немістер арнаулы көшірілгендер статусында болғандықтан, олардың азаматтық құқықтары шектеулі болды. Олар көбіне егістің, фермалардың, құрылыстың және завод цехтарының қатардағы еңбеккерлері еді. Неміс интеллигенциясының басым көпшілігін село мұғалімдері, агрономдар, қатардағы инженерлер құрады. 1964 жылы кеңес немістері ақталды, 1972 жылдан бастап оларға бұрынғы тұрған жерлеріне қайтуға рұқсат етілді. Көптеген немістер адал еңбегі үшін үкімет наградаларына ие болды. 1957 жылдан бастап неміс тілінде радиохабарлар жүргізілді. 1967 жылы “Қазақстан” баспасында неміс редакциясы ашылды. 1971 жылдан бастап республиканың Жазушылар одағы жанында неміс әдебиетінің Кеңесі жұмыс істеп келеді. 1980 жылы Теміртау қаласында неміс драма театры ашылып, ол кейін Алматыға ауысты. Өзге де ұлт өкілдері сияқты қазақстандық немістердің де ұлттық мәдени орталығы, Қазақстан халықтары Ассамблеясының өкілдігі ашылып, неміс мәдениетін насихаттау ісінде пәрменді жұмыс істеп келеді. Неміс халқының еңбексүйгіштігі, дәлдігі, тазалығы, жаңалық атаулыға құмарлығы өзге халықтарға үлгі болып, Қазақстан халқының тұрмыс-тіршілігін жақсартуға игі әсерін тигізді.

Неміс ұлтының өкілдері Қазақстан мәдениетінің дамуына елеулі үлес қосты. Қазақ мектебін бітірген көрнекті жазушы Г.Бельгер қазақ, орыс, неміс тілдерінде жарық көрген бірқатар сындарлы шығармаларымен белгілі. Әсіресе, жазушы Абай, Пушкин, Гете шығармаларының үндестігін дәлелдеп, оқырман қауымның ризашылығына ие болды. Соңғы кезде Г.Бельгер қазақтың ұлы ақыны І.Жансүгіровтің дастандарын зерттеу үстінде. Өнер зерттеушісі И.Кельбергтің классикалық шығармаларды теледидар арқылы жүйелі түрде, шебер насихаттауының нәтижесінде биік өнер сүйшілердің аудиториясы кеңейді. Тағдырдың талқысына түсіп, Қазақстанға жер аударылған неміс ұлтының өкілдері арасынан Атырау өңіріне тап болған кәсіби музыкант-

тар да аз емес-ті. Атырау өңірінде фортепьянолық музыканың дамуы кімнің есімімен байланысты деген сұрақ туындаса, бірден О.А.Герлах пен М.Г.Урусованың есімдері ойға оралады.

Қорыта айтқанда, Қазақстандық немістер республиканың саяси, мәдени өміріне өз үлестерін қосып келеді.

Негізгі терминдер мен ұғымдар:

Орыстың ауыз әдебиеті. Скоморохтар

Орыстың материалдық мәдениеті

Орыс мәдениетінің еуразиялық мәні. Жылнамалар, “Домострой”

Орыстың салт-дәстүрлері

Ұйғыр мәдениетінің құндылықтары “Мың үй”, ұйғыр жазба әдебиеті

Татардың салт-дәстүр

Татар музыкасы, татар биі

Корей жазуы, корей дәстүрлеріндегі “үстелдердің” мәні

Еврей дәстүрі. Еврейлердің қайырымдылық шаралары

Неміс мәдениеті

СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР:

- 1. Орыс ауыз әдебиетінің қандай жанрлары бар?*
- 2. Ежелгі Русьте сәулет өнері қандай табыстарға ие болды?*
- 3. “Домостройда” қандай мәселелер қамтылған?*
- 4. Ұйғыр халқының қандай мәдени жетістіктерін білесіздер?*
- 5. Татар музыкасының қандай ерекшеліктері болған?*
- 6. Корей халқының өмірінде халықтық тәлім-тәрбиенің қандай рөлі болды?*
- 7. Еврей дәстүрі дегеніміз не?*
- 8. Қазақстандық немістер республика мәдениетінің дамуына қандай үлес қосты?*

XIV БӨЛІМ

ДІН ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ

Мәдениет пен діннің арақатынас мәселелері әр түрлі ғылыми мектептер мен дүниетанымдық бағдарлар ойшылдарының арасында әрқашан қызығушылық тудырып келеді. Бұл жөнінде өте беделді шетелдік және отандық авторлар Н.А.Бердяев, Б.А.Рыбаков, Э.Б.Тайлор, Дж.Фрезер, М.Қозыбаев, С.Кенжеахметов, В.Тимошинов, т.б. жазды.

Мәдениет пен дін қатынасының әр түрлі мәселелерін А.В.Горский, А.В.Карташев, П.А.Флоренский сияқты тарихшылар мен философтар қарастырды. Бұл тақырыпқа байланысты қоғамдық пікірдің арта түсуі тегіннен тегін емес. Кеңес Одағының күйреуінен кейінгі идеологиялық бос кеңістікті діннің адамгершілік, имандылық тәрбиесіне пайдалы ықпалымен толтыру мәселесі күн тәртібіне қойылып отыр. Қоғамдағы оңды өзгерістерді мәдениет, өнер, білім салаларының дінмен байланысы арқылы көргісі келетіндер саны күннен күнге артып келеді.

Дегенмен, мәдениет пен діннің арақатынасы туралы ортақ пікір ғалымдар арасында әлі жоқ. Бірінші мәдениеттанушылық тұжырымдама – діни тұжырымдама. Оның өкілдері дінді мәдениет негізі деп қарастырады. Бұл пікірдің көрнекті өкілі ағылшын этнографы Дж. Фрезер “Барлық мәдениет ғибадатханадан пайда болған”, дейді.

Бұған қарама-қарсы *атеистік* бағыттың өкілдері дінді мәдениет ұғымына мүлде кіргізбейді. Бұл көзқарастардың басында “ағартушылық тұжырымдамалардың” өкілдері Гольбахтың, Гельвецийдің, Дидроның, Фейербахтың пікірлері жатқанын аңғару қиын емес. Бұлардың пікірінше, дін рухани өсуге кесел келтіреді.

Бұдан көретініміздей, аталған пікірлер бір-біріне қарсы, бір-бірін жоққа шығаратын, ешқандай ымыраға келмейтін көзқарастар болып табылады. Алайда, дін мен

мәдениеттің байланысы, бір-бірімен арақатынасы жайында бұлардан өзге көзқарастар бар екенін естен шығармаған жөн.

Діннің бастаулары. Дін (религия) дегеніміз (латынның сөзі religio – тазалық, қасиеттілік, құдайға сенгіштік деген мағынаны білдіреді) құдайдың бар екендігіне негізделген дүниетаным мен тәртіптер жүйесі болып табылады. Дін өзінің дамуында ұзақ және қиын қалыптасу жолынан өтті. Адамзат қоғамы дамуының алғашқы кезеңдерінде адамдардың санасына табиғат күштері әсерінен діни сенімдер қалыптаса бастады.

Табиғат жағдайларының мәнін түсінбеген, олардың алдында дәрменсіз адам қатты қорықты. Сондықтан табиғаттың құпия дүлей күштеріне қарсы күресу амалдарын табуға тырысты. Сөйтіп, діни қарым-қатынастардың қасиетті объектілері саналған заттарға, жан-жануарларға сыйына бастады. Сыйынатын объект фетишке айналды. Өзінің сыйынатын затынан немесе жануарынан қажетті әрекет күткендіктен, адам сиқыршылық әдет-ғұрыпты, арбауды дамытты. Ежелгі заман адамдарының фетиштік діни сенім-нанымдары біздің заманымызға жетуі таңданарлық жайт екенін айтқан жөн. Мысалы, қазақтар үшін қасиетті жануарлар болып табылатын аққуды, қарақұсты, бүркітті, қарлығашты өлтіруге болмайды. Бірте-бірте адамдар арасында адамның жаны оның денесінен бөлек өмір сүреді деген сенім қалыптасты. Мұндай сенімді анимизм деп атайды. Сондықтан да діни қарым-қатынастардың бұдан әрі дамуы дүниені екі бөлікке бөлуге, яғни бұл дүние және о дүние деп бөлуге әкелді. Кейінірек, феодалдық қоғамның нығаюы нәтижесінде аса ірі діни жүйелер – буддизм, христиан және ислам діндері қалыптасты. Дін мен көркемөнердің түптамыры және бастаулары бір. Көркемөнер өз бастауларын адам тәжірибесінен, адам ынта-жігерінен алады. Себебі шығармашылық бостандық дегеніміз – дамыған және тереңдеген еңбек әрекетінің нәтижесі. Оның барысында және нәтижесінде адам еңбек құралдарын жасайды, қоршаған ортаны игереді, өзі сияқтылармен

қарым-қатынастарды тереңдетеді, өзін танытады, дүниені эстетикалық тұрғыдан танып біледі.

Дін бастауларының қайнар көздері де адам тәжірибесінде, бірақ жоғарыда көрсетілгендей, адамның қоршаған ортаға тәуелділігін бейнелейтін әрекетін көрсетеді. Соған байланысты адам өзінен әлдеқайда күдіретті күштерді іздеуге мәжбүр болды. Нәтижесінде, сиқыршылық, фетишизм және басқа алғашқы сенім-нанымдар пайда болды. Діннің ең алғашқы түрі *фетишизм* (француз тілінен *fetische* – идол, тұмар) болды. Ол жансыз дүниелерге табынудың нәтижесінде туындаған еді. Діннің ең ежелгі түрі *анимизм* (латын тілінен *anima* – жан) – жанның болатынына сендірсе, тонемизм – адамдар мен жануарлардың туыстығын дәлелдеуге тырысты. Бұл діни сенімдер алғашқы қауымдық құрылыс дамуымен сәйкес келіп, деңгейі жөнінен сол қоғам талаптарын қанағаттандырды. Қоғамның одан әрі дамуы ұлттық-халықтық діндерді – политеизмді тудырды. Бұған классикалық мысал ретінде ежелгі грек қоғамында үстемдік еткен көпқұдайлық дінді алуға болады.

Ұлттық-халықтық діндердің қатарына иудаизмді, индуизмді, синтоизмді, конфуций ілімін жатқызуға болады.

Сайып келгенде, қоғамдық қатынастар күрделенген сайын діни жүйелер де ерекше құндылықтар қабаттарын қалыптастыра отырып, күрделілене түседі.

Әлемдік діндер. Дүниежүзілік тарихи дамуда әр түрлі діндер әр түрлі рөл атқарады. Олардың ішінде әлемдік дін атына ие болған үш дін: будда, христиан, ислам діндері шешуші рөл атқарады. Шын мәнісінде осы діндер ғана өздерінің алғаш пайда болған аясынан шығып, басқа жерлерге тарап, миллиондаған адамдардың санасын жаулап ала алды. Әлемдік діндер даму барысында тарихи жағдайларға сәйкес өзгерістерге ұшырап отырды.

Будда діні Үндістанда б.д.д. VI-V ғасырларда құл иеленушілік қатынастар үстемдігі негізінде пайда болды. Будда дінінің алғашқы кезеңіне адамдардың ауыр тұрмысын, олардың әлеуметтік жағдайларына қарамас-

тан, рухани теңдік жолымен түзеуге тырысушылық тән болған еді.

Алғашқы Солтүстік Үндістанда көптеген секталардың бірі болып қалыптасқан будда діні, кейін бүкіл Үндістанға, одан соң Оңтүстік, Оңтүстік Шығыс және Орталық Азияға кеңінен тарады.

Христиан діні алғашқыда Шығыс Жерорта теңізі өңіріндегі еврей ортасында иудаизмнің бір тармағы болып құрылды да, кейінірек өзінің туысқан негізінен батыл түрде бас тарта отырып, онымен бітіспес қарама-қарсылыққа бой ұрды. Отанынан аласталған христиан діні аса қатты қуғын-сүргінге ұшырады. Б.д.д. I ғасырда ол құлдар мен кедейлердің, Рим империясына бағынышты халықтардың арасына тарады. Одан кейін тарихи даму барысында жер шарының барлық аймақтарына тарады. Бұдан христиан дінінің әлеуметтік, ұлттық шектеулерден және құрбандық шалудан бас тартуы себеп болды.

Христиан дінінің басты идеялары – Иисус Христостың күнә кешу қызметі, Христостың адамдар арасына екінші рет оралуы, Азапты сот, аспанға жалбарыну, аспан патшалығының орнатылуы.

Христиан діні католицизм, православие және протестанттық бағыттарға бөлінеді. Протестанттық өз негізінде лютерандық, кальвинизм, англикандық бағыттарға бөлінеді.

Ислам б.д. VII ғасырында Аравияда басқа діндерден бөлек әлеуметтік жағдайларда қалыптасқан еді. Будда және христиан діндерінен өзгешелігі, ислам діні олардай кенеттен түрде пайда болған жоқ, ол араб феодалдарының өзге жерлерді басып алуға және сауда озбырлығын кеңейтуге бағытталған жоспарлы жұмысының нәтижесінде қалыптасты. Ислам Азия және Африка халықтарының арасына кеңінен тарады. Дүниежүзілік үш ұлы діндердің тарихи дамуында ұқсастықтар аз емес. Ең басында бұл діндердің әрқайсысы белгілі бір аймақта, белгілі бір ұлттық ортада пайда болғанымен, кейін бұлар сынап сияқты басқа елдерге тез тарап үлгерді. Тек осы жағдайдың өзінен-ақ діндердің халықтарға ықпалын

білуге болады. Діндер тарихын оқып-үйрену көп жағдайда дін мен мәдениет арасындағы байланыстың айқын мысалы бола алатын діни ескерткіштерді оқып-үйрену арқылы жүзеге асырылады. Діни ескерткіштер дегеніміз – ең алдымен табыну ескерткіштері: діни көркемөнер ескерткіштері (көркемсурет, музыка), діни әдебиет, діни сәулет өнері ескерткіштері болып табылады.

Көптеген діни ескерткіштер діни қызметтік мақсаттары болса да, дүниежүзілік мәдениеттің жетістіктерін құрайды. Оларды жасақтауға данышпан сәулетшілер, суретшілер, фрескалық сурет шеберлері, икона жазушылар, композиторлар қатысты. Сөйтіп, дін көркемөнердің барлық түрлерін дамытуға аса зор үлес қосты, яғни мәдениетті дамытуға ат салысты.

Әдеби-жазбаша діни ескерткіштер. Мәдениет тарихы көптеген әдеби-жазбаша діни ескерткіштерді сақтады. Солардың ішіндегі ең маңыздылары Ведалар, Інжіл, Құран болып табылады. Ведалар (санскриттен аударғанда – қасиетті білім) – ежелгі үнділік аса маңызды діни ескерткіш. Ведалар ұзақ ғасырлар (б.д.д. II мың жылдықтың соңы және I мың жылдықтың басы) жазылды. Ведалар төрт жинақтан тұрады:

Ригведа – мифологиялық және космологиялық мазмұндағы әнұрандар;

Самаведа – Ригведа мәтіндері қайталанатын әндер және оларды салт-дәстүрлік ережелермен толықтырулар;

Яджурведа – құрбандық шалу ережелерімен ведалық салттардың мазмұны;

Атхарваведа – сиқырлық анттар мен заңдар.

Осылардың негізінде ведалық діни дәстүрлер қалыптасып, олардың көптеген тұжырымдамалары кейін брахманизм, индуизм, джайнизм, буддизм діни-философиялық жүйелеріне енді.

Құран – (арабтың аль-куран – оқу, айту сөзі) араб-мұсылман және дүниежүзілік мәдениеттің ұлы ескерткіші. Аңыз бойынша құранды шәкірттеріне айтып отырып, Мұхаммед пайғамбар жаздырған. Құран 114 сүреден (тараудан) 286 аяттан тұрады.

Мұсылмандардың түсінігінше құран құдайдың адамдармен сөйлесуінің тікелей құралы. Ол адамдарды дұрыс жолмен жүруге үгіттейді, күнәһарларды азаптар күтіп тұрғанын ескертеді, құдайдан қорқатындарға мәңгілік жақсылық уәде етеді. Құран мұсылмандық құдай жолы мен заңның негізін құрайды. Құдай ілімін оқып-үйренуде Құранның араб мәтінін пайдаланады, өйткені басқа тілдерге аударғанда құранның өсиеттері өзгеріске ұшырап, мәнін жоғалтады. Құранда дүниенің және адамның жаратылысы туралы әңгімелер бар. Әлеуметтік-құқылық мәселелер құран мазмұнында көп келтірілген. Құран арқылы араб тайпаларының басқа халықтар мәдениетіне ықпалын білуге болады. Христиан әдебиетінің аса маңызды ескерткіші – інжіл б.д.д. 1 мың жылдықта жазылды. «Інжіл» атына ие болған кітап ескі және жаңа өсиеттерді құрайтын 77 кітаптардан тұрады.

Ескі Өсиет інжілдің бірінші бөлімі христиандар мен иудейлер Қасиетті жазу деп санайтын 39 әулиелік кітаптан тұрады. Бұдан басқа ескі өсиет құрамында әулиелікке жатпайтын Пюват, Юдифь, Сираховтар ұлы Иисус, Макковейлер атты 11 кітап бар.

Жаңа Өсиет – інжілдің христиандар қасиетті жазу ретінде құрметтейтін бөлігі болып табылады. Кітаптың аты құдайдың адамдармен Иисус Христос арқылы жаңа келісіміне байланысты аталып, 27 кітаптан тұрады. Олардың ішінде Матфейдің, Марктің, Луканың, Иоанның Евангелиелері, апостолдар іс-әрекеттері, апостолдардың 21 жолдауы, Иоанн Богословтың ашық айтулары, Апокалипсис (ақырзаман) бар.

Інжілдің мазмұны әр түрлі, әр тектес болып келеді. Өйткені, бұл ұлы кітап әр кезеңде, әр жерде, мыңдаған жыл бойы жазылды. Ескі Өсиеттің алғашқы мазмұны ежелгі еврей тілінде жазылды. Інжіл немесе басқа діни әдебиеттер жөнінде әр түрлі дүниетанымдық көзқарастағы адамдардың пікірлері алуан түрлі болып келеді: біреулері оларды қасиетті кітаптар деп санаса, екіншілер бұларды тамаша тарихи-мәдени ескерткіштер қатарына жатқызады. Қалай дегенде де бұлар өте күрделі,

көп мәселелі, бойларына аса көп танымдық материалдар жинақтаған дүниелер екендігі талас тудырмайды.

Дін және сәулет өнері. Адамзат өзінің бүкіл тарихи дамуының барысында, әр түрлі дәуірлер мен халықтардың еңбегінің нәтижесінде орасан зор сәулет өнерінің мұраларын жасақтады.

Феодалдық қоғамда феодалдық құрылыстың аса маңызды табынатын үйі – шіркеу құрылыстарын салуға ерекше мән берілді.

Шіркеулер, соборлар Батыс Еуропада, мешіттер, минареттер мұсылман Шығысында бой көтеріп, өздерінің орасан заңғарлығымен, ала бөтен әдемілігімен көрермендерді таң қалдырды. Олардың алдында қарапайым адамдар өздерін мүсәпір сезініп, қымсынатын болды.

Сәулет өнерінің ерекше дамуы Византия мемлекеті мен оның астанасы Константинопольмен байланысты болды. Мемлекет құрылысын, мәртебесін нығайту мақсатында мұнда зәулім ғибадатханалар, сарайлар, бекіністер салынды. Христиан ғибадатханасының ең көп тараған түрі *базилика* болды. Ол әдетте шығысқа қарай бағытталып салынды. Одан басқа төбесі күмбез ғибадатханалар мен төбесі креске ұқсас ғибадатханалар салынды. Византия сәулетшілері күмбездік үйлер құрылысын жетілдіре отырып, қайталанбайтын архитектуралық стильді дүниеге келтірді. Шіркеу құрылыстарының ішінде, әсіресе Константинопольдегі Қасиетті София Соборы өзінің әдемілігімен ерекшеленді. Оның күмбезінің шеңбері 31,4 метрге, биіктігі 55,6 метрге жетті. Ғибадатхананың іші түрлі-түсті мрамормен, әдемі әшекейлермен, мозаикамен және мүсіндермен көркемделді.

Осы кезеңде, яғни орта ғасырларда феодалдық Таяу Шығыс елдерінде, Испанияда мұсылман дінін аса ұлықтау мақсатында аса көрнекті діни ғимараттар: мешіттер, кесенелер, керуен-сарайлар салынды. Осындай сәулет өнерінің тамаша ескерткіші Кордовадағы (Испания) үлкен мешіт құрылысы еді. Бұл мешітте ірілі-кішілі 860 колонна бар.

Үндістанда сәулет өнерінің буддалық және брахмандық табыну үйлері: буддалық мүсіндер қоймасы, үңгірлік және жер үстіндегі ғибадатханалар – *чайшья*, сопыханалар – *вихара*, биік мұнараға ұқсас ғибадатханалар – *шикхара мен виманалар* салынды.

Қытайда табыну үйлері қылып мұнараға ұқсас пагодалар салынды. Олар төбелері бір-бірін көлеңкелеп тұратын бірнеше этаждардан тұратын болған.

Франциядағы табыну ескерткіштері арасынан аса белгілері ретінде Ключни абаттығындағы соборды, Канедегі Әулие Стефан шіркеуін, Тулузадағы Сен-Сернен шіркеуін атауға болады. Италияның Пиза қаласында және Флоренцияда роман стилімен салынған аса көрнекті соборлар бүкіл дүниежүзіне белгілі. Шіркеулік сәулет өнерінің готикалық стилімен салынған аса көрнекті ескерткіштер болып Париж қаласындағы Нотр-Дам және Сен-Дени (XII-XIV ғ.ғ.) соборлары табылады. Бұл дәуірдегі үстем болған готикалық стиль тек Францияға ғана емес, сондай-ақ Германияның, Англияның сәулет өнеріне тән болды. Мәселен, XV-XVI ғасырларда осындай стильмен тамаша соборлар Германияның Кельн, Ульма қалаларында, Англияның Линкольн қаласында, Италияның Милан қаласында салынды. Автор өзінің Ульма қаласында готикалық стильмен салынған дүние жүзіне әйгілі соборды көргенін мақтан етеді. XVI ғасырда сексен жыл бойы салынған бұл сәулет өнері ескерткішінің заңғарлығы мен сұлулығын тілмен суреттеп жеткізу мүмкін емес! Собордың басты мұнарасы көкке жерден 157 метрге көтеріліп, аспанды тіреп тұрғандай әсер қалдырады. Мұнараның ұшар басын айналып ұшып жүрген құстар кіп-кішкентай нүктелер болып, көзге талып қана көрінеді. Мен егер қателеспесем, Ульма соборы тек Еуропада ғана емес, бүкіл дүние жүзіндегі ең биік ғимараттардың бірі болып табылады. Мүмкін, ең биігі де шығар! Себебі, әйгілі Хеопс пирамидасының биіктігі 150 метр ғой.

Италияның табынушылық сәулет өнері дүниежүзілік маңызға ие болды. Ерте Қайта өрлеу дәуірінде сәулет

өнері готикалық түр мен мазмұннан құтыла бастады. Бұған Ф.Брунеллескидің Флоренциядағы күмбезделген Санта-Мария Дель Фьоре Соборы дәлел бола алады. Данышпан сәулетшінің жобасымен тұрғызылған Сан-Флоренцо, Сан-Спирито, Капелла Пацци, т.б. шіркеулері жарқын әрі өмірсүйгіштік бейнелерімен ерекшеленді.

Жоғары қайта өрлеу дәуірінің аса көрнекті сәулетшісі (XVI ғ.) Д.Браманте Римде Темплетто және Ватиканның заңғар ғибадатханаларын салуымен белгілі болды. Ол сонымен қатар, Римдегі зәулім қасиетті Петр соборының жобасын жасады. Қайта өрлеу мәдениетінің данышпан өкілдері Рафаэль мен Микеланджело Брамате қызметін жалғастырып, бірқатар ұлы туындыларды дүниеге келтірді.

Дүниежүзілік сәулет өнері ескерткіштерінің арасында жетекші орынды орыстың сәулет өнерінің туындылары алады. Киев Русі кезеңінде архитектура өнерінің тамаша туындысы 13 мұнарасы бар зәулім Қасиетті София соборы (XI ғ.) салынған еді. XI ғасырда орыс жерінде үш София соборы – Киев, Новгород, Псков қалаларында салынды. Новгородта салынған София соборының құрылысында Византия сәулет өнерінің де тәжірибесі мол болды. Оның мұнаралары Киев соборынан бір жарым есе биік, аркалары ұзынырақ болып келеді.

Тек орыс елінің ғана емес, бүкіл дүниежүзілік сәулет өнерінің аса көрнекті ескерткіштері болып Нерлидегі Покров Богородица шіркеуі соборлары және Владимирдегі Дмитриев соборлары (XII ғ.) табылады. Нерлидегі Покров шіркеуі көлемі жағынан аса ірі болмаса да, өте әдемі, әрі ықшам салынған құрылыс. Шіркеу төбесін пиязға ұқсас, өте әдемі етіп шілтерлеген күмбездер құрайды. Әрбір кіреберіс фасад ортасында Давид патшаның рельефтік мүсіні бейнеленген. Давид патша сыбызғы ойнауда, оның ойынын арыстандар, құстар және құбыжық-грифондар тыңдап тұр. Құстар адам жанының ежелгі нысаны болса, арыстан Христостың нысанын бейнелейді.

XIII ғасырда татар-моңғол шапқыншылығы әсерінен тоқтаған орыстың сәулет өнері XV ғасырда қайтадан

өрлей бастады. Бұл кездегі құрылыс орталығына Мәскеу айналды. XIV-XVI ғасырларда Мәскеудің жаңа Кремлімен қатар, аса сәулетті ғибадатханалар мен зәулім Успен соборы салынған еді.

1550-1560 жылдары Иван Грозныйдың Қазанды алу құрметіне орыс сәулет өнерінің жауһары Василий Блаженный соборы салынды. XVII ғасырда мәскеулік сәулетшілер Новодевичий, Донской, Троице-Сергиев, Кирилло-Белозерский, Иосифо-Волоколамский бекініс-сопыханаларымен қатар, Ярославль, Тула, Коломна, Смоленск кремльдерін салды. XVIII-XIX ғасырларда ғибадатханалар мен сопыханалар құрылыстарын аса көрнекті орыс сәулетшілері В.И.Баженов, М.Ф.Казаков, А.Н.Воронихин (Санкт-Петербург, Қазан соборы) жасады.

Католик шіркеуі және музыка. Дін музыканың дамуына аса зор әсер етті. Діни сюжеттер көптеген зиялы музыка шығармаларын (опералық, симфониялық) жасақтауға негіз болды. XVII ғасырға дейін, яғни жаңа заман басталғанша, музыкалық кәсіптің басты орталығы шіркеу болған. Ертехристиандық шіркеулік музыканың жасақталуы иудейлік, египет-сирия-палестиналық, антикалық мәдениеттер дәстүрлерімен тығыз байланысты жүзеге асырылды. Бірте-бірте әр түрлі музыкалық жанрлар жинақталып, музыка теориясы және оны оқыту әдістемесі дамыды.

Шіркеуде ән айту өнері – *псалмодия, гимндер, литургия* қалыптасты. Ертехристиандық ән айту бір дауысты болған. Белгілі бір уақыттан кейін құдайға құлшылық етуге байланысты ән айтуға әйелдер қатысуына тыйым салынды, 1 мыңжылдықтың аяғына дейін музыкалық аспаптар қолданылмады.

Шіркеудің католиктік Батыс және православиелік Шығыс болып бөлінуі 1054 жылы ресми бекіді. Католиктік орталықтар құрылып, өздерінің литургия айту дәстүрлерін қалыптастырды. Бірақ бірте-бірте аумақтық дәстүрлер римдік хоралмен (григориандық ән айтумен) ығыстырылды. Барлық ән айтулар екі топқа бөлінді: месса (католик шіркеуінің құдайға басты құлшылық етуі)

және официй (бір тәуліктік қызмет ету). IX ғасырға дейін шіркеулік ән айту бір дауысты болды. IX-XIII ғасырларда көп дауысты ән айтудың әр түрлі түрлері қалыптасты.

XVI ғасырдың екінші жартысы мен XVIII ғасырдың басында итальян композиторларының шығармашылығымен байланысты шіркеу музыкасы кезеңі басталды. Қытай шіркеулік стильді бейнелеген римдік мектептің классикалық үлгісі Д.П.Палестринның (1525-1594) шығармашылығы болды.

XVI ғасыр мен XVII ғасырдың межесінде шіркеу музыкасы жаңа туындап келе жатқан опералық стильдің ықпалына ұшырады, шіркеу композицияларында генерал-бас, жеке ариозо, жедел ән айту, аспаптар қолданыла бастады.

XVII ғасырдағы шіркеу музыкасының асқар шыңы К.Монтеверидің шығармашылығы, әсіресе оның “Мария қыздың құпиясы” болды.

Шіркеу музыкасының құрылуына веналық классикалық мектептің енгізген үлесі зор болды. Әсіресе И.Гайднның мессалары, В.А.Моцарттың “Реквиемі”, Л.В.Бетховеннің “Салтанатты мессасы”, Ф.Шуберттің, Р.Шуманның, Т.Бермоздың мессалары аса маңызды шығармалар еді. Шіркеулік музыкалық өнерге қосқан үлесі жөнінен мәңгі өлмес діни кантаталардың авторы И.С.Бахтың шығармашылығы алдыңғы орындарға ие болды. Бах шығармашылығының асқар шыңы – “Матфейге ынтық болу”, “Иоанға ынтық болу”, “Жоғарғы месса” мессалары.

Дін батысеуропалық суретшілер шығармашылығында діни мәдениеттің дамуына қайта өрлеу дәуірінің суретшілері аса зор үлес қосты. Себебі олардың шығармаларының сюжеті інжілдік тақырыптарға құрылған еді. Есімі көркемөнерде жаңа дәуірдің қалыптасуына негіз болған Джоттоның қаламынан әлемге әйгілі шығармалар Санта Кроче шіркеуінің фрескалары, Падуадағы дель арена капелласына салынған “Қорқынышты сот”, “Имандылық”, “Иуданың сүйісі”, т.б. фрескалар

туындады. Суретші қасиеттілерді шын адамдар бейнесінде бере алды.

Итальян суретшілерінің шығармашылығы адамға деген сүйіспеншілікке, оның қайрат-жігеріне, өмірдегі жасампаз қызметіне деген сенімге толы болды. Сондықтан да олардың шығармашылығы халықтың басым көпшілігіне түсінікті болды, халықтан қолдау тапты.

Леонардо да Винчи, Рафаэль, Микеланджело ұлы туындыларында діни тақырып арқылы адамдардың өмір бақиғы мәселелерін – махаббат пен жеккөруді, сенім мен сатқындықты, еңбексүйгіштік пен көзалдаушылықты асқан данышпандықпен аша алды.

Леонардо да Винчидің “Құпия жиын” атты фрескасында Христостың 12 апостолға қарап, “Шын айтам, сіздердің біреуіңіз мені сатып жібересіз” деген сәті бейнеленсе, Рафаэль “Сикстин құдай анасында” ананың адамдардың құдай алдындағы күнәсін жуу үшін өзінің ең қымбаттысы – ұлын құрбан етуге әзір сәтін суреттеді.

Діни тақырыптарға көркемсурет шығармаларын Ван Дейк (“Қасиетті Петрді көру”, “Египетке жолдағы демалыс”, “Иоан Креститель және Иоанн Евангелист”); Альбрехт Дюрер (“Мария сәбиімен”, “Төрт апостол”, “Троицаға табыну”, “Волхвтардың табынуы”); Лукас Кранах (“Керу”, “Қасиетті Екатеринаның Алтары”); Рембрандт (“Крестен түсіру”, “Ауруларды жазған Христос”, “Қасиетті отбасы”, “Қаңғыбас ұлдың оралуы”); Пауль Рубенс (“Кресті орнату”, “Крестен түсіру”, “Қорқынышты сот”) жазған еді.

Негізгі терминдер мен ұғымдар:

Фетишизм	Конфуцийлік ілім
Анемизм	Табыну сәулет өнері
Базилика	Литургия
Буддизм	Кесене
Христиан діні	Месса
Ислам	Мешіт
Інжіл	Шіркеу
Құран	Официй
Канон	Пагода

ҚАЙТАЛАУ ҮШІН СҰРАҚТАР:

- 1. Алғашқы қоғамдық дәуірде қандай нанымдар мен ежелгі дін формалары болған?*
- 2. Дүниежүзілік діндер қалай пайда болды және олар қандай рөл атқарды, атқарып келеді?*
- 3. Дінге байланысты музыка мен көркемөнер шығармаларын атаңыз.*

XV БӨЛІМ

ИСЛАМ ДІНІ

Ислам дінінің негізін салушы, есімі көзінің тірісінде аңызға айналған Мұхаммед пайғамбар (570-632 жж.) еді.

Ол өзінің шәкірттеріне айтып отырып мұсылман діні қағидалары мен ережелерін жинақтаған “Құранды” жаздырды. Қасиетті “Құранда” берілген діни, құқылық, моральдық және тұрмыстық ережелер негізінен 5 негізгі принципке бағындырылды және оларды орындау әрбір адал мұсылманға міндеттелді.

Қазіргі Қазақстан аумағына исламның таралуы бірнеше ғасырларға созылған процесс болды. Әуелі мұсылмандық оңтүстік аудандарға енді. X ғасырдың аяғында ислам Жетісу мен Сырдарияның отырықшы халқының арасына орнықты (Сырдарияның Фараб қаласынан мұсылмандық Шығысқа есімі кеңінен таныс жан-жақты ғалым, философ әл Фарабидің шыққаны белгілі). Ислам Жетісуда X ғасырда өмір сүрген түрік қараханидтер империясының діні болды. Бұл кезеңнің ескерткіші – Жүсіп Баласағұнның “Құтты білім” шығармасында мұсылмандық идеология көрініс тапты. Кейбір аудандарда исламға христиан діні бәсекелестік танытты. Мысалы, XII ғасырдың аяғы мен XIII ғасырдың басында Орталық Азиядан Шығыс Қазақстан мен Жетісуға қоныс аударған наймандар несториандық бағыттағы христиан дінін ұстады. Исламның таралуы XIII ғасырда татар-моңғол шапқыншылығының нәтижесінде саябырлады. Алайда, орта ғасырларда ислам дінінің ықпалы көптеген халықты бағындырып ала берді. Оған көшпелі қазақтардың Орта Азия мен Поволжье мұсылман мемлекеттерімен көрші болуы да себеп болған еді. Әсіресе Дешті Қыпшақ даласына мұсылман діні Алтын орда ханы Берке мен Өзбек ханның тұсында (1832-1840) көбірек тарала бастады. Ислам дінін уағыздаушылар тек Орта Азия мен Поволжьеде ғана емес, бүкіл мұсылман әлемінің түкпір-түкпірінен келе бастады. Көшпенділер арасына ислам дінінің тара-

луына Сайрам қаласының тұрғыны сопылық орденнің негізін салушы Қожа Ахмет Иассауи зор үлес қосты (XI-XII ғ.ғ.). Оның өлеңдерінде құдайдың ұлылығы мадақталып, көнбістікке шақырды.

Көшпелілер зиялыларының исламға бой ұруы мұсылмандықты қоғамның барлық өкілдері бірдей қабылдады деген сөз емес-ті. Қарапайым халық әлі де болса ұзақ уақыт бойы ата-бабаларының сенім-нанымдарын сақтап қалды. Табиғат құбылыстарына, жан-жануарларға, өлген ата-баба аруақтарына табыну ұзақ уақыт сақталды, тіпті ондай сенім-нанымдардың біздің заманымызға дейін жеткенін ешкім де жоққа шығармайды.

XVIII ғасырдың аяғында ислам орыс әкімшілігінің отарлық саясатына наразы болған қазақтардың идеологиялық құралына айнала бастады. Бірте-бірте мешіттер саны көбейді. Оларды салуға жеке адамдар мен өкімет өз үлестерін қосты. Тарихтан белгілі – Бөкей Ордасының ханы Жәңгір Бөкеев 1827 жылы өзінің Орда маңында (Нарын құмы) өз қаражатымен, өз жобасымен мешіт салдырып, имандылық пен қайырымдылық үлгісін көрсеткен. Жәңгір ханның өз халқына жасаған қайырымдылығы тек мешіт салдырумен шектелмеген. Мұрат ақын жырлағандай, Жәңгір:

“Жасқұста қала салдырған,
Меткілеп, арал қалдырған.
Жеріне жеміс еккізген,
Арпа мен қауын төккізген”.

Кейін хан 1841 жылы қазақ жерінде тұңғыш қазақ балалары үшін азаматтық мектеп ашқан.

Орынбор генерал-губернаторлығы кеңсесінің қызметкері И.С.Иванов Жәңгірдің қайраткерлігі жөнінде былай деп жазды: “Жәңгір Ордаға мешіт салдырып, молдалар шақыртып, елдің сауатын ашуға талаптанды. Сөйтіп, қырғыздар арасында мұсылмандықты орнатуға барынша күш салды”.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында ислам дінінің ықпалы қазақтар арасында мейлінше күшейді.

Мұсылмандық оқу орындары – мектептер мен медреселер және оларда оқыған шәкірттер саны туралы мәліметтер толық, әрі анық еместігіне қарамастан, мұрағат деректерінен олардың жылдан-жылға өскенін көреміз.

Мысалы, Жетісу облысында 1891 жылдан 1897 жылға дейін мектептер саны 64-тен 88-ге дейін, оқушылар саны 1251-ден 12835-ке дейін өскен. Семей облысында 1884 жылдан 1885 жылға дейін мектептер саны 10-нан 17-ге дейін, оқушылар саны 615-тен 900-ге дейін өскен. Жетісу облысында мектептер саны 341-ге, оқушылар саны 4204-ке жетті. 1906 жылы Сырдария облысында ауыл мектептерінде 6204 ер бала мен 515 қыз бала оқыды.

Кеңес өкіметі жылдары қазақ халқын ағарту бағытындағы мұсылман мектептерінің рөлі әдейі төмендетіліп, еңбектері жоққа шығарылып келді. Олар діни фанатизм ошақтары ретінде сынға ұшырып, мүлде есепке алынбады. Ал тарихи шындыққа жүгінсек, ислам қағидаларын оқытқан мұсылмандық мектептердің құнды тәлімдік тәжірибесі, ұстанымдары мен бай тарихы болған. IX-XIII ғасырларда өмір сүрген Жүсіп Баласағұн, Махмұд Қашқари, әл-Фараби, Ахмет Иүгінеки, Қожа Ахмет Иассауи, т.б. кемеңгерлер мұсылман мектептерінен білім алған адамдар еді.

Қазақ жерінде Қазан төңкерісіне дейін мұсылман мектептерінің “қадим” және “жәдат” деп аталатын екі түрі жұмыс істеген. “Қадим” мектептерінде оқу араб тілінде жүргізіліп, жалаң діни білім берілді.

Оқу мерзімі 4 жыл, оқуға балалар 7 жастан қабылданған. Оқушылар сауат ашу жолын 28 араб әрпін және оның жазылуын 8 мағынасы жоқ сөзді жаттаудан бастаған. Сол кездегі мектептің бірінші оқу құралы ретінде “Иман шарт” пайдаланылған.

Екінші оқу жылы “Әптиек” – құранның жетіден бір бөлігі оқытылған. Әптиектен кейін Құранның өзі оқытылған. Бұлардан басқа “Бадауам”, “Ахирзаман”, “Қырық хадис” атты араб және түрік тілдеріндегі кітаптар қолданылған. Сонымен қатар жекелеген мектептерде шығыс ойшылдары Фирдоуси, Низами, Науаи шығармала-

ры да оқытылған. Оған дәлел болып Семейдегі Ахмет Риза медресесіндегі үш жыл білім алған ұлы ақын Абайдың өз өлеңдерінде шығыс ғұламаларын мысалға келтіруі табылады.

Мұсылман мектептерінің екінші түрі жаңа әдістік “жәдит” мектептері ХІХ ғасырдың аяғында Ресей империясының рухани озбырлығына күрестің нәтижесінде туындаған еді. Бұл мектептердің негізін татар оқымыстысы Ысмағұл Гаспринский қалаған болатын.

Жаңа әдіс мектептерінде ислам қағидаларымен қатар, ана тілі, арифметика, әдебиет, табиғаттану, орыс тілі, география пәндері оқытылды.

“Жәдет” мектептері Поволжье халықтары арасында қолдану тауып, кейінірек Батыс Қазақстанға тарады.

Ислам дінінің қазақтар арасына келуіне байланысты бұрынғы құдайлардың орнын мұсылман әулиелері ала бастады. Мысалы, Маңғыстауда 367 әулие болған деген аңыз күні бүгінге дейін сақталған. Сол әулиелердің бірі Бекет Ата – Батыс Қазақстан жұртшылығы түгел сыйынатын кейіпкер.

XVIII ғасырда өмір сүрген Бекет Мырзағұлұлы өз халқын ағартуға, сауаттандыруға, имандыландыруға және сауықтыруға зор үлес қосты. Хиуа медресесін бітірген Бекет Әулие қазіргі Атырау, Маңғыстау және Қызылорда облыстарының территориясында төрт жерден мешіт ашып, балаларды дін жолына үйреткен. Бекет Әулиенің үстірттегі Оғыланды мешіті үңгірге салынған. Қазақтармен қатар, көршілес Түркімен, Өзбек, Қарақалпақ бауырларымыз да Бекет Атаны пір тұтып, аруағына сыйынған.

Сондай-ақ Қазақстанда халық пір тұтатын басқа да әулиелер мен аңыздық кейіпкерлер өте көп. Олардың бірқатары бүкіл мұсылман әлеміне ортақ кейіпкерлер болып табылады. Қазақтар өз айналасына, ағайын-тумасына, көрші-көлеміне, дос-жарандарына жақсылық, бай-қуаттылық, молшылық, разылық, нәсіп, несібе тілегенде “Жорытқанда жолың болсын, Қыдыр ата жолдасың болсын”, жас әйелдерге де Қыдыр атаның аян беруін

тілеп отырады. Қыдыр ата аңыз бойынша қазақтардың жарылқауымен, қорғаны әрі жебеушісі болып табылады. Әдетте, жұрттың көзіне оң қолына таяқ ұстаған, сақалы белуарынан түскен, оң қолының бір саусағы кем қария болып көрінеді. Қыдыр ата аян берген отбасылардың ісі оңға басып, оларды тек баянды бақыт пен молшылық, ырыздық күтіп тұрады деп есептеген.

Халық арасында ежелден әулие саналған Қорқыт ата, Арыстан баб, Домалақ ана, Шопан ата, Масат ата, Қошқар ата, Шақпақ ата есімдері бұрынғы діни сенім-нанымдардан мұсылмандық қасиеттілер санатына ауысты.

Қорқыт ата туралы аңыздарда ол теңдесі жоқ күйші-композитор, бақсы, балгер танылған. Сонымен қатар, Қорқыт ата бақсылардың жебеушісі саналған. Қорқыт ата қобызға арнап көптеген күйлер шығарған, солардың он шақтысы біздің заманымызға жетті. Бақсылар да өздерінің ем-домдарына қобыз аспабын кеңінен қолданған.

Шамандық – қазақтардың исламдық дәуірге дейінгі діни дәстүрлерінен берік орын алған құбылыс. Кейін де шамандық қазақтар арасында кең тарады. Оның негізінде ежелгі замандарда қалыптасқан рух туралы түсініктер жатыр. Ислам қазақтар арасына арабтың рух мағынасын беретін “жын” сөзін әкелді. Құран жындарды мұсылмандарға және мұсылман еместерге бөледі. Сондай-ақ рухтардың “пері”, “албасты”, “шимұрын”, “жезтырнақ”, т.б. түрлері бар деп есептелді.

Қазақтардың халық ертегілерінде “албасты” мен “жезтырнақ” жирен шашты әйел түрінде бейнеленді. Олар аса қорқынышты, ызалы, қатыгез рухтар деп есептелген.

Шамандар халықтың рухтарға байланысты сенім-нанымдарын негізге ала отырып, рухтардың көмегімен оларды шақыра отырып, әр түрлі ауруларды емдеуге тырысты.

XIX-XX ғасырларда шамандық қызметті еркектер атқарған.

Шаманның негізгі жоралық құралы жылқы қылынан істелген шегі бар қобыз болды. Бақсының қолындағы қобыздың неше түрлі ғажайып қасиеттері бар деп есептелген. Бақсының екінші бір жоралық құралы аса таяқ болған. Сондай-ақ бақсы ауруларды емдеу кезінде жындарын шақыру үшін қобызды ойнаған, аса таяқпен жерді тепкілеген, қамшымен айналаны осқылап ұрған, дауылпазды даңғырлатып, бет-аузын қисаңдатып, аң ұрып, неше түрлі күйге түсетін болған. Осы сенім-нанымдар мен діни жоралар ислам діні құндылықтарымен бірігіп, кірігіп, астасып біздің заманымызға дейін жетті. Ал ислам дінінің өзіне келетін болсақ, жер бетінде 1 миллиардқа жуық адам мойынсұнған ең ұлы діндердің бірі.

Исламның 5 шарты бар: 1. Алланың барлығына, Мұхаммед пайғамбарға сену. 2. Намаз. 3. Ораза. 4. Зекет. 5. Қажылық исламның Алла атына берілген тәлім-тәрбиелік, уағыз-өсиет, ереже-қағидалар жиынтығын *шариғат* деп атайды.

Иманның 6 шарты: 1. Алла тағалаға иман келтіру. 2. Періштелерге иман келтіру. 3. Кітаптарына иман келтіру. 4. Пайғамбарларына иман келтіру. 5. Ақырет күніне иман келтіру. 6. Жазмыш пен қазаға иман келтіру.

Исламның қасиетті кітабы – ҚҰРАН.

Мұхаммед пайғамбар – адамзаттың ұлысы, адам баласының қамқоры әрі ұстазы, Алланың соңғы елшісі. Пайғамбар 571 жылы 28 шілдеде дүйсенбі күні Мекке қаласында дүниеге келіп, 632 жылы 8 маусымда дүйсенбі күні Мәдинада қайтыс болып, сонда жерленген.

Мекке – мұсылмандардың Арабиядағы қасиетті бас қаласы, астанасы. Мұхаммед пайғамбар осында туған. Қағба осы қалада. Қажылыққа баратын адамдар осы Меккеге барады.

Мәдина (пайғамбар қаласы деген сөз) – Мұхаммед пайғамбар 622 жылы 16 шілдеде Меккеден осында қоныс аударған. Содан бастап 622 жыл хижра жылы, яғни қоныс аудару жылы немесе ислам жыл санауының басы деп аталады. Мұсылмандардың жыл санауы осы жылдан басталады. Мұсылманның алғашқы астанасы да осы Мәдина.

Мұхаммед пайғамбар Мәдинада жерленген.

Мешіт – Алла үйі, қасиетті инабат, ғибадат орны. Мешітке оң аяқпен, сәлем беріп кіреді. Мұнда төрге, орынға таласпайды, дүние сөзін немесе әдепсіз сөйлеуге болмайды. Әр мұсылман Алла үйіне құрметпен қарауға міндетті.

Мұсылман қауымының бас мешіті Мекке шаһарындағы Әл-Масджид аль Харам. Бұл мешіт алаңында Қағба орналасқан.

Қағба – исламның қасиетті киелі орны. – Мекке қаласындағы Әл-Масджит аль Харам ауласының ортасына орналасқан. Дүние жүзінің мұсылмандары ғибадат еткенде бетін осы Қағбаға (құбылаға) қаратады. Қағбаны Ибраһим пайғамбар салдырған. Қажылыққа келгендер 7 рет айналып шығуы керек.

Қағба түбінен шығып жатқан киелі бұлақ суын мұсылмандар зәмзәм деп атайды.

Айт – діни мереке. Оның 2 түрі бар. Біріншісі – Ораза айты. Екіншісі – Құрбан айты. Айт мерекелері 3 күнге созылады. Ораза айтында пітір садақа беріледі. Ораза айтынан 70 күннен кейін келетін Құрбан айтында малдан құрбан шалынады. Құрбанға шалынатын мал қой, ешкі, сиыр, түйе. Малдың басқа түрі немесе хайуандар құрбанға шалуға жарамайды. Айт күндері ораза ұстауға болмайды.

Қажылық (қажы) – мұсылманның бес парызын орындаған, Меккеге барған адамға берілетін діни атақ. Алғашқы қажылық сапар Мұхаммед пайғамбар тұсында 631 жылы басталған. Қажылық сапарға алғашқы басшылық жасаған – бірінші халифа Әбубәкір (568-634 ж. шамасы).

Азан – мұсылмандарды намазға шақыру деген сөз. Намаз кезінде муәззин-азаншы мешіт мұнарасына шығып азан шақырады. Мұхаммед пайғамбар тұсында азаншы Біләл есімі мұсылмандар арасында бүгінге дейін құрметпен аталады.

Зекет – Исламның төртінші шарты. Бұл малынан, алған өнімінен құдай, дін жолына, жетім-жесірлерге берілетін үлес, салық. Зекет алтын, күміс қорынан, ақ-

шалай табысынан да беріледі. Жыл сайын зекет беру, әр адамның адамгершілік әрі мұсылмандық борышы. Малдан зекет мөлшері мынадай: 40 қойдан 1 қой; бес түйеден 1 қой; отыз сиырдан 1 қой, т.с. зекет пақырларға, кемтарларға, жетімдерге, т.б. беріледі. Зекет жақын, ауқатты адамдарға берілмейді.

Ораза – исламның бес шартының бірі. Жасы 9-ға толған қыз, 12-ге толған ұл әр мұсылман рамазан айында 30 күн ораза ұстауға міндетті. Оған мүмкіндігі келмеген кейбір адамдарға оразаның басында және аяғында 3 күннен ауыз бекітуіне болады. Сол сияқты аурулар, қарт адамдар, екіқабат, бала емізген әйелдер, сапарда жүрген адамдар ораза ұстамауына болады. Бірақ олар бұл міндетті кейін орындауы керек.

Ораза ұстағандарға *оразан қабыл болсын* деп сыйлап, құрмет көрсету керек, оларды ренжітуге болмайды. Көршілері немесе жақын адамдары ораза тұтқандарды *ауыз ашарға* шақырса, үлкен сауап болады. Ораза кезінде барлық адам өздерін жаман әдеттер мен сөздерден тыйып ұстағаны жөн.

Ораза ұстаудың денсаулыққа пайдалы жақтарын дін ғана емес, Шығыс ғұламалары да, басқа шипагерлер де дәлелдеген.

Намаз – мұсылмандардың екінші шарты, дін діңгегі, иманның тәні, құдайға құлшылық пен сенімнің ең үлкені. Ол Мұхаммед пайғамбар тұсында, 621 жылы Мекке қаласында мұсылманға парыз болып белгіленген. Бес намаз бар, олар: таң намазы, бесін намазы, екінді намазы, ақшам намазы, жашиық намазы. Күн шығып келе жатқанда, тал түсте және күн батып бара жатқанда намаз оқуға болмайды.

Намаз оқу – мұсылмандықтың және адамшылық пен әдептіліктің де белгісі.

Пітір – жыл сайын ораза кезінде мешітке арнайы апарып, әр адам ата-аналарына, т.б. әруақтарға бағыштап құран оқытып берілетін садақаның бір түрі.

Садақа – жетім-жесірге, қаріп-қасерлерге немесе дін жолына бағышталып берілетін құдайы. Садақа беру –

мұсылмандықтың белгісі. “Садақа бергеннен пенденің малы кемшімейді” деген Мұхаммед пайғамбар. “Садақаны сауда бер” деген халық тағылымы тағы бар.

Құрбан айты – мұсылмандардың ең үлкен және қасиетті мейрамы. Ол ораза айтынан соң 70 күннен кейін қажылық сапарына тұстас келеді. Бұл айтта малдан құрбан шалынады. Құрбанға қой, ешкі, сиыр және түйе шалады. Басқа мал жарамайды. Қой, ешкіні бір адам үшін, сиыр, түйені жеті адам бірігіп шалуға болады. Құрбанды түнде шалуға болмайды. Құрбан айтында әр мұсылман бір-бірін құттықтап, тілек айтады, қатесі болса кешірім жасайды, бір-бірінен айттық сұрайды. Айт күндері әркім таза жүруге, әдепті сөз сөйлеуге тиіс.

Жұма – мұсылмандардың қасиетті және демалыс күні. Жұма түнінде көктен Құран түсе бастады. Бұл күні әр үйден аруақтар дұға дәметеді. Мұсылман қауымының жұма күні аруақтарға арнап шелпек пісіріп, құран оқытатын себебі осындай. Жұмада қайтыс болған немесе жамбасы жерге тиген адамдар иманды жандар болып саналады.

Негізгі ұғымдар мен терминдер:

Ислам
Мұхаммед пайғамбар
Ислам діні Қазақстанда
Мұсылман мектептері
Әулиелер
Шамандық, бақсылық
Құран
Мұсылмандықтың бес парызы

СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР:

- 1. Ислам діні қайда пайда болды?*
- 2. Ислам діні Қазақстанға қалай тарады?*
- 3. Бұрынғы сенім-нанымдар мен діндердің исламмен қандай байланысы болған?*
- 4. Шамандық дегеніміз не?*
- 5. Құранда қандай мәселелер қамтылған?*
- 6. Ислам дінінің қоғам дамуы үшін қандай маңызы бар деп ойлайсыз?*

XVI БӨЛІМ

ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАР МӘДЕНИЕТІ (ЭТИКЕТ)

§1. Көшпелілер этикеті (әдебі)

Көшпелілердің дәстүрлі қарым-қатынастары мәдениетінің нормалары ауылға немесе жеке тұрған киіз үйге атпен шапқылап келуге тыйым салған. Ол әрекет біреудің қазасы туралы хабар әкелу белгісі саналған. Киіз үйге бірінен соң бірі кіруге рұқсат етілген. Бір мезгілде екі адамның табалдырықтан аттап үйге кіруі үлкендер тарапынан наразылық тудырған. Өйткені бұлай істеуге кісі өліміне байланысты жаназа кезінде ғана болатын еді. Қазақтар киіз үйдің ту сыртына келіп атынан түсетін болған. Үйдің есігінің алдына атпен келу әдепсіздік белгісі саналған. Ер адамның алдын кесуге болмайды, онда ол кісіні сәтсіздік күтіп тұр деп есептеген.

Қазақтарда киіз үйге қамшыны қолға ұстап кіру де әдепсіздіктің белгісі саналған. Киіз үйге аузына бір нәрсе салып, шайнап кіруге болмайды, үйден шыққанда олай істеуге болады. Киіз үйге кірген адамға міндетті түрде “дәмнен ауыз тиіңіз” деп құрмет көрсетілген.

Киіз үйдің ішінде әркімнің жасына, отбасылық қарым-қатынастарына байланысты өз орындары болған. Ол орындарға отыру қатаң сақталған. Қазақ халқы – өте қонақжай халық. Сондықтан киіз үйдегі ең құрметті орын “төр” қонаққа ұсынылған. Қонақ жоқта ол орынға үй иесі – отағасы отыратын болған. Үй иесі әйелінің орны оның сол жағында орналасты. Келіннің орны есікке жақын, сол жақта болды. Келіндер балалары екі-үш жасқа келгенше атасына және барлық туысқандарына көрінбеуге тырысқан.

Көшпелі қазақтардың жүріп-тұруын, отырысын реттейтін қалыптасқан әдеп бойынша:

– сүйеніп отыруға, тіреліп отыруға болмайды – бұл ауру адамның отырысы;

– таянып отыруға болмайды – бұл жақын адамнан айырылған адамның отырысы;

– белінді таянба, егер ер адам солай отырса, оның күші кеткенін білдіреді. Сондай-ақ, “бүйіріңді таянба” деген де шектеу болған;

– жағыңды таянба – бұл да қайғының белгісі саналған;

– қолыңды төбеңе қойма, қолыңды қусырма – “өйтсең сенің қолыңды құдай байлайды” деп түсіндірген;

– тізеңді құшақтама, керме – өйтсең “қу тізеңді құшақтап, жалғыз қаласың” деген;

– жұртқа қарап керілуге болмайды бұл да әдепсіздіктің белгісі саналған.

Жас адамдарға киіз үйдің ішінде жамбастап жатуға рұқсат берілмеген, олай жату жасамыс адамдардың ісі деп саналған. Жатып ішуге тек ауру адамдарға рұқсат етілген.

Аяқты созып отыруға болмайды, олай істеуге тек кішкене балаларға рұқсат етілген. Тізерлеп отыру да мәдениетсіздік белгісі деп есептелген. Олай отырсаң, көп ұзамай тақыр кедейге айналасың деп есептеген. Ешқандай мал-мүлкі, отбасы жоқ қаңғыбастар мен кедейлер ғана солай отырған. Қазақтардың ер-азаматтарының дұрыс отырысы “малдас құрып отыру” болды. Ошақ иесі бәйбіше сол аяғын тізесінен бүгіп, оң аяғын астына алып отырған. Бұл отыру әдісін қымыз құйғанда, ет турағанда ер адамдар да қолданған.

§2. Қазіргі қарым-қатынастар мәдениеті

Адамдардың сүйікті қызметімен айналысуы тек қоғамдық өндіріс саласындағы жұмысты ғана емес, сонымен қатар жұрттың бәрі қабылдаған, қажетті қарым-қатынастар ережелерін пайдалануды керек етеді. Күнделікті өмірде, таң атпай жатып тәрбиесіз біреуден көрген

өзіңе деген дәрежеліктің кесірі бүкіл күн бойына жай-күйіңнің бұзылуына әкеліп соғатыны, ол сен үшін жұмыста да, түзде де кері әсер ететіні белгілі.

Егер де адамдарға, қоғамға деген мәдениеттілік қарым-қатынастары ережелерін отбасында, мектепте, жоғары оқу орнында үйренбесе, оларды жас адамдардың өз беттерімен оқып-үйренуі еш уақытта кеш емес. Ең бастысы, мәдени, әдептілік қарым-қатынастар ережелерін балаларға үйреткен жөн. Болашақ отбасындағы қайырымдылық, қуаныш және бақыт, махаббат солардан басталады. “Әдеп – ақылдан күшті” мәтелінде үлкен мән бар. Мейлі, әдеп әдеттері біздің санамыздан бөлек жұмыс жасасын, яғни олар біздің жоспарланбаған өмірбақиғы әдеттерімізге айналсын. Одан біз қор болмаймыз.

Қалыптасқан әдеттерді, қалыптарды қайта құру қиын болса да, оқу, үйрену еш уақытта аздық етпейді. Сондықтан да күнделікті өмірде кездесетін жағдайларға тоқтай отырып, сондай жағдайларда жас адамның өзін-өзі қалай ұстау керектігіне тоқталып көрейік. Біз бірге отырып, автобуста, таксиде, қоғамдық орындарда қажетті қарым-қатынастар ережелерін талқылап көрейік. Қалай сәлемдесу керек, қашан сен, қашан сіз деп сөйлесу керек. Дүкен және асхананы еске алайық. Кешке киноға немесе театрға барайық. Мүмкін, биге барармыз? Жазғы демалыс кезінде бізге ұшақ немесе пойыз, мейманхана қызметін пайдалануға тура келеді. Сол кезде қалай өз-өзімізді ұстауымыз керек. Ол да қажет нәрселер. Соңында қарапайымдылық, жүріс-тұрыс, өзін-өзі ұстау, ишарат, түшкіру мәселелерін де талқылау қажет деп санайық. Осылардың бәрін жинақтай келе, адамгершілік, парасаттылық, әдеп нормаларын күнделікті өмірде сөз жүзінде емес, іс жүзінде орындау қажеттігін бүкіл болмысымен түсініп, пайдаланатын болсақ, еш уақытта қор болмаймыз. Мінез-құлық ережелерін қатып қалған қағида деп қарастыруға болмайды. Әр түрлі халықтар, әр түрлі өмірлік жағдайларда оларды сол жағдайларға сай қолданады. Бірақ барлық ережелердің бәріне ортақ қағида өмір қуанышы, көңілді жай-күй, денсаулық негізі – қайы-

рымдылық, қажеттілік және гигиена талаптарының орындалуы болып табылады.

Таңертең ұйқыдан оянған соң, оның алдында қандай қуанышсыз болса да, жымыңыз. Өйткені сіз ұйқыдан соң, жаңа тудыңыз ғой. Ұйқыға кеткесін біз, өмірден кетеміз, тіпті көрген түстеріміз де біздің санамыздан тыс өтіп жатады.

Егер сіз ұйқыдан ерте тұрсаңыз, үйдегілерді оятпауға тырысыңыз. Аяқ-табақты тырсылдатпай, есікті қатты жаппай, сіз көңілді жай-күймен жұмысқа немесе оқуға кетесіз.

Егер сіз үйдегілермен бір уақытта тұрсаңыз, бір-біріңізге “Қайырлы таң” тілеңіз. Жұмысқа (оқуға) жинала отырып, сіз кіре берісте жалтырата тазаланған аяқ киімді, киімдігіштегі үтіктелген, тазаланған киімді көресіз (үнемі бір орындағы). Оларды күні бұрын дайындап қойған да өзіңіз. Қажетті нәрселерді бір орынға орналастыру әдетін қалыптастырыңыз.

Қалай сәлемдесу керек? Баспалдақпен түсіп келе жатып немесе үйден шыққанда сіз көршілерді, таныстарды, достарды кездестіруіңіз мүмкін. Олармен қалай амандасып, денсаулығын сұраған жөн? Ең әуелі амандасушыға жылы қабақ көрсетіп, көзіне жымыып қараған дұрыс. Ер адам сәл басын иіп амандасады. Егер сізбен бірінші болып амандасса, оған әдепті, достықпен жауап беріңіз, тіпті ол амандасу сіз үшін онша жайлы болмаса да. Жақын-жуықтармен, өзге де аз таныс адамдармен салыстырғанда жылырақ амандасады. Тәуліктің мерзімдеріне сай “қайырлы таң”, “қайырлы күн”, “қайырлы кеш” деп амандасады. Әр түрлі жағдайларға сай, “сізге сәлем”, “сәлеметсіз бе” деп те, кейде тұрмыстық ортада “сәлем”, “салют” деп те амандасып жатады. Амандасу сөздерін мұрынның астынан былжырақтамай, анық, айқын айту қажет.

Кім бірінші амандасады? Әдетте, жасы кіші үлкенмен, ер адам әйел адаммен, бағынышты бастыққа бірінші амандасады. Жас қыз өзінен жасы үлкен ер адамға бірінші болып сәлем береді. Алайда, сәлем күтіп ыңғай-

сыз жағдайға ұшырамаған абзал. Ондайда бірінші болып өзіңіз амандассаңыз, ұтылмайсыз. Әдетте, таныс адамдармен амандасады. Дегенмен, үнемі көріп жүретін адамдармен амандасқанның да айыбы жоқ. Үй-жайға кіргенде сіз бірінші болып амандасасыз, шыққанда – бірінші қоштасасыз. Бұл ереже ерлерге де, әйелдерге де бірдей.

Қол алысу. Таныс адамдар қол алысып амандасады. Қол таза әрі құрғақ болуы шарт. Егер сізге немқұрайды, оның үстіне дымқыл қол ұсынса, ұнамсыз болар еді. Қол алысу шын жүректен әрі біршама мығым болса, тәуір әсер қалдырмақ. Бірақ мығым қол алысудың да шегі бар, бар пәрменімен қолыңды сығып жіберсе, ол адамды одан кейін тәуір көруіңіз екіталай. Амандасу және танысу кезінде жасы үлкен адам өзінен кішіге, әйел адам ер адамға, ұстаз шәкіртке, басшы орындаушыға бірінші болып қолын ұсынады. Қыз немесе жас әйел жасамыс адам қашан қолын ұсынар екен деп күтіп тұрады. Қол беріп амандасқанда міндетті түрде орнынан жайлап тұрады, тек жасы үлкен әйелдер ғана орнынан тұрмайды.

Жас әйелге басшысы амандасқанда, тұрып, ишарат білдіріп амандасқан жөн болады. Бірақ қалыптасқан жағдайға сай бұл ереже өзгеруі мүмкін. Мысалы, театр мен кинода өзге жұртты мазаламау үшін тұрып амандасу шарт емес. Егер ер адам жалғыз болса, әйел адам ортасындағы ер адаммен бірінші болып амандасады.

Көшеде бірінші болып озып бара жатқан амандасады. Мекеменің қабылдау бөлмесіне, пойыз купесіне және т.б. жерлерге кіргенде онда отырғандармен бірінші болып амандасып, шығарда қоштасу керек. Ауылдық жердегі шағын дүкенге кіргенде сатушымен де бірінші болып амандасады. Алысқа жүретін автобус немесе такси шопырымен бірінші амандасады. Кафе, мейрамхана және т.б. қоғамдық орындардың үстеліне отырарда, өзіңізден бұрын отырғандармен сіз бірінші амандасып, бірінші қоштасасыз. Егер сізбен отырған адамдармен сұранысты бірге алған болса, асыңызды басқалардан бұрын ішіп болсаңыз да, қалған адамдардың болғанын

күтіп, дастарқан басынан бірге тұрғаныңыз әдептілік белгісі болып табылады.

Қонаққа келгенде әуелі үй иесі әйелімен, сосын үй иесімен, содан кейін келген қонақтармен амандасады. Егер қонақ көп болса жұрттың бәрімен қол беріп амандасу міндетті емес. Егер сіз кешігіп келсеңіз, үй иесі сізді өзге қонақтарға таныстырады, сіз басыңызды изеп олармен амандасасыз. Үстел үстінен қол беріп амандасып жату әдепсіздік болып табылады.

Сәлемдесу кезінде қол беруге де сақтық керек. “Сырын білмейтін аттың сыртынан жүрме” дегендей, танымайтын адам сізге қолын бермей қалса, өзіңіз ыңғайсыз жағдайда қаласыз. Егер өзіңіздің қолыңыз бос болмай, сәлемдесу үшін ұсынған қолды алмасаңыз, ол себепті айтуыңыз керек.

Қолғап киген күйде қолды ұсынбайды. Бұл жерде мынадай бір мәселе бар. Қазір не көп, ауру көп. Сондықтан жеке гигиена үшін қолғап киген күйде неге амандаспаққа деген де сауал туындайды. Дегенмен, ғасырлар бойы ата-бабаларымыз бастарын иіп, кеуделеріне қолдарын басып, иіліп бір-бірімен амандасып жүрген ғой. Сол игі дәстүрді қазіргі кезде де жалғастырса, ешқандай айыбы жоқ деп есептейміз.

Оқу орындарында бас киімді алып жүреді.

Тролейбуста, автобуста, пойызда, таксиде. Қоғамдық көлікке асықпай, алдымен қарт адамдарды, әйелдерді, мүгедектерді жіберіп, кезекпен кірген жөн.

Көлікке кіргенде есіктің алдына, тіпті жақын арада шығатын болсаңыз да тұрмаңыз.

Отыратын орын екі адамға есептелген болса, оған жалпып, орынды түгел алып отырып алмаған жөн. Сөмкелер мен заттарды тізеңізге қойып отырыңыз. Орын бере отырып, мәдениеттілік сезімді басшылыққа алыңыз. Тұрған кезіңізде, ұсынылған орынға отырған кезде жылы сөзбен рахметіңізді айтуды ұмытпаңыз. Қоғамдық көлікке шылым немесе балмұздақпен кіруге болмайды. Қатты дауыстап сөйлеуге, тамақ ішуге, түшкіруге жол бермей, қол орамалды пайдалануды ұмытпаңыз. Көлікте

өзін-өзі қалыпқа келтіруге – тырнақ тазалауға, тіс, құлақ шұқуға, шашты немесе макияжды түзеуге болмайды. Ата-аналар балаларының аяқтарын әрі-бері қозғап, өзге жолаушылардың киімдерін ластамауды қадағалаулары тиіс. Газеттерді жиналмалы күйде оқиды. Өзге жүргіншінің үсті-басына көз жүгірту, оқып отырған кітабына үңілу – мәдениетсіздіктің белгісі. Қатты күлу де ыңғайсыз.

Таксиге мінсеңіз – жылдамдығын көбейтудің, тез бұрылыстар жасауды сұрамағаныңыз абзал. Өзіңізге қажетті маршруттың соңғы нүктесін бірден хабарлаңыз. Жүргізуші аталған жерге қалай жеткізуді өзі жақсы біледі. Таксиге отырарда “Сәлем, бастық!” деп ерсіленбей, әдеттегідей дұрыстап амандасыңыз.

Бірінші болып, машинаға әйелдер мен қарт адамдарды отырғызады. Салондағы ең құрметті әрі қауіпсіз орын шопырдың арт жағындағы орын болып табылады. Ер адам таксиге өзгелердің шығуына көмектесу үшін ең соңынан отырады.

Пойызда. Билет алу мәселесін алдын ала шешкен жөн. Үлкен жүкті жүк вагонына тапсырады. Вагонға кірерде әйелге, жасы кіші жасы үлкенге көмектеседі. Жолаушылар мен оларды шығарып салушылар дәлізде тұрып, жүргіншілерге ыңғайсыздық туғызбауға тырысады. Купеге кірген соң басқа жолсеріктермен амандасу керек. Ер адамдар бас киімдерін алып қояды. Шамадан-дар мен басқа жүкті отырғыш астындағы орындарға орналастырады. Жоғары тақтайға аса қажеттілік болмаса, еш нәрсе қоймаған жөн, пойыз шалт тоқтағанда адамдардың басына түсіп кетуі мүмкін. Ең ыңғайлы орын – терезе алдындағы бұрыш, оны қарт және ауру адамдарға ұсынады. Астыңғы орындарды үлкен адамдарға берген жөн. Астыңғы орынды күндіз купедегі барлық жолаушылар пайдаланады. Ұйықтайтын купеден жолсерігіңіз киіне бастаған кезде шығып кеткеніңіз дұрыс. Купеде және дәлізде іш киіммен жүру әбестік болады. Одан да жолға жеңіл спорттық костюм алып жүргеніңіз ыңғайлы болмақ.

Жолда адамдар тез танысып, өздерінің өткен-кеткенін, отбасылық, қызметтік, т.б. жағдайдарын айтып жатады. Осы қажет пе? Ол серігіңізге қызық па? Ерсілік болмасын. Егер сіздің серігіңіз мылжындық танытса, одан әдепті түрде кешірім сұрай отырып, кітап немесе газета оқуға кірісіңіз.

Вагонда тамақтану мәселесі. Дұрысы – бутерброд немесе басқа тамақ түрлерін алдын ала дайындап алу. Өзге жолаушыларды өткір иісімен мазаламау үшін сарымсақ, жуа, арақ, т.б. тамақ, ішімдік түрлерін жолға алмау керек. Тамақтанып отырған басқа адамға тесіліп қарау – әдепсіздік. Дұрысы – аз уақытқа купеден шыға тұру. Жол серігіңізге түскі асты сізбен бірге бөлісуге ұсыныс жасауға болады, бірақ жалынып сұрамаңыз. Тамақ қалдықтарын вагон терезесінен лақтырып жібермей, арнайы қалдық салатын жәшікке тастаңыз. Вагонда құмар ойындар ойнауға тыйым салынған.

Егер сіз пойыздан түнде шығатын болсаңыз, өзге жолаушыларды мазаламау жағын қарастырыңыз. Қалғандарға сәт-сапар тілеп, шығып кетіңіз.

Ұшақта. Сынатын заттарды жүк орнына тапсырмайды. Алып жүру ережелерімен агенттікте алдын ала танысқан жөн. Үйден шықпастан бұрын өз рейсіңіз туралы анықтамадан дұрыстап сұрап алыңыз. Ұшаққа кірер кездегі ереженің басқалардан ерекшелігі жоқ. Әуелі қарт адамдарды, балалы әйелдерді артынан кіргізеді. Сырт киімді отырғыш үстінде орналасқан тақтайға қоясыз. Тек мәнісін білмейтін қатыгез адамдар ғана көршілеріне әуе апаты немесе басқа ауыр оқиғалар туралы айтып, жұрттың мазасын алады. Барлық жерлердегі сияқты ұшақ ішінде де әр нәрсені шатып, жеккөрінішті болмауға тырысыңыз. Орта жолда тоқтап ұшатын жағдайда, ұшақтан қалып қоймаңыз. Ол үшін өз рейсіңіздің нөмірін есте сақтап, радио хабарын мұқият тыңдаңыз. Сіз кешіксеңіз, ұшақ тоқтатылып, оның соңғы нүктеге уақытынан кешігіп баруына себепші болатыныңызды ұмытпаңыз.

§3. “Сіз” және “сен”

Өзге адамға өреки сөйлеп, кішірейтіп, “сен” деп айтқан адам өзінің артықшылығын емес, қайта өзін-өзі ұстай алмайтынын, тәрбиесіздігін көрсетеді.

“Сен” деп сол кісімен жақсы араласатын әріптестері, достары, қызметтестері айтуы мүмкін. Көбіне “сен” деп қарым-қатынас жасау сыйлаушылық пен құрметті көрсетеді. Басқа адамдар мен таныстарға “сіз” деп қарым-қатынас жасайды. “Сізден” “сенге” көшудің қатып қалған ережелері жоқ. Оларды үлкен кішіге, басшы әріптесіне пайдалануы мүмкін. Таныса сала “сенге” көшуге асықпаңыз. Онымен сіз тек өзіңізді ғана емес, өзгені де ыңғайсыз жағдайда қалдырасыз. Мүмкін жаңа танысыңыз сізбен жақын танысуға “құлшынып” тұрмаған шығар. “Сен” деп айтатын қарым-қатынасты бірінші болып әйел адам бастауы ықтимал. Ер адам ондайға өтініш жасай алады. Егер сіз ресми түрде ата-тегімен айтсаңыз, оның алдына “жолдас”, “мырза”, “құрметті жолдас” сөздерін қолданасыз. Танымайтын адаммен “сізді маза лағаным үшін кешірім сұраймын!”, “Бау-бақша көшесі қайда екенін айтпайсыз ба?” сияқты сөйлемдермен қарым-қатынас жасауға болады. Жиналыста, лекцияда, т.б. көпшілік орындарда жиналғандарға арналған сөзді “мырзалар”, “жолдастар” немесе “құрметті тыңдаушылар” деп бастаған дұрыс болады.

Қоғамдық орындарда. Қоғамдық орынға, мекемеге кіргенде кезекшімен сыпайы амандасыңыз. Сіз туралы алғашқы пікірді сол қалыптастырып, ол “қоғамдық пікірге” айналады. Үйге кірерде есікті лақтырып, қатты жаппаңыз. Артыңызда кісі келе жатса, аздап есікті ұстай тұрыңыз. Гардеробта киімді тосқауылдың ар жағына жететіндей қылып алып беріңіз. Ресми мекеме кабинетіне кірместен бұрын есігін қағыңыз, кірген соң амандасыңыз. Егер сіз қабылдауға келсеңіз, қызметкер бос болмаса, күтіңіз, содан кейін ғана шаруаңызды айтыңыз. Өзіңізді қанағаттандыратын жауап алу үшін қоятын мәселеніздің жүйелілігіне мән беріңіз. Әңгіменізді

қажетсіз бос сөздермен күрделілетпеңіз. Әсіресе уақыты өте тығыз ірі басшыларға кіргенде көп уақыт алмауға тырысыңыз. Айтатын мәселеңізді қысқа, нақты қойыңыз. Психологтардың пікірінше, өзіңізге қажетті шешімді алу үшін сіздің мәселеңізді қарап отырған адамның бір-екі рет “иә” дегені жеткілікті. Егер көшеде ауарайы жақсы болса, ол жөнінде әңгімелеу барысында бір-екі сөйлеммен назар аударғанның артықтығы жоқ. Әйел адамға “Сіз өте жақсы көрінесіз” немесе “Сіздің көйлегіңіз қандай әсем” десеңіз – ұтпасаңыз, ұтылмайсыз. Сосын барып өз мәселеңіздің жайына көшкеніңіз дұрыс. Құжаттарды алдын ала дайындайды, олардың жүйелілігін ойластырады. Абыржымау керек. Егер сіздің әңгімеңіз кезінде қабылдаушы телефонмен сөйлесе, күте тұрып, болғасын өтінішіңізді қайталаңыз. “Рақым етіңіз”, “Рахмет”, “Ризамын сізге”, т.б. жылы сөздерді ұмытпаңыз. Сіз сыпайы болсаңыз, сізге де осындай құрмет пен сыпайылық болатыны анық. Кезекте тұрғанда алдыңызда тұрған адамға жабысып алмаңыз. Өзіңіздің таныстығыңызды, т.б. артықшылығыңызды пайдаланып, алға ұмтылмаңыз. Мәдениетті адам еш уақытта өзінің қызмет орнын пайдаланып, жұртқа жеккөрінішті болмайды. Егер сіз шынында аса маңызды шараға кешігіп жатсаңыз, алдыңызда тұрғандардан рұқсат сұрағаныңыз дұрыс. Жасамыс, ауру адамдарды, оларды сұратпай-ақ кезексіз жібереді.

Телефон және басқа қажеттіліктерді пайдалану. Егер сіздің телефон қоңырауыңызға желінің ар жағындағы адам жауап берсе, сәлемдесіңіз. Әсіресе, сіз танымайтын адамға телефон соқсаңыз. Егер сізге телефон соққан адамды танымай қалсаңыз, онда сыпайы түрде: “Кешіріңіз, мен кіммен сөйлесіп тұрмын?” немесе “Кешіріңіз, телефонда кім?” деп сұраңыз.

Бірінші болып жасы үлкен кісі немесе бірінші телефон соққан адам әңгімені тоқтатады. Егер сіз асығыс болсаңыз, кешірім өтініп, әңгімені тоқтату себебін айтып, трубканы орнына қоюыңызға болады.

Мәдениетті адамның күндізгі саяхаттарына көз жіберелік. Түскі ас кезі немесе кешкі уақытта сіз кафе, мейрамхана, т.б. жерлерге барасыз делік. Егер сіз өзіңізбен бірге оқитын немесе жұмыс істейтін әйел адаммен барсаңыз, қасыңыздағы әйел адамның киімін гардеробқа бірге тапсырып, нөмірін өзіңіз алғаныңыз жөн. Адам өзін-өзі әжетханада қалыпқа келтіреді. Вестибюльде тарау, косметикалық құралдарды пайдалану әдептілікке жатпайды. Залға кірместен бұрын тәрбиелі кісі қасындағы серігінен кешірім сұрай отырып, отыратын орынды ыңғайлайды. Сосын қайтып оралып, залға екеуі бірге бағыт алады. Залға кірерде оң жағында тұрып, есікті ашады да серігін бірінші кіргізеді. Отырарда орындығын кейін ысырып, серік әйелінің ыңғайлы отыруына көмектеседі. Отыратын үстел басында бұрыннан отырған адамдар болса, оларға қарап: “Кешіріңіз, бұл орындар бос па?” деп сұрайды, ұнамды жауап естіген жағдайда “рахмет” айтады. Үстел басындағы орындар қашан босар екен деп қазықтай шаншылып тұру – әдепсіздік. Ол дастарқан басындағыларға жайсыз әсер етеді. Егер сіз үстел басынан өзіңіздің танитын адамдарыңызды кездестірсеңіз, барып амандасу міндетті емес. Дұрысы – олардың үстел басынан тұрғанын күту. Әрбір нақтылы жағдайда өзіңізді қалай ұстауыңыз керек – оны әдептілік сезіміңіз шешпек. Егер жиналған қауым бірнеше адам болса, әуелі әйелдерді отырғызып, кейін ер адамдар жайғасады. Әйел адамға көмектесу мақсатында ер адам оның сол жағына отырады. Егер үстел басында тек екеуіңіз болсаңыз, бір-біріңізге қарама-қарсы отырыңыз. Бұл әңгімелесуге ыңғайлы. Әдетте даяшы мәзірді ер адамға ұсынады. Әдепті еркек мәзірге көз салмастан, оны әйел адамға бірден ұсынады. Ол ас мәзірін таңдай отырып, өз қалауын ер адамға жеткізеді. Ер адам сосын ортақ сұраныс береді.

Егер сіз қоғамдық орынға қауымдасып барғанда әркім өзі үшін “америкалық әдіспен” төлейтін болса, жұмсалатын соманың мөлшерін алдын ала келісіп алыңыз да, төлеу үшін оны бір адамға беріңіз. Мейрамханаға бармас-

тан сұранысты алдын-ала берген ыңғайлы. Сіздер келгенде дастарқан әзір тұрады. Дастарқан үстіндегі сіз білмейтін ас туралы даяшыдан сұрағанның айыбы жоқ. Әрбір мейрамхананың өзінің мекемелік асы болады. Егер сіз оған сұраныс берсеңіз, оны жеп қоюға тырысыңыз. Басқа үстел басындағылардан мәзірді сұрауға тура келген жағдайда, отырып алып айғайлап сұрау әдептілікке жатпайды. Орныңыздан тұрып, көрші үстел басындағыларға жақындап келген соң басыңызды иіп, “Кешіріңіз, мәзіріңізді бір сәтке бере тұрмайсыз ба?” деп сұрайсыз. Осы сияқты отырғышты, тұзды, қышаны, т.б. сұрап алады. Осының бәрі ер адамның ісі болып табылады.

Үстел үстіне сөмке және басқа да туалеттік заттарды қоймайды. Салқын және ішімдік сұйықтарын ер адам құяды. Әйелдер тек әйелдер арасында ғана құяды. “Соғыстыру” тек салтанатты сәттерде жүзеге асырылады және ол бір рет іске асырылады. Қалған сәттерде бокалды көтеріп, басын изесе жеткілікті. Үстел басында қолды әлсін-әлсін созып, бокал соғыстыру әдептілік емес. Асты түгел тауысып ішкен дұрыс. Кейбір адамдар тарелкаға астың бір бөлігін қалдыру дұрыс деп есептейді, бұл дұрыс емес. Сондай-ақ тарелкадағы қалдықты нанмен жалап жеу де әбестік болып табылады. Асты ауызға толтырып алып сөйлеу, тіске иілген ас қалдығын таза лау үшін тісті шұқу – мәдениетсіздік. Ас үстінде жай сөйлеу қажет, сондай-ақ көрші отырған адамдардың әңгімелеріне құлақ тұру де әдепсіздіктің белгісі. Қасыңызда отырған адамға бетіңізді өте жақын ұстап сөйлеспеуге тырысыңыз. Түскі асты аяқтағасын даяшымен есептесе отырып, серік әйеліңізге тұруға, киінуге көмектесіп, жұрттың назарын өзіңізге көп аудармай, қоғамдық орыннан жайлап шығып кетесіз.

Дүкенде. Дүкен немесе басқа қоғамдық орынға кірерде, шығушыларды алдымен өткізіп жіберіңіз. Егер сіздің артыңыздан біреу келе жатса, есікті ұстай тұрыңыз. Үй-жайға ауыздағы шылыммен, балмұздақпен кіруге болмайды. Егер дүкен шағын және оның ішінде тұтынушылар аз болса, дүкеншімен амандасыңыз. Азық-түлік-

ті қолмен ұстауға, көрмедегі өзге дүниелерді алдыңызда тұрған адамдардың иығынан асылып қарауға болмайды. Өзіңіз дүкеннен ештеңе алмасаңыз, тауарлардың сапасы, нарқы туралы сын-ескертпелер жасамағаныңыз дұрыс. Дүкенде уақыт өткізу үшін әрлі-бері бос жүріп алу қажет емес. Киноға, лекцияға жай, күнделікті қарапайым киіммен баруға болады.

Театрға жексенбілік, аса жарқырап тұрмаған киіммен барған дұрыс. Гардеробқа киімді ертерек тапсырып, өзіңізді-өзіңіз тәртіпке келтіру және орынды уақытында тауып алу үшін театрға ертерек келген абзал. Әсіресе, орныңыз орталық қатарда орналасса. Мұнымен сіз отырған адамдарды жайсыздыққа, машақатқа қалдырмайсыз. Залға бірінші болып ер адам енеді, әйел адам соңынан шығады. Егер залға таныс екі жұп келсе, ер адамның біреуі бірінші кіреді де, одан кейін екі әйел адам, олардан соң екінші ер адам кіреді. Осындай тәртіппен залдағы орындықтарға отырады. Өз орнына өту үшін отырғандарға алдын бере өтеді, отырғандар еркін өту үшін орындарынан тұрып, өткізеді. Ер адам әйелге жақсы, ыңғайлы көрінетін жерді ұсынып, мүмкіндігінше өзі әйелдің сол жағына орналасады. Отырғанда, тұрғанда отырғышты сықырламау үшін ұстап жіберіп отырады. Алдыңғы креслоға сүйенбеген дұрыс. Артта отырғандарға кеселдік келтірмеу үшін бас киімді алып отырады.

Әйелдерге бас киімдері өте биік болмаса алмай отыруларына болады. Залды оңды-солды көзбен сүзіп отыру – әдепсіздік, бинокльмен тек сахнаға ғана көз жүгіртеді. Егер балконда отырсаңыз, алдыңыздағы парапетке бинокль немесе басқа бұйымдарды қоймаған дұрыс, олар залға құлап кетуі мүмкін. Егер кешігіп қалсаңыз, қараңғыда сипалап өз орныңызға бармай-ақ, үзіліс болғанын күткеніңіз жөн. Қойылым кезінде көрші отырғандармен дауыстап, көргеніңізді мақтап немесе сынап жұрттың мазасын алмаңыз. Тәрбиелі адам әртістің кемшілігін көрсе де, көрмеген болады, ысқырып немесе жер тепкілеп әдепсіздік істемейді.

Егер сіз симфониялық концертте болып, симфония, кантата немесе басқа да көптеген бөлімдерден тұратын үлкен шығарманы тыңдасаңыз, әрбір бөлімнен соң қол соғып ризашылығыңызды білдірмеңіз, қол соғу бүкіл шығарма түгел орындалып біткен соң жүзеге асырылады. Жалпы классикалық музыка концерттерінде көп қол соғу әдетке айналмаған. Егер концерт сізге мүлде ұнамаса, келесі нөмірді хабарлап жатқанда, ең дұрысы антрактіде кешірім сұрап шығып кетіңіз. Үзіліс кезінде буфетке баруға болады. Қасыңыздағы әйел адамды ұзақ уақытқа тастап кетуге болмайды. Белгілі немесе таныс адамдарға шұқшиып, назарыңызды көп тігіп қарамаңыз. Кино, спектакль, концерт аяқталғанда бұзып-жарып, залдан тез шығуға асықпаңыз. Азғантай уақытты ұтқаныңызбен, басқаларды ыңғайсыздыққа ұшыратаңыз. Осы арада еуропалықтар арасында кең тараған “Толеранттылық”, “толерантты болу” деген ұғымның мәнін айтқан жөн. Толеранттылық дегеніміз – өз қылығыңмен, өз іс-әрекетіңмен, қала берді өз сөзіңмен өзге адамдарға ыңғайсыздық, жайсыздық тудырмау деген сөз. Егер театрда сіз танитын адамдар болса, өзіңіз жөнінде теріс пікір қалыптасуы мүмкін екенін ұмытпаңыз.

Киім үшін кезекке тұрады. Таныс адамыңызды көріп, соған қарай өзгелерді баса-көктеп ұмтылу жақсы емес. Сіз де сондай жағдайға тап болсаңыз, ренжіген болар едіңіз.

Көрмеде, мұражайда, кітапханада. Мұражайға, кітапханаға, көрмеге келушілер осы мекемелердің ережелеріне сай киімдерімен қатар, сөмкелерін, пакеттерін, портфельдерін және басқа да дүниелерін гардеробта қалдырады. Көптеген мұражайларда сіздің аяқ киіміңіздің сыртынан кию үшін киіз кебіс ұсынады. Көрмеде “желіп” жүріп көп нәрсені ұғына алмайсыз, сондықтан назарыңызды белгілі бір экспозицияларға аударғаныңыз абзал. Залда қатал тыныштық сақталады, көрермендерді көлденең әңгімемен алаңдату – әдепсіздік. Шығармаларға аса қажеттілік болмаса, көп жақын келмейді. Басқа адамдардың алдына тұрып алып, көруіне

кесел келтірмеген дұрыс. Мұражай, көрме жәдігерлерін, материалдарын қолмен ұстауға болмайды. Әр түрлі шығармалар жөнінде сын қорытындылар жасауға асықпаңыз. Мүмкін сіз бір көргеннен олардың мәнін дұрыс түсінбеген шығарсыз. Кітапхана кітаптарын күтіп ұстаңыз. Жуылмаған, дымқыл қолдардың кітап беттерінде іздері қалмақ. Кітапты парақтағанда саусақтарыңызды сілекейлемеңіз, беттерін қайырмауға тырысыңыз. Кітап беттерінің оқыған жерін белгілеу үшін қағаз салған дұрыс. Егер кітаптан үзінді, цитата алғыңыз келсе, оның авторын, атын, баспасын, шыққан жылын, беттерін мұқият қағазға көшіріп алыңыз. Ол сізге болашақта керек болады.

Біреуге кітап сыйлағанда өз атыңызды мұқабаның бірінші бетіне жазуға болады. Алған кітапты көп уақыт ұстау немесе бермей қою – мәдениетсіздіктің белгісі.

Дискотека, би клубы. Қазір билер мен дискотекаларға қалай жиналады? Дискотекаға жиналған жастар таныстығына қарай кішігірім топ болып алаңның әр жерлеріне жинақталып тұрады. Музыка қосылып, әр түрлі “жарқылдақтармен” бірге құлақты жаратындай әуен алаңды жаулап алады. Жастар денелерін серпінді қозғалыстар ырқына беріп билеген кезде, өзін де, өзгені де ұмытатын жағдайға көшеді. Мұндайда әңгімелесу, пікірлесу, т.б. қарым-қатынастар өз жайына қалады. Ирелендеген денелер, қиқаңдаған бастар эстетикалық онша жақсы әсер қалдырмайды. Классикалық билер кезінде танысу, әңгімелесу мүмкіндігі әлдеқайда молырақ болады.

Сонымен, сіз би залына кірдіңіз. Есіктің алдына көп тоқтаудың қажеті жоқ. Залдың қабырғаларына сүйенбеңіз, қолмен ұстамаңыз. Залға байқатпай көз жүгірткен кезде, өзіңізге ұнаған адамды анықтаңыз да, сол кісіге жақындап келіңіз. Әрине, шектен шықпағаныңыз дұрыс. Ол адамды бастан аяғына дейін көзіңізбен сүзіп қарамауға тырысыңыз. Музыка ойнала бастағанда, ол кісіге жақындап келіп, басыңызды иіп, “Сізді биге шақыруға бола ма?” деп сұраңыз. Биге шақырсаңыз, музы-

ка аяқталғанша билеңіз. Егер сіз жалғыз келмей, қасыңызда серігіңіз болса, биге шақырған адамға бос еместігіңізді айтып, сыпайы түрде кешірім сұраңыз немесе “Мен бұл биді билей алмаймын” деп те құтылуға болады. Биге шақырушы қайта-қайта шақырып, қызбашылық танытпауға тиіс. Ер адамды әйел адам биге шақырса, ол еш уақытта бас тартпайды! Әсіресе, ол би “ақ би”, яғни әйелдер биге шақыратын би болса. Шақырған әйелі биге шықпай қалған жағдайда, ер адам кешірім сұрап, жақын жерге ығысып тұрады. Бірақ ыңғайсыздықты жою мақсатында сол жерде жақын тұрған екінші әйелді биге шақыру әдепсіздік болып табылады. Екінші рет биге шақырғанда биге шықпаған адамды одан кейін биге шақыру тоқтатылады. Оның әр түрлі себептері болуы мүмкін екендігін ескеріп, көп ренжімеңіз. Әйелдің қасындағы адам не ала бөтен қызғаншақ, не сіздің өзіңіз ол әйелге ұнамайсыз. Егер әйелдің жанында серігі болса, әйелді биге шақырғанда, серігінен “Сіздің ханымыңызды биге шақыруға бола ма?” деп сұрайсыз. Мәдениетті ер адам әдетте қарсылық көрсетпейді.

Биге бағыт алған кезде ер адам әйел адамның шынтағынан демеп ұстауына немесе қолын ұсынуына болады. Би басталмастан бұрын, ер адам әйел адамға қарап басын иіп, ишарат білдіреді. Би кезінде ер адам оң қолымен әйел адамның мықынынан сәл жоғары, сол қолымен әйел адамның оң қолынан ұстайды. Билеу барысында әйел адамға “Сіз қандай тамаша билейсіз!” деп мақтау айтудың артықтығы жоқ екенін ұмытпаңыз. Орыс халқының “Әйел адам құлағымен, ер адам көзімен сүйеді” деген мәтелі тегіннен айтылмаған. Би аяқталғасын ер адам әйелді орнына дейін ертіп әкеледі. Егер жол тарлық етсе, әйел адам алдымен, ер адам оның артынан жүріп отырады. Би кезінде басталған әдемі әңгімені би аяқталған соң өзіңізбен билеген әйелдің қасында жалғастыруыңыздың өзі бір ғанибет. Кетерде басыңызды иіп, тағы бір рахмет айтсаңыз да артық емес. Осы сәттердің бәрі де бауырмалдықпен, кеңпейілділікпен, ақжарқындылықпен, ізгілікпен, көңілділікпен жүзеге асырылса, өзіңізге де, өзгелерге де қуанышты болатынын естен шығармаңыз.

Шылым жөнінде. “Темекі тартудың зиянды екенін Денсаулық министрлігі ескертеді”. Бұл ұран көнігі шылымқорлыққа ешқандай әсер етпейтінін өмір көрсетіп келеді. Өйткені, жаман әдеттен құтылу оңай шаруа емес. Әйтсе де, осы әдетке байланысты шектеулер мен тыйым салу ережелерін білген дұрыс. Ауруханалар мен жатағын бөлмелерде темекі тартуға болмайды. Темекі тартып жатып, ұйықтап кеткендіктің кесірінен қанша адам зардап шегіп, өрттердің болғанын, олардың кесірінен тіпті, кісі өлімдерінің болғаны жөнінде мысалдар аз емес.

Егер дастарқан басындағылардың бәрі темекі тартатындар болса, шылымды тамақ ішіп болғаннан кейін, онда да темекі түтінін отырған адамдарға қарай жібермей тартуға тырысыңыз. Ауызда темекі тұрса, сөйлемеген дұрыс. Ортада әйелдер болса, темекі тартуға рұқсат сұралады. Бөлмеге тұтатылған темекімен кіруге болмайды. Қонақта болғанда дұрысы темекі тартпау немесе үй иесінен рұқсат сұрап тарту. Егер темекі ұсынса, алғыс айтып алады. Алмасаңыз, “Кешіріңіз, мен шылым шекпеймін” деп ескертіңіз. Темекі мен шылымды қорабынан ыңғайлы түрде алып ұсынады. Темекіге шұқшия қарау немесе кейінге қалдыру үшін құлақтың сыртына қыстыра салу бір қарағанда онша әдепсіздік болмаса да, солай істемеуге тырысыңыз. Ол әдетке айналып кетуі мүмкін. Темекі күлін тамақ ішетін ыдысқа түсірмеңіз. Жанып тұрған шылымды үстел шетіне қоймаңыз, уақытында өшіруді де ұмытпаңыз.

Көшеде. Үйден шықпастан бұрын, әуелі айна алдында мұқият қараныңыз. Киімді, аяқкиімді шөткемен тазалап, жабысып тұрған жіп болса алып тастаңыз. Аяқ киімі лас адам өзгелердің ренішін тудырады. Жаяужолмен жүргенде басқаларға жол беру үшін жолдың оң жағын ала жүруге тырысыңыз. Топ болып келе жатсаңыз, бүкіл жаяужолды алмауға тырысыңыз. Одан да 2-3 адам болып, бөлініп жүрген дұрыс. Егер ер адам әйел адаммен бірге келе жатса, жаяужолдың жолға жақын жағымен жүреді. Егер жол қолайсыз болса, алдымен жүрген дұрыс. Егер сізге кездесу көшеде тағайындалса, ешқашан

кешікпеңіз, әсіресе, ауа райы қолайсыз күндері. Таныс адаммен кездессеңіз, жаяужолда тұрып алып әңгімелеспеңіз, өзге адамдарға кесел келтіресіз. Одан да бөлектеу жерге тұрып әңгімелесіңіз. Егер екі адам болып келе жатсаңыз, таныс адаммен сөйлесу үшін тоқтамаңыз. Аса қажеттілік болса, серігіңізден рұқсат сұрап алыңыз.

Көшеде әдейі біреулерге назар аудара қарау, қатты сөйлеу, сүйісу, ішіп-жеу, темекі тарту – әдепсіздік.

Көшеде басқа үй-жайлардағы сияқты радио, магнитофон, т.б. музыкалық аспаптар үнін қатты қоюға болмайды.

Көшеде жүріп келе жатып газет, журнал, кітап оқымайды. Қалай дегенде де өз мінез-құлқыңмен, әдетіңмен өзге адамдарға кесел келтірмеуге тырысыңыз, өз мәдениетсіздігіңізді ешкімге көрсетпеңіз.

Жатақханада, қонақ үйде, демалыс орындарында. Әрқашан есіңізде болсын: кез келген жерде өзге біреудің жанында тұрып шу шығару жақсы әсер қалдырмайды. Көршіңіз ұйықтап жатса, жоғарғы жарықты жақпаңыз. Дәлізде жайлап жүруге тырысыңыз. Есікті серіппей жайлап жабыңыз. Кірместен бұрын міндетті түрде есікті қағыңыз. Есікті жайлап, жұдырықпен ұрғыламай немесе аяқпен теппей саусақпен қаққан жөн.

Қонақ үй бөлмесіне кіргеннен кейін, егер сіз жалғыз болмай, сізден бұрын өзге адам тұратын болса, ол кісімен амандасыңыз. Қажет деп тапсаңыз, қайдан, не шаруамен келгеніңізді айтуыңызға болады. Алайда, таныса салып, бөтен адамнан не көрінгенді сұрап мазаламаған дұрыс. Бөлме ішіндегі шаруаларды (жуыну, қырыну, т.с.с.) көршімен ақылдаса отырып шешеді. Кетерде кілтті кезекшіге беріп кетеді. Бөлмеден шығарда асықпай суды, жарықты, радионы, теледидарды өшіреді. Басқа жерде, сол жердің дәстүрлерін сақтаған дұрыс болады. Мысалы, көшеде жатар киіммен, шортымен жүруге болмайды.

Кез келген жағдайда сізге өзіңіздің ішкі сезіміңіз бен мәдениеттілік деңгейіңіз көмектесуі тиіс.

Әдеп жөнінде. Әдеп дегеніміз не? Ол – қоғамның этикалық және эстетикалық талаптарын қамтамасыз етуге қажетті адамның өзін-өзі ұстай білуі. Өзіңізге және сізді қоршаған адамдарға жайлы болу үшін, әрқашан өзіңізді ойша басқа адамның орнына қоя білген жөн.

Әдепті, ақылды адам әрқашан өзіне сын көзбен қарайды. Ол сөзімен де, ісімен де ешкімнің мазасын алмауға тырысады, шамына тимейді. Өзге адамның өміріне немесе іс-шаруасына араласпауға тырысады. Ол өзінің артықшылығын көрсетпейді, өзін әрқашан қарапайым ұстайды. Өзге адамдарды ұнатпайтынын немесе өте жақсы көретінін білдірмейді, өзге адамдардың көзінше шөпілдесіп сүйіспейді, құшақтаспайды, өзге адамдарды ерекше біліп алуға тырыспайды, бөтен әңгімені тыңдамайды.

Әдепті адамның мінез-құлқы табиғи, әр нәрсенің орнын біледі, артық не кем кетпейді.

Қарапайымдылық – адамның сәні. Қарапайымдылық пен табиғилықтың жанынан қасиеттілік табылмақ. Адамның жақсы қасиеттеріне – әділеттілік, тәртіптілік, міндеттілік, ар және қасиет жатады.

Барып тұрған жаман қылықтар – біреудің үстінен күн көру (паразиттік), өзімшілдік (эгоизм), көре алмаушылық және жағымпаздық.

Адам бойындағы көп қасиеттерді тәрбиемен түзеуге болады, бірақ бәрін емес. Адамның мінезін түзеу өте қиын шаруа. “Мінез – адамның тағдыры” деп тегін айтылмаған. Сондықтан да әр адам өзінің жаман мінезі мен бойындағы нашар қасиеттерінен арылу үшін өмір бақи ерінбей-жалықпай тер төгіп жұмыс істеуі керек. Ол үшін ең әуелі өзінің айналасындағы ең жақын адамдарының, яғни ата-ананың, туған-туысқандарының, достары мен жолдастарының, қызметтестері мен оқуластарының, әріптестерінің көңілдерін жаман мінезімен қалдырмауға тырысу керек.

СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР:

1. *Көшпелілер әдебінен сізге не ұнайды?*

2. *Әдеп дегенді сіз қалай түсінесіз?*

3. *Қазіргі жас адамдар өздерін қоғамдық орындарда, мекемелерде, клубтарда, кафелерде қалай ұстайды деп ойлайсыз? Біреудің қателерін көре отырып, олардан дұрыс қорытынды жасауға бола ма?*

4. *Жаман қылықтарға нелер жатады?*

5. *Үнемі көңілді, күліп жүрудің, ақжарқын болудың қандай артықшылықтары бар деп ойлайсыз?*

6. *Абайдың “бес нәрсеге асық бол, бес нәрседен қашық бол” дегенін қалай түсінесіз?*

7. *“Мен өзімнің жаман әдеттерімнен қалай құтылдым?” тақырыбына шығарма әзірлеңіз.*

“Мәдениеттану” курсы бойынша студенттерге берілетін баяндамалар мен рефераттардың үлгі тақырыптары

1. Мәдениет туралы түсінік:

1. “Мәдениет” түсінігі
2. Мәдениеттің салалары
3. Мәдениет және өркениет
4. Материалдық және рухани мәдениет
5. Көшпелілер өркениеті

Әдебиеттер:

1. Маркова А.Н. Культурология. – Москва, 2001.
2. Межуев В.М. Мәдениет және тарих. – М., 1997.
3. Философиялық сөздік. – М.СЭ., 1983.
4. Сорокин. Адам. Өркениет. Қоғам. – М., 1992.
5. Көшпелілер. Эстетика. – Алматы, 1993.
6. Тимошинов В. Культурология. – А., 2001.

2. Ежелгі дүние мәдениеті:

1. Ежелгі Египеттің сәулет және мүсін өнері
2. Ежелгі Қосөзен аралығы мәдениеті
3. Үнді мәдениетінің ерекшеліктері
4. Буддизм, Көркемөнер, Сәулет өнері, Музыка
5. Қытай мәдениеті. Конфуций ілімі. Иероглифтер
6. Ежелгі гректердің мифтері мен аңыздары
7. Антикалық әдебиет және театр
8. Рим құқығы
9. Рим әдебиеті, шешендік өнері

Әдебиеттер:

1. Дүние жүзі тарихы. – М., 1956.
2. Ерте дүние тарихы. – М., 1982.
3. Винничук Л. Люди, нравы и обычаи Древней Греции и Рима. – М., 1980.
4. Кун Н.А. Ежелгі грек аңыздары. – А., 1985.
5. Ежелгі дүниенің мәдениеті мен өнері. – Л., 1971.

3. Қайта өрлеу мәдениеті:

1. Қайта өрлеу мәдениетінің әдебиеті. А. Данте, Ф. Петрарка, Ф. Рабле, М. Сервантес, В. Шекспир

2. Қайта өрлеу мәдениетінің алыптары. М. Буонаротти, Р. Санти, Леонардо да Винчи

3. Қайта өрлеу мәдениетінің дүние жүзі өркениетіне ықпалы

Әдебиеттер:

1. Қазақ Совет энциклопедиясы. – А., 1972.

2. “Шаңырақ” энциклопедиясы. – А., 1989.

3. Қайта өрлеу мәдениеті. – Л., 1986.

4. Рутенбург В.И. Қайта өрлеу алыптары. – Л., 1986.

4. Жаңа заман мәдениеті:

1. Ағартушылық

2. Жаңа замандағы музыка өнері. Бах, Гайдн, Моцарт, Бетховен, Шуберт, Лист, Шопен, Чайковский

3. Жаңа заман әдебиеті

4. Әдебиеттегі ағымдар: романтизм, реализм, сентиментализм

5. Қазіргі заман мәдениетіндегі ағымдар: импрессионизм, сюрреализм, постмодернизм, абстракционизм

Әдебиеттер:

1. Маркова. Культурология. – М., 2001.

2. Т. Ғабидов. Мәдениеттану. – А., 2002.

3. Учебный курс культурологии. Драч Т.В. – Дондағы Ростов, 1996.

5. Алғашқы қауымдық құрылыс кезеңіндегі Қазақстанның мәдениеті.

Әдебиеттер:

1. Казахи. Историко-этнографическое исследование – А., 1995.

2. Төлеубаев А.Т. Реликты до исламских верований в семейной обрядности казахов. – А., 1991.

3. Хасенов Ә. Қазақстанның мәдениеті мен өнерінің тарихы. – А., 1988.

6. Ежелгі өркениеттер мәдениеті:

1. Сақтар мен үйсіндердің ежелгі мәдениеті
2. “Аң стилі”

Әдебиеттер:

1. Акишев К., Кушаев Т. Сақтар мен үйсіндердің ежелгі мәдениеті. – А., 1963.
2. Акишев К., Курган Иссык. Искусство саков Қазақстана. – М., 1978.
3. Ш. Уәлиханов. Т.Ш., 1987.

7. Қазақстанның ертефеодалдық мемлекеттер кезеңінің мәдениеті:

1. Ертефеодалдық мемлекеттердің материалдық мәдениеті. Қалалардың дамуы
2. Жүсіп Баласағұнның, М.Қашқаридың шығармашылық қызметі
3. Әл-Фараби – ұлы ойшыл, энциклопедист-ғалым
4. Көне түркілердің сына жазуы – қазақ халқының аса көрнекті рухани мұрасы

Әдебиеттер:

1. Гумилев Л.Н. Көне түріктер. – А., 1995.
2. Әл-Фараби. Философиялық трактаттар. – А., 1973.
3. Баласағұн Ж. Құтты білік. – А., 1986.
4. А.Қасымжанов, әл-Фараби. – М., 1983.
5. Қазақ совет энциклопедиясы. – А., I том, 1972.
6. Ғ.Айдаров, Ә.Құрымжанов, М.Томанов. Көне түрік жазба ескерткіштерінің тілі. – А., 1971.

8. Қазақстанның XV-XVIII ғасырлардағы мәдениеті:

1. Материалдық мәдениеттің дамуы
2. Қазақтың киіз үйі – дүниежүзілік өркениетке қосылған үлес
3. Қазақтардың киім-кешегі
4. Қазақтардың асы, ыдыс-аяғы
5. Қазақтардың көркем қолөнері
6. Қазақтардың ауыз әдебиеті

7. “Қазақ” этнонимі туралы

8. Қазақ жүздері

Әдебиеттер:

1. Қазақ ССР тарихы, 3 т. – А., 1982.

2. “Шаңырақ” энциклопедиясы. – А., 1989.

3. Х.Арғынбаев. “Қазақ халқының қолөнері”. – А., 1987.

4. Қазақ совет энциклопедиясы. – А., I том, 1972.

5. С.Қасиманов. “Қазақ халқының қолөнері”. – А., 1969.

6. М.П.Вяткин. Сырым батыр. – А., 1949.

7. Тоқтабаева Ш.Ж. Қазақтың зергерлік әшекейлері – А., 1985.

8. Хасенов Ә. Қазақстанның XIV-XVIII ғасырлардағы мәдениеті, 1987.

9. М.Ғабдуллин. Қазақ халқының ауыз әдебиеті, – А., 1974. 10. Р.Бердібаев. Наурыз. Қазақ әдебиеті, 1985. 22 наурыз.

11. М.Ақынжанов. Қазақтардың шыққан тегі туралы. – Алматы, 1987.

12. Ш.Уәлиханов. Ш.Ж. – А., 1985, 4 т.

9. Қазақстанның XVIII-XIX ғасырлардағы мәдениеті:

1. Халық ағарту ісінің дамуы

2. Қазақстанды зерттеушілер

3. Қазақтың ұлттық дәстүрлері – халықтық рухани қазынасы

4. Отбасылық, некелік қатынастар тағылымы

5. Халық білімдері

6. Халық емін қолдану

7. Қазақтың ұлттық ойындары

Әдебиеттер:

1. Ш.Нағымұлы. Атырау: білімге бастаған жолдар, – А., 2000.

2. С.Кенжеахметов. Жеті қазына, – А., 2001.

3. В. Тимошинов. Культурология, – А., 2001.
4. Ш. Уәлиханов. Ш.Ж. – А., 1958.
5. Х. Әбішев “Аспан сыры”. – А., 1958.
6. Қазақ совет энциклопедиясы. – А., II том.
7. Казахи. Историко-этнографическое исследование. – А., 1995.

10. Қазақстанның ХІХ-ХХ ғасырлардағы мәдениеті:

1. Қазақ әдебиетінің дамуы. Абай, Шәкәрім, Ахмет, Міржақып, Мағжан тұлғалары
2. Театр, музыка, кино және сурет өнерінің дамуы
3. Қазақтың музыкалық аспаптары
4. Қазақ музыкалық фольклорының тарихы
5. Қазақтың аса көрнекті әнші-композиторлары
6. Құрманғазы, Дәулеткерей, Тәттімбет, Дина, Қазанғап, Сейтек шығармашылығы

Әдебиеттер:

1. Абай шығармалары, – А., 1995.
2. Ә.Хасенов. Қазақстан мәдениеті мен өнерінің дамуы. – А., 1987.
3. Б.Сарыбаев. Казахские народные инструменты, – А., 1995.
4. Н.Назарбаев. Ғасырлар тоғысында. – А., 1996.
5. А.Сейдімбек. Күй-шежіре. – А., 1997.
6. Ә.Қоңыратбаев. “Эпос күйтабақтары туралы”, Қазақ әдебиеті. 1981 ж., 20 наурыз.
7. Астраханский вестник. 1893, №1177.
8. А.Жұбанов. Замана бұлбұлдары. – А., 1967.
9. А.Жұбанов. Ғасырлар пернесі. – А., 1958.

11. Қазақстан Республикасы ұлттарының мәдениеті.

1. Орыс мәдениетінің ерекшеліктері
2. Ұйғырлар мәдениеті
3. Татарлар мәдениеті
4. Корей мәдениеті құрамындағы “үстелдер” дәстүрінің тағылымы

Әдебиеттер:

1. Абай Құнанбаев. Шығармалары. – А., 1995.
2. Данилевский Н.Я. Россия и Европа. – М., 1991.
3. Ясперс К. Смысл и назначение истории. – М., 1994.
4. Назарбаев Н.Ә. Ғасырлар тоғысында. – А., 1996.
5. Валиханов Ч. Собрание сочинений в 5 томах. – А., 1984.
6. Ғабитов Т.Х., Мүтәліпов Ж., Құлсариева А.Т. Мәдениеттану. – Алматы: Раритет, 2005.
7. К.Кожмахметова. Этнопедагогика народов Казахстана. – А., 2001.
8. В.Тимошинов. Культурология. – А., 2001.

12. Дін және мәдениет:

1. Әлемдік діндер: ислам, христиан және будда діндері
2. Әдеби-жазбаша діни ескерткіштер
3. Құран, Інжіл, Ведалар
4. Дін және сәулет өнері
5. Католик шіркеуі және музыка
6. Ислам дінінің құндылықтары

Әдебиеттер:

1. Фейербах Л. Избр. фил. произ. – М., 1955.
2. Маркова. Культурология. – М., 2001.
3. Казахи. Историко-этнографическое исследование, – А., 1995.
4. Френд З. Тотем и табу. – М., 1992.
5. Шәкәрім. Мұсылмандық шарты. – А., 1993.
6. С.Кенжеахметұлы. Жеті қазына. – А., 2001.

13. Қарым-қатынастар мәдениеті.

Әдебиеттер:

1. Тимошинов В. Культурология. – А., 2001.
2. С.Кенжеахметұлы. Жеті қазына. – А., 2001.
3. К.Кожмахметова. Этнопедагогика народов Казахстана. – А., 2001.

Тестілер

1. Мәдениеттану зерттейді:

- а) Қоғам дамуының жалпы заңдылықтарын
- ↳ б) Мәдениет теориялары мен тарихын
- в) Дін қағидаларын

2. "Культура" термині қай тілден алынды?

- ↳ а) Грек
- б) Орыс
- в) Ағылшын

3. Ежелгі Мысыр мәдениетінің ең негізгі құндылықтарына жатады:

- ↳ а) Пирамидалар, мүсін өнері, иероглифтер
- б) Лира және арфа музыка аспаптары
- в) Гильгамеш туралы аңыздар

4. Ежелгі Қосөзен аралығы мәдениетінің дүниежүзілік өркениетке қосқан үлесі:

- ↳ а) Кірпіштен салынған ғибадатханалар
- б) Сына жазулары
- в) Мүсін өнері

5. Ежелгі Үндістан мәдениетінің озық үлгісіне жатады:

- а) Қасиетті кітап "Авеста"
- б) Қоғамдағы касталық құрылыс
- ↳ в) Ведалар

6. Қытай мәдениетінің аса құнды бастаулары:

- ↳ а) Конфуцийлік ілім
- б) Зиккураттар
- в) Үңгірлік сәулет өнері

7. Ежелгі грек мәдениетіне жатады:

- а) Ежелгі құқық
- ↳ б) Мифтер
- в) Иероглифтер

8. Қайта өрлеу мәдениеті дегеніміз:

✓ а) Жаңа мәдениеттің ежелгі дүние мәдениетімен байланысы

- б) Ағартушылық
- в) Романтизм ағымы

9. Жаңа заман мәдениетінің бағыттарына жатады:

- а) Постмодернизм
- б) Сюрреализм
- ✓ в) Реализм

Қазақстан мәдениеті бойынша тестілер:

1. Петроглифтер:

- а) Көне жазу;
- б) Жартастағы суреттер;
- в) Сөз жүйесі.

2. Сақ, үйсін өнерінің стилі:

- а) Классикалық стиль;
- б) Аң стилі;
- в) Барокко.

3. “Таңбалы тас” орналасқан аймақ:

- а) Батыс Қазақстанда;
- б) Орталық Қазақстанда;
- в) Жетісу өлкесінде.

4. Ежелгі сақтар, үйсіндер, ғұндар, қаңлылар неге сыйынған?

- а) Тәңірге;
- б) Жануарларға;
- в) Буддаға.

5. Түркі халықтарының рухани мұраларына жатады:

- а) Орхон-Енисей, Талас жазулары;
- б) “Кодекс куманикус”;
- в) Жеті жарғы.

6. XV ғасыр мәдениеті ескерткіштеріне жатады:

- а) Тас қашау өнері;
- б) Шаманизм;
- в) Анимизм.

7. Қазақ киіз үйінің жабдықтарын құрайды:

- а) Терезе;
- б) Қабырға, төбе;
- в) Кереге.

8. Адалбақан дегеніміз:

- а) Отбасы демалатын орын;
- б) Киім салатын жиһаз;
- в) Ас ішетін жабдық.

9. Асадал деген:

- а) Қымыз құятын ыдыс;
- б) Тамақ пен ыдыс қоятын жабдық;
- в) Ет салатын табақ.

10. Кебенек неден дайындалады?

- а) Байлар үшін матадан тігіледі;
- б) Әйелдер үшін жібектен тігіледі;
- в) Жұқа киізден дайындалады.

11. Тана дегеніміз:

- а) Ат әбзелі;
- б) Қарудың түрі;
- в) Әйел киімінің әшекейлік бұйымы.

12. Қазы дайындалады:

- а) Түйе етінен;
- б) Қой етінен;
- в) Жылқы етінен.

13. Зергерлік өнерге жатады:

- а) Кесте тігу;
- б) Текемет, сырмақ, тұскиіз, ер-тоқым дайындау.
- в) Шолпы, білезік, сақина, жүзік, алқа, сырға, тана соғу.

14. Қазақ мәдениетінің космостық нысандары неден көрініс тапты?

- а) Ою-өрнектерден;
- б) Құрал-жабдықтардан;
- в) Әдеп-ғұрыптардан.

15. Қазақ ауыз әдебиетінің көрнекті өкілдерін құрады:

- а) Жазушылар;
- б) Билер;
- в) Жыраулар, жыршылар, шешендер, ертекшілер.

16. “Қайранда менің, Еділім” жырының авторы:

- а) Асан қайғы;
- в) Бұқар жырау.

17. Байұлы тайпалық бірлестігі қайда орналасқан?

- а) Кіші жүзде;
- б) Орта жүзде;
- в) Ұлы жүзде.

18. Қазақ даласында ең алғашқы азаматтық мектепті ашқан кім?

- а) Ы.Алтынсарин;
- б) М.Сералин;
- в) Ж.Бекеев.

19. Беташар дегеніміз не?

- а) Спорттық ойын;
- б) Үйлену дәстүрінің көрінісі;
- в) Сыйлық.

20. Қазақтардың сенім-нанымдарын, әдет-ғұрпын, аңыздарын тұңғыш зерттеген ғалым:

- а) С.Сейфуллин;
- б) Ә.Марғұлан;
- в) Ш.Уәлиханов.

21. “Аманат” қандай дәстүрге жатады?

- а) Тәрбие, үлгі дәстүріне;
- б) Үйлену дәстүріне;
- в) Тұрмыстық дәстүрге.

22. “Бастаңғы” қандай дәстүрге жатады?

- а) Тұрмыстық;
- б) Еңбек;
- в) Тәрбие, үлгі дәстүрі;
- г) Діни.

23. Салмақ өлшемдеріне қайсылары жатады:

- а) Сынық сүйем, екі елі, тұтам;
- б) Таяқ тастам, иек астында, адым;
- в) Мысқал, қадық, келі, пұт;
- г) Бір шымшым, бір шүйке, бір қап.

24. Қазақ мұғалімдері үшін жазылған “Педагогика” оқулығының авторы:

- а) Ж.Аймауытов;
- б) М.Дулатов;
- в) М.Жұмабаев.

25. “Үш ноян”, “Сарыарқа” толғауларының авторы:

- а) Қашаған Күржіманов;
- б) Мұрат Мөңкеұлы;
- в) Иса Байзақов.

26. “Пайғамбар”, “Мен жастарға сенемін” өлеңдерінің авторы:

- а) Ж.Аманжолов;
- б) С.Сейфуллин;
- в) М.Жұмабаев;
- г) С.Торайғыров.

27. “Оянған өлке” романының авторы:

- а) С.Мұқанов;
- б) Р.Сланов;

- в) Х.Есенжанов;
- г) Р.Мүсірепов.

28. “Көкшетау” поэмасының авторы:

- а) Б.Майлин;
- б) С.Дөнентаев;
- в) Ж.Аймауытов;
- г) С.Сейфуллин.

29. “Мұрат ақынның сөздері” атты еңбектің авторы:

- а) М.Әуезов;
- б) Ж.Жұмалиев;
- в) Х.Досмұхамбетов.

30. М.Өтемісұлы шығармашылығының атақты зерттеушісі:

- а) М.Әуезов;
- б) М.Дулатов;
- в) Ж.Жұмалиев.

31. Қазақ драма театрының тұңғыш қойылымы:

- а) “Айман-Шолпан”;
- б) “Қыз Жібек”;
- в) “Еңлік-Кебек”.

32. Қобыз аспабын ең бірінші пайдаланушы:

- а) Ықылас;
- б) Қорқыт;
- в) Ұзақ.

33. Қазақтың көне музыкалық аспаптарын зерттеп, қалпына келтірген белгілі ғалым:

- а) Б.Ерзакович;
- б) А.Затаевич;
- в) Н.Тілендиев;
- г) Б.Сарыбаев.

34. Қазақтың халықтық музыкасын алғаш жүйелеп зерттеген атақты ғалым:

- а) А.Е.Алекторов;
- б) А.И.Левшин;

- в) И.Т.Георги;
- г) А.В.Затаевич.

35. Құрманғазыны көріп, тыңдаған орыс зерттеушісі:

- а) В.Г.Короленко;
- б) А.Е.Алекторов;
- в) Н.Ф.Савичев.

36. “Ғасырлар пернесі”, “Замана бұлбұлдары” монографияларының авторы:

- а) М.Төлебаев;
- б) А.Жұбанов;
- в) Л.Хамиди;
- г) П.В.Аравин.

37. “Біржан-Сара” операсының авторы:

- а) А.Жұбанов;
- б) М.Төлебаев;
- в) Л.Хамиди;
- г) Е.Брусилловский.

38. “Жанбота”, “Жаймашуақ”, “Ләйлім шырақ” әндерінің авторы:

- а) Ақан Сері;
- б) Біржан сал;
- в) Жаяу Мұса;
- г) Мұхит.

39. “Балқадидша”, “Мақпал” әндерінің авторы:

- а) Біржан сал;
- б) Әсет;
- в) Сегіз сері;
- г) Ақан сері.

40. А.В.Затаевичтің атауы бойынша “Қазақтың Баяны” – әнші, композитор:

- а) Ақан Сері;
- б) Әсет;

- в) Мұхит;
- г) Әміре.

41. “Серпер”, “Адай”, “Сарыарқа” күйлерінің авторы:

- а) Тоқа;
- б) Құрманғазы;
- в) Дәулеткерей;
- г) Сейтек.

42. “Қосалқа”, “Көроғлы”, “Топан” күйлерінің авторы:

- а) Құрманғазы;
- б) Қазанғап;
- в) Дина;
- г) Дәулеткерей.

43. “16 жыл”, “Науысқы”, “Бұлбұл” күйлерінің авторы:

- а) Есір;
- б) Сейтек;
- в) Тоқа;
- г) Дина.

44. “Қосбасар”, “Саржайлау”, “Көкейкесті” күйлерінің авторы:

- а) Қазанғап;
- б) Сүгір;
- в) Тәттімбет;
- г) Сейтек.

45. “Домострой” моральдық қатынастар ережесі қай халықтың мәдениетіне жатады?

- а) Болгар;
- б) Неміс;
- в) Орыс;
- г) Корей.

46. “Мың үй” сәулет өнері ескерткіші қай халықтыкі?

- а) Қазақ;
- б) Татар;

- в) Ұйғыр;
- г) Өзбек.

47. “Үстелдер” дәстүрі қай халықтың құндылықтарына жатады?

- а) Өзбек;
- б) Орыс;
- в) Ұйғыр;
- г) Корей.

48. Фетиизм дегеніміз не?

- а) Идол, тұмар;
- б) Философиялық ағым;
- в) Дәстүр түрі.

49. Әлемдік діндерге қайсылары жатады:

- а) анемизм, тотемизм;
- б) индуизм, иудаизм;
- в) ислам, христиан, будда діндері.

50. Жансыз затқа табыну қалай аталады?

- а) анимизм;
- б) магия;
- в) фетишизм;
- г) шаманизм.

51. “Құтты білік” кімнің шығармасы?

- а) М.Қашқари;
- б) Ж.Баласағұни;
- в) Әл-Фараби;
- г) М.Дулати.

52. “Музыканың ұлы кітабының” авторы:

- а) Ибн-Сина;
- б) Фирдоуси;
- в) Науаи;
- г) Әл-Фараби.

Тестілер жауаптары:

Сұрақ	Жауап	Сұрақ	Жауап
1.	Б)	32.	В)
2.	А)	33.	Б)
3.	А)	34.	Б)
4.	А)	35.	В)
5.	В)	36.	Г)
6.	А)	37.	Г)
7.	Б)	38.	В)
8.	А)	39.	В)
9.	В)	40.	В)
10.	Б)	41.	Б)
11.	Б)	42.	Г)
12.	В)	43.	Г)
13.	Б)	44.	В)
14.	А)	45.	Б)
15.	А)	46.	Б)
16.	В)	47.	Б)
17.	В)	48.	Г)
18.	Б)	49.	В)
19.	В)	50.	Б)
20.	В)	51.	Г)
21.	В)	52.	Г)
22.	В)	53.	В)
23.	А)	54.	В)
24.	В)	55.	В)
25.	Б)	56.	Г)
26.	А)	57.	А)
27.	В)	58.	В)
28.	Б)	59.	А)
29.	В)	60.	Б)
30.	В)	61.	Г)
31.	В)		

МАЗМҰНЫ

Кіріспе.....	3
I БӨЛІМ	
Мәдениет туралы түсінік.....	5
II БӨЛІМ	
Ежелгі дүние мәдениеті.....	13
III БӨЛІМ	
Қайта өрлеу мәдениеті.....	31
IV БӨЛІМ	
Жаңа заман мәдениеті.....	40
V БӨЛІМ	
Алғашқы қауымдық құрылыс тұсындағы Қазақстанның мәдениеті.....	56
VI БӨЛІМ	
Ежелгі өркениеттер мәдениеті.....	62
VII БӨЛІМ	
VI-XII ғасырлардағы ертефеодалдық мемлекеттер мәдениеті.....	73
VIII БӨЛІМ	
XIII-XIV ғасырлардағы мәдениет.....	90
IX БӨЛІМ	
Қазақстанның XV-XVIII ғасырлардағы мәдениеті.....	94
X БӨЛІМ	
Қазақстанның XVIII-XIX ғасырлардағы мәдениеті.....	144
XI БӨЛІМ	
Қазақстанның XIX-XX ғасырлардағы мәдениеті.....	184
XII БӨЛІМ	
Қазақ ағартушылығы және ұлт зиялыларының рухани мұралары.....	227
XIII БӨЛІМ	
Қазақстан Республикасы ұлттарының мәдениеті.....	234
XIV БӨЛІМ	
Дін және мәдениет.....	253
XV БӨЛІМ	
Ислам діні.....	266
XVI БӨЛІМ	
Қарым-қатынастар мәдениеті.....	275
Рефераттар, тестілер.....	295

ЫНУМБАМ

«Кәсіптік білім» сериясы

Шахман Нағымұлы

МӘДЕНИЕТТАНУ

оқулық

*Редакторы Гүлширан Құлымбетқызы
Техникалық редакторы Раушан Тұрлынова
Көркемдеуші редакторы Жеңіс Қазанқапов
Компьютерде беттеген Лаураш Мухамеджанова
Корректоры Құралай Омарова*

Басуға 10.03.07 қол қойылды.
Пішімі 84x108^{1/32}. Қағазы офсеттік.
Офсеттік басылыс. Шартты б. т. 16,38.
Тапсырыс № 51. Таралымы 1000 дана.

ISBN 9965-35-133-3



«Фолиант» баспасы
010000, Астана қаласы, Ш. Айманов көшесі, 87/1

«Фолиант» баспасының баспаханасында басылды
010000, Астана қаласы, Ш. Айманов көшесі, 87/1